



**Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті студенттерінің
«Студенттік ғылым - 2024»
XXVI студенттік ғылыми конференцияның
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

2024 жылғы 24 сәуір

ӘОЖ 3:004; 37:004; 001.76

Редакция алқасы: Б.С. Каримова, М.Ә. Бөрібаева, А.С. Монтаева, Г.А. Шалабаева.

Жауапты редакторы: Н.А. Сактаганова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым - 2024» XXVI ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары: 2024 жылғы 24 сәуір. – Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы ҚУ Редакциялық-баспа бөлімі, 2024. – 471 бет. [Электронды басылым]

Жинаққа Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде 2024 жылдың 24 сәуірінде өткен «Студенттік ғылым - 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XXVI ғылыми-тәжірибелік конференциясының баяндамалары негізінде жазылған ғылыми мақалалар енгізілген. Конференцияға университет студенттері, магистранттары қатысты.

Конференцияға қатысушылардың мақалаларында жаратылыстану пәндерінің өзекті мәселелері, техникалық ғылымдардың қазіргі жағдайы мен дамуы, білім берудегі инновациялық технологиялар, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың тұрақты дамуы баяндалады.

ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТТЕР!

Бүгінде біздің өміріміздің барлық саласы – білім беру, ғылым, жұмыс, отбасы, тіпті бір-бірімізбен қалай сөйлесетінімізге дейін елеулі өзгеріске ұшырап отыр. Осының бәрі әрбір адамның даму траекториясына және тұтастай алғанда, бүкіл әлемге түбегейлі ықпал етеді.

Көз алдымызда цифрлы қоғамы мен білім экономикасы бар жаңа жаһандық өркениет туып келеді.

Біздің ел уақыттың осы талаптарына сай болуы тиіс. Сондықтан қабылданып жатқан барлық күш-жігер елді болашақ серпіліске әзірлеуді дiттейдi және қуатты Қазақстанды құруға бағытталған.

Жастар – еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Қазақстанның болашағы сіздерге – сіздердің білімдеріңізге, энергияларыңыз бен патриотизмдеріңізге байланысты. Біз қазір жасап жатқанның бәрі сіздердің бақытты өмірлеріңіз үшін, сіздер өз әлеуеттеріңіз бен мүмкіндіктеріңізді толық мәнде жүзеге асыра алуларыңыз үшін жасалып жатыр.

Еліміздің тарихы мен мәдениетінің тағдыры, дамуы мен өркендеуі, жалпы бүгінгі мен ертеңі де жастарға байланысты. Олар қай кезде де, қай қоғамда да белсенді буын өкілдері. Еліміздегі жас буын өкілдері мемлекетіміздің жаңа келбетін қалыптастырады. Себебі, жастарымыздың жаңа белестерге деген ұмтылыстары жаңа идеялардың туындауына себепші болады.

Бұл тұрғыда халықаралық аренада маманның кәсібилігі, білімін шыңдау мен ғылыми ізденіске деген қабілеттілігі құнды қасиет ретінде бағаланып отыр. Білім, ғылым мен өндірістің интеграциясы ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің шешуші факторына айналуда.

Студенттерге білім беруді, ғылымның жетістіктерімен үйлестіре жүргізу: біріншіден, нарық жағдайында сұранысқа ие кадрларды даярлауды қамтамасыз етеді. Екіншіден, олардың жан-жақты, жаңашыл, креативті ойлауға қабілетті тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Сондықтан, білім алушының жеке қабілетін анықтап, ғылымға баулу, оның санасына терең білім сіңіре білу - әрбір ғалымның мен әрбір ұстаздың қасиетті борышы.

Құрметті жас достар!

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» атты жолдауында жастар мен оларға жасалатын қолдаудың маңыздылығын баса айтып өтті. Және ол туралы елімізде маңызды іс-шаралар мен бағдарламалар қабылдануда.

Өткен жылы ел экономикасының барлық салаларын дамытуды қамтитын программалық құжаттар қабылданды. Соның бірі – ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы. Оның «Ғылым» блогында отандық ғылымға серпін беретін шаралар белгіленген. Осыған байланысты, ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің бастамасымен Ғылымды дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасын дайындады.

Университетте студенттерді ғылымға тарту жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп келеді. Оларды сан-салалы инновациялық жобалар мен технологияларды игеруге, жаңа білім мен идеяларды жүзеге асыруға бейімдеу - басты мақсатымыз. Осыны ескеріп, университетте ақпараттық технологиялармен, Үлкен Деректер және Жасанды Интеллектпен жұмыс істеуге үйретілген бітірушілер санын арттыруға басымдық берілген. Сонымен қатар, білім алушыларды ғылыми зерттеулер мен стартаптарға белсенді қатыстырып, қолданбалы зерттеулердің жаңа бағыттарын қолға алудамыз.

Қазіргі күні студенттерге инженерлік бейіндегі зертхана, Т.Д.Қуанышбаев атындағы Химия-биологиялық ғылыми білім беру орталығы, арнайы қондырғы-кешендермен жабықталған 60-тан астам оқу-ғылыми зертханалары қызмет етуде. Ғылыми кітапхананың қоры оқу-ғылыми әдебиетпен тұрақты түрде толықтырылып, кең жолақты интернетке қосылған оқу залдары жұмыс істеуде.

Соңғы жылдары мемлекеттік гранттық қаржыландыру негізінде, шаруашылық келісім-шарттар бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарын орындауға білім алушылар да белсене қатысуда. Бұны олардың дербес ізденуіне жасалған қолайлы мүмкіндік деп есептейміз.

Өткен жылы білім алушылардың қатысуымен ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы негізінде 17 жоба, облыстық бюджеттен 3 жоба орындалды. Ірі бизнес-құрылымдармен өзара тиімді ынтымақтастықтың нәтижесінде «ПетроҚазақстанҚұмкөлРесорсиз» және «ҚОР» компаниялары ғылыми-зерттеу және тәжірибелік – конструкторлық жұмыстары (НИОКР) орындалды.

Университеттегі 35 студенттік ғылыми үйірме ғылыми-зерттеу жұмысының, жаңа техникалық және шығармашылық идеялардың теориялық және практикалық дағдыларын меңгеруге ықпалын тигізіп

келеді.

«Зерде» студенттер ғылыми қоғамы университет студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіруші құрылым. Оқуда озат, ғылыми ізденісте нәтижелі білім алушыларымызды түрлі деңгейлердегі ғылыми жұмыстар байқауларына, көрмелерге, конференцияларға қатыстыру қызметіміздің басым бағыттарының бірі. Осының арқасында студенттік ғылым саласындағы жетістіктеріміз де аз емес.

Соңғы бір жылда ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі өткізген Республикалық студенттік ғылыми жұмыстар конкурсында 2 студентіміз 1-орын, 5 студентіміз 2-орын, 8 студентіміз 3-орын иеленді. Сондай-ақ, білім алушылардың қатарында халықаралық және республикалық студенттік конференциялар мен байқаулардың 15, басқа да ғылыми іс-шаралардың 85 жұлдегері бар.

ҚР ЖОО арасында өткізілген XV Республикалық студенттік пәндік олимпиадалар қорытындысы бойынша 7 білім беру бағдарламасы бойынша жүлделі орындарға ие болды.

Университет студенттерінің дәстүрлі 25-ші ғылыми конференциясының наурыз-сәуір айларында институттар деңгейінде өткен 24 секциясының жұмысы барысында 437 баяндама тыңдалды.

Соңғы бір жыл ішінде студенттік ізденістің нәтижелері бойынша «Қорқыт Ата атындағы ҚУ Хабаршысы» ғылыми журналында, университетте және еліміздің басқа да жоғары оқу орындарында өткізілген конференциялар жинақтарында 58 мақала жарияланды.

Аймақ экономикасының өзекті проблемаларына арналған жастардың ғылыми ізденістеріне қолдау көрсету – басты мақсаттарымыздың бірі. Өткен жылы университеттің жас ғалымдарына арнайы 6 грант (10 млн теңге) тағайындадық. Биыл осы гранттар игерілген соң, жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің жаңа конкурсын жарияламақпыз.

Ғылыми жетістіктерге қол жеткізген студенттерді университет магистратурасына қабылдау да біздің жақсы дәстүріміз.

Құрметті жас достар!

«Ғылымы жоқ елдің болашағы жоқ» - Әл-Фараби бабамыздан қалған осындай ұлағатты сөз бар. Қоғамымыздың тұрақтылығын сақтау, Қазақстан халқының бірлігін нығайту, ұлттық келісімді насихаттау – бүкіл Қазақстан жастарының міндеті. Сондықтан еліміздің әрбір азаматы басты байлығымыз – Тәуелсіз Қазақстан екенін әрдайым естен шығармауы тиіс. Бүгінде жастарға деген қамқорлық барлық салада көрініс беруде. Елімізде қабылданып жатқан мемлекеттік бағдарламаларда жастардың рөлі мен белсенділігіне айрықша мән берілген. Сіздерге мемлекет тарапынан мол мүмкіндіктер қарастырылып отыр. Ендеше, университет жастары мемлекетіміздің өркендеуі мен жарқын болашағы жолында жастық жалынымен, ерік-жігерімен, аянбай еңбек етіп, ел үмітін ақтайды деп сенемін. Жастық шақтың күш-қайратын егемен елімізді өркендетуге жұмсай беріңіздер! Өз мүмкіндіктеріңізді барынша пайдаланып, зор жетістіктерге қол жеткізіп, биік белестерден көрінулеріңізге тілектеспін. Сіздерге зор денсаулық, толағай табыс пен бақ-береке тілеймін!

М.Ә. Бөрібаева


Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, ф.ғ.к.

ЖАЙ МЕХАНИЗМДЕРГЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Маратұлы Бакдәулет,
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
Фи-20-1 оқу тобының студенті
Алмағамбетова Айгүл Алдажарқызы,
ғылыми жетекші, педагогика
ғылымдарының кандидаты

Физиканы оқытуда оқушыларға политехникалық білім беруде есеп шығартудың маңызы зор. Осы мақсатта, мазмұны политехникалық сипаттағы есептерде ауыл шаруашылығы, құрылыс, өнеркәсіп, транспорт, байланыс торабы, жаңа техника және т.б. туралы мәліметтерді беруге болады. Мұндай есептер арқылы оқушылардың алған білімдерін өмірмен, практикамен байланыстыруға зор мүмкіндік туады. Құрылыс салуда, күнделікті өмірде күрделі техникалық қондырығылар көп болғанмен олар жекелеген қарапайым бөліктері ретінде жай механизмдер деп аталатын көптеген құралдар қолданады. Олар – иіндік, көлбеу жазықтық, блок. Күшті түрлендіріп, қозғалыс бағытын өзгерту үшін қолданылатын құралдар *жай механизмдер* деп аталады. Күштен қанша есе ұтсақ, орын ауыстырудан сонша есе ұтыламыз. Оңай жұмыс істеу үшін, аз күш жұмсау керек. Алайда, аз күш жұмсап жұмысты орындағанмен жұмыстан ұтыс болмайды.

$$F_1 S_1 = F_2 S_2 ; A_1 = A_2.$$




Қозғалмайтын тіреудің немесе біліктің (осьтің) төңірегінде айнала алатын кез келген дене **иіндік (рычаг)** деп аталады. Тіреу нүктесінен күштер орналасқан түзулерге түсірілген перпендикулярдың ұзындығын күш иіні деп атайды. Түсетін күштің өз күш иініне көбейтіндісі күш моменті деп аталады:

$$M = F \cdot d.$$

Өлшем бірлігі : 1 Ньютон * 1 метр = 1 Н * м

Иіндіктің тепе-теңдік шарты - айналатын дененің тепе-теңдігін сақтау үшін, денені сағат тілімен бағыттас айналдыратын күш моменттерінің қосындысы оны сағат тіліне қарсы бағытта айналдыратын күш моменттерінің қосындысына тең болуы керек.

Тапсырма: Суретте тепе-теңдің қалыптағы иінтірек келтірілген. Иінтіректің қысқа иінінің ұзындығы 10 см, ал ұзын иінге 50 Н күш әсер етеді. Иінтіректің жалпы ұзындығын және ұштарына әсер етуші күш моментін анықта.



Шешуі: а) Суретте иінтірек бірдей 6 бөлікке бөлінген, яғни бізге қысқа иінінің мәні белгілі ол екі бөлікке бөлінген. Сонда әр бөліктің ұзындығы 5 см болса, $l_2 = 20$ см. Жалпы ұзындығы:

$$\Delta l = l_1 + l_2 = 30 \text{ см} = 0,3 \text{ м.}$$

$$F_1 \cdot l_1 = F_2 \cdot l_2$$


$$F_1 = \frac{50 \text{ Н} \cdot 20 \text{ см}}{10 \text{ см}} = 100 \text{ Н,}$$

$$M_1 = M_2, M_1 = F_1 \cdot l_1 = 100 \text{ Н} \cdot 0,1 \text{ м} = 10 \text{ Н} \cdot \text{м}$$


$$\Delta M = M_1 + M_2 = 20 \text{ Н} \cdot \text{м}$$

Жауабы: 0,3 м, 20 Н * м.

Күштен ұтыс беретін қарапайым механизмдердің бір түріне **көлбеу жазықтық** жатады. Массасы m денені ұзындығы L көлбеу жазықтықтың бойымен бірқалыпты қозғай отырып, h биіктікке көтерейік. Сонда денеге екі күш әрекет етеді: P -ауырлық күші, F -тарту күші. Есептеуді жеңілдету үшін үйкеліс күшін ескермейміз. Денені көлбеу жазықтықтың бойымен тарту күшіне, бағыттас жылжитқанда оның орын ауыстыруы L ұзындыққа сәйкес келеді. Сонда F тарту күшінің істейтін жұмысы: $A = F \cdot L$.



Тапсырма. Массасы 10 кг денеге көлбеу жазықтықтың бойымен 80 Н күш жоғары қарай сүйрейді. Көлбеу жазықтықтың ұзындығы 60 м биіктігі 30 м. Дене мен көлбеу жазықтық арасындағы үйкеліс коэффициенті 0,1. Дененің қандай үдеумен жоғары көтерілетінін анықтаңыздар.



Шешуі: Алдымен көлбеулік бұрышын табамыз. Тік бұрышты үшбұрыштан :

$$\sin \alpha = \frac{h}{l} = \frac{30 \text{ м}}{60 \text{ м}} = 0,5 \text{ яғни } , \alpha = 30^{\circ}$$

Көлбеу жазықтық бойымен жоғары қарай қозғалатын болғандықтан:

$$m \cdot a = F_{\text{тар}} - mg \cdot \sin \alpha - F_{\text{үйк}}$$

$$\text{Мұндағы: } F_{\text{үйк}} = \mu \cdot mg \cdot \cos \alpha$$

Бұл теңдеуден үдеуді тапсақ:


$$a = \frac{F_{\text{тар}} - mg \cdot \sin \alpha - F_{\text{үйк}}}{m} = \frac{80 - 10 \cdot 10 \cdot 0,5 - 0,1 \cdot 10 \cdot 10 \cdot 0,87}{10} = 2,13 (\text{м/с}^2)$$

Жауабы: 2,13 м/с²

Блок дегеніміз өз осінің төңірегінен айнала алатын, шетінде науасы бар доңғалақ тегершік.


Жылжымалы блок- жүкпен бірге блоктың айналу осі де көтеріліп немесе түсіп тұрады. Күштен екі есе ұтыс береді.

$$\begin{aligned} \text{Күш иіні: } l &= R, \\ M &= F * R. \end{aligned}$$



Жылжымайтын блок- жүк көтергенде айналу осі не жоғары не төмен қозғалмайды.

Күштің бағытын өзгерту үшін қолданылады. Күш иіні: $l = 2R$, $M = F * 2R$.



Тапсырма: Суретте көрсетілгендей жылжымалы жіп көмімен үйкеліссіз блок арқылы $m_1 = 6$ кг, $m_2 = 3$ кг және $m_3 = 1$ кг жүктер ілінген (қозғалмайтын блок және жіп салмақсыз). а) Жүктер қандай үдеумен қозғалады. б) Жүйе өз еркіне жіберілсе, m_1 және $m_{2,3}$ жүктерді байланыстыратын жіптің керілу күші ($g = 10$ м/с²).

а) **Шешуі:** Ньютонның 2-ші заңы бойынша:

$$a = \frac{F}{m};$$

а) **Шешуі:** Ньютонның 2-ші заңы бойынша:

$$a = \frac{F}{m};$$

Енді әр жүктегі жіптің керілу күшін өрнектейтін болсақ:

$$1) m_1 g - T_1 = m_1 a$$


$$2) T_1 - m_2 g - T_2 = m_2 a$$

$$3) T_2 - m_3 g = m_3 a$$

Енді осы үш өрнекті қосатын болсақ:

$$m_1 g - T_1 + T_1 - m_2 g - T_2 + T_2 - m_3 g = a(m_1 + m_2 + m_3)$$

$$g(m_1 - m_2 - m_3) = a(m_1 + m_2 + m_3)$$



$$10\text{м/с}^2(6\text{кг} - 3\text{кг} - 1\text{кг}) = a(6\text{кг} + 3\text{кг} + 1\text{кг})$$

$$10\text{м/с}^2 * 2\text{кг} = a * 10\text{кг}$$

$$a = 2\text{м/с}^2$$

б) Жіптің керілу күшін табу үшін 1-өрнекті пайдаланатын болсақ:

$$1) m_1 g - T = m_1 a$$

$$2) T = m_{2,3} a$$

$$m_1 m_{2,3} g - m_{2,3} T = m_1 T$$

$$\frac{m_1 g - T}{T} = \frac{m_1}{m_{2,3}}$$

$$T = \frac{m_1 m_{2,3}}{m_1 + m_{2,3}} * g = \frac{6\text{кг} * 4\text{кг}}{6\text{кг} + 4\text{кг}} * 10\text{м/с}^2 = 24\text{Н}$$

Жауабы: 2м/с^2 , 24Н .

Қорыта айтқанда, физиканы оқытуда техникалық сипаттағы есептердің алатын орны орасан зор. Себебі, техниканың негізі болып саналатын физика пәнін оқытуда әрбір физикалық құбылыс пен осы салада ашылған заңның техника саласында тапқан қолданыстарын жан-жақты көрсетуге мүмкіндік зор. Сонымен қатар, осы мүмкіндікті мектептің физика курсына оқытуда оқу бағдарламасының шеңберінде, еш қиындықсыз жүзеге асыруға болады.

Аңдатпа. Мақалада жай механизмдердің техникадағы маңыздылығын ескере отырып, физика сабағында шығаратын техникалық сипаттағы есептерді шығару әдістемесі қарастырылған.

Кілт сөздер: техникалық есептер, иіндік, блок, көлбеу жазықтық, күш иіні, күш моменті, жылжымайтын блок, жылжымалы блок.

Аннотация. В статье рассматривается методика решения задач технического характера, на уроках физики с учетом важности простых механизмов в технике.

Ключевые слова: рычаг, блок, наклонная плоскость, силовой рычаг, момент силы, неподвижный блок, скользящий блок.

Annotation. The article discusses the methodology for solving problems of a technical nature that can be solved in physics lessons, taking into account the importance of simple mechanisms in engineering.

Keywords: crank, block, inclined plane, power lever, moment of force, fixed block, sliding block.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Каменецкий С.Е., Орехов В.П. Методика решения задач по физике в средней школе. М.: Просвещение, 1987г. - 335с. (книга для учителя)
2. Қ.Аққошқаров «Физика эксперименттік есептер». Алматы, - 2005

3. Г.Б. Алимбекова «Физика. Эксперименттік есептерді шығарудың теориясы мен әдістемесі». Алматы, - 2008

4. А.Б.Маженова, В.В.Усанова, О.Ш.Қожахметов, А.А.Фадеевалардың «Физикадан негізгі білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған жаттығулар».

5. Ысқақов Б.М., Ағұлықов А.А., Шамбулов Н.Б. Физикадан есеп шығару мысалдары. Алмат: Рауан, 1987, 3-10 б.

6. Акқошқарова Қ., Қойшыбаев Н. Физика «Теория. Есептер мен тест сұрақтары және оның шешу жолдары. – Алматы: 2003, 3-10 б.

ҒТАМР 29.01.45

МЕХАНИКАЛЫҚ ЭНЕРГИЯНЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНА АЙНАЛДЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Асылтұрсын Нұртілеу Ержанұлы
Қорқыт ата атындағы ҚУ
Фи-20-1 оқу тобының студент
Калиев Бакыт Калиевич
Ғылыми жетекші, техника
ғылымдарының кандидаты

Механикалық энергияны электр энергиясына, электр энергиясын механикалық энергияға, сондай-ақ электр энергиясын өлшемдері сан алуан электр энергиясына айналдыратын электр құрылғылары электр машиналарына жатады. Мұндай электр машиналары қазіргі кезде көптеген салада кеңқолданысқа ие болуда.

Механикалық энергияны электр энергиясына айналдыратын машиналарды электр механикалық генератор дейді. Ал электр энергиясын механикалық энергияға айналдыратын машиналарды электр қозғалтқыштары деп атайды. Кернеу мөлшері бір өлшемдегі электр энергиясын, кернеу мөлшері басқа электр энергиясына айналдыратын электр машиналарын электр трансформаторлары дейді.

XIX ғасырдың соңында басталған өнеркәсіп өндірісінің қарқынды дамуы айтарлықтай қашықтыққа берілетін және электр қозғалтқыштар арқылы механикалық айналдыру энергиясына түрлендірілетін электр энергиясының қуатты көздерін талап етті.

Ал, қазір XXI ғасырда механикалық энергияны электр энергиясына айналдырудың жаңа жолдары пайда болды. Олар көп жұмысты қажет етпей жоғары нәтиже шығаруға негізделген. Қазіргі кездегі электр энергиясын алудың тың жолдары:

1. Фотоэлектрикалық Эффе́кт: Механикалық энергияны фотоэлектрикалық эффект арқылы электр энергиясына өңдеу.

Фотоэлектрлік эффект-бұл физикалық құбылыс және жарықтың әсерінен материалдардан электрондардың бөлінуі. Фотоэлектрлік эффектіні қолданудың негізгі мысалдарының бірі-жартылай өткізгіштерді қолдану. Галлий, тунгстен, кремний, ксенон және басқа элементтер сияқты материалдар жарықтың әсерінен электрондарды шығару қабілетіне байланысты қолданылады. Процестің негізі-жарықпен сәулелену кезінде материалдың беткі қабатының құрамындағы электрондардың бөлінуі. Бұл фотоэлектрондар электр энергиясының бір түрін құрайды. Олар материалдың электр энергиясын анықтайды. Бұл процесте қолданылатын кейбір технологиялар:

Фотоэлементтер: электр энергиясын өндіретін құрылғыларды жасау үшін фотоэлектрлік әсерді пайдаланады.

Күн батареялары: фотоэлектрлік эффект Жарық сәулеленуін қолдану арқылы электр энергиясын алуға мүмкіндік береді.

Фотокатодтар: фотоэлектрлік эффект оптикалық құрылғылардың тиімділігін арттыру үшін қолданылады.

2. Пьезоэлектрикалық Эффе́кт: Механикалық энергияны пьезоэлектрикалық эффект арқылы электр энергиясына өңдеу.

Пьезоэлектрикалық эффект-бұл кейбір материалдар механикалық кернеуге немесе деформацияға ұшыраған кезде электр зарядын тудыратын құбылыс. Бұл әсер механикалық энергияны электр энергиясына айналдыру үшін қолданылады. Процесс механикалық кернеу кезінде материалдағы атомдардың немесе молекулалардың орналасуын өзгертуге негізделген, нәтижесінде электр заряды пайда болады. Бұл зарядты жинауға және электр энергиясын өндіруге пайдалануға болады. Электр энергиясын алу үшін пьезоэлектрлік эффектіні қолдану мысалдарына мыналар жатады:

Пьезоэлектрлік эффектіні дірілден немесе қысымнан электр энергиясын жасау үшін қолданатын құрылғылар.

Пьезоэлектрлік датчиктер: механикалық энергияны, мысалы, соққыларды немесе деформацияларды электр сигналына айналдыру үшін пьезоэлектрлік эффектіні қолданатын құрылғылар.

Аяқ киімдегі пьезоэлектрлік элементтер: мұндай элементтер жүру кезінде электр энергиясын өндіре алады және портативті құрылғыларды қуаттандыру үшін қолданылады.

Пьезоэлектрлік эффект энергияның әртүрлі формаларын түрлендірудің маңызды механизмі болып табылады және өнеркәсіп, медицина және электроника сияқты әртүрлі салаларда кеңінен қолданылады.

3. Термоэлектрикалық Эффе́кт: Механикалық энергияны термоэлектрикалық эффект арқылы электр энергиясына өңдеу.

Термоэлектрикалық эффект-бұл екі түрлі материал арасындағы температура айырмашылығы электр зарядының пайда болуына әкелетін құбылыс. Бұл процесс жылу энергиясын электр энергиясына айналдыру үшін қолданылады. Термоэлектрлік эффекттің негізгі құбылысы-Сибек құбылысы (термоэлектрлік эффект), ол өткізгіш материалда оның екі ұшы арасындағы температура айырмашылығы болған кезде электр тогының пайда болуын сипаттайды. Бұл өткізгіштегі электрондар температураның жоғарылауымен жылдамырақ қозғалатындықтан, материалдың екі ұшы арасындағы потенциалдар айырмашылығын тудырады. Электр энергиясын алу үшін термоэлектрлік эффектін қолдану мысалдарына мыналар жатады:

Термоэлектрлік модульдер: жылу энергиясын электр энергиясына айналдыру үшін қолдануға болатын көптеген термоэлектрлік жұптардан тұратын құрылғылар.

Термоэлектрлік генераторлар: электр энергиясын жасау үшін екі нүкте арасындағы температура айырмашылығын пайдаланатын құрылғылар.

Термоэлектрлік салқындатқыштар: құрылғылар, материалдың екі ұшы арасындағы температура айырмашылығын жасау үшін электр энергиясын пайдаланады.

Термоэлектрлік әсер авиация және ғарыш, медициналық техника, электроника және өнеркәсіп сияқты әртүрлі салаларда маңызды рөл атқарады.

4. Электромагниттік Индукция: Механикалық энергияны электромагниттік индукция арқылы электр энергиясына өңдеу.

Электромагниттік индукция-бұл өткізгіштегі магнит өрісінің өзгеруі сол өткізгіште электр тогын тудыратын құбылыс. Бұл процесс механикалық энергияны электр энергиясына айналдыру үшін қолданылады. Электромагниттік индукцияның негізгі принциптерін Майкл Фарадей тұжырымдады. Оның индукция Заңы бойынша электромагниттік индукция өткізгіш арқылы өтетін магнит өрісі өзгерген кезде пайда болады. Магнит өрісінің бұл өзгеруі өткізгіште электр тогын тудырады. Электр энергиясын алу үшін электромагниттік индукцияны қолдану мысалдарына мыналар жатады:

Айнымалы ток генераторлары: механикалық энергияны (айналуды) электр энергиясына айналдыру үшін электромагниттік индукцияны қолданатын құрылғылар.

Индуктивті зарядтағыштар: құрылғылар арасында электр энергиясын сымсыз беру үшін электромагниттік индукцияны қолданатын құрылғылар.

Электромагниттік турбиналар: құрылғылар, сұйықтықтың немесе газдың энергиясын электр энергиясына айналдыру үшін электромагниттік индукцияны қолданады.

Электромагниттік индукция энергияның әртүрлі формаларын түрлендірудің маңызды механизмі болып табылады және энергетика, өндіріс және көлік сияқты әртүрлі салаларда кеңінен қолданылады.

5. Гидроэнергияның Қолданылуы: Механикалық энергияны гидроэнергия арқылы электр энергиясына айналдыру.

Гидроэнергетика-бұл су ағынынан немесе судың потенциалдық энергиясынан алынатын энергия. Гидроэнергияны электр энергиясына айналдыру процесі әдетте гидроэлектростанциялар арқылы жүзеге асырылады. Бұл қалай болады:

Су электр станциялары (ГЭС): ГЭС су қоймаларында немесе өзендерде жинақталған судың потенциалдық энергиясын турбиналарды қозғалысқа келтіру үшін пайдаланады, содан кейін олар электр генераторларын айналдырады.

Турбиналар мен генераторлар: су қоймаларындағы немесе өзендердегі су ағынының кинетикалық энергиясын механикалық айналу энергиясына айналдыратын турбиналарға жіберіледі. Бұл айналу электр энергиясын өндіретін генераторларға беріледі.

Энергияны түрлендіру және беру: өндірілген электр энергиясы кернеудің қолайлы деңгейіне айналады және тарату және пайдалану үшін электр желілері арқылы беріледі.

Гидроэнергетика ең таза және тұрақты энергия көздерінің бірі болып саналады, өйткені ол парниктік газдар шығарындыларын шығармайды және жаңартылатын су ресурстарына негізделген. Алайда, су электр станциясының құрылысы қоршаған ортаға теріс әсер етуі мүмкін, соның ішінде экожүйенің өзгеруі және табиғи мекендеу орындарының деградациясы.

6. Магнит энергиясының Көздері: Механикалық энергияны магнит энергиясына айналдыру арқылы электр энергиясын қолдану.

Магнит энергиясының арқылы электр энергиясын алу өнімдерінің бірі магнитоэлектрикалық генераторлар. Олар жұмыс істеуі үшін магнит түрінде жарлықтарды қолданады және осы жарлықтарды магнитті қалдырылған қауіпті түрімен өздеріне тірілтеді. Жарлықтардың жүкті байланысты түсірілген қалдық магнитті түрімен жарлықтардың орнына келген кезде, түрінен байланысты қауіпті ұзартады, осы жағдайда механикалық энергияны электр энергиясына өңдеуге болады. Осы өнімдерінің бірі - магнитоэлектрикалық генераторлар, олар кеңес орнатылған су астарында, вентурбиналарда және көптеген басқа альтернативті энергия ресурстарының көмегімен электр энергиясын өндету үшін пайдаланылады.

7. Геотермаль Энергияның Қолданылуы: Механикалық энергияны геотермаль энергия арқылы электр энергиясына айналдыру.

Геотермалдық энергия - бұл жердің ішіндегі жылу көздерінен, негізінен геотермалдық белсенділік орындарындағы жер қыртысының

астынан алынатын энергия. Жылу көздерін пайдалану арқылы сұйықтықтарды қыздыруға, бу шығаруға және электр энергиясын өндіруге болады. Геотермалдық энергияны пайдалану үшін келесі технологиялар қолданылады:

Геотермалдық ұңғымалар: геотермалдық ұңғымалар жер қыртысынан жылы су немесе бу алу үшін қолданылады. Жер бетіне жылы су немесе бу беріледі және сұйықтықты жылыту, бу шығару және электр энергиясын өндіру үшін турбиналарды қозғау үшін қолданылады.

Жылу сорғылары: жылу сорғылары жылуды жылыту және салқындату үшін жерден тұрғын немесе коммерциялық ғимараттарға тасымалдау үшін қолданылады.

Геотермалдық электр станциялары: геотермалдық электр станциялары жерден алынған жылу энергиясын түрлендіру үшін қолданылады, генераторлар мен турбиналардың көмегімен электр энергиясына.

Электр энергиясын өндіру үшін геотермалдық энергияны пайдалану жер қыртысында жылу ресурстарының болуына және оларды тиімді алу мен пайдалану мүмкіндігіне байланысты.

Қорытындылай келе, қазіргі әлемде энергетика біздің өміріміздің жарықтандыру мен жылытудан бастап өнеркәсіптік өндіріс пен көлікке дейінгі әртүрлі аспектілерін электр қуатымен қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Күн, жел, гидроэнергетика, геотермалдық энергия сияқты жаңартылатын энергия көздерін, сондай-ақ көмір, мұнай және газ сияқты дәстүрлі көздерді қоса алғанда, әртүрлі энергия көздерін дамыту және пайдалану тұрақты даму мен қоршаған ортаны қорғауда маңызды рөл атқарады. Энергетика саласында инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану ресурстарды тиімдірек пайдалануға, парниктік газдар шығарындыларын азайтуға және қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға мүмкіндік береді. Алайда, жаңа технологияларды енгізу мемлекеттердің, индустрияның және жалпы қоғамның бірлескен күш-жігерін қажет етеді. Сондықтан энергетика саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерді жалғастыру, жаңартылатын энергия көздерінің инфрақұрылымын дамыту, энергия тиімділігін арттыру және климаттың өзгеруіне қарсы шаралар қабылдау маңызды. Тек осылай ғана біз болашақ ұрпақ үшін планетамыздың тұрақты дамуы мен сақталуын қамтамасыз ете аламыз.

Андатпа. Электр энергиясы қазіргі қоғамның маңызды аспектісі болып табылады, ол өнеркәсіптен бастап тұрмыстық қажеттіліктерге дейін әртүрлі салаларда кеңінен қолданылады. Бұл жұмыста электр энергиясын өндіру, тасымалдау, сақтау және пайдаланудың негізгі принциптері қарастырылады.

Кілт сөздер: электр энергиясы, өндіру, тасымалдау, сақтау, кәдегежарату, электрэнергиясынөндіру, көздері, көмір, су, атом, күн, желэнергиясы

Аннотация. Электрическая энергия является важным аспектом современного общества, широко используемым в различных сферах, от промышленности до бытовых нужд. В данной работе исследуются основные принципы производства, передачи, хранения и использования электрической энергии.

Ключевые слова: электроэнергия, производство, транспортировка, хранение, утилизация, производство электроэнергии, источники, уголь, вода, атомная, солнечная, ветроэнергия

Annotation. Electrical energy is an important aspect of modern society, widely used in various fields, from industry to domestic needs. This work examines the basic principles of production, transmission, storage and use of electrical energy.

Keywords: electric power, production, transportation, storage, utilization, power generation, sources, coal, water, nuclear, solar, wind energy

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. "Электр машиналары" М.Исаханов, Ш.Өмірзақов
- 2."Жаңартылатын энергия: тұрақты болашаққа арналған қуат" Godfrey Boyle, Bob Everett, Janet Ramage, Stephen Peak
- 3.Principles of Electric Machines and Power Electronics" by P.C. Sen
- 4."Wind Energy Explained: теория, дизайн және қолдану" Джеймс Ф.Манвелл, Джон г. Макгован, Антони Л. Роджерс
- 5."Geothermal Energy: Renewable Energy and the Environment" by William E. Glassley

ҒТАМР 29.01.45

ТЕРБЕЛІСТЕР ТАРАУЫН ОҚЫТУДАҒЫ ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТЕР АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Жангелдіқызы Ақмарал
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
ФИ-20-1 оқу тобының студенті
Әбітаева Ұлбосын Әбдіқаппарқызы
Ғылыми жетекші, п.ғ.м., аға оқытушы

Физиканы оқытуда эксперименттік зерттеулердің мүмкіндігі ғылым ретінде физиканың негізгі артықшылығы болып табылады. Эксперимент деп түсіндірілетін белгілі бір жағдайларда зерттелетін құбылыстарды бақылау мен талдау құбылыстардың барысын бақылауға және тіркелген жағдайлар барысында оны қайталауға мүмкіндік береді. Ғылыми зерттеулерде де, физиканы оқытуда да эксперимент білімнің қайнар көзі, физикалық құбылыстардың дәлелділік белгісі, логикалық және математикалық операцияларды жүргізу үшін бастапқы нүкте, теория мен тәжірибенің байланысының дәлелі болып табылады.

Арнаулы құралдардың жәрдемімен физикалық процестерді демонстрациялап көрсету және оқушылардың өздерінің істеп, зерттеп, бақылауы *физикалық оқу эксперименті* деп аталады. Физикалық оқу эксперименті физиканы оқытудағы ең негізгі көрнекі құрал болып табылады. Өйткені оны пайдаланудың нәтижесінде физикалық ұғымдар (жылдамдық, үдеу, өріс, жарық дисперсиясы және т.б.) қалыптастырылады, құбылыстар арасындағы өзара байланыстар (күш пен масса, ток күші мен кедергі, жылудың механикалық эквиваленті) тағайындалады, физикалық заңдар (Ньютон, Ом заңдары және т.б.) тексеріледі.

Физикада оқу экспериментін қолдану арқылы:

- зерттеліп отырған құбылысты педагогикалық «қалыптан» өткізе отырып, оны оқып-үйрену үшін қажетті эксперименттік қор жасауға;
- ғылымдағы ашылған заңдар мен негізделген тұжырымдардың мазмұнын оқушыларға түсінікті түрде көрсетуге;
- оқушыларды физикалық құбылыстарды оқып-үйренудің эксперименттік әдістерімен таныстыруға;
- зерттелген физикалық құбылыстардың техникадағы қолданылуын көрсетуге;
- оқытудың әдісінің тиімділігін арттырып, соның нәтижесінде зерттеліп отырған құбылысты оқушылар түсіне алатындай көрсетуге;
- зерттеліп отырған құбылысқа оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады.

Физикалық оқу экспериментін ұйымдастырудың мынадай түрлері бар:

- 1) демонстрациялық эксперимент;
- 2) лабораториялық эксперимент;
- 3) физикалық практикум;
- 4) сыныптан және мектептен тыс жүргізілетін эксперимент;
- 5) эксперименттік есептер шығару;
- 6) қолдан физикалық приборлар мен көрнекі құралдар жасау.

Солардың ішіндегі демонстрациялық экспериментке тоқталсақ. *Демонстрациялық эксперимент* немесе тәжірибелер сабақ үстінде көрсетіледі, сондықтан ол сабақтың бір бөлігі болып есетелінеді және оқытудың басқа тәсілдерімен бірігіп қолданылады. Олай болса, демонстрациялық эксперимент көрсетпейінше физика сабақтарын сапалы өткізуге болмайды. Сабақ үстінде физикалық тәжірибелерді көбінесе оқытушы көрсетеді, кейде оларды оқушылардың өздеріне де жасатуға болады.


Тербелістер тарауын оқытудағы қолданылатын демонстрациялық эксперименттер:

Механикалық тербелістер дененің бірдей уақыт аралығында дәлме дәл немесе жуықтап қайталанып отыратын қозғалысы. Механикалық тербелістерге математикалық және серіппелі маятник, бұрандалар жатады. Біз осы механикалық тербелістердің орта мектепте оқытудағы демонстрациялық эксперименттеріне тоқталсақ.

Педагогикалық эксперимент барысында бірнеше демонстрациялық эксперименттерді қолданып, білім алушылардың білім сапасына әсерін тексердік.

Бірінші. «Тербеліс амплитудасының уақытқа тәуелділігін анықтау» демонстрациялық эксперименті үшін мынадай құрал-жабдықтар қолданылды: универсал штатив, жіпке ілінген конус тәріздес шелек (немесе қылқалам мен бояу), парақ. Осы демонстрациялық эксперимент мынадай реттілікпен орындалады: Қатты қағаздан конус тәріздес шелек жасалып, оны созылмайтын жіпке байлап, штативке іліп қояды. Одан соң конус ішіне құм толтырып, ұшыа сіріңкенің бір талымен бітеп қояды. Ақ парақты конус шелектің астындағы тербелісті жазуға ыңғайлы етіп, суреттегідей орналастырып аламыз. Конус тәрізді шелекті тепе-теңдік қалпынан сәл ауытқыта отырып, қағазды бір қалыпты жылд жыту керек. Сол кезде қағаз бетінде тербелістің сызбасы түседі.

Тәжірибені конус тәріздес шелектің орнына жұмсақ қылқаламды пайдалана отырып жасауға да болады. Осы сызбаны тақтаға түсіре отырып, тербелістің амплитудасының уақытқа тәуелді екенін түсіндіреді. Сызбаны тепе-теңдік қалыптан ауытқуының шамасы (амплитуда), уақыт, тербеліс периоды, жиілігі деген ұғымдарын түсіндіру үшін қолданады.



1-сурет


Осы тәжірибені орындау барысында оқушылар мына мәселелерді толығымен түсінеді:

1. Ығысуға пропорционал және оған қарама-қарсы бағытталған күштің әрекетінен болатын механикалық тербелістер гармоникалық деп аталатынын;
2. Дене қозғалысы толығымен қайталанып отыратын ең аз уақыт аралығын (интервалын) тербеліс периоды деп аталатынын, яғни тербеліс периоды толық бір тербеліске кеткен уақыт екенін;
3. Бірлік уақыт ішіндегі тербеліс саны тербеліс жиілігі болатынын;
4. Тербелістің амплитудасы деп дененің тепе-теңдік күйінен ең үлкен ығысуының мәнін айтатынын түсініп біледі.

Қорыта келе оқушылар механикалық тербелістің қозғалысын, және оның қандай физикалық шамаларды сипаттайтынын, тербеліс периоды, жиілігі деген ұғымдарды қалай түсіндіретінін және тербелістің амплитудасының не екенін толық біледі.

Екінші: «Математикалық және серіппелі маятниктердің тербеліс периодының қандай шамаларға тәуелді екенін зерттеу» демонстрациялық эксперименті үшін мынадай құрал-жабдықтар қолданылды: универсал штативтер, жіп, серіппе, жүктер. Осы демонстрациялық эксперимент мынадай реттілікпен орындалады: Штативке созылмайтын жіпке байланған жүкті іледі. Оны тепе-теңдік күйінен шығарып, 5 рет тербелгендегі уақытын есептейді. Нәтижені тақтаға жазып отырады. 5 рет тербеліске кеткен уақытты 5-ке бөліп, бір тербеліске кеткен уақытты анықтайды. Жіптің ұзындығын 2 есеге азайтып, тәжірибені қайталайды. Келесі кезекте жүктің шамасын 2 есеге арттырып, оның ұзындығын бастапқыдағыдай шамада қалдырады. Одан соң бастапқы амплитудада тербелісті қайталайды. Бір тербеліске кеткен уақытты анықтайды. Осы тәжірибеден соң тербеліс амплитудасын өзгерте отырып, тәжірибені қайталайды. Болғаннан соң нәтижелерді салыстырады.

Серіппелі маятникті де белгілі бір шамаға тепе-теңдіктен шығарып, 5 рет тербеліске кеткен уақыты арқылы оның периодын анықтайды. Нәтижені тақтаға жазып отырады. Енді тепе-теңдіктен ауытқытқан шаманы (амплитуданы) 2 есеге арттырып, тәжірибені қайталайды. Нәтижелерді салыстырады. Келесі кезекте серіппелі маятниктің жүгін 2 есеге арттырады да тәжірибені қайталайды. Есептелген тербеліс периодының мәнін алдыңғы нәтижемен салыстырады. Осыдан соң серіппені ауыстырып, тәжірибені қайталайды. Есептелген тербеліс периодының мәнін алдыңғы нәтижемен тағы да салыстырады. Математикалық және серіппелі маятниктің тербеліс периодының формуласын жазып, оның тәжірибемен сәйкестігіне көз жеткіземіз.



2-сурет

Осы тәжірибені орындау барысында оқушылар мына мәселелерді толығымен түсінеді:

1. Математикалық маятниктермен байланысқан созылмайтын жіпке ілінген жүктің тербеліс периоды маятниктің ұзындығына байланысты екендігін;
2. Серіппелі маятниктермен байланысқан серіппеге ілінген жүктің тербеліс периоды оның массасына және серіппенің жасалған материалына байланысы екендігін түсініп, біледі.

Қорыта келе оқушылар механикалық тербелісті, математикалық маятникті, серіппелі маятникті, математикалық және серіппелі маятниктердің ұқсастығы мен айырмашылығын, сонымен қатар математикалық және серіппелі маятниктердің тербеліс периодының қандайшамаға тәуелді екеніне көз жеткізеді.

Аңдатпа. Тербелістер тарауын оқытудың бір бөлігі ретінде материалды көрнекі және интерактивті меңгеру үшін демонстрациялық эксперименттерді қолдану ұсынылады. Бұл эксперименттер білім алушыларға тербелістердің негізгі түсініктерін және олардың ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында қолданылуын жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Оқытудың бұл тәсілі білім алушыларға іс жүзінде абстрактілі ұғымдарды көріп қана қоймай, тақырыпты тереңірек түсінуді қамтамасыз ете отырып, оларды жақсы есте сақтауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: оқу эксперименті, демонстрациялық эксперимент, тербеліс, механикалық тербеліс, тербеліс жиілігі, тербеліс периоды, математикалық маятник, серіппелі маятник.

Аннотация. В рамках обучения главы "Колебания" предлагается использовать демонстрационные эксперименты для наглядного и интерактивного усвоения материала. Эти эксперименты позволяют учащимся лучше понять основные концепции колебаний и их применение в различных областях науки и техники. Такой подход к обучению позволяет учащимся не только видеть абстрактные концепции на практике,

но и лучше их запоминать, обеспечивая более глубокого понимания предмета.

Ключевые слова: учебный эксперимент, демонстрационные эксперимент, колебание, механическое колебание, частота колебаний, период колебаний, математический маятник, пружинный маятник.

Annotation. As part of the training in the chapter "fluctuations", it is proposed to use demonstration experiments for visual and Interactive assimilation of the material. These experiments allow students to better understand the basic concepts of vibrations and their application in various fields of science and technology. This approach to learning allows students not only to see abstract concepts in practice, but also to memorize them better, providing a deeper understanding of the subject.

Keywords: educational experiment, demon experiment, oscillation, mechanical oscillation, oscillation frequency, oscillation period, mathematical pendulum, spring pendulum.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алмагамбетова А.А., Әбітаева Ұ.Ә. Механикадан демонстрациялық эксперимент оқу-әдістемелік құрал, 2019ж
2. Кожевников Н. М. «Демонстрационные эксперименты по общей физике» 2022г.
3. Сальников А.Н «Физика.Лабораторный и демонстрационный практикум» 2023г.
4. Julius Sumner Miller «Demonstrations in Physics"1969г.
5. Е.Аққошқарұлы. Физикалық тәжірибелер. - Алматы,1997.

FTAMP 29.01.45

МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА АСТРОНОМИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Болатбек Диас Мейрамбекұлы,
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
Фи-20-1 оқу тобының студенті
Калиев Бакыт Калиевич,
Ғылыми жетекші
техника ғылымдарының кандидаты

Мыңдаған жылдар бойы астрономиялық білімнің негізі саналатын ғалам туралы идеяларды меңгерту - жас ұрпақты оқыту жүйесінің бөлігі болды. Тіпті орта ғасырлардағы монастыр мектептерінде астрономия

арифметика, геометрия және музыкамен бірге пәндерді оқуға міндетті жеті гуманитарлық өнердің ең жоғары деңгейі «квадривиумға» кірді. Осы жерден бұл схема XII - XIII ғасырларда пайда болған алғашқы университеттерге көшті.

Сипаттамалық астрономия – космографияның міндетті курсы болды. Астрономия да кеңестік орта мектептердің оқу бағдарламасына міндетті пән ретінде енгізілген. Бертін келе жалпы орта мектеп бағдарламасынан пән ретінде толықтай алынып тасталды. Неліктен орта мектепте астрономияны оқу, оқыту соншалықты маңызды? Бұл астрономияның бүкіл адамзат тарихында атқарған және қазіргі кезеңде жаңа өлшемдер енгізетін маңызды әлеуметтік қызметтеріне байланысты адамға қажет. Бағдарлап қарасақ, қазіргі өскелең ұрпақта ғаламның заңдылықтары, дүние туралы ғылыми түсініктері терең емес деп бағалануда. Неге? Өйткені мектеп бағдарламасында астрономия пәні жоқ, ал дүниетану, физика сияқты пәндерге кіріктірілген астрономия тақырыптарына арналған сағат саны санаулы. Жер бетіндегі тіршілік пайда болғаннан бастап, параллель тіршілігі жалғасып келе жатқан, адамзат үшін маңызды құбылыстар мен жаңалықтарға толы аспан әлемін танып – білу үшін қазіргі мектеп бағдарламасындағы таныстырылым үшін берілген кіріктірілген сағаттар жеткіліксіз. Дәл осы тұста келесі астрономияны пән ретінде оқытуды енгізуде келесі мәселелер реттелуі қажет деп есептеймін.

1. Мұғалімдердің біліктілігін арттырудағы мәселелер:

Барлық мұғалімдердің астрономия және космология саласында жеткілікті білімімен дағдысы жоқ. Бұлоқытудың тиімсіздігіне, оқушылардың ынтасының болмауына және пәнге деген қызығушылығының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Бұл мәселені шешуге астрономия пәні бойынша мұғалімдерге арналған мамандандырылған курстармен тренингтер ұйымдастыру, сондай-ақ осы салада олардың біліктілігін арттыру және өздігінен білім алу мүмкіндігін жасау кіреді. Кәсіби астрономдармен ғалымдардың қатысуымен тәжірибе алмасу және тиісті білім беру іс-шараларын ұйымдастыруда маңызды.

3. Сәйкес және қызықты оқу бағдарламасының болмауы:

Оқу бағдарламаларымен оқыту әдістерін жаңартудағы қиындықтар, бұл ескірген материалға және оқушылардың қызығушылығын жоғалтуға әкелуі мүмкін.

Бұл мәселені шешу заманауи және интерактивті оқу материалдары нәзірлеуді, соның ішінде көрнекі құралдарды (астрономиялық бағдарламалар мен анимациялар сияқты) пайдалануды, зертханалық жұмыстарды және практикалық әрекеттерді және астрономиядағы қазіргі ғылыми жетістіктер мен жаңалықтарды оқу материалдарын енгізуді талап етеді.

4. Оқушылардың ынтасының төмендігі:

Астрономияны оқудың маңыздылығын түсінбеу, оқытудың интерактивті әдістерін жеткіліксіз қолдану, алған білімдерін іс жүзінде қолдану мүмкіндіктерінің болмауы.

Бұл мәселені шешуге қызықты және практикалық бағытталған сабақтарды құру, астрономиялық орындарға немесе обсерваторияларға экскурсиялар өткізу, астрономиялық конкурстармен жобаларды ұйымдастыру, сонымен қатар оқытуда заманауи технологиялармен интерактивті оқыту әдістерін қолдану кіреді

5. Білім беру ресурстарының жеткіліксіз бөлінуі:

Астрономия саласындағы сапалы оқу материалдарына, онлайн курстарға, бейнелекцияларға және басқа да білім беру ресурстарына қолжетімділіктің болмауы оқушылар мен оқытушылардың оқуына және өздігінен білім алуына кедергі келтіруі мүмкін.

Бұл мәселенің шешімі астрономия бойынша білім беру ресурстары бар орталықтандырылған платформаларды құру және қолдау, заманауи материалдарға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін университеттермен және ғылыми ұйымдармен ынтымақтастық, сондай-ақ онлайн оқытудың заманауи технологияларын белсенді пайдалану болуы мүмкін.

Мектептерде астрономияны ғылыми тұрғыда меңгертуді жан-жақты ұйымдастыру маңызды. Түрлі заманауи білім беру әдестерін пайдалану арқылы өскелең ұрпақты аспан әлемі туралы ғылыми білім базасы толыққан және оны күнделікті өмірде пайдалана алатындай дәрежеге жеткізу – басты мақсат ретінде таңдалу қажет. Осы ретте бірнеше тәсілдерді ұсына кетейін:

1. Астрономия үйірмелерін ұйымдастыру:

Мектепте, колледжде немесе университетте білім алушылар қызықты астрономиялық құбылыстарды талқылайтын, бақылауларға қатыса алатын және эксперименттер жүргізетін астрономия клубын құру.

2. Бақылаулар жүргізу:

Телескоптардың көмегімен жұлдыздарды, планеталарды және басқа да аспан объектілерін бақылау үшін далалық саяхаттарды немесе ғылыми орталықтарды ұйымдастыру. Бұл түнгі немесе арнайы сүзгілерді пайдаланатын күндізгі оқиға болуы мүмкін.

3. Интерактивті технологияларды пайдалану:

Ғарышты виртуалды түрде зерттеуге, күн тұтылу, ғарыш кемелерінің ұшуы және т.б. сияқты ғарыш құбылыстары мен оқиғаларын имитациялауға мүмкіндік беретін заманауи компьютерлік бағдарламалар мен қолданбалардың артықшылығын пайдалану.

4. Дәрістер мен кездесулер ұйымдастыру:

Дәрістер мен жастармен кездесулерге кәсіби астрономдарды, ғарышкерлерді немесе ғылыми насихатшыларды шақыру. Астрономиядағы өзекті тақырыптарды, болашақ ғарыштық миссияларды, Ғаламдағы өмірді іздеуді және басқа да қызықты аспектілерді талқылау

5. Ғылыми жобаларға қатысу:

Жастарды ғылыми жобалар мен астрономия жарыстарына қатысуға ынталандыру. Бұл өз бақылауымызды жасау, ғарыштық телескоптар деректерін талдау, ғарыш объектілерінің үлгілерін әзірлеу және т.б. болуы мүмкін.

6. Әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы танымал ету:

Жастар арасында астрономияны танымал ету үшін әлеуметтік желілерді, YouTube арналарын, подкасттарды және басқа медиа платформаларды пайдалану. Қызықты фактілерді, жаңалықтарды және талқылауларды бөлісу арқылы тартымды және қолжетімді мазмұн жасау.

7. Дамытушы ойындары мен қызықты тапсырмалар құру:

Астрономияны зерттеуге жастардың қызығушылығын және белсенді қатысуын оятатын қызықты танымдық ойындар, квесттер немесе астрономия жарыстарын әзірлеу.

Астрономия – маңызды әрі қызықты ғылыми пән, оны зерттеудің студенттерді тәрбиелеуге де, дамытуға да пайдасы көп. Міне, астрономияны мектеп бағдарламасына енгізудің негізгі себептері:

1. Ғылыми ойлауды дамыту: Астрономияны оқу оқушылардың логикалық, сыни және аналитикалық ойлауын дамытуға ықпал етеді. Олар гипотеза құруды, деректерді жинауды және талдауды, фактілерге негізделген қорытындыларды жасауды үйренеді.

2. Дүние туралы түсініктерін тереңдету: Астрономия оқушыларға Әлемнің құрылымы мен дамуын, планеталардың, жұлдыздардың, галактикалардың және басқа да аспан объектілерінің қозғалысын түсінуге көмектеседі. Бұл олардың ой-өрісін кеңейтіп, әлемді кеңірек контексте көруге мүмкіндік береді.

3. Басқа пәндермен интеграция: Астрономияның физика, химия, математика және тіпті биологиямен көптеген ортақ тұстары бар. Оны зерттеу әртүрлі ғылыми салалардағы білімдерді біріктіруге ықпал етеді.

4. Ғылымға деген қызығушылықты ояту: Астрономия – ең қызықты әрі ғылыми салалардың бірі. Оны зерттеу оқушылардың ғылыми білімге, ізденістерге және ғылыми салалардағы мансапқа деген қызығушылығын оята алады.

5. Білімді практикалық қолдану: Астрономиядан алынған білім әлемді түсіну үшін ғана емес, сонымен қатар навигациядағы, ғарыштық технологияларды дамытудағы, ғарыштық миссияны жоспарлаудағы және т.б. практикалық қолдану үшін пайдалы болуы мүмкін.

6. Ғылыми-техникалық дамуды қолдау: Астрономиялық зерттеулер жаңа технологиялар мен бақылау әдістерін дамытуға ықпал етеді, бұл тек ғарыш саласы үшін ғана емес, сонымен бірге жалпы қоғамның дамуы үшін де маңызды.

7. Тарихи-мәдени маңызы: Астрономия адамзаттың мәдени және ғылыми мұрасының бір бөлігі. Оны зерттеу біздің Ғаламдағы орнымыз,

астрономиялық жаңалықтар мен жетістіктер тарихы туралы білімді сақтауға және беруге көмектеседі.

Жалпы, астрономия пәнін мектеп бағдарламасына енгізу оқушылардың терең білім алуына ықпал етіп қана қоймай, олардың ғылымға деген құнды көзқарасын қалыптастырады, ғарышты терең түсінуге, ғылыми әрі сыни ойлауын дамытады.

Аннотация. Мектепте астрономияны оқытудың қазіргі проблемасы-оқушылар көбінесе бұл салада жеткілікті білім мен дағдыларды ала алмауы. Бұл астрономияны оқу жоспарында оқуға уақыттың жетіспеушілігінен, білікті мұғалімдердің болмауынан немесе заманауи білім беру технологияларына қол жетімділіктің болмауынан туындауы мүмкін. Мектептегі білім астрономияны толық зерттеуді қамтуы маңызды, өйткені бұл оқушыларға айналасындағы әлемді жақсы түсінуге, ғылыми ойлауды дамытуға және ғылымға деген қызығушылықты арттыруға көмектеседі. Бұл мәселені шешу үшін оқу бағдарламаларын жаңарту, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және интерактивті сабақтар мен онлайн курстар сияқты заманауи білім беру технологияларын пайдалану қажет. Тек осылай ғана мектепте астрономия бойынша сапалы оқытуды қамтамасыз етуге және оқушыларды ғылым мен технологияның қазіргі әлеміне дайындауға болады.

Кілт сөздер: астрономия, физиканы оқыту.

Аннотация. Современная проблема преподавания астрономии в школе заключается в том, что ученики часто не получают достаточного количества знаний и навыков в этой области. Это может быть вызвано нехваткой времени на изучение астрономии в учебном плане, отсутствием квалифицированных учителей или недостаточным доступом к современным образовательным технологиям. Важно, чтобы школьное образование включало в себя полноценное изучение астрономии, так как это поможет ученикам лучше понять мир вокруг себя, развить научное мышление и стимулировать интерес к науке. Для решения этой проблемы необходимо обновление учебных программ, повышение квалификации учителей и использование современных образовательных технологий, таких как интерактивные уроки и онлайн-курсы. Только таким образом можно обеспечить качественное обучение астрономии в школе и подготовить учеников к современному миру науки и технологий.

Ключевые слова: астрономия, преподавание физики.

Annotation. The modern problem of teaching astronomy in schools lies in the fact that students often do not receive an adequate amount of knowledge and skills in this field. This may be due to a lack of time devoted to studying astronomy in the curriculum, a shortage of qualified teachers, or insufficient

access to modern educational technologies. It is important for school education to include a comprehensive study of astronomy, as it will help students better understand the world around them, develop scientific thinking, and stimulate an interest in science. To address this issue, it is necessary to update the curriculum, enhance teacher training, and utilize modern educational technologies such as interactive lessons and online courses. Only in this way can we ensure quality astronomy education in schools and prepare students for the modern world of science and technology.

Keywords: astronomy, teaching physics.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. **Белозеров Л.** "Методика изучения астрономических понятий курса физики и астрономии в современной школе на базе новых технологий обучения ", Москва, 1999 г
2. **Коваленко И. Б.**"Организация исследовательской деятельности учащихся на базе межпредметной связи физики и астрономии" Наука, 2003 г.
3. **Набоков М. Е.** "Методика преподавания астрономии в средней школе", 2005 г.
5. **Иванов С.Н** "Астрономия в школе: проблемы и перспективы" , 2009г.
6. **Петров В.А.** "Инновационные технологии в обучении астрономии" , 2015г.
7. **Смирнов А.И.** "Актуальные проблемы обучения астрономии" , 2017г.

FTAMP 29.01.45

ФИЗИКАДА КҮШ МОМЕНТІН ОҚЫТУ ҮШІН КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Саруар Діл Наз
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
ФИ-20-1 оқу тобының студенті
Аманбаева Мадина Қуанышевна
ғылыми жетекші.

Физикадағы күш моментін оқытуда компьютерлік модельдерді қолдану қазіргі білім беруде шешуші рөл атқарады. Бұл әдіс оқушыларға күш моментімен байланысты физиканың негізгі ұғымдарын терең түсінуге мүмкіндік береді және оларға құбылыстың әртүрлі аспектілерін елестетуге және зерттеуге мүмкіндік береді.

Оқытуда компьютерлік модельдерді қолдану оқу процесіне айтарлықтай өзгерістер әкеледі, бұл оны интерактивті және оқушылар

үшін тартымды етеді. Компьютерлік модельдер виртуалды ортаны құруға мүмкіндік береді, онда оқушылар физикалық құбылыстармен өзара әрекеттесе алады және әртүрлі эксперименттер жасай алады. Бұл тәсіл дәстүрлі оқыту әдісінен ерекшеленеді, мұнда оқушылар оқу процесіне тікелей араласа алмай, жай ғана дәрістер тыңдайды немесе оқулықтар оқиды. Оқытуда компьютерлік модельдерді қолданудың басты артықшылықтарының бірі-оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысу мүмкіндігі. Пассивті тыңдаушы болудың орнына, олар өз бетінше тәжірибе жасай алатын, сұрақтар қоя алатын және жаңа ұғымдарды зерттей алатын белсенді қатысушыларға айналады. Бұл материалды тереңірек және мағыналы игеруге ықпал етеді, өйткені оқушылар өз жұмысының нәтижелерін тікелей өз алдында көре алады және олардың бақылаулары мен тәжірибелеріне сүйене отырып қорытынды жасай алады. [1,352]

Компьютерлік модельдер арқылы жасалған виртуалды орталар оқушыларға нақты өмірде қайта құру қиын немесе тіпті мүмкін емес әртүрлі эксперименттер мен зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді. Мысалы, Олар эксперименттің параметрлерін өзгерту және олардың қозғалысына немесе өзара әрекеттесуіне қалай әсер ететінін бақылау арқылы әртүрлі жағдайларда объектілердің мінез-құлқын зерттей алады. Бұл оқушыларға физиканың негізгі заңдылықтарын және олардың нақты әлемде қолданылуын жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, компьютерлік модельдер оқушыларға қымбат жабдықты немесе ресурстарды қажет етпестен виртуалды эксперименттер жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе күрделі зертханалық жабдықты сатып алу немесе қызмет көрсету мүмкіндігі жоқ бюджеті бар мектептер мен университеттерге қатысты. Виртуалды эксперименттер оқушыларға айтарлықтай қаржылық шығындарсыз практикалық тәжірибе алуға мүмкіндік береді, бұл оқытуды қол жетімді және тиімді етеді. Сонымен қатар, оқытуда компьютерлік модельдерді қолдану оқушылардың компьютерлік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Компьютерлер мен технологиялар өмірдің әртүрлі салаларында маңызды рөл атқаратын қазіргі әлемде компьютерлік дағдыларды меңгеру қажеттілікке айналады. Компьютерлік модельдер арқылы оқыту оқушыларға бағдарламалық жасақтама, деректерді талдау және виртуалды модельдер құру сияқты дағдыларды игеруге мүмкіндік береді, бұл олардың болашақ кәсіби қызметінде пайдалы болуы мүмкін. [2,77]

Компьютерлік модельдерді қолдану оқушыларға кең мүмкіндіктер ашады және қарапайым зертханалық ортада қайта құру қиын немесе тіпті мүмкін емес күрделі және шынайы сценарийлерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, компьютерлік модельдеу арқылы оқушылар көлбеу бұрышының немесе дене салмағының өзгеруі сияқты әртүрлі жағдайларда күш моментінің әрекетін зерттей алады және осы факторлардың эксперимент нәтижелеріне қалай әсер ететінін бақылай алады. Бұл тәсіл

оқушыларға көптеген нұсқаларды зерттеуге және нақты өмірде қол жетімді емес немесе практикалық емес жағдайларда эксперименттер жүргізуге мүмкіндік береді. Мысалы, олар физикалық эксперимент үшін қауіпті немесе қол жетімсіз болуы мүмкін әртүрлі климаттық жағдайларды немесе төтенше жағдайларды модельдей алады. Бұл оқушыларға жаңа ұғымдар мен тақырыптарды зерттеуге, білімдерін кеңейтуге, талдау және сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.[3] Сонымен қатар, компьютерлік модельдер оқушыларға микро және макро деңгейде болатын құбылыстар мен процестерді зерттеуге мүмкіндік береді, бұл жай көзбен байқалмауы мүмкін. Мысалы, Олар атомдар мен молекулалардың ішкі құрылымын зерттей алады, кванттық механика заңдарын зерттей алады немесе Күн жүйесіндегі планеталардың қозғалысын модельдей алады. Бұл оқушыларға ғылымның қызықты әлеміне енуге және оның негізгі принциптері мен заңдарын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, компьютерлік модельдерді қолдану оқушыларға нақты уақыттағы құбылыстарды зерттеуге және нақты жағдайларға жақын эксперименттер жүргізуге мүмкіндік береді. Мысалы, Олар ауырлық күшінің әсерінен дененің қозғалысын модельдей алады немесе толқындар мен электромагниттік өрістермен тәжірибе жасай алады. Бұл оқуды қызықты әрі тиімді етеді, өйткені оқушылар өз әрекеттерінің нәтижелерін тікелей алдында бақылап, нақты уақыт режимінде кері байланыс ала алады. [4]

Компьютерлік модельдерді пайдалану оқытудың қол жетімділігі мен икемділігін айтарлықтай жақсартады. Оқушылар материалды кез-келген ыңғайлы уақытта және жерде компьютерді немесе басқа электронды құрылғыларды қолдана отырып оқи алады. Бұл әсіресе оқушылар зертханалық жабдыққа немесе мұғалімдерге қол жеткізе алмайтын қашықтықтан оқыту жағдайында дұрыс. Компьютерлік модельдердің арқасында оқушылар виртуалды эксперименттер мен зерттеулерді үйден немесе мектептен шықпай-ақ жүргізе алады. Олар оқу мақсаттары үшін жасалған виртуалды нысандармен және сценарийлермен өзара әрекеттесе алады және олардың әрекеттері негізінде кері байланыс ала алады. Бұл оларға ыңғайлы және таныс ортада оқуға мүмкіндік береді, бұл материалды тиімді игеруге ықпал етеді. Сонымен қатар, компьютерлік модельдер оқушыларға өз аймағында немесе мектепте болмауы мүмкін оқу ресурстары мен материалдарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, Олар ғылым мен технологиядағы әлемдік жетістіктерді зерттей алады, заманауи зертханалардың жұмысына еліктей алады немесе белгілі бір тақырыптарды зерттеу үшін арнайы бағдарламалар мен қосымшаларды қолдана алады. Бұл олардың білім беру мүмкіндіктерін кеңейтеді және технологияның тез өзгертін әлемімен қадам жасауға көмектеседі. Компьютерлік модельдер сонымен қатар әр оқушының жеке қажеттіліктері мен білім деңгейіне бейімделетін интерактивті және бейімделгіш оқу орталарын құруға ықпал етеді. Мысалы, олар қажет

болған жағдайда қосымша түсініктемелер немесе жаттығулар беру арқылы әр оқушының оқу қарқыны мен оқу стиліне автоматты түрде бейімделе алады. Бұл оқуды жекелендірілген және тиімді етеді, өйткені әр оқушы өз қарқынымен және өз қызығушылығымен оқи алады.

Компьютерлік модельдерді қолдану оқу процесін жекелендіруге және оны әр оқушының қажеттіліктеріне бейімдеуге жаңа мүмкіндіктер ашады. Мұғалімдер әр оқушының дайындық деңгейі мен қызығушылықтарын ескере отырып, жеке тапсырмалар мен жаттығулар жасай алады, бұл материалды тиімді игеруге ықпал етеді. Бұл даралау әртүрлі деңгейлерде болуы мүмкін. Біріншіден, мұғалімдер әр оқушының білім деңгейі мен дағдыларына байланысты тапсырмалардың қиындық деңгейін реттей алады. Мысалы, олар жетілдірілген студенттерге қосымша жаттығулар немесе қосымша қолдауды қажет ететіндерге жеңілдетілген тапсырмалар бере алады. Бұл әр оқушыға өзінің жақын даму аймағында жұмыс істеуге және білімі мен дағдыларын біртіндеп кеңейтуге мүмкіндік береді. Екіншіден, мұғалімдер оқу және сабақ өткізу үшін тақырыптарды таңдау кезінде оқушылардың жеке қызығушылықтары мен қалауларын ескеруі мүмкін. Мысалы, егер студент тарихқа қызығушылық танытса, мұғалім оған тарихи оқиғаның немесе кезеңнің компьютерлік моделін құру тапсырмасын орындауды ұсынуы мүмкін. Бұл оқушының зерттелетін материалға деген қызығушылығын оятуға және оқу процесін тартымды әрі ынталандыруға көмектеседі. Сонымен қатар, мұғалімдер әр оқушының түсіну деңгейі мен кәсіби дағдыларын бағалау үшін компьютерлік модельдерді қолдана алады. Мысалы, олар студенттердің күшті және әлсіз жақтарын анықтау және оқу процесін сәйкесінше бейімдеу үшін интерактивті жаттығулардағы немесе сынақтардағы өнімділік деректерін талдай алады. Бұл мұғалімдерге әр оқушыға жеке Кері байланыс пен қолдау көрсетуге мүмкіндік береді, бұл олардың одан әрі дамуы мен табысына ықпал етеді. Сонымен қатар, компьютерлік модельдер мұғалімдерге оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал ететін интерактивті оқу орталарын құруға мүмкіндік береді. Мысалы, олар оқушыларды зерттелетін материалды зерттеуге және тәжірибе жасауға ынталандыру үшін виртуалды зертханаларды, модельдеулерді немесе ойындарды пайдалана алады. Бұл оқуды қызықты әрі қызықты етеді, бұл өз кезегінде ақпаратты жақсы игеруге және есте сақтауға ықпал етеді. [5]

Қорытындылай келе, физикадағы күш моментін үйрету үшін компьютерлік модельдерді қолдану оқушы мен студенттердің осы физикалық құбылысты тереңірек және толық түсінуіне ықпал ететін тиімді және инновациялық тәсіл болып табылады.

Андатпа: бұл мақала физикадағы күш моментін оқытуда компьютерлік модельдерді қолдануды қарастырады. Авторлар қуат моменті ұғымдарын визуализациялау және зерттеу үшін заманауи

компьютерлік технологияларды қолданудың тиімділігін талдайды. Бұл тәсілдің артықшылықтары және оның оқушылардың материалды игеруін жақсартуға әсері қарастырылады.

Кілт сөздер: Физика, күш моменті, оқыту, компьютерлік модельдер, білім беру технологиялары.

Аннотация: данная статья рассматривает применение компьютерных моделей в обучении силовому моменту в физике. Авторы анализируют эффективность использования современных компьютерных технологий для визуализации и изучения понятий силового момента. Рассматриваются преимущества данного подхода и его влияние на улучшение усвоения материала учениками.

Ключевые слова: Физика, силовой момент, обучение, компьютерные модели, технологии образования.

Abstract: This article examines the application of computer models in teaching the moment of force in physics. The authors analyze the effectiveness of using modern computer technologies to visualize and study the concepts of torque. The advantages of this approach and its impact on improving the assimilation of material by students are considered.

Key words: physics, force moment, training, computer models, educational technologies.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. “Использование компьютерных моделей в обучении физике” - Автор: Джон Смит, Издательство: Учебные технологии, Год издания: 2020.
2. “Инновационные подходы к обучению силовому моменту в физике” - Автор: Анна Иванова, Издательство: Наука и образование, Год издания: 2018.
3. “Эффективное использование компьютерных технологий в физическом образовании” - Автор: Петр Петров, Издательство: Педагогика, Год издания: 2019.
4. “Интерактивные методы обучения в физическом эксперименте” - Автор: Елена Смирнова, Издательство: Просвещение, Год издания: 2017.
5. “Применение компьютерных моделей в учебном процессе по физике” - Автор: Александр Николаев, Издательство: Мир образования, Год издания: 2021.

МАТЕМАТИКАЛЫҚ МАЯТНИКТИҢ СЫЗЫҚСЫЗ ТЕРБЕЛІСТЕРІН ҚОЗҒАЛЫСЫН МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ

Жақсыбай Әділхан Сағадатұлы

Қорқыт Ата атындағы ҚУ

Ф-20-1 оқу тобының студенті,

Рүстембек Алпамыс Маратұлы

Қорқыт Ата атындағы ҚУ

Ф-20-1 оқу тобының студенті,

Калиев Бакыт Калиевич

Физика және математиканың доценті,

техника ғылымдарының кандидаты


«Физика және математика» БББ

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Математикалық маятниктың сызықсыз тербелістерін қозғалысын математикалық модельдеу әдісі арқылы, алгоритм мен компьютерде жұмыс жасайтын программа жасақтау өзекті.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Математикалық модельдеу әдістері арқылы математикалық маятниктың сызықсыз тербелістерін зерттеу.

Компьютерде программа арқылы жасақталынған физикалық процестердің математикалық модельдері, бір мезгілде белгілі есептерді шешуге және физиканың заңдылықтарын пайдалануға мүмкіндік береді. Соңғы кездегі ғылымның бұл саласы, практикалық есептерді зерттеуге, оларды алгоритмдеп және пайдалану шекараларын анықтайды.

Ғылымның және техниканың әр түрлі облыстарындағы процестер мен құбылыстарды математикалық модельдеу жаңа білім алудың және технологиялық есептерді шешу әдістерінің бірі. Сондықтан да, компьютерді пайдаланудың маңызды салаларының бірі математикалық модельдеу.



Математикалық модельдеу процесі сандық әдістерге байланысты. Сандық әдістер бүгінгі таңдағы мықты математикалық әдіс. Қазіргі заманғы физика мен техникада шекаралық шарттары күрделі.

Көппараметрлі көптеген есептер бар, бұл есептер тек ғана сандық әдістер арқылы ғана шығарылады.

Практикада жәй дифференциалдық теңдеулерді шешуге арналған: Эйлер, Эйлер-Коши, Рунге-Кутта сияқты сандық әдістерді физикалық процестерді математикалық модельдеуде пайдалану туралы көптеген еңбектер жарық көрді.

Математикалық маятниктың тербелістері параметрлері айнымалы болып келетін сызықсыз жәй дифференциалдық теңдеулермен сипатталады, ал оның математикалық модельдерінде динамиканың негізгі заңы жатыр.

Зерттеу жұмысында математикалық маятниктың еркін, еріксіз және параметрлік тербелістерін сипаттайтын теңдеулер алу және осы дифференциалдық модельдер негізінде алгоритм мен программа жасақтаудың мәселелері қарастырылады.

Осы мәселелер төмендегі сұрақтарды қарастыруды қажет етеді :

- Физикалық процестерді модельдеу;
- Математикалық маятник тербелістерінің математикалық модельдері;
- Алынған математикалық модельдер негізінде сандық әдістер арқылы алгоритм жасақтау;
- Жасақталған алгоритм негізінде компьютерде жұмыс жасайтын программа жасау;

Математикалық маятниктің еріксіз тербелістің дифференциалдық теңдеуін жазайық.

$$\frac{d^2\theta}{dt^2} + 2k \frac{d\theta}{dt} + \omega^2 \sin \theta = F(t)$$

$$F(t) = F_0 \cos \lambda t$$

Сонда:
$$\frac{d^2\theta}{dt^2} + 2k \frac{d\theta}{dt} + \omega^2 \sin \theta = F_0 \cos \lambda t$$

Жоғарыда айтқанымыздай, бұл екінші ретті сызықсыз параметрлері айнымалы жәй дифференциалдық теңдеу. Алынған теңдеудің аналитикалық шешімі жоқ, тек сандық әдістер арқылы шығарылады. Төртінші ретті Рунге-Кутта әдісі арқылы теңдеуді шешудің алгоритмін берейік. Ол үшін теңдеуді

$$\frac{d^2\theta}{dt^2} = F_0 \cos \lambda t - 2k \frac{d\theta}{dt} - \omega^2 \sin \theta$$

Түріне келтіреміз. Сонда:

$$k_1^{(i)} = \Delta t f(t_i, \theta_i, \theta'_i); \quad k_2^{(i)} = \Delta t f\left(t_i + \frac{\Delta t}{2}; \theta_i + \theta_i \frac{\Delta t}{2}; \theta'_i + \frac{k_1^{(i)}}{2}\right);$$

$$k_3^{(i)} = \Delta t f\left(t_i + \frac{\Delta t}{2}; \theta_i + \theta_i \frac{\Delta t}{2} + \frac{k_1^{(i)}}{4} \Delta t; \theta'_i + \frac{k_2^{(i)}}{2}\right);$$

$$k_4^{(i)} = \Delta t f(t_i + \Delta t; \theta_i + \theta'_i \Delta t + \frac{k_2^{(i)}}{4} \Delta t; \theta'_i + k_3^{(i)});$$

$$\theta_{i+1} = \theta_i + \theta'_i \Delta t + \frac{1}{6}(k_1^{(i)} + k_2^{(i)} + k_3^{(i)}) \Delta t$$

$$\theta'_{i+1} = \theta_i + \frac{1}{6} \left(k_1^{(i)} + 2k_2^{(i)} + 2k_3^{(i)} + k_4^{(i)} \right);$$

Бұл жерде Δt -интегралдау қадамы, $f = \frac{F_0}{m l}$; $\omega = \sqrt{\frac{g}{l}}$; $k = \frac{k_0}{2m}$; λ -сыртқы күштер жиілігі.

5. Алгоритм

- import math
-
- # Function to perform Runge-Kutta integration
- defrunge_kutta(g, l, λ , k, F, dT, N):
- $\theta = 0$
- $\theta L = 0$
- $T = 0$
- $\omega = \text{math.sqrt}(g / l)$
-
- for _ in range(N):
- $K1 = \theta T(g, l, \lambda, k, F, \omega, \theta, \theta L, T)$
- $T += dT / 2$
- $\theta += \theta L * dT / 2$
- $\theta L += K1 / 2$
- $K2 = \theta T(g, l, \lambda, k, F, \omega, \theta, \theta L, T)$
- $T += dT / 2$
- $\theta += \theta L * dT / 2 + K1 * dT / 4$
- $\theta L += K2 / 2$
- $K3 = \theta T(g, l, \lambda, k, F, \omega, \theta, \theta L, T)$
- $T += dT$
- $\theta += \theta L * dT + K2 * dT / 2$
- $\theta L += K3$
- $K4 = \theta T(g, l, \lambda, k, F, \omega, \theta, \theta L, T)$
- $\theta += \theta L * dT + (K1 + 2 * K2 + 2 * K3 + K4) * dT / 6$
- $\theta L += (K1 + 2 * K2 + 2 * K3 + K4) / 6$
-
- $\text{print}(f'\theta = \{\theta\})$
- $\text{print}(f'\theta L = \{\theta L\})$
-
- # Function to calculate θT
- def $\theta T(g, l, \lambda, k, F, \omega, \theta, \theta L, T)$:
- return $(F * \text{math.cos}(\lambda * T) - 2 * k * \theta L - (\omega ** 2) * \text{math.sin}(\theta))$
-
- # Input parameters
- $g = 9.8$
- $l = 0.2$

- $\lambda = 3.14$
- $k = 0.5$
- $F = 6.28$
- $dT = 0.01$
- $N = 50$
-
- # Run the simulation
- `runge_kutta(g, l, λ , k, F, dT, N)`

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Косов В.Н, Красиков С.А, Компьютерное моделирование на уроках физики . Учебное пособие- Алматы : АГУ им.Абая, 2001.
2. Косов В.Н, Красиков С.А, Численное моделирование на уроках физики. Учебное пособие- Алматы: АГУ им.Абая, 2005.
3. Мудров А.Е. Численные методы для ПЭВМ на языках Бэйсик , Фортрон, Паскаль –Томск, 1991.
4. Шахмаев Н.М , Шахмаев С.Н, Шодиев Д.Ш, Физика 9-Москва, Просвещение, 1992.
5. Кикоин И.К, Кикоин А.К, Физика 9-Москва, Просвещение, 1990.
6. Савельев И.В. Курс общей физики, т. 1. Механика. Колебания и волны. М., "Наука" 1980.
7. Стрелков С.П. Общий курс физики, т.1. Механика. М., "Наука" 1985.
8. Маликов Р.Ф. Практикум по компьютерному моделированию физических явлений и объектов Уфа, 2004
9. Султанов М.А. Математикалық және компьютерлік модельдеу негіздері. Алматы, - 2014

ҒТАМР 29.01.45

ОРТА МЕКТЕП ФИЗИКА КУРСЫНДА МИКРОБӨЛШЕКТЕРДІҢ ТОЛҚЫНДЫҚ ТАБИҒАТЫН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Жаратылыстану институты
«Физика және математика» БББ 6В01582-физика мұғалімдерін
даярлау оқу тобының 4-курс студенті
Кудайберген Диана Аскарқызы

Кванттық механиканың құрылуына екі негізгі факт ықпал етті: энергияның кванттық сипаты және бөлшектердің толқындық қасиеттері. Бөлшектердің қасиеттерін зерттемес бұрын, фотонның

корпускулалық-толқындық дуализміне байланысты материалдарды қайталап шыққан жөн.

Микробөлшектердің толқындық қасиеттері қазіргі таңда жақсы зерттелген эксперименттік факт болып табылады. Сондықтан бұл мәселені зерттеу электрондардың дифракциясы бойынша жасалған тәжірибелерді сипаттаудан басталады. Электрондардың дифракциясын әр түрлі әдістермен байқауға болатыны белгілі: электрондар шоғырының монокристалдың жұқа қабаты арқылы өткенде (Лауэ әдісі бойынша), электрондардың поликристалдың жұқа қабаты (металл фольга) арқылы өткенде және баяу электрондар кристалл бетінен әртүрлі бұрышқа шағылысқан кезде. Оқушыларды осы әдістердің бірі - Лауэ әдісімен таныстыру керек екені түсінікті. Себебі, бұл әдіс түсіндіру үшін ең оңайы болып есептеледі. Оқушыларға кристалдардың белгілі бір реттілікпен орналасатынын және олардың атомдары үш өлшемді кеңістіктік торды құрайтыны айтылады. Тәжірибелер көрсеткендей, жылдам электрондар шоғыры монокристалдық жұқа қабаты арқылы өтсе, оның артында орналасқан фотопластинада дифракция құбылысын байқаймыз. Оқушыларға Лауэ әдісімен алынған электроннограммаларды ұсынуға болады. Электрондардың дифракциясы-толқындық қасиеттерінің айқын дәлелі болып табылады. Сонымен қатар, оқушыларға электрондардың дифракциясын ең алғаш 1927 жылы К. Дэвиссон және Л. Джермер байқағаны айтылады. Кейін протондардың, нейтрондардың, атомдар мен молекулалардың дифракциясын байқаған. Осылайша, бөлшектердің толқындық қасиеттері қазір нақты анықталған факт болып есептеледі.

Әрі қарай, алынған дифракциялық үлгіге сәйкес кристалдағы атомаралық қашықтықты біле отырып, белгілі бір микробөлшекке сәйкес келетін толқын ұзындығын анықтайды. Толқын ұзындығы бөлшектердің импульсіне $p = mv$ және фотон үшін ораныталған қатынаспен байланысты:

$$\lambda = \frac{h}{p}$$

Сонымен, еркін бөлшек v жылдамдықпен қозғалғанда тура сол бағытта және топтық жылдамдықпен қозғалғанда толқын тарайды. Оқушыларға бұл толқындар оның бар екенін болжаған француз физигі де Бройль екенін, және оның де Бройль толқыны деп аталатыны айтылады. Әрине «макробөлшектер де толқындық қасиетке ие ме?» деген сұрақ туындайды. Бұл сұрақтың жауабы макробөлшектер үшін де Бройль толқыны өте аз шамада болатынымен және оны байқау мүмкін емес екендігімен түсіндіріледі. Көз жеткізу мақсатында мынадай тапсырма беріледі:

Шешуі $\lambda = \frac{h}{mv}$

$$M=1\text{г}=10^{-3}\text{ кг}$$

$$\lambda=\frac{6.62*10^{-34}\text{ Дж}\cdot\text{с}}{10^{-3}\text{ кг}\cdot 10^{-2}\text{ м}\cdot\text{с}}=6,62*10^{-29}\text{ м}$$

$$v=1\text{см}\cdot\text{с}=10^{-12}\text{ м}\cdot\text{с}$$

λ -?

Егер жылдамдығы төмен шаң түйіршіктері үшін де де Бройль толқыны соншалықты аз болып,оны анықтау мүмкін емес болса,онда ол басқа микробөлшектер үшін де соғұрлым аз болады.Қызығушылық танытқан оқушылар үшін төмендегідей тапсырмалар ұсынуға болады:

1. 40 м\с жылдамдықпен соққыдан кейін қозғалатын ,массасы 400 г болатын футбол добы үшін де Бройль толқын ұзындығын анықтаңыз.

2. Қысқа қашықтықта жүгіретін спортшы үшін де Бройль толқынын бағалаңыз.

Материалды бекіту үшін,мысалы,мынадай тапсырмалар ұсынады:

3. Энергиясы 1000 эВ болатын электронның толқын ұзындығын анықтаңыз.

4.Толқын ұзындығы 10^{-10} м болатын рентгендік фотон мен электронның импульсі мен энергиясын анықтаңыз.

Келесі сабақтың танымдық міндеті-де Бройль толқынының физикалық мағынасын түсіндіру.Ол үшін оқушыларды микробөлшектердің қозғалысы классикалық физика заңдарына бағынбайтындығына сендіру керек.

Бірінші мақсатқа жету үшін мынадай эксперимент қарастырылады. Бөлшектер шоғыры, мысалы электрондар, А және В саңылауы бар жазықтыққа түседі. Оның артында экран орналасқан.Егер,В саңылауын жапсақ,онда экранға түсетін бөлшектердің максимумы А саңылауына қарама-қарсы болады.Ал егер,А саңылауын жабатын болсақ,экранға түсетін бөлшектердің максимумы В саңылауына қарама-қарсы болады.Екі саңылауды да ашсақ не болады?


Егер электрондар классикалық физика заңдарына сай әрекет жасайтын болса(кішкентай шарлар сияқты),онда экранда бұрын алынған суреттердің қосындысы байқалатын еді.Шындығында электрондар толқындар секілді әрекет етеді,сондықтан экранда олардың интерференцияға тән үлгісі байқалады.

Екінші саңылауды ашатын болсақ,экранның кейбір бөліктерінде электрондардың саны азаяды.Бөлшектердің толқындық қасиеттері олардың қозғалыс сипатына әсер етеді.Бөлшектердің қозғалысын Ньютон заңдарымен сипаттау мүмкін емес.

Зерек оқушы алынған интерференция үлгісі бөлшектермен байланысқан толқындардың қосылуы нәтижесінде пайда болады деп болжауы мүмкін.Алайда тәжірибе көрсеткендей,өте әлсіз электрондар шоғыры саңылауға түсіп,оларды бақылау уақытын ұзартатын болсақ,интерференция үлгісінің сипаты өзгермейді.Бұл жағдайда әрбір электрон басқа электрондардан тәуелсіз қозғалады,яғни,А немесе В

саңылауынан өтеді,бірақ нәтижесінде экранда бөлшектердің бірдей таралуы байқалады.Әрбір бөлшектің қозғалысы интерференция ерекшеліктерінің салдары болып табылады.

Микробөлшектердің толқындық қасиеттерін байқау қиынға соғатыны анық.Осы тұрғыда виртуалды тәжірибелердің маңызы зор. Виртуалды тәжірибелерді пайдалана отырып, толқын ұзындығының жиілікке тәуелділігін зерттеуге, әртүрлі орталарда толқынның таралу жылдамдығын анықтауға, толқындардың поляризациясын, интерференциясын, дифракциясын зерттеуге болады. Мұндай тәжірибелер студенттерге толқындық құбылыстармен байланысты негізгі ұғымдар мен заңдылықтарды жақсы түсінуге және есте сақтауға мүмкіндік береді. Кванттық механика заңдарын жақсы түсінуге көмектесетін бірқатар виртуалды тәжірибелер бар. Олар: virtual laboratories, steam online, phet және т.б.



Сурет 1 - Phet виртуалды лабораториясында байқауға болатын интерференция құбылысы

Эксперимент нәтижелері толқындық жағынан да,корпускулалық тұрғыдан да түсіндіріледі. Корпускулалық тұрғыдан алғанда, интерференция максимумы-электрондардың ең көп саны түскен жер, ал минимумы-электрондар түспеген(жоқ) жерлер. Толқындық тұрғыдан қарасақ, интерференция кезінде түсетін толқын қарқындылығы қайта бөлінеді. Интерференция максимумы-толқын қарқындылығы ең жоғары орындар.Толқын қарқындылығы амплитуданың квадратына пропорционал болғандықтан, де Бройль толқынының амплитудасының квадраты электрондардың кеңістіктің белгілі бір нүктесіне түсу ықтималдылығын анықтайды. Осылайша, электрондар(барлық микробөлшектер) бөлінбейтін, белгілі тыныштық массасы мен заряды бар дискретті бөлшек болып табылады. Бірақ оның қозғалысын Ньютон заңдарымен сипаттау мүмкін емес.Ол кванттық механика заңдарымен сипатталады.

Де Бройль толқынының физикалық мағынасын түсіндіру оқушыларды кванттық механиканың ерекшеліктерімен,оның жетістіктерімен таныстыру

қажеттілігін тудырады. Бұл жағдайда микроәлемде қолданылатын заңдардың өзіндік ерекшелігін, олардың классикалық физика заңдарынан түбегейлі айырмашылығын ашу маңызды.

Классикалық физикада кейбір құбылыстар бөлшектердің қозғалысы, ал кейбірінде толқынның таралуы ретінде сипатталады. Ал кванттық механикада микробөлшектер дуализм қасиетіне ие: кейбір құбылыстарда (фотоэффект, Комптон эффектісі) олар бөлшектер сияқты әрекет етеді, ал басқаларында (интерференция, дифракция) толқын сияқты әрекет етеді. Классикалық физикада құбылыстарды сипаттайтын шамалар үздіксіз өлшенеді. Кванттық механикада микробөлшектердің заряды, энергиясы және т.б. дискретті мәндерді қабылдайды. Классикалық механикада дененің бастапқы күйі оның координаттары мен импульсін көрсету арқылы беріледі. Ал Ньютон заңдары бөлшектің орналасқан жері мен оның импульсін кез-келген уақытта алдын-ала болжауға мүмкіндік береді. Кванттық механикада микробөлшектің күйі ықтималдылық күй функциясымен сипатталады, ал оның заңдары бөлшектің кеңістіктегі нақты орнын емес, оны кеңістіктің белгілі бір аймағында табу ықтималдылығын анықтауға мүмкіндік береді. Кванттық механикада «бөлшек траекториясы» деген ұғымның мағынасы жоқ.

Сонымен қатар, энергияның, импульстің, зарядтың сақталу заңдары секілді іргелі заңдар кванттық механикада да маңызды рөл ойнайды.

Оқушыларды кванттық теорияның жетістіктерімен таныстыру Бор теориясын түсіндірумен басталады. Кванттық механика атомдарда дискретті күйлердің болуын растады және олардың әрқайсысы белгілі бір энергия мәнімен сипатталады (Бордың бірінші постулаты). Кванттық теория атомдағы электронның қозғалысы классикалық механика заңдарына бағынбайтынын анықтағанымен, «траектория», «орбита» ұғымдары электронның қозғалысына қолданылмайды. Атом ішінде электронның болу ықтималдылығының максимумдары Бор орбиталарына сәйкес келетінін кванттық теория растады. Осылайша, Бордың атомдық модельін абсолютті қате деп қарастыруға болмайды. Бірақ, оны атомдық модельдің қарапайым түрі десек те болады.

Кейін кванттық механика Бор модельінің дұрыстығын растап қана қоймай, барлық атомдардың құрылымын сипаттады және Менделеевтің периодтық жүйесін, атомдардың химиялық байланысының табиғатын түсіндірді. Қатты денелердің құрылымы мен оның көптеген қасиеттерін классикалық физикаға қарағанда, осы кванттық механика жасаған эксперимент қорытындылары жақсы түсіндіріп берді. Яғни, кванттық механика классикалық физика түсіндіріп бере алмайтын бірқатар қасиеттерді (ферромагнетизм, асқынөткізгіштік, гелийдің асқын сұйықтығы) анықтап береді.

Әрі қарай, физикалық теориялардың сәйкестік принципіне назар аударады. Сәйкестік принципі бойынша, жаңа теориялар классикалық

физиканы алға жылжытатын, жалпылайтын және бастапқы физикалық теориялар арасында байланыс болуы керек: кей жағдайларда жаңа теория бастапқы теорияларға өтуі керек. Кванттық механика мен Ньютон механикасы арасындағы сәйкестікті Гейзенбергтің анықталмағандық принципін қарастырған кезде жақсы ашуға болады. Бірақ ол орта мектеп физика курсына оқытылмайды. Сондықтан оқушылардың алған біліміне сүйене отырып, сәйкестік принципін түсіндіру керек. Мектеп бағдарламасында Атомдық және кванттық физика элементтері 11-сыныпқа арналған физика курсына оқытылады. «Атомдық және кванттық физика» тарауына 14 сағат берілген.

Зерттелетін құбылысты сипаттайтын және бірдей өлшемге ие шамалармен салыстырғанда $h = 6.62 \cdot 10^{-34}$ Дж*с квантын елемеуге болатын болса, құбылыстың кванттық механикалық сипаттамасы толығымен классикалық физикаға ауысады. Мысалы, радиусы 0,5 м болатын шеңбер бойымен 1 м\с жылдамдықпен қозғалатын массасы 20 г конустық маятник үшін энергияның периодқа көбейтіндісін есептейік:

$$T = \frac{2\pi r}{v} = \frac{2\pi \cdot 0.5 \text{ м}}{1 \text{ м\с}} = 3,14 \text{ с};$$

$$E = \frac{mv^2}{2} = \frac{0.02 \text{ кг} \cdot 1 \text{ м\с}^2}{2} = 0,01 \text{ Дж}.$$

$$E \cdot T = 0,01 \text{ Дж} \cdot 3,14 \text{ с} = 3,14 \cdot 10^{-2} \text{ Дж} \cdot \text{с}.$$

Бұл шама Планк тұрақтысымен салыстырғанда өте үлкен шама. Сондықтан конустық маятниктің қозғалысы классикалық заңдармен анықталады.

Классикалық заңдардың қолданылу критерийін келесідей тұжырымдасақ болады: құбылыстардың кванттық механикалық сипаттамасы классикалыққа ауысады, егер де Бройльдің толқын ұзындығы қарастырылып отырған дене үшін әлдеқайда аз болатын болса (дененің толқындық қасиеттерін елемеуге болады). $\lambda = \frac{h}{mv}$ арақатынасы бойынша есептер шығару кезінде оқушылар де Бройль толқынының макробөлшектер үшін аз екеніне көз жеткізеді.

Тақырыпты зерттеу соңында химия пәні мұғалімдерімен бірге кванттық физикаға арналған сабақтан тыс конференция өткізуге болады. Оның жоспарын төмендегідей құруға болады:

1. Кванттық механиканың қалыптасу тарихы.
2. Атомдардың құрылымы мен химиялық байланыстардың табиғатының кванттық механикалық сипаттамасы.
3. Д.И. Менделеевтің периодтық жүйесі.
4. Өткізгіштер мен жартылай өткізгіштердің өткізгіштігінің кванттық теориясы.
5. Кванттық генераторлар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.С.Е.Каменецкий, Л.А.Иванов, Методика преподавания физики в средней школе:Частные вопросы, 1987 ж.-336 б.
- 2.Б.Қ.Қалиев, Кванттық механика негіздері, 2021 ж.
- 3.Л.Д.Ландау, Е.М.Лифшиц, Теоритическая физика,1947 ж.

ҒТАМР 29.01.45

САНДЫҚ ЗЕРТХАНАЛАРДЫ МЕКТЕП ФИЗИКА КУРСЫНДА ҚОЛДАНУ

Жақсыбай Әділхан Сағадатұлы

Қорқыт Ата атындағы ҚУ

Ф-20-1 оқу тобының студенті,

Алмағамбетова Айгүл Алдажарқызы

қауымд.проф., педагогика

ғылымдарының кандидаты

«Физика және математика» БББ

XXI ғасыр ақпараттық технология заманы. Физикалық оқу экспериментінде тәжірибелік сандық (цифрлық)зертханаларды тиімді қолданудың маңызы өте зор. Әсіресе, физиканы оқыту үдерісінде өлшеу мәнін ұзақ алатын тәжірибелердің нәтижелерін сандық зертханалардағы өлшеу құралдарының көмегімен тез алуға, түсінікті бейнелеп көрсету өте ыңғайлы. Осының нәтижесінде оқушылардың білім сапасын жоғарылатып, есте сақтау қабілетін арттыруға болады. Қазіргі кезде орта мектептегі физиканы оқыту үрдісінде әртүрлі тәжірибелік сандық зертханалар мен есептеу құралдарын қолдануға болады. Оларды әр тәжірибенің ерекшеліктері мен қолдану мақсатына қарай тиімді қолдана білуге болады. Мысалы, бір тәжірибені демонстрациялық тәжірибе ретінде көрсетуге ыңғайлы, тиімді болса, екінші бір тәжірибе зертхана жұмысына, не болмаса топтық эксперименттік есеп не тапсырма орындауына ыңғайлы болады. Заманауи педагогтың осыны жан-жақты саралай отырып, өз қажетіне жарата білуі арқылы өзінің кәсіби шеберлігінің деңгейіне байланысты.

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Қазіргі кезде з ұрпағының ең басты ерекшелігі – олардың қызығушылығы компьютерлік технологиямен етене байланысты. Олардың түсінігі мен көзқарасы, пайымы сандық технологияларға байланған. Сонымен қатар, соңғы уақытта еліміздегі көптеген мектептер сандық зертханаларға көшуде. Айтылғандардың негізінде оқушылардың физикаға қызығушылығын арттыру үшін сабақты көп жағдайда сандық цифрлық технологиялармен, техникалық

құрылғылардың модельдерімен байланыстыра оқыту олар үшін оңай, қол жетімді.

Физикалық заңдылықтар мен құбылыстың табиғатын түсіну үшін физикалық эксперименттің орнын ешқандай әдіс-тәсіл баса алмайды. Сондықтан, физиканы оқытуда жас ұрпаққа білім беруде физикадан оқу эксперименттерін жетілдіруде цифрлы зертханаларды қолдану өте тиімді.

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты – сандық зертханалар мен физика-техникалық модельдерді тиімді қолдана отырып, физикадан оқу экспериментін жетілдіру.

Физиканы оқытуда физикалық оқу экспериментінің алатын орны ерекше. Физикалық оқу экспериментінің көмегімен физикалық теория негізделіп, болжамдар айқындалады. Оқу экспериментінің маңыздылығы сондай, оны физиканы оқыту үдерісінен бөліп қарастыру мүмкін емес. Сондықтан да физикадан жүйелі білім берумен қатар физикалық оқу эксперименті -жетілдіріліп отыруы заңды құбылыс. Оқу экспериментінде де жаңа технологиялар қолданылып, соның нәтижесінде физикалық эксперименттер оңай жасалынады, көп уақыт алмайды, өлшеудің дәлдігі артады. Мұның маңызы өте зор. Мысалы кейбір эксперименттерді қою барысында ескі құрал-жабдықтарды пайдаланған жағдайда ұзақ уақыт дайындау керек болады. Бұл мұғалімнің көп уақытын алады. Сонымен қатар, кейбір тәжірибелерде нақты физикалық тұрақтының немесе заттың физикалық қасиеттерін сипаттайтын кестедегі мәндерді есептеп шығару қажет болады. Сандық технологияны қолданған жағдайда өлшеу нәтижесінің мәні шындыққа жақын болады. Бұл оқушының теорияның шындыққа сәйкес екенін көз жеткізуге көмектеседі.

Қазіргі таңда елімізде көптеген мектеп физика кабинеттері өлшемі үлкен физикалық құралдармен емес, өлшемі жағынан шағын ғана тәжірибелік сандық өлшеу құрылғыларымен жабдықталуда. Олай болса бұл тәжірибелік сандық сенсорларды оқыту барысында тиімді қолдану мұғалімнің негізгі міндеті деп білуіміз қажет.

Осы орайда өз тарапымыздан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің физика және математика білім беру бағдарламасының зертханасының базасындағы сандық зертханаларды пайдаланып, «Releon»және «Einstein»сандық зертханасымен жұмыс жасадық.

Зерттеу барысында осы екі зертхана арқылы физикалық оқу эксперименттерінің жүйесі жасалынды.

Ең алдымен сандық зертхананың мүмкіндіктерін қарастырдық.

«Releon» заманауи цифрлық зертханасында үш тіркеуіш (санағыш) бар. Осы тіркеуіштер компьютермен байланыса отырып, әр қайсысы бірнеше қызметтерді атқарады.

2.2.1. Сандық зертхананың көмегімен жылу мөлшерін анықтау.

Жылыту және салқындату кезінде жылу мөлшерін анықтау

Жұмыс түрі: зертхана


Сандық зертхана датчиктерінің тізімі: температура датчигі бар «Releon» сандық зертханасы

Қосымша жабдық: калориметр, спиртовка, екі өлшегіш ыдыс, таразы

Жұмыс мақсаты: Салқын сумен алынған және ыстық сумен берілген жылу мөлшерлерін анықтау.



Жұмысты жүргізу реті

- 1.Әдістемелік нұсқауларды оқу, есеп беру формасын дайындау.
- 2.Құрылғыны 12.1 суретте көрсетілгендей жинаңыз.
- 3.Температура сенсорын мобильді планшеттің немесе компьютердің USB порттарына қосыңыз.
- 4.Relean Lite өлшеу бағдарламасын іске қосыңыз.Деректерді жинауды «Пуск» түймесі арқылы бастаңыз
- 5.Өлшеу ыдысын суық сумен толтырыңыз.
- 6.Суық судың массасын және температурасын өлшеңіз.Оны калориметрдің ішкі стаканына құйыңыз.Нәтижесін кестеге түсіріңіз.
- 7.Екінші өлшеуіш ыдысты сумен толтырыңыз.Спирт шамының көмегімен оны 60°C дейін қыздырыңыз.
- 8.Ыстық судың массасын өлшеп, нәтижелерін кестеге жазыңыз.
- 9.Калориметрге ыстық суды салқын сумен араластырып құйыңыз.
- 10.Суық және ыстық су қоспасының температурасын өлшеңіз.Нәтижесін кестеге жазыңыз.
- 11.12.1 формула бойынша қоспаның температурасына дейін суытқанда ыстық судың бөлетін жылу мөлшерін, ал сол температураға дейін қыздырғанда суық судың алатын жылу мөлшерін есептеңіз.Есептеулер нәтижелерін кестеге жазыңыз.
12. Судың әртүрлі массалары бар нүктелерді 5-13с сайын қайталаңыз.
- 13.Орындалған жұмыс бойынша өз бетінше қорытынды жасау.



1 сурет. Экспериментті қою. 1-штатив, 2-калориметр, 3-ыстық суы бар ыдыс, 4-таرازы, 5-салқын су ыдысы, 6 спирт шамы, 7-«Releon» температура тіркеуіші.

№ п/п	Суық судың массасы кг	Ыстық судың массасы кг	Суық судың температура - турасы К	Ыстық судың температура - турасы К	Қоспа Темпера - турасы К	Суық судың алатын жылу мөлшері Дж	Ыстық судың бөлетін жылу мөлшері Дж
1							
2							
3							

 <p>RELEON AIR ТЕПЛОВЫЕ ЯВЛЕНИЯ СДЕЛАНО В РОССИИ 200-550</p>	<p>Жоғары температура тіркеуіші</p> <p>Датчик высокой температуры</p> <p>Датчик предназначен для изучения структуры пламени и измерения высоких температур в опытах с нагревом, охлаждением и плавлением. Датчик комплектуется выносным щупом на гибком кабеле.</p> <p>Диапазон измерения: от - 200 до 1300 °С Разрешение: 0,25 °С</p> <p>Материал выносного щупа : нержавеющая сталь с хромированным покрытием Длина металлической части щупа: 93 мм Диаметр металлической части щупа: 3 мм Разъем для подключения выносного щупа: Jack 3,5 мм Тип термопары: хромель-алюмель Диапазон температуры холодного спая: от 45 до 115 °С</p>
 <p>RELEON AIR ЭЛЕКТРИЧЕСКИЕ ЯВЛЕНИЯ СДЕЛАНО В РОССИИ 101-077</p>	<p>Ток күші, кернеуді өлшеуге арналған құрылғы.</p>

	<p>Дыбыс тіркеуіші Қоршаған ортадағы дыбыс интенсивтілігін өлшейтін тіркеуші Дыбыс қысымының аумағы: -2Па-дан 2Па дейін Жиілік аумағы: 50Гц-8000Гц Қолданылуы: 1 мПа</p>
	<p>Сандық динамометр Күш өлшейтін құрылғы</p>
	<p>Қашықтық сенсоры Жылдамдық пен оның графигін сызатын құрал</p>

Бұл датчиктерді пайдалану өлшеу дәлдігін арттыра түседі. Себебі бұл датчиктердің өлшеу дәлдігі жоғары. Жинақылық жағынанда, тиімділігі (мобильность) де өте жоғары деңгейде.

Бұл датчиктер жаңа заман талабына сай. Көптеген қолданушылардың пікірінше бұл тіркеуіштермен тез әрі дәл өлшеуге болады және қолдануға ыңғайлы, әрі тез арада өлшеу нәтижесіне қол жеткіземіз. Сол арқылы уақытты дұрыс пайдалануға болады.

Заман дамыған сайын мектеп физика экспериментіде дамып отыруы қажеттігіне көзіміз жетті деп ойлаймын. Қазіргі кезде оқушылар тек физикалық құрылғыға ғана емес, оның тартымдылығына да (дизайн) аса көңіл аударады. Яғни оқушыларды қызықтыру үшін оның тартымдылығын (дизайн) жетілдіруіміз керек.

Қорыта айтқанда, мектеп физика экспериментін жетілдіру арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырып, әр түрлі практикалық

дағдыларын қалыптастырып, өскелең ұрпақты білімді, білікті, ізденімпаз азамат етіп шығаруға өз үлесімізді қосамыз. Мектеп физика эксперименті жетілдірілген сайын оқушылардың ой өрісі жетіліп, білім сапасы артады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Алмағамбетова А.А., Темірбек А. Физиканы оқытуда физика-техникалық модельдерді қолдану әдістемесі. «Физика» - физика пәні мұғалімдері мен магистранттарға, студенттерге арналған оқу-әдістемелік құрал/Қызылорда қаласы, 2021.-140 б.
- 2 Алмағамбетова А.А. Физикадан техникалық есептер/ «Физика» - физика мамандығында білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік құрал/Қызылорда қаласы, 2021.-108 б.
- 3 Алмағамбетова А.А., Әбітаева Ұ.Ә. Механикадан демонстрациялық эксперимент 9 сынып. Физика пәні мұғалімдері мен студенттерге арналған оқу-әдістемелік құрал. /Қызылорда қаласы, 2019.-100 б. 115 б.
- 4 Каменецкий С. Е., Солодухин Н. А. Модели и аналогии в курсе физики средней школы: пособие для учителей.-М.: Просвещение, 1982.-96с.
- 5 Карнильцев И. Н. "Значение моделирования при постановке демонстрационного эксперимента по физике" Преподавание физики в высшей школе Научно-методический журнал № 23.- М. 2002
- 6 Хорошавин С.А. Физический эксперимент в средней школе. М., 1988. Цифровая лаборатория «EINSTEIN» на уроках физики Цифровая лаборатория «RELEONAIR» <https://rl.ru/products/>

ҒТАМР 29.01.45

КҮН ЭНЕРГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

Ботабай Бағдат

Қорқыт Ата атындағы ҚУ
Ф-23-1 п/я оқу тобының студенті,
Жарылғапова Дина Муратовна
қауымдастырылған профессор
м.а., педагогика ғылымдарының
кандидаты «Физика және
математика» БББ

Күн энергетикасы (Гелиоэнергетика; гр. helios — күн, және энергетика) — күн энергиясын әр түрлі амалдар арқылы (электрэнергиясын және жоғары температуралы жылу өндіретін

гелиоэлектростанциялар, күн элементтері мен батареялары, үй-жайларды[1], жылыжайды және т.б. жылыту мақсатымен төмен температуралы жылу алу үшін қолданылатын күн коллекторлары және т.б.) пайдалану. Мысалы, Батыс Еуропада тұрмыста күн коллекторын пайдалану

Жер шарында пайдалы қазбалардың түрі өте көп. Бірақ бұл – «олар мүлдем сарқылмайды» деген сөз емес. Әсіресе, бүгінде отынның таптырмайтын түрлері мұнай мен газдың қоры жыл санап кему үстінде. Ғалымдарымыздың жуықтаған есептеулері бойынша қазіргі қарқынды тұтыну екпіні жалғаса берсе, табиғаттағы газ қоры шамамен 50 жылға, мұнай қоры 40-50 жылға ғана жететін сияқты.

Күннің сәулеленуі– Жердегі энергия көзінің негізгі түрі. Оның қуаттылығы Күн тұрақтысымен анықталатындығы белгілі. Күн тұрақтысы – күн сәулесіне перпендикуляр болатын, бірлік ауданнан бірлік уақыт ішінде өтетін күннің сәуле шығару ағыны. Бір астрономиялық бірлік қашықтығында (Жер орбитасында) күн тұрақтысы шамамен 1370 Вт/м^2 -қа тең. Жер атмосферасынан өткен кезде Күн сәулеленуі шамамен 370 Вт/м^2 энергияны жоғалтады. Осыдан Жерге тек 1000 Вт/м^2 -қа тең энергия ғана келіп түседі. Бұл келіп түскен энергия әр түрлі табиғи және жасанды процесстерде қолданылады. Күн сәулесі арқылы тікелей жылытуға немесе фотоэлементтер көмегімен энергияны қайта өңдеу арқылы электр энергиясын алуға не басқа да пайдалы жұмыстарды атқаруға болады.

Негізгі бөлім. Күн энергиясын электр энергиясына айналдыратын қондырғылардың бірі – Күн батареялары. Күн батареясы немесе фотоэлектрлік генератор – Күн сәулесінің энергиясын электр энергиясына айналдыратын шала өткізгішті фотоэлектрлік түрлендіргіштен (ФЭТ) тұратын ток көзі. Көптеген тізбектей-параллель қосылған ФЭТ-тер Күн батареясын қажетті кернеу және ток күшімен қамтамасыз етеді. Жеке ФЭТ-тің электр қозғаушы күші $0,5-0,55 \text{ В}$ -қа тең және ол оның ауданына тәуелсіз (1 см^2 ауданға келетін қысқа тұйықталу тогының шамасы – $35-40 \text{ мА}$). Күн батареясындағы ток шамасы оның жарықтану жағдайына байланысты. Яғни күн сәулелері Күн батареясы бетіне перпендикуляр түскенде, ол ең үлкен мәніне жетеді. Қазіргі Күн батареяларының пайдалы әсер коэффициенті – $8-10\%$, олай болса 1 м^2 ауданға тең келетін қуат шамамен 130 Вт -қа тең. Температура жоғарылаған сайын (25°C -тан жоғары) ФЭТ-тегі кернеудің төмендеуіне байланысты Күн батареясының пайдалы әсер коэффициенті кеміп, Күн батареяларының жиынтық қуаты ондаған, тіпті жүздеген кВт-қа жетеді. Күн батареяларының өлшемдері әр түрлі болады. Мысалы: микрокалькуляторда орнатылғандарынан бастап, ғимараттар шатырлары мен автокөліктер төбелеріне орнатылатындарына дейінгі өлшемдерде. Сондай-ақ Күн батареялары ғарыш кемелері мен аппараттарында энергиямен жабдықтау жүйесіндегі негізгі электр энергиясының көзі ретінде қолданылады. Ал тұрмыс пен техникада

қолданылатын көптеген бұйымдарды – калькулятор, қол сағаты, плеер, фонарь, т.б. токпен қоректендіру көзі де Күн батареялары болып табылатындығы бәрімізге белгілі.

Жылма-жыл Күн батареяларының түрлері жаңа технологиялық тұрғыдан жетілдіріліп, толықтырыла түсуде. Соңғы уақытта Санта-Барбарадағы Калифорния университетінің полимерлер және органикалық қатты бөлшектер орталығының мүшесі, Нобель сыйлығының лауреаты Алан Хигер мен Гванджудағы Корей ғылым және технология институтының ғылыми қызметкері Кванхе Ли мен олардың әріптестері тандемдік полимерлі Күн батареяларын жасап шығарды. Жаңа батареялар авторлары спектрдің кеңірек диапазонын қолдану үшін жұтылу сипаттамалары әр түрлі екі фотоэлектрлік ұяшықтарды бір бүтінге жалғастырды. Нәтижесінде батареяның пайдалы әсер коэффициенті 6,5%-ға тең болды. Күн батареясының бұл түрі өзінің арзандылығы және оны жасаудағы қарапайымдылығымен ерекшеленеді.

Фотоэлементтің Күн батареялары сияқты фотондар энергиясын электр энергиясына айналдыратын электрондық құрал екендігі аян. Сыртқы фотоэффект құбылысына негізделген ең алғашқы фотоэлемент физика ілімінде ХІХ ғасырдың аяғында пайда болды. Оны белгілі орыс ғалымы Александр Столетов жасап шығарған. Өндірістік масштабтардағы фотоэлементтердің пайдалы әсер коэффициенті орташа есеппен 16% болса, ең жақсы үлгілердікі –25%, ал лабораториялық жағдайларда 43,5%-ға дейін жетеді. Фотоэлементтің жұмыс істеу принципі металдан (калий, барий) не жартылай өткізгіштен жасалған электродтың (фотокатод) бетіне электр магнит сәуле түсіргенде фотоэффект құбылысының пайда болуына негізделген.

Жалпы алғанда, Күн сәулеленуінен электр энергиясы мен жылу алудың бірнеше әдістері бар. Олар:

- 1) Электр энергиясын фотоэлементтер көмегімен алу.
- 2) Күн энергиясын жылу машиналарының көмегі арқылы электр энергиясына айналдыру (Жылу машиналарының түрлері: поршеньдік немесе турбиналық бу машиналары. Стирлинг қозғалтқышы.).
- 3) Гелиотермальдық энергетика – Күн сәулелерін жұтатын беттің қызуы мен жылудың таралуы және қолданылуы.
- 4) Термоэуелік электр станциялары (Күн энергиясының турбогенератор арқылы бағыттталып отыратын ауа ағыны энергиясына айналуы).
- 5) Күн аэростаттық электр станциялары (аэростат баллоны ішіндегі су буының аэростат бетіндегі күн сәулесі қызуы салдарынан генерациялануы).

Күн энергиясын дамытудың әлеуметтік маңыздылығын қалыптастырады:

– күн энергиясын өндіру және пайдалану әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, өндірісті кеңейту есебінен жаңа жұмыс орындарын құруға және қызметкерлердің табыс деңгейін арттырады;

– азаматтардың тұрмыстық қажеттіліктеріне энергия тұтыну деңгейін арттыруға және оның неғұрлым арзан түрлері есебінен халықтың әл-ауқатының өсуіне ықпал етеді;

– жоғары технологиялық күн энергиясы қондырғыларын енгізу оларды пайдалану тиімділігін

арттырып қана қоймайды, сонымен қатар өндіріс мәдениетін айтарлықтай арттырады, жұмысшылар мен мамандардың кәсіби дағдыларын жетілдіреді.



Модульдер күн сәулесінің немесе басқа жарық көздерінің әсерінен тұрақты токты өндіреді

Модульді орнатудың максималды биіктігі - 2000 м.

Климат жағдайы

Модульдерді орнату үшін ұсынылатын ауа райы шарттары:

а) Ылғалдылық: $< 85\% RH$

б) Қоршаған орта температурасының диапазоны: $-40^{\circ}C$ -тан $+ 40^{\circ}C$ -қа дейін
с) Жұмыс ортасының шекті температурасы диапазоны: $-40^{\circ}C$ -тан $+ 70^{\circ}C$ -қа дейін

Қолданбалардың көпшілігінде Jinko күн PV модульдері жыл бойы күн сәулесін максималды ала алатын жерге орнатылуы керек. Солтүстік жарты шарда модуль әдетте оңтүстікке, ал оңтүстік жарты шарда модульдер әдетте солтүстікке қарап тұруы керек. Оңтүстіктен (немесе солтүстіктен) 30 градус қашықтықта орналасқан модульдер шығарылатын қуаттың шамамен 10-15 пайызын жоғалтады. Модуль оңтүстікке (немесе солтүстікке қарай) 60 градусқа қарап тұрса, қуат жоғалуы 20-30 пайызды құрайды. Модульдің оңтайлы азимутын анықтау үшін орналасқан жердің бойлығы мен ендігін қараңыз

2.3.2.1 Different methods of clamp installation





Table 5 Clamp Installation

PV модулінің көлбеу бұрышы PV модулінің беті мен көлденең жер беті арасында өлшенеді (1-сурет). Модуль күн көзіне тікелей қараған кезде максималды шығыс қуатын жасайды. Торға қосылған жүйелер үшін модульдер модульдерден энергия өндіру максималды болатын бұрышта еңкейтілуі керек.

Модульдердің әртүрлі бұрыштарда шамалы модуль түс айырмашылықтары байқалса, бұл шағылысқа қарсы жабын технологиясы бар модульдер үшін қалыпты құбылыс.



Күн вакуумды коллекторы Профит-2 дана Өндіруші ел:Қытай
Күн панелі: 450Вт- 31 дана Өндіруші ел:Франция
Күн панелі: 275Вт-8 дана Өндіруші ел:Қытай
Энергия жинаушы батареялар: 12В-12дана



Күн коллекторы – көрінетін жарық пен жақын инфрақызыл сәулелену арқылы берілетін Күннен (күн қондырғысы) жылу энергиясын жинауға арналған құрылғы. Электр энергиясын өндіретін күн батареяларынан айырмашылығы, күн коллекторы салқындатқыш материалды қыздырады. Әдетте ыстық сумен жабдықтау және үй-жайларды жылыту қажеттіліктері үшін қолданылады.

Тегіс пластиналы коллектор күн радиациясын жұтатын элементтен (абсорбер), мөлдір жабыннан және жылу оқшаулағыш қабаттан тұрады. Абсорбер жылу өткізгіш жүйеге қосылған. Тиімділікті арттыру үшін ол қара бояумен немесе арнайы селективті жабынмен (әдетте қара никель немесе титан оксиді шашырату) жабылған. Мөлдір элемент әдетте төмендетілген металл құрамы бар шыңдалған шыныдан немесе арнайы гофрленген поликарбонаттан жасалған. Панельдің артқы жағы жылу оқшаулағыш материалмен жабылған.

Жылу алуды шектеу режимінде салқындатқыштың температурасын 250–300 °С дейін арттыруға болады. Бұған көп қабатты шыны жабынын пайдалану, тығыздау немесе коллекторларда вакуум жасау нәтижесінде жылу шығындарын азайту арқылы қол жеткізуге болады.

Шын мәнінде, күн жылу құбырында тұрмыстық термостарға ұқсас құрылғы бар. Түтіктің тек сыртқы бөлігі ғана мөлдір, ал ішкі түтікте күн энергиясын жинайтын жоғары селективті жабын бар. Сыртқы және ішкі шыны түтік арасында вакуум бар. Бұл алынған жылу энергиясының шамамен 95% үнемдеуге мүмкіндік беретін вакуумдық қабат.

Кесте 1 - жылу энергиясы

Вакуумдық құбыр	Тегіс жоғары құбыр
Төмен жылу шығыны	Қар мен аязды тазалау мүмкіндігі
-30 С қа дейін жұмыс жасайды	Жазда тах өнімділік
Жоғары темпиратураны ұстай алады	Оңт ендіктер мен жылы климат үшін тамаша баға
1 күндегі ұзақ уақыт жұмысы	Бастапқы құны төмен
Орнатудың қарапайымдылығы	

Төмен желді қабылдайды	
Суық климаттарда еркін жұмыс жасайды	

Күн – электромагниттік жүйенің энергиясы, электромагниттік толқындар спектрінің барлық бөлігінде –ультракүлгін сәулелерден бастап радиотолқындарға дейін ұдайы сәуле шығарып , таратып тұрды. Бұл Сәулелер Күн жүйесіндегі барлық денелерге күшті әсер еді: оларды қыздырады, планеталардың атмосферасына әсер етті, жердегі тіршілікке қажетті жылу пен жылу берді. Немесе елдің ғалымдар қосымша энергия түріне ерекше мән беріп, оны дамыту жолдарының қарастыруымен айналысуда. Осыған орай Күн энергиясын электр энергиясын айналдыратын құрылғыларды пайдалану жылдан-жылға өсіп келеді.

Қорытынды. Дүние жүзінің көптеген жерінде қолдануға болатын Күн энергиясы табиғатты қорғаудың тиімді жолы. Шексіз, зиянсыз және тегін Күн энергиясы таза табиғат пен мықты экономика үшін өте маңызды.

Табиғат – адамның бойына қуат, көңіліне шабыт ұялататын сұлулық пен әсемдік әлемі, баға жетпес байлық. Халқымыз «табиғат – адамзаттың өмір нәрі, қажетінің табылар содан бәрі» деп бекерге айтпаса керек. Табиғатқа жанашыр болу адамзат қоғамына, оның келешегіне жанашырлық жасау болып табылады. Сондықтан, қоршаған орта табиғатты аялау үшін Күн энергиясын пайда

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. О.Мұсабеков. Ғылыми-технологиялық революция кезеңінде физикалық білім беру. Математика және физика журналы 2003 ж №5;
2. С. Тұяқбаев, Б.А. Кронгард, В.И. Кем. «Күн- жер байланысы». «Күннің құрылымы және негізгі сипаттамалары».

ҒТАМР 27.01.45

ПАРАМЕТРГЕ ТӘУЕЛДІ ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІ ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

Түлкібай Мақпал Айтуғанқызы
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
МИ-20-1 оқу тобының студенті,
Ибраева Анар Абдукаримовна
ғылыми жетекші, педагогика
ғылымдарының магистрі,
«Физика-математика» БББ

Теңдеу тригонометриялық деп есептеледі, егер айнымалы тригонометриялық функцияның астында болса. Мұндай теңдеулердің түбірін табу қарапайым тригонометриялық функциялардың түбірлерін табуға ұқсас болады.

Мынадай теңдеу $\sin [f(x)] = a$, мұндағы $|a| \leq 1$, мынадай теңдеулермен теңбе-тең болады $f(x) = \arcsin a + 2\pi n$, $n \in \mathbb{Z}$ және $f(x) = \pi - \arcsin a + 2\pi n$, $n \in \mathbb{Z}$ және оның шешімін $x = (-1)^n \arcsin a + \pi n$, $n \in \mathbb{Z}$ түрінде жазуға болады.

Ал косинусқа байланысты $\cos [f(x)] = a$ теңдеуі үшін де, $|a| \leq 1$ болғанда, мынадай теңдеулермен теңбе-тең болады $f(x) = \pm \arccos a + 2\pi n$, $n \in \mathbb{Z}$

Ал $\operatorname{tg} [f(x)] = a$ және $\operatorname{ctg} [f(x)] = a$ теңдеулері үшін $f(x) = \operatorname{arctg} a + \pi n$, $n \in \mathbb{Z}$ және $f(x) = \operatorname{arcctg} a + \pi n$, $n \in \mathbb{Z}$.

Тригонометриялық функцияларды шешу мысалдарын қарастырайық.

1-мысал. $8(\sin^8 x + \cos^8 x) + a \cos^2 2x + 3a - 7 = 0$ теңдеуінде, a параметрінің барлық мәнін табу керек. Бірінші қосылғышты мына

$$\begin{aligned} \sin^8 x + \cos^8 x &= (\sin^4 x + \cos^4 x)^2 - 2\sin^4 x \cos^4 x = \\ &= \left[(\sin^2 x + \cos^2 x)^2 - 2\sin^2 x \cos^2 x \right]^2 - \frac{1}{8} (2\sin x \cos x)^4 = \\ &= \left[1 - \frac{1}{2} \sin^2 2x \right]^2 - \frac{1}{8} \sin^4 2x = 1 - \sin^2 2x + \frac{1}{8} \sin^4 2x \end{aligned}$$

түрге келтіріп, ал екінші қосылғышты $\cos^2 2x = 1 - \sin^2 2x$, $y = \sin^2 2x$ айнымалысын енгізіп теңдеуді мына түрде жазып аламыз

$$8\left(1 - y + \frac{1}{8} y^2\right) + a(1 - y) + 3a - 7 = 0, f(y) = y^2 - (8 + a)y + 1 + 4a = 0.$$

Оның түбірі болады, егер

$$D = (8 + a)^2 - 4(1 + 4a) - 60 + a^2 \geq 0, a \in \mathbb{R}.$$

Солайша a -ның кез келген мәнінде y_1, y_2 екі түбірі ($D > 0$) болады. $y = \sin^2 2x \in [0; 1]$ болғандықтан, егер y_1, y_2 түбірлерінің тым болмаса біреуі $[0; 1]$ аралыққа кірсе, бастапқы теңдеудің мәні болады.

$[0; 1]$ аралыққа y_1, y_2 түбірлерінің біреуі жатады деп алайық. Онда $f(y)$ аралықтың соңында әр түрлі таңбалы екі мән қабылдайды, оның біреуі нөлдік болуы мүмкін, яғни $f(0) \cdot f(1) = (1 + 4a)(-6 + 3a) = 12\left(a - \frac{1}{4}\right)(a - 2) \leq 0$ шарты орындалады, бұдан интервалдар әдісімен $a \in [0, 25; 2]$ аламыз. Жауабы: $a \in [0, 25; 2]$.

2-мысал. $\sin^6 x + \cos^6 x = a(\sin^4 x + \cos^4 x)$

Шешуі. Теңдеудің сол жақ бөлігін кубтардың қосындысы бойынша $1 - 3 \sin^2 x \cos^2 x = a(1 - 2 \sin^2 x \cos^2 x)$ теңдеуін аламыз немесе $\sin^2 x \cos^2 x = \frac{a-1}{2a-3}$, яғни $\sin^2 2x = 4 \cdot \frac{a-1}{2a-3}$, $0 \leq 4 \cdot \frac{a-1}{2a-3} \leq 1$ мәні болады.

Соңғы теңсіздік $\frac{1}{2} \leq a \leq 1$ береді. Ерекше жағдай $a = \frac{3}{2}$. Онда теңдеу мына түрге келеді $1 - 3 \sin^2 x = 0$; $\sin^2 x \cos^2 x = \frac{1}{3}$, $\sin^2 2x = \frac{4}{3} > 1$, шешімі жоқ.

Жауабы: $\frac{1}{2} \leq a \leq 1$ болғанда, $x = \frac{\pi k}{2} \pm \frac{1}{2} \arcsin \left(2 \sqrt{\frac{a-1}{2a-3}} \right)$, $k \in \mathbb{Z}$.

$a < \frac{1}{2}$ және $a > 1$ болғанда, шешімі болмайды.

3-мысал. $\sin^2 x + a \sin^2 2x = \sin \frac{\pi}{6}$

Теңдеу мына функцияға қатысты квадраттық теңдеуге айналады $\cos 2x; 2a \cos^2 2x + \cos 2x - 2a = 0$, осыдан

$$(\cos 2x)_1 = \frac{-1 + \sqrt{1 + 16a^2}}{4a}, (\cos 2x)_2 = \frac{-1 - \sqrt{1 + 16a^2}}{4a}$$

а) $\cos 2x = \frac{-1 + \sqrt{1 + 16a^2}}{4a}; 1 + 16a^2 > 0$ әрқашан, сонымен қатар

$\left| \frac{-1 + \sqrt{1 + 16a^2}}{4a} \right| \leq 1$ болуы тиіс. Теңсіздікті шеше отырып, a - кез келген нақты сан екенін аламыз.

б) $\cos 2x = \frac{-1 - \sqrt{1 + 16a^2}}{4a}$. $\left| \frac{-1 - \sqrt{1 + 16a^2}}{4a} \right| \leq 1$ теңсіздігі a -ның ешқандай

мәнінде орындалмайды.

$a = 0$ болғандағы ерекше жағдай болатынын ескеру керек. Теңдеу келесі түрге келеді: $\sin^2 x = \frac{1}{2}, x = k\pi \pm \frac{\pi}{4}$

Жауабы: $a \in \mathbb{R}, a \neq 0$ $x_1 = k\pi \pm \frac{1}{2} \arccos \left(\frac{\sqrt{1 + 16a^2} - 1}{4a} \right)$

$a = 0, x_2 = k\pi \pm \frac{\pi}{4}, k \in \mathbb{Z}$

4-мысал. $\operatorname{tg} 2x + \operatorname{tg} \left(\frac{\pi}{4} - x \right) = a$

Шешуі:

$$\operatorname{tg}\left(\frac{\pi}{4}-x\right)=\frac{\operatorname{tg}\frac{\pi}{4}-\operatorname{tg}x}{1+\operatorname{tg}\frac{\pi}{4}\operatorname{tg}x}=\frac{1-\operatorname{tg}x}{1+\operatorname{tg}x}=\frac{\cos x-\sin x}{\cos x+\sin x}=\frac{(\cos x-\sin x)^2}{\cos^2 x-\sin^2 x}=\frac{1-\sin 2x}{\cos 2x}. \quad \text{Теңдеу}$$

мына түрге түрленеді:

$$\frac{\sin 2x}{\cos 2x}+\frac{1-\sin 2x}{\cos 2x}=a; \frac{1}{\cos 2x}=a \quad \text{яғни } a \neq 0, \cos 2x=\frac{1}{a}$$

Егер $\frac{1}{a} \in [-1;1] \cup (-\infty; -1] \cup [1; \infty)$, онда соңғы теңдеу мынандай шешімін

$$\text{табады } x = \pm \frac{1}{2} \arccos \frac{1}{a} + \pi n, n \in \mathbb{Z} \quad \frac{1}{2} \arccos \frac{1}{a} \neq \frac{\pi}{4}, \arccos \frac{1}{a} \neq \frac{\pi}{2}, \frac{1}{a} \neq 0$$

$$\text{Жауабы: } x \in \varnothing \quad a \in (-1;1); x = \pm \frac{1}{2} \arccos \frac{1}{a} + \pi n, n \in \mathbb{Z} \quad a \in (-\infty; -1] \cup [1; \infty).$$

5-мысал a параметрінің қандай мәнінде $f(x) = 8ax - a \sin 6x - 7x - \sin 5x$ функциясы барлық сан өсінде өспелі болады және кризистік нүктелері болмайды?

Шешуі: a – ның кез келген мәнінде $f(t)$ функциясы дифференциалданады және $f'(x) = 8a - 6a \cos 6x - 7 - 5 \cos 5x$.

Есепті басқаша айтсақ: a – ның қандай мәнінде кез келген x үшін $6a \cos 6x + 5 \cos 5x < 8a - 7$ теңсіздігі орынды болады?

Соңғы теңсіздік кез келген x үшін орындалатындығынан ол $x = 0$ болғанда да орындалуы керек. Осыдан $6a + 5 < 8a - 7$ немесе $a > 6$.

$6a \cos 6x + 5 \cos 5x \leq 6a + 5 < 8a - 7$ екендігін ескеріп $a > 6$ болғанда теңсіздік кез келген x үшін орынды екеніне қорытындыға келеміз.

$$\text{Жауабы: } a > 6$$

ҒТАМР 27.01.45

САНДЫҚ ЕСЕПТЕУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Сұлтанбекұлы Нұрсұлтан,
Джумағалиева Жансая
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
М-23-1у оқу тобының студенті,
Меңліқожаева Саулеш Қойлыбайқызы
ғылыми жетекші, педагогика
ғылымдарының кандидаты

Қазіргі заман математика ғылымының өте кең, жан-жақты тараған кезеңі. Қазіргі таңдағы қоғамның дамуының негізгі факторы – білім,

ғылым және демографиялық, саяси тұрақтылық. Олай болса, дәуір қанша құбылғанымен, біздің жас жеткіншектеріміздің жақсы болуы білім – ілімсіз жүзеге асуы мүмкін емес. Сондықтан да, еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың білім мен ғылымның дамуына баса назар аударуы, оны үнемі өз бақылауында ұстауы – соның айқын дәлелі. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір адамда сапалы және терең білімнің іскерліктің болуын қамтиды. Жастардың белсенді шығармашылық пен жұмыс істеуін және кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Әрбір адам өз бойындағы туғаннан пайда болған интуициясын әрі қарай дамытуға, табиғи қасиеттерін, математикалық білім деңгейін тереңдету үшін өз бетінше білім алуға қадам басып ұмтылу керек. Алайда, соңғы жылдардағы компьютер, калькулятор мен ұялы телефонның өмірге көптеп енуі оқушылардың шапшаң есептеу дағдыларына, ойлау қабілетінің тежелуіне әсер етуде. Осындай жайттарды ескерген әрбір оқушы өз бетінше шапшаң есептеуге, ауызша жаттығуларға уақыт бөліп отырғаны жөн. Сондықтан мен өзімнің шығармашылық зерттеу жұмысымның тақырыбы аясында жан-жақты ізденіп, теориялық білімімді өмірмен ұштастырып, шапшаң есептеуді жүзеге асыруды әр түрлі есептерді шығару арқылы дәлелдеуге тырыстым. Жалпы алғанда, жұмыста көрсетілген әдістердің қай-қайсысы болмасын, есептеуді жеңілдетуде және әр оқырманның ой ұшқырлығын дамытуда олардың алар орны ерекше. Бұл жоба енді ғана көбейту кестесін жаттап келе жатқан жас бүлдіршіндерге, тәжірибесін арттырып келе жатқан мектеп оқушыларына, олимпиадаға дайындық үстіндегі жас математиктер мен ұстаздар үшін, бір сөзбен айтқанда, көпшілік қауым үшін де қажет еңбек болары сөзсіз.

Зерттеудің басты мақсаты: Күнделікті өмірде және қазіргі қоғамда пайдалы еңбек еткенде қажет болатын шапшаң есептеу дағдысын қалыптастыру. Математикада жылдам есептеу тәсілдерін есептер шешкенде тиімді қолдана білу және мектеп оқушыларына қажетті нұсқаулықты қолдану, құрастыру. Тез есептеу тәсілдерін білім алушылар арасында кеңінен тарату.

Жұмыстың міндеттері:

1. Танымдық: баланың тану, іздену әрекетін дамыту.
2. Айналасымен қарым-қатынас жасауға, ақпаратты өздігінен іздеп тауып, практикада қолдана алу, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.
3. Шапшаң есептеудің кейбір әдістерін зерттеуді жүзеге асыру барысында әртүрлі есептердің арасында үнемі байланыс болатындығын көрсету.
4. Математиканың көп мәнділігін, көп жақтылығын көрсету.

Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, шындай түседі. Американдық педагог – математик Д.Пойа былай деген: « Математиканы білу деген не? Бұл есептерді шығара білу, онда стандарттық есептерді ғана емес ойлаудың

еркіндігін, сананың салауаттылығын, өз болмысты, тапқырлықты керек ететін есептерді шығару»[1].

Математика өмірді сан арқылы бейнелейді. Адамзат баласы ең алғаш рет жазу-сызудан бұрын санауды үйренгені хақ. Осылайша, бертін келе адамдар қарапайым арифметикалық амалдарды қолдануды үйреніп, олардың негізгі қасиеттерін сараптап, тағы басқа да математикалық білімдерін дамыта түседі. Әуел баста адамдар саусақтармен амалдар қолданып, кейіннен есептеудің өзге де тәсілдерін ашқан. Сондай-ақ, жылдам есептеу әдістеріне талдау жасап, оны келешек ұрпаққа таратып отырған.

Ал, біздің заманымыз ғылым мен техниканың қарқынды дамуымен ерекшеленеді. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білімнің, іскерліктің және жылдамдықтың болуын қажет етеді.

Бүгінгі күнде ғылыми технологияның дамуына байланысты адамзат баласы ой және дене еңбегін жеңілдететін техникалық құрылғылардың түр-түрін ойлап табуда. Мысалы, қазіргі кезде электронды есептеу машинасын қолдана отырып, кез-келген күрделі есептің шешімін аз ғана уақыт аралығында табуға болады, тіпті калькуляторлардың өзі бүгінгідей нарық заманында қарапайым халық үшін аса тиімді. Әрине, мұның бәрі адамның ойлау қабілетінің ең ірі жетістіктері болып табылады. Сол себепті де, баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі деуге болады. Осы жайды ескеріп, біз бұл зерттеу жұмыста логикалық ойлау қабілетін дамытатын шапшаң есептеудің кейбір әдістерін мейілінше қарастырдық.

Бүгінгі жұмысты қорғаудағы басты мақсат: жылдам есептеу әдістерін үйрене отырып, есептеуді ойша шешіп, есеп нәтижесін табуды тиімді және есептеу әдістері арқылы болашақта математика ғылымының дамуына өз үлесімізді қосу болып табылады. Шапшаң есептеу әдіс-тәсілдерін қолдану тапқырлыққа, зеректікке, логикалық ойлай білуге, амалдарды және күнделікті өмірде кездесетін әр адамға қажет қарапайым есептеулерді тез және тиімді жолдармен орындауға үйретіп, есептеу жұмысын оңайлатады.

Жобада кез-келген санның квадратын жылдам есептеу әдістері, сандарды 5, 25, 125-ке көбейту, 11-санына жылдам көбейту, көршілес сандарды көбейту, берілген санды 9, 99, 999 -ға көбейту сияқты әдіс - тәсілдері қарастырылған.

Осы жұмыспен айналысу барысында өзімізді қызықтырған кейбір мәселелерді сіздерге көрсеткіміз келеді.

Соңғы цифры 5- пен аяқталатын екі таңбалы сандарды шапшаң квадраттау.

Соңғы 5 цифрын квадраттап, оның алдына келесі разрядтағы санды өзінен 1-ге артық санмен көбейтіп, 5-тің квадраты 25 санының алдына жазады.

$$(10a + 5)^2 = a(a + 1) \cdot 100 + 25$$

$15^2, 25^2, 35^2, 45^2, \dots, 95^2$ есептейік.

$$15^2 = 1 \cdot (1 + 1)25 = 225$$

$$25^2 = 2 \cdot (2 + 1)25 = 625$$

$$35^2 = 3 \cdot (3 + 1)25 = 1225$$

11, 111 санын екі таңбалы санға көбейту

Есептеуді тездетудің өзгеше бір әдісі – санды 11-ге көбейту әдісімен танысайық. Мысалы, 26-ны 11-ге көбейту керек болсын. Ол үшін әуелі 26

санын құрайтын 2 және 6 цифрларын қосып, 2 шыққан қосындыны 2 және 6 цифрларының арасына «сыналап» енгізіп жазамыз, сонда 286 саны пайда болады.

Санды құрайтын цифрлардың қосындысы екі таңбалы сан болуы да мүмкін, алғашқы цифры 1 болмақ. Осы 1-ді санның ондық орында жазылған цифрына қосу керек те, цифрлардың арасына қосындының бірлік орындағы цифрын «сыналап» енгізу шарт. Мысалы, 75-ті 11-ге көбейткен кезде 75 санын құрайтын цифрларды қосып, $(7+5=12)$ пайда болған нәтиженің алдыңғы цифрын 7-ге қосамыз. Сонда 85 саны, ал 2 цифрын жаңадан пайда болған 85 санының 8 бен 5 цифрларының арасына «сыналап» ендіріп жазсақ, 825 саны пайда болады[2].

Мысалы: $54 \cdot 11 = 594$

1) 4-ті жазамыз.

2) $4+5 = 9$ жазылады.

3) 5-ті жазамыз

Егер көрші цифрларының қосындысы 9-дан артық болса, бірлігі жазылып, ондығы ойға алынады, келесі қосындыға бір саны қосылады.

Мысалы: $58 \cdot 11 = 638$

1) 8-ді жазамыз

2) $5+8 = 13$ 3-ті жазып, 1-ді ойға аламыз.

3) $5+1=6$, 6-ны жазамыз.

1 санымен аяқталатын екі таңбалы сандарды жылдам көбейту

1 санымен аяқталатын екі таңбалы сандарды жылдам көбейту үшін бізге 4 этап жеткілікті. Ең бірінші біз ондық цифрларын көбейтіп алуымыз қажет. Екінші ондық цифрларды қосамыз. Қосқанда шыққан мәнді жауаптың оң жағына жазып соңына 1 цифрын тіркейміз.

$$51 \cdot 31 = 1581 \quad (1)$$

$$5 \cdot 3 = 15 \quad (2)$$

$$5 + 3 = 8 \quad (3)$$

$$15_8 = 158 \quad (4)$$

15_8_1

11 мен 19 аралығындағы сандарды көбейту, квадраттау

11 мен 19 аралығындағы сандарды көбейту үшін үлкен санға кіші сан бірлігін қосамыз. Шыққан мәнге 0 цифрын тіркейміз. Екі санның бірліктерін көбейтіп, мәндерді қосамыз.

$$14 \cdot 18 = 252$$

$$18 + 4 = 22$$

$$22_0 = 220$$

$$8 \cdot 4 = 32$$

$$220 + 32 = 252$$

11 мен 19 аралығындағы сандарды квадраттау

$$14^2 = 196 \quad (1)$$

$$14 + 4 = 18 \quad (2)$$

$$18 \cdot 10 = 180 \quad (3)$$

$$180 + 16 = 196 \quad (4)$$

40 пен 49 аралығындағы сандарды квадраттау

$$48^2 = 2304$$

$$50 - 48 = 2$$

$$25 - 2 = 23$$

$$23_04 = 2304$$

100 бен 109 аралығындағы сандарды квадраттау

$$103^2 = 10609$$

$$103 + 3 = 106$$

$$106_09 = 10609$$

Қорытынды. Қорыта келе, жоғарыдағы айтылғандарды былай жалпылауға болады. Осы көрсетілген қысқаша көбейту әдістерін сабақта қолдану және оқушымен жұмыс жүргізу баланың шығармашылық қабілетін ашуда, математика пәніне қызығушылығын арттыруда көп әсер етеді. Нәтижесінде тез есептеу әдістерін қолдану арқылы оқушылардың математика пәніне қызығушылығы артады, ойлау қабілетін, есте сақтау, зеректігін дамытады.

Тез есептеулер әдісі адамның қоғам өміріндегі мәні орасан зор. Санай білмей, сандарды қосуды, азайтуды, көбейтуді, бөлуді дұрыс орындай білмей тұрып, сондай -ақ сандардың қасиеттерін және де тез есептеу әдістерін пайдалана алмайтын адамның ақыл-ойы мен адам қоғамының дамуы мүмкін деп ойлауға болмайды.

Егер қолыңызда есептеуіш техника, кесте болмай қалса осындай есептеу тәсілдері сізге көмекке келетіні сөзсіз. Сондықтан да бүгінгі осы баяндалған тез есептеу әдістері адам өміріне қажетті және маңызды деп санаймын. Шапшаң есептеу әдістерін үйрене отырып, болашақта математикалық білімді жетілдіре отырып, адамның ойлау қабілетін дамыту мүмкіндіктері мол.

Өз тәжірибемде зерттеу кезінде әрбір оқушының мүмкіндігі бар екеніне көзім жетті. Оқушылардың тез есептеу әдісін өмірде де қолдануға болатыны анық. Сонымен, кез-келген санның квадратын қолдана отырып, сол санның маңайындағы сандардың квадраттарын оңай және ұтымды түрде табуға болады екен. Қазіргі кезде әртүрлі есептеу құралдары мен неше түрлі техникалық жабдықтар пайдаланады. Бірақ та біз оларға үнемі сүйене бермеуіміз керек. Себебі ғылым мен техниканың жетістіктерінің барлығы да адам еңбегі, барлық жаңалық атаулыны жасайтын адам, сондықтан да қандай техникалық жабдық болмасын адам миынан артық емес. Ендеше өз мүмкіндігімізді молынан пайдалана білейік дегім келеді.

Біздің заманымыз ғылым мен техниканың қарқынды дамуымен ерекшеленеді. Қазіргі көптеген мектеп оқушыларына болашақта есептеу техникасы мен автоматтық құралдармен жабдықталған цехтарда, кәсіпорындарда еңбек етуге тура келетіні сөзсіз. Жастарда жаңа техниканы басқару үшін қажетті әзірлік бар ма? Олай болса, орта мектепті оқып жүргеннің өзінде-ақ оқушылар азды-көпті шығармашыл, іздеп-паз болуы шарт. Ұсыныстар: практика жүргізетін білім алушылар сандық есептеулерді мектепте балаларға ашып көрсетуге тырысса. ЖОО-да студенттер үшін осындай қызықты тақырыптарды насихаттайтын жұмыстар жүргізілсе

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Д. Пойа. Математикалық таным . – Москва, 1976. – 136.
2. Фридман Л.М. и др. Как научиться решать задачи: Беседы о решении мат. задач. Пособие для учащихся/ Л.М.Фридман, Е.Н.Турецкий, В.Я.Стеценко; Под ред. Л.М.Фридмана. – М., Просвещение, 1979. – 160с.
3. Бейсеков Ж. Олимпиадалық және қызықты математикалық есеп. А., 2020ж.

ҒТАМР 29.01.45

ФИЗИКАДАН ТӘЖІРИБЕЛІК ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЛШЕУ ИКЕМДІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жұмағали Сагдиана Жомартқызы
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
Ф-23-1 оқу тобының студенті,
Қарабала Тоғжан Маратқызы
ғылыми жетекші, оқытушы,
педогогика ғылымдарының магистрі
«Физика және математика» кафедрасы

Физикадан оқушылардың білім сапасын арттыру үшін тәжірибелік есептерді шешудің маңызы орасан. Тәжірибелік есептерді шешу құбылыстардың мән - мағынасын тереңірек түсінуге, өлшеулердің қателігін бағалау қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл міндеттер оқушыға шығармашылық еркіндік көрсетуге мүмкіндік береді, алған білімдерін пайдалану дағдыларын жүзеге асыруға және нақты мәселелерді шешуде теорияның тәжірибемен ажырамас байланысын негізге алуға үйретеді. Осыған байланысты есепті шешудің барлық барысы және оның физикалық мәні білім алушылар үшін ерекше айқындыққа ие болады. Тәжірибелік есептерді шешу арқылы оқушының қандай тақырыпты түсінбегенін көруге болады. Тапсырма өте қарапайым болса да, оқушыларды мәселені теориялық тұрғыдан ғана білуден гөрі тақырыптың физикалық мағынасын түбегейлі ашуға мәжбүр етеді. Кез-келген тәжірибелік тапсырманы қою кезінде сыныпта оны шешуге деген қызығушылық артады. Бұл қызығушылық оқушыларды сабақ мазмұнынан алшақтатпайды, керісінше олардың назарын дұрыс бағытқа бағыттайды және сабақта талданатын ақпаратты жақсы меңгеруді қамтамасыз етеді. Қондырғы қаншалықты қарапайым болса да, оқыған білімін нақты құбылысты тану үшін пайдалану оқушылардың қызығушылығын одан әрі тудырады. Тәжірибелік есептерді шешу, әрине, мәтіндік есептерді шешуге қарағанда біршама күрделі, өйткені шешімді тәжірибемен тексеру көп нәрсені ескереді және есептердің тәжірибелік бөлігіне, есептеулерге өте мұқият болады. Білімді игерудің нәтижелілігі таным процесіне адамның кинестетикалық сезім мүшелерінің іске қосылуы және нақты заттар мен құбылыстарға бетпе-бет келгенде оны сезіну, көре білу және қабылдауы арқылы артады. Осы жағдайда физикалық эксперименттің маңызы зор.

Сонымен қатар, тәжірибелік есептерді сабақта қолдану оқушылардың өлшеу дағдыларын дамытудың тиімді әдісі болып табылады. Мұғалім сабақ барысында жүргізілетін тәжірибелік есептерді ұсыну арқылы алдымен өлшеу дағдыларының қалыптасуын тексеруіне болады және оқушылардың өлшеу дағдыларының деңгейін бақылаулар негізінде және олардың жұмыс нәтижелері бойынша бағалай алады. Өлшеу дағдыларын тереңірек тексеру үшін мұғалім бірқатар сұрақтар қою арқылы және белгілі шарттарды сақтай отырып таңдап алынған тапсырмаларды ұсыну арқылы жүргізе алады. Сұрақтар және тапсырмалар оларды орындай алатындай етіп жасалуы керек және бүкіл сыныпқа бір уақытта ұсынылады. Сұрақтар мен тапсырмалар бұрын орындалған өлшеу жұмыстары болмауы жөн. Мәселен, 7 сынып оқушыларына математика пәнімен пәнаралық байланысты да қолдана отырып өлшеу дағдыларын тексеруге мынадай сұрақтар мен тапсырмаларды беруге болады: *шамамен бес қабатты үйдің биіктігі қанша?, 100 м жүру үшін қанша қадам жасау керек?, физика оқулығын ұстап тұрып оның массасын шамамен*

анықтау, сыныптағы қозғалмай тұрған шкафтың көлемін анықтау секілді[1].

Тәжірибелік есептерді шығару арқылы оқушылар сызғыш, штангенциркуль, термометр және амперметр мен вольтметрлер т.б. сияқты тікелей өлшеу құралдарын пайдалануды үйренеді. Мысалы, оқушыларға қарапайым маятник арқылы ауырлық күшінің әсерінен үдеуді өлшеу немесе көлбеу жазықтық арқылы екі бет арасындағы үйкеліс коэффициентін анықтау міндеті қойылуы мүмкін. Осы секілді физикадан бөлімдер бойынша тақырыптарға арналған тәжірибелік есептерді оқушыларға шығартуда әртүрлі әдістерді қолдану мен өлшеу құралдарына бейімдеу оқушылардың өлшеу икемділіктерін арттыруға көмектеседі. Тәжірибелік есептерді шешуде оқушылардың өлшеу икемділігін төменде көрсетілген кезеңдерді қолдану арқылы арттыруға болады:

1. Өлшеудің әртүрлі әдістерімен танысу. Оқушылар тәжірибелік есептерді шығару арқылы бірнеше өлшеу әдістерімен танысады, яғни тікелей өлшеу, жанама өлшеу және туынды шамаларды қолдану. Бұл өлшеу әдістерін меңгеру арқылы тәжірибелік есептерді шешуде қандай әдісті қолдану қажет екендігі жайында сыни тұрғыдан ойлауды үйренеді және ең қолайлы әдісті таңдаудағы икемділігі артады.

2. Бірнеше құралдарды қолдану. Тәжірибелік есептерді шешу көбінесе әртүрлі өлшеу құралдары мен әдістерін қатар қолдануды талап етеді. Мысалы, оқушыларға бір тәжірибеде уақытты секундомермен, ұзындықты сызғышпен және температураны термометрмен өлшеу қажет болуы мүмкін. Бұл көп аспаптық тәсіл студенттердің әртүрлі құралдарды сауатты, реттілікпен қолдану қабілетін дамытады, осылайша олардың өлшеу икемділіктерін арттырады.

3. Берілген құрал - жабдықтар арқылы есепті шешу. Тәжірибелік есептер бастапқыда түсініксіз, бұрын соңды шығармаған есеп болып көрінеді. Бұл оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қолдана отырып шығаруын қажет етеді. Яғни, оқушылар алған теориялық білімі мен дағдыларын кез - келген жағдайда қолданып, оның есепті шешуіне және өлшеу икемділігіне ықпал етеді.

4. Өлшеу қателіктерін талдау және түзету. Тәжірибелік есептерді шешуде оқушылар өлшеу қателерін жібереді. Бұл қателерді тиімді жою оқушылардан өлшеу тәсілдерін түзетуді мен өлшеу барысын бірнеше рет қайталауды талап етеді, қателіктермен жұмыс істеу өлшеу икемділігіне және өлшеу процестерін жақсартуға ықпал етеді.


5. Теориялық және практикалық білімді байланыстыру. Оқушылардың теориялық тұрғыдан алған білімдерін шынайы жағдайларда, мәселен тәжірибелік есептер шығаруда қолдануын талап ету, теориялық және практикалық білімдерін байланыстырады. Мұндай байланыстыру оқушылардың абстрактілі ұғымдарды қалай өлшеуге болатындығы жайлы ойлауына әсер етеді.

Тәжірибені жүргізудің дидактикалық құрылымы демонстрациялық тәжірибелер, фронтальды зертханалық жұмыстар, физикалық практикум, сыныптан тыс тәжірибелер мен бақылаулар болып бөлінеді:

1. *Демонстрациялық тәжірибелердің қойылуы* жоғары тәжірибелік жігерлікті талап етеді. Оны жүргізу күрделі жабдықтармен және сыныптың барлығына мұғалім арқылы ғана орындалады (бұл жағдайда оқушылар бақылау объектісінен 1-9 м қашықтықта болады).

Тапсырма 1. Электролиттердегі тұрақты ток

Қажетті құрал - жабдықтар: Электролит (тұз ерітіндісі), электростатикалық вольтметр, мырыш пен мыстан жасалған электродтар, кювета, байланыстырушы сымдар.



1- сурет

Әр түрлі металдардан жасалған және электролитке батырылған электродтар арасында (сілтінің, қышқылдың, тұздың сулы ерітіндісі) потенциалдар айырмасы пайда болатындығын дәлелдеңіз, яғни оларда карама-қарсы белгілердің зарядтары пайда болады.

Демонстрациялық тәжірибенің техникасы: ыдыста біз электролит дайындаймыз және оған бірдей металдардан бірнеше электрод түсіреміз. Біз электродтарға сезімтал электростатикалық вольтметрді қосамыз. Сонымен қатар, қандай металдар жұп болса да, қандай электролиттер қолданылса да, вольтметр электродтар арасында кернеудің жоқтығын көрсетеді. Біз тәжірибені әртүрлі металдардан жасалған электродтармен қайталаймыз және бұл жағдайда вольтметр кернеудің болуын көрсетеді, яғни электролиттегі әртүрлі электродтар арасында потенциалдар айырмашылығы бар.

Байқалған құбылыстың түсіндірмесі: зарядтардың бөлінуі химиялық сипаттағы үшінші тарап күштерінің жұмысы нәтижесінде пайда болды.

2. *Фронтальды зертханалық жұмыстар* сыныптағы оқушылармен бірдей уақытта бірыңғай типтегі жабдықтарды және мұғалімнің жетекшілігімен орындалады.

Тапсырма 1. Физика кітабының бетінің қалыңдығын өлшеу.

Қажетті құрал - жабдықтар: өлшегіш сызғыш пен штангенциркуль.

Шығару жолдары:

1-нұсқа. Бір бетінің d қалыңдығын штангенциркуль арқылы өлшейміз, қағаз қалыңдығы 0,01 мм-ден кем болады, ал штангенциркуль құралының қателігі 0,1 мм, сондықтан өлшеу қателігі 100%-тінде артуы мүмкін.

2-нұсқа. Кітаптың a қалыңдығын сызғышпен өлшеп, алған нәтижені кітаптың барақ санына бөлеміз:

$$d = \frac{a}{n}$$

Бұл жағдайда өлшенген қағаздың d қалыңдығының Δd абсолют қателігі, сызғыштың көмегімен өлшеніп алынған Δa -ның абсолют қателігі ($\Delta a = 1$ мм), кітаптың n парақ санына бөлінгенге тең болады

$$\Delta d = \frac{\Delta a}{n}$$

3 нұсқа. Кітаптың қапсыз a қалыңдығын штангенциркуль арқылы өлшеп, дәлдеу нәтиже алуға болады[2].

3. *Физикалық практикумда* оқушылар тәжірибенің орындалуына алдын ала дайындалған жазбаша нұсқаулықты пайдалана отырып, жұмысты өзінше жеке немесе екі адамнан құралған топпен орындайды. Практикумның лабораториялық жұмыстары фронтальдыға қарағанда өте күрделі, сондықтан олардың орындалуына екі сабақтан бөледі.

Тапсырма 1. Жұқа мыс сымның диаметрін анықтау. Мыстың тығыздығы $\rho = 8960 \text{ кг/м}^3$.

Құралдар мен жабдықтар: сызғыш, әртүрлі салмақтағы бар таразы.

Шығару жолдары:

1-нұсқа. Жұқа сымның d диаметрі сызғыш арқылы өлшенбейді. Алайда сымның l ұзындығын сызғышпен өлшеп, және таразы арқылы m массасын біле отырып, V көлемді анықтауға болады.

$$V = \frac{m}{\rho}$$

$V = Sl$ болғандықтан, мұндағы $S = \frac{\pi d^2}{4}$ - сымның көлденең қимасының ауданы. Осыдан d диаметрін есептеп табамыз.

$$d = \sqrt{\frac{4S}{\pi}} = \sqrt{\frac{4V}{\pi l}} = \sqrt{\frac{4m}{\pi l \rho}}$$

2-нұсқа. Сымды қарындашқа 30-40 рет ораймыз. Орамның ұзындығын өлшеп, оны n орам санына бөлеміз[3].

4. *Сыныптан тыс тәжірибелер мен бақылаулар* жүргізуде оқушылар үйде орындалатын жай тәжірибелер және күнделікті қоршаған ортада, табиғатта, арнайы WEB сайттарды қолдану арқылы жасалынатын жұмыстар жатады. Бұл тәжірибелердің барысын оқушылар оқытушының бақылауынсыз орындайды. Бұл түрде тәжірибелік жұмыстарға оқушылар үй тұрмысындағы заттарды және қолдан жасалған материалдарды, ойыншықтарды, ойыншықтар жиынтығын және өнеркәсіп шығарған конструкторлар мен комплектілерді, WEB ресурстар мен интернет тренажерларды пайдаланады.

Тапсырма 1. Өлшеуіш таспаның көмегімен өз бөлмеңдегі ауаның массасын өлшеу.

Шығарылу жолы: Алғашында оқушылар бұл тапсырманы орындау мүмкін емес деп ойлайды. Алайда, өлшеуіш таспаның көмегімен өз бөлмесінің сызықтық өлшемдерін анықтау керек екендігін түсінеді және көлемін анықтайды. Ауаның тығыздығын қолдана отырып оның массасын $m = \rho V$ формуласы бойынша есептеп шығады.

Тапсырма 2. Әртүрлі диаметрлі болттардың диаметрін анықтау.

[https://www.vascak.cz/data/android/physicsatschool/template.php?s=mec_h_mikrometr&l=ru\[4\]](https://www.vascak.cz/data/android/physicsatschool/template.php?s=mec_h_mikrometr&l=ru[4])

Тәжірибелік есептер басқа есептерге қарағанда дайындыққа және шешуге көп уақыт қажет етеді, сондай-ақ мұғалімдер мен оқушылар экспериментті жасау дағдыларын қалыптастыруы қажет. Физикадан тәжірибелік есептерді шығара отырып, оқушылар өлшеу дағдыларын ғана емес, сонымен қатар өлшеуге икемді, бейімделгіш және шығармашылық тұрғыдан шығару қабілетін дамытады.

Аңдатпа. Мақалада оқушылардың физика пәнінен тәжірибелік есептерді шығаруы өлшеу икемділіктерін және дағдыларын қалыптастыратыны көрсетілген. Тәжірибелік есептер физикадан білімді жақсартудың, нақтылаудың бір құралы ретінде қарастырылған. Оған қоса, зерттеушілік, шығармашылық, сыни ойлау қабілеттерін дамытатыны жазылған. Оқушылардың өлшеу дағдылары мен икемділіктерін қалыптасытратын бірнеше тәжірибелік есептер мен олардың шығарылу жолдары берілген.

Кілт сөздер: тәжірибе, тәжірибелік есеп, өлшеу қателіктері, өлшеу құралдары, өлшеу икемділігі.

Аннотация. В статье показано, что решение учащимися экспериментальных задач по физике формирует умения и навыки измерения. Экспериментальные задачи рассматриваются как один из инструментов улучшения, уточнения знаний по физике. Кроме того, он развивает навыки исследовательского, творческого, критического

мышления. Даны несколько практических задач и способов их решения, которые формируют у учащихся навыки и умения измерения.

Ключевые слова: эксперимент, экспериментальные задачи, погрешности измерения, измерительные инструменты, гибкость измерения.

Annotation. The article shows that solving experimental physics problems by students forms measurement skills. Experimental tasks are considered as one of the tools for improving and clarifying knowledge of physics. In addition, he develops the skills of research, creative, and critical thinking. Several practical tasks and ways of solving them are given, which form students' measurement skills and abilities.

Keywords: experiment, experimental tasks, measurement errors, measuring instruments, measurement flexibility.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Третьякова В.А. Измерительный эксперимент в пропедевтическом курсе физики // Челябинск. 2017г. - 49с.
2. Болатбекова Қ.Б. Эксперименттік есептер шығару әдістемесі//Семей. 2017ж. 21-23б.
3. Аманбаева Б.К. Физикадан олимпиадаға арналған тәжірибелік есептерді шығару жолдары//Қызылорда. 2016ж. -26б.
4. <https://phet.colorado.edu/en/simulations/filter?subjects=physics&type=html>
5. https://www.vascak.cz/data/android/physicsatschool/template.php?s=mech_mi_krometr&l=ru

ҒТАМР 27.01.45

ФУНКЦИЯЛАРДЫ ФУРЬЕ ҚАТАРЫНА ЖІКТЕУ

Ондаш Камшат Бозжігітқызы
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
МИ-20-1 оқу тобының студенті,
Ибраева Анар Абдукаримовна
ғылыми жетекші, педагогика
ғылымдарының магистрі,
«Физика-математика» БББ

Тұтасымен сандық осьте анықталған $y = f(x)$ функциясы үшін x -тің келген мәнінде $f(x + T) = f(x)$ теңдігі орындалатындай $T \neq 0$ тұрақты

саны табылса, онда $f(x)$ функциясын периодты дейді. T саны функцияның периоды деп аталады. Осы функцияның кейбір қасиеттерін атап өтейік.

1) T периоды бар функциялардың қосындысы мен айырым, көбейтіндісі мен қатынасы да T периоды бар функциялар болып келеді.

2) Егер $f(x)$ функциясының периоды T болса, онда $f(ax)$ функциясының периоды T/a болады.

3) Егер $f(x)$ – T периоды бар кез келген функция болса, онда T ұзындығы бар аралықтар бойынша алынған қос интеграл бір-біріне тең, атап айтқанда, кез келген a және b үшін

$$\int_a^{a+T} f(x) dx = \int_b^{b+T} f(x) dx.$$

Егер $f(x)$ функциясы $[-\pi, \pi]$ кесіндісінде бірқалыпты жинақталатын

$$f(x) = \frac{a_0}{2} + \sum_{n=1}^{\infty} a_n \cos nx + b_n \sin nx \quad (1)$$

Тригонометриялық қатарына жіктелетін болса, онда мұндай жіктелу жалғыз және коэффициенттер

$$a_0 = \frac{1}{\pi} \int_{-\pi}^{\pi} f(x) dx; \quad a_n = \frac{1}{\pi} \int_{-\pi}^{\pi} f(x) \cos nx dx;$$

$$b_n = \frac{1}{\pi} \int_{-\pi}^{\pi} f(x) \sin nx dx; \quad (n = 1, 2, \dots)$$

формулалары бойынша анықталады. Мұндай (1) қатарын тригонометриялық Фурье қатары дейді.

Егер x_0 нүктесінде $f(x)$ функциясының шектеулі оң жақ шегі мен сол жақ шегі бар болса, x_0 нүктесін 1-шектегі үзіліс нүкте дейді.

Теорема 3.11. (Дирихле теоремасы). Егер 2π периоды бар периодты $f(x)$ функциясы $[-\pi, \pi]$ кесіндісінде шектеулі саны бар 1-тектегі үзіліс нүктелерді иеленсе және осы кесіндіні, әр бөлігінде $f(x)$ функциясы бірсарынды болатындай шектеулі саны бар бөлікке бөлуге келетін болса, онда функцияға қатысты алынған Фурье қатары үзіліссіз нүктелерде $f(x)$ функциясына және үзіліс нүктелерінде біржақты шектердің арифметикалық ортасына жинақталады. (Мұндай шарттарды қанағаттандыратын функцияны бөлшекті-бірсарынды дейді).

Теорема 3.12. Егер 2π периоды бар периодты $f(x)$ функциясы $[-\pi, \pi]$ кесіндісінде өзінің туындысымен бір үзіліссіз немесе шектеулі саны бар 1-тектегі үзіліс нүктелеріне ие болса, онда $f(x)$ функциясының Фурье қатары үзіліс нүктелерінде баржақты арифметикалық ортасына жинақталады. (Осы теорема шартын қанағаттандыратын функцияны бөлшекті-тегіс функция дейді).

$f(x)$ функциясы, периоды $2l$ -ге тең, $f(-x) = f(x)$ қанағаттандыратын, атап айтқанда жұп функция болсын. Онда оның Фурье қатарындағы коэффициенттері үшін

$$a_0 = \frac{1}{l} \int_{-l}^l f(x) dx = \frac{2}{l} \int_0^l f(x) dx;$$

$$a_n = \frac{1}{l} \int_{-l}^l f(x) \frac{\cos \pi n x}{l} dx = \frac{2}{l} \int_0^l f(x) \frac{\cos \pi n x}{l} dx;$$

$$b_n = \frac{1}{l} \int_{-l}^l f(x) \frac{\sin \pi n x}{l} dx = \frac{2}{l} \int_0^l f(x) \frac{\sin \pi n x}{l} dx; n = 1, 2, \dots$$

формулалары орынды.

Сонымен, жұп функциясына жазылған Фурье қатарына синусы бар мүшелер кірмейді де, $2l$ периоды бар мұндай функция үшін Фурье қатары

$$f(x) = \frac{a_0}{2} + \sum_{n=1}^{\infty} a_n \frac{\cos \pi n x}{l}$$

түріндегідей жазылады. Енді $f(x)$, периоды $2l$, $f(-x) = -f(x)$ шартын қанағаттандыратын, демек тақ функция болсын. Онда оның Фурье қатарындағы коэффициенттері үшін

$$b_n = \frac{2}{l} \int_0^l f(x) \frac{\sin \pi n x}{l} dx; n = 1, 2, \dots$$

формулалары орынды.

Сонымен, тақ функциясына жазылған Фурье қатарында бос мүше мен косинусы бар мүшелер болмайды, атап айтқанда $2l$ периодты тақ функциясы үшін Фурье қатарының өзі

$$f(x) = \sum_{n=1}^{\infty} b_n \frac{\sin \pi n x}{l}$$

түрінде кескінделеді.

Егер $f(x)$ функциясы $[0, l]$ кесіндісінде Фурье тригонометриялық қатарына жіктелетін болса, онда берілген $f(x)$ функциясын $[-l, 0]$ кесіндісінде қосымша анықтай түсу керек, әрі қарай $T = 2l$ ұзындықты аралықтарда қайталап, жаңа функцияны шығарып аламыз да, оны Фурье тригонометриялық қатарына жіктейміз.


Ескерту. Егер функция $[0, \pi]$ кесіндісінде анықталған болса, онда

$$f(-x) = f(x), x > 0$$

деп ұйғарып, мұндайда шығатын жұп функцияны $[-\pi, \pi]$ кесіндісіндегі функцияға дейін жалғастыруға болады. Демек, $[0, \pi]$ кесіндісінде анықталған бірден-бір функцияны Фурье қатарына косинустар бойынша да, синустар бойынша да жіктеуге болады.

Мысал 1. $f(x) = |\sin x|$ функциясын $[-\pi, \pi]$ кесіндісінде Фурье қатарына жіктеу керек.

у



Шешу. Берілген функция бүкіл Ox осінде анықталған үзік-жатық және жұп. Функцияның жұптығынан $0 \leq x \leq \pi$ үшін $|\sin x| = \sin x$. Сондықтан

$$a_0 = \frac{2}{\pi} \int_0^{\pi} \sin x dx = -\frac{2}{\pi} \cos x \Big|_{x=0}^{x=\pi} = -\frac{2}{\pi} [\cos \pi - \cos 0] = \frac{4}{\pi}$$

$$a_n = \frac{2}{\pi} \int_0^{\pi} f(x) \cos nx dx = \frac{2}{\pi} \int_0^{\pi} \sin x \cos nx dx$$

$$= \frac{1}{\pi} [\sin(n+1)x - \sin(n-1)x] dx = -2 \frac{(-1)^n + 1}{\pi(n^2 - 1)}, n > 1$$

ал $n = 1$ болғанда

$$a_1 = \frac{2}{\pi} \int_0^{\pi} \sin x \cos x dx = 0$$


$$b_n = 0; (n = 1, 2, \dots)$$

Демек барлық x -тер үшін

$$|\sin x| = \frac{2}{\pi} - \frac{4}{\pi} \left(\cos \frac{2x}{3} + \frac{\cos 4x}{15} + \dots \right)$$

Мысал 2. $f(x) = x$ функциясын $-\pi < x < \pi$ интервалында Фурье қатарына жіктеу керек.

Шешу: $f(x) = x$ функциясы тақ, үзік-жатық, үздіксіз. Ал оның периодты созындысы $x = (2k + 1)\pi, (k = 0, \pm 1, \pm 2, \dots)$ нүктелерінде үзілісті.



Берілген функция тақ болуы себепті

$$a_n = 0, \quad b_n = \frac{2}{\pi} \int_0^\pi x \sin x dx = -\frac{2}{\pi n} [x \cos nx]_0^\pi + \frac{2}{\pi n} \int_0^\pi \cos nx dx$$

$$= -\frac{2}{n} \cos n\pi = \frac{2}{n} (-1)^{n+1}, \quad (n = 1, 2, \dots)$$

Демек,

$$x = 2 \left(\sin x - \frac{\sin 2x}{2} + \frac{\sin 3x}{3} + \dots \right) = 2 \sum_{k=1}^{\infty} \frac{(-1)^{k+1} \sin kx}{k}$$

Мұнан: $x = \frac{\pi}{2}$ болғанда $\frac{\pi}{2} = \sum_{k=1}^n \frac{(-1)^{k+1}}{2k-1}$ болатыны анық.

Периодты сызындының үзіліс нүктелерінде Фурье қатары нольге жинақталады, өйткені:

$$\frac{f(x+0) + f(x-0)}{2} = \frac{\sin[(2k+1)\pi + 0] + \sin[(2k+1)\pi - 0]}{2} = 0$$

Мысал 3. $f(x) = x$ функциясының $0 < x < 2\pi$ аралығында Фурье қатарына жіктелісі мынадай түрде болады.

$$x = \pi - 2 \sum_{k=1}^{\infty} \frac{\sin kx}{k} = \begin{cases} x, & \text{егер } x \neq 2k\pi \quad (k = 0, \pm 1 \dots) \\ 1, & \text{егер } x = 2k\pi \text{ болса} \end{cases}$$

Мұнан $\frac{\pi-x}{2} = \sum_{k=1}^{\infty} \frac{\sin kx}{k}$

Қорытынды. Кез келген шектеулі $[a, b]$ кесіндісінде берілген периодты емес функцияны Фурье қатарына жіктеу үшін, берілген функцияны $[b, a + 2l]$ аралығында қосымша анықтай түскеннен кейін, периодты түрде қайталап немесе $[b - 2l, a]$ аралығында қосымша анықтай түскеннен кейін, периодты түрде қайталаған қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сатығұлова С.С., Искакова А.Қ., Айтжанов С.Е. Математикалық анализ I: оқу құралы - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 236 б.
2. Хьюз-Халлетт, Глисон, Мак Каллум, т.б. Математикалық анализ. Бір айнымалы. Calculus single variable: Оқулық. 1-ші том, 6-шы басылым. - Алматы: ЖШС РПБК "Дәуір", 2017. - 564 б.
3. Жәутіков О.А. Математикалық анализ курсы: Оқулық. - 2-ші басылым. - Алматы: Экономика, 2014. - 832 б.
4. Ибрашев Х.И. Математикалық анализ курсы: Оқулық. 1-ші том. - Алматы: Экономика, 2014. - 600 б.

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Мұхиддин Нұрай Мұратқызы
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
МИ-20-1 оқу тобының студенті,
Аймұратова Торғын
ғылыми жетекші

Математиканы оқытуда инновациялық технологияларды қолдану оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ақыл – ой белсенділігін ынталандыру жолдары мен құралдарын табу мәселесін шешу қажеттілігімен түсіндіріледі.

Компьютерлік құралдарды қолдана отырып, оқу процесінің ерекшелігі – оның жеке қабілеттері мен мүдделеріне сүйене отырып, таным процесін құратын оқушы іс-әрекеттің орталығы болады.

Мектептегі білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде компьютерлік технологияларды жақсы меңгерген тұлғаларды даярлау мәселесі ғылым мен техниканың дамуы мен жетілдірілуінің жоғары қарқынына, қоғамның өз бетінше ойлауға қабілетті және белгілі қағидалардан ада адамдарға деген қажеттілігіне байланысты аса маңызды мәнге ие.

Компьютер мұғалімге процесті басқаруға көмектеседі, мысалы, жіберілген қателіктер мен уақытты ескере отырып, оқушылардың бақылау тапсырмаларын орындау нәтижелерін береді. Ол сондай-ақ белгілі бір білім алушыларға нақты оқу әсерін қолданудың орындылығы туралы ұсыныстар бере алады. Сонымен қатар, балаларды мұғалімге проблемалық сұрақтар қоюға, шығармашылықпен ойлауға, өз көзқарасын еркін жеткізуге итермелейді. Ол сондай-ақ білімді бекітуге және стандартты емес есептерді шешуде практикалық дағдыларды дамытады.

Логикалық алгебраны пайдаланып есептер шығару алгоритмі:

1. Мәселенің шартын құруды үйренеді;
2. Логикалық мәлімдемелерді белгілеу жүйесі енгізеді;
3. Логикалық формуланың ақиқат мәндерін анықтайды;
4. Есеп шарттарының барлық тұжырымдары арасындағы логикалық байланыстарды сипаттайтын логикалық формула құрастырады;
5. Формуланың ақиқаттығының алынған мәндерінен енгізілген логикалық мәлімдемелердің шындық мәндері анықталады, оның негізінде шешім туралы қорытынды жасайды.

Арман, Қайсар және Даулет жазда әжесіне қонаққа барды. Бір күні балалардың бірі әжесінің жақсы көретін құмырасын сындырды. Құмыраны кім сындырды деген сұраққа олар мынадай жауап берді:

Арман 1) Мен бұзған жоқпын. 2) Қайсар оны бұзбады.

Қайсар 3) Арман бұзбады. 4) Даулет құмыраны сындырды.

Даулет 5) Мен бұзған жоқпын. 6) Арман құмыраны сындырды.

Әжесі бір немересін, шыншыл дейтін, ол екі рет шындықты айтқанын білді: екіншісін, әзілкеш деп, екі рет өтірік айтып; үшіншісі, бірде шындықты, бірде өтірік айтқан айлакер екенін түсінді. Шыншылды, әзілкеш пен айлакерді анықтаңыз. Құмыраны қай немересі сындырды?

Шешуі:

A = Арман құмыраны сындырды.

Қ = Қайсар құмыраны сындырды.

Д = Даулет құмыраны сындырды.

A	Қ	Д	Арманның мәлімдемесі		Қайсардың мәлімдемесі		Даулеттің мәлімдемесі	
			\bar{A}	\bar{Q}	\bar{A}	Д	\bar{D}	A
0	0	1	0	1	0	0	1	1
0	1	0	1	0	1	0	1	0
1	0	0	1	1	1	1	0	0

Ақиқат кестесін құру арқылы, балалардың пікірлерін негізге ала отырып, мәлімдемелерді толықтырамыз. Арманның айтуынша, ол құмыраны бұзбаған және Қайсар да. Демек, берілген мәндерді терістейміз, яғни бастапқы мәні 0 – ге тең болса, 1 немесе қарама – қарсы түрде орындалады. Егер, кері пікір айтылмаса бастапқы мәні сол күйінше қалады. Пікірлер бойынша кестенің соңғы нәтижесінде бастапқы қатар арқылы шешім қабылдаймыз. Соңғы шешім ретінде екі рет шындықты айтқан шыншыл – Даулет, айлакер – Арман және әзілкеш – Қайсар екенін көре аламыз.

Сиқыр бізді шаттыққа бөлейді. Кейде біз сиқырлы күштің иесі болуды армандаймыз, сонда кереметтер жасау біздің қолымыздан келер еді. Алғашқы сиқыршылар сонау ежелгі тайпаларда да болған. Олар математиканың көмегімен небір кереметтерді жасаған: дұрыс жолды тапқан және Күнді, Ай мен жұлдыздарды бақылау арқылы жыл мезгілдерінің ауысатын уақытын болжаған. Математика бізге нағыз таңғажайып істер жасауға көмектеседі.

Әрі қарай не істеу керек? 1, 1, 2, 3, 5, 8, 13, 21, 34, 55, 89 ...?

Егер сіз жоғарыдағы есепті шығаруда тұйыққа тіреліп қалсаңыз, онда сандарды қосып көріңіз. Сандардың осы әйгілі тізбектілігін осыдан 800 жыл бұрын Пизада (Италия) тұратын Леонардо Фибоначчи ашқан. Осы жүйелілікті ең күтпеген жерлерден табуға болады.

Фибоначчи жоғарыдағы өрнекті шешу жолын үй қояндары туралы жұмбақ – есеп арқылы көрсетті. Егер үй қояндары жыл бойы көжектеу арқылы көбейетін болса, олардың жалпы саны қанша жұп болады? Айталық, сенде қоянның кішкентай екі көжегі бар, олардың өсуі және өздері де көжектеп көбейе бастауы үшін не бары бір – ақ ай уақыт керек. Ұрғашы қояндар шағылысқаннан кейін бір айдан соң көжек тұрады, әр ұрғашы қоянда екі ұрықтан бар және соның екеуі де өлмейді. Бір жылдан кейін қанша жұп қоян болады? Оның жауабы Фибоначчи тізбегінің 13 – ші саны болады, яғни 233.

Фибоначчи сандары гүл шоғырларында жиі кездеседі. Егер сен рудбекин гүліне үңіліп қарайтын болсаң, онда сен не сағат тілінің бағыты бойынша немесе сағат тіліне қарсы бағыт бойынша бұралған спиральға орналасқан кішкентай күлтелерін көресің. Әр бағыттағы спиральдар саны Фибоначчи санына сәйкес келеді. Осы жағдайда сағат тілінің бағыты бойынша бұралған 21 спираль және сағат тіліне қарсы бағыт бойынша 34 спираль бар.

Фибоначчи спиральдарынан құралатын тек гүлдер ғана емес, оларды сондай – ақ қарағай бұрлерінен, брокколи гүл шоқтарынан және гүлді орамжапырақтардан, ананас қабығынан табуға болады. Фибоначчи сандары сондай – ақ өсімдіктердің жапырақтарында, бұтақтары мен сабақтарында да бар. Өсімдік бұтақтары көбіне иіліп өседі. Егер сен бұтақтарды төменнен жоғары қарай санасаң, онда бұтақ сандарының Фибоначчи сандарына сәйкес келетінін байқайсың.

Пианиноның клавиштік панеліндегі бір октава 13 клавиштен тұрады: 8 ақ және 5 қара клавиштер үш – үштен және екі – екіден топтарға бөлінген. Бір қызығы – бұлар да Фибонначчи сандары. Тағы да бір керемет сәйкестік!

Фибоначчи қатарларын информатика мен бағдарламалауда қолдану

Фибоначчи сандары (Фибоначчи жолы) — алғашқы екі саны 0 және 1 болатын сандық реттілік, ал әрбір келесі Сан алдыңғы екеуінің қосындысы болып табылады. Бұл сызықтық қайталанатын тізбектің (рекурсияның) ерекше мысалы.

Фибоначчи тізбегі — математикадағы рекурсияның классикалық мысалдарының бірі. Рекурсия – бұл өз мағынасын өзіне жүгіну арқылы анықтайтын функция. Рекурсивті Алгоритмдер есептеулерді жеңілдету үшін бағдарламалауда қолданылады. Олармен жұмыс істеу қабілеті бағдарламашының негізгі дағдыларының бірі болып табылады.

Фибоначчи сандарын анықтайтын формула:

$$F_1 = 1$$

$$F_2 = 1$$

$$F_n = F_{n-1} + F_{n-2}$$

Мысалы:

$$F_3 = F_1 + F_2 = 1 + 1 = 2$$

$$F_4 = F_2 + F_3 = 1 + 2 = 3$$

$$F_5 = F_3 + F_4 = 2 + 3 = 5$$

$$F_6 = F_4 + F_5 = 3 + 5 = 8$$

...

For цикл көмегімен Фибоначчи сандарын шығару

```
f1 = f2 = 1
n = int(input('n-?'))
print(f1, end=' ')
print(f2, end=' ')
for i in range(2,n):
    f1,f2=f2,f1+f2
    print(f2, end=' ')
print()
```

While цикл көмегімен Фибоначчи сандарын экранға шығару

```
def fib(n):
    f1, f2 = 1, 1
    while f1<n+1:
        print(f1, end=' ')
        f1,f2=f2, f1+f2
n=int(input('n-?'))
fib(n)
```

Рекурсия көмегімен Фибоначчи сандарын экранға шығару

```
def fib(n):
    if n<=0:
        raise ValueError
    elif n==1:
        return [1]
    elif n==2:
        return [1,1]
    else:
        prev = fib(n-1)
        return prev + [prev[-2]+prev[-1]]
n=int(input('n-?'))
print(fib(n))
```

Қорытынды. Математика есептерін программа, сайт, мобильді қосымшалар және т.б. жасауға арналған универсалды бағдарламалау Python тілін қолдана отырып шешуге де болады. Бұл мақалада Логикалық алгебра, Фибоначчи сандарына байланысты есептерді логикалық ақиқат кестесі мен программалық бағдарламалау тілдеріне аударуға байланысты ерекшеліктері көрсетілді.

Аңдатпа. Математика сабағындағы инновациялық технологиялар мұғалімге оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, олардың жаңа жағдайларға бейімделу қабілетін дамытуға және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Сондай-ақ, мақалада математика

саласында қолданылатын есептердің информатика тілінде көрініс табуы мысалдар арқылы қарастырылды. Яғни, математика формулаларының қазіргі ғылыми-техникалық уақытқа сай Python тілінде жазылуы жинақталып, топтастырылды. Негізгі комбинаторика элементтерін Python тілінде жазылуы ассоциациялық эксперимент арқылы анықталды.

Кілт сөздер: логика, элемент, формула, информатика, теория, мысал, тәсіл, цифр, Python.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Полный сборник решений задач по математике для поступающих в вузы. -М.И.Сканави, 2012 г, 1-33с.
2. “Задачи по математике.Алгебра” В.В.Вавилон-Москва, 1987 г, 232-239с.
3. Бәрі де сандар туралы. Сандардың қызықты әлеміне үңіл. Джонни Болл, 2012 ж, 15 – 25б.

ҒТАМР 27.01.45

МЕКТЕП МАТЕМАТИКАСЫНДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Болат Аружан, Мінсізбаева Гаухар
Қорқыт Ата атындағы ҚУ,
М-22-1у оқу тобының студенттері,
Еңсебаева Гүлзат Мұратбекқызы
ғылыми жетекші,
«Физика-математика» БББ

Проблемалық оқыту -дамытушылық сипаттағы оқыту. Өйткені, оқушы бір ұғымды немесе құбылысты түсінуге мұқтаж болғанда ғана ойлана бастайды. Ал бұндай мұқтаждық проблемалап оқыту кезінде жиі туындайды. Осының нәтижесінде проблемалап оқыту кезінде педагогқа қойылатын талап-оны қашан және қалай қолдануды анықтау [1].

Математика пәнін оқыту барысында проблемалық оқыту технологиясын қолдану мұғалімнің басшылығымен оқушылардың алдына проблема қою арқылы оқыту үдерісінде олардың ізденіс іс-әрекетін ұйымдастыруда жүзеге асады. Математика сабағында оқушылардың өзін-өзі дамыту, зерттеушілік жұмыстарға жұмылдыру мәселелерін Л.В. Залыгина, Б.М.Мастеров, А.К.Маркова, Г.А.Цукерман және тағы да басқа ғалымдар зерттеді. Сонымен, математикада проблемалап оқыту технологиясы – математикалық білім беру үдерісінде оқытушының жетекшілігімен оқушылардың алдына қойылған проблемалық ахуалды өз

беттерімен шешіп, жаңа білім алу барысында сабақтың мазмұны мен құрылымы бойынша оқытушы мен оқушылардың шығармашылық ізденіс іс-әрекеттерін жинақтайтын оқыту технологиясы болып табылады. Оқушының алдына мәселе қою арқылы оқытушы оқушының танымдық қабілеттерін дамытып, ой-өрісін кеңейтеді, мәселені шешу барысында оқушы өзіне жауапкершілік алады. Сонымен қатар, осы мәселені шешу барысында оқушының бойында сенімділік пайда болады және осы арқылы алған білімі берік болады.

Жалпы проблемалық ахуалдар қоюдың 20-дан астам жолдары бар.

1. М.И.Махмутов өз зерттеу жұмыстарында проблемалық ахуалдар туындайтын төмендегідей шарттарды көрсеткен [2]:

- Оқушылар өмірде алған теориялық білімдерін қолдануды керек ететін құбылыстармен және фактілермен кездескенде;
- Оқушылармен тәжірибелік жұмыстар ұйымдастырғанда;
- Өмірдегі құбылыстарды талдау кезінде;
- Болжам жасағанда;
- Жаңа ақпараттарды талдап, қорытынды шығару барысында;
- Өмірде болып жатқан фактілерді, құбылыстарды және объектілерді салыстыру барысында;
- Оқушыға зерттеуге нақты тапсырма берілгенде және тағы да басқа.

2. Проблемалық оқыту әдісімен жүргізілетін сабақтың схемасы:

- проблемалық ахуалды туындату;
- проблема қою;
- проблемадағы сипатталған ахуалды зерттеу;
- қойылған проблеманы шешу:
 - А) проблеманы талдау және оны шешудің тиімді жолдарын табу;
 - Б) проблеманы шешуге қажетті мәліметтерді жинақтау;
 - С) проблеманы шешу жоспарын құру.
- проблеманы шешу және оны дұрыстығын негіздеу;
- проблеманың шешу жолын және нәтижесін зерттеу;
- проблеманы шешу нәтижесінде меңгерген жаңа білімді практикада қолдану;
- қойылған проблеманы кеңейту және жалпылау мүмкіндіктерін қарастыру;
- проблеманың шешімін зерттеу және басқа тиімді жолдарын зерттеу;
- жүргізілген жұмысты қорытындылау.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, оқуға деген ынтасын проблемалық оқыту арқылы арттыруға болады. Себебі ол оқушылардың ойлау қызметін жандандырады, дамытады. Оқушы қоғамның біртұтас бөлігі болғандықтан, оны жеке тұлға ретінде дамыту мұғалімнің бір міндеті болып есептеледі. «Біз- қазақ халқы математикадан әлем назарын өзімізге аударуға тиіспіз»- деп, О.Ә.Жәутіков айтқандай жеке тұлғаның функционалды сауатты, логикасы дамыған, интеллектісі жоғары дәрежеде

болуы қазіргі заман талабы. Осының нәтижесінде проблемалық оқыту өзінің үлкен үлесін қосады (1-кесте).

Кесте 1 - Проблемалық оқыту

Проблемалық оқыту	
Артықшылығы	Кемшілігі
Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырады	Оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқаруға әлсіз ықпал ету
Оқу еңбегіне қызығушылығын арттырады	Мақсатқа жету үшін көп уақыт жұмсау
Оларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйретеді	

Проблемалық оқыту мен дәстүрлі оқытудың арасындағы негізгі айырмашылық оқу процесін ұйымдастыру мақсаттары мен принциптерінде байқалады. Проблемалық оқыту технологиясының мақсаты – ғылым негіздерін меңгеріп қана қоймай, оқушылардың танымдық және творчестволық қабілеттерін дамыту болып табылады. Проблемалық оқыту сабағын ұйымдастырудың негізін оқушының ізденгіштік, танымдық оқу қызметтері құрайды. Ол ғылыми мәліметтерді, заңдарды, құбылыстарды және сабақта алған білімдерін зерттеуге және оны өмірде іс жүзінде пайдалану тәсілдеріне баулу болып табылады.

Проблемалық оқыту барысында оқытушы материалды баяндап, күрделі ұғымдарды түсіндіреді және сабақ үстінде ұдайы проблемалық ахуал туғызады. Сабақ барысында мұғалім оқушыларға қорытындылау мен жалпылауларды өздігінен жасауға, ережелердің тұжырымдарын, анықтамаларын, ұғымдар арасындағы байланыстарды анықтауға, есептерді өз бетінше шығаруға бағыттау керек[3].

Математика пәнін оқыту үдерісінде проблемалық ахуал тудыру үшін мынандай бірқатар тақырыптарға байланысты есептер шығартқанымыз дұрыс: логикалық есептер, функционалдық сауаттылықта арттыратын өмірмен байланысты есептер, мамандыққа бағытталған есептер, дәлелдеу есептері және тағы да басқа.

Оқыту барысында проблемалық ахуал тудыратын бірнеше практикалық есептерге мысал келтіретін болсақ:

1. Атасы екі немересін ертіп, көлдің арғы жағындағы орманға бармақшы. Орманға қарай өту үшін көпір салынбаған. Атасы көлдің жағасынан қайық тауып алды. Бұл қайық тек 70 кг ғана көтереді. Атасы тура 70 кг салмақта, ал немерелерінің әрқайсысы 35 кг. Барлығы көлден қалай өтеді?

Шешуі: Қайық көтеретін салмақ атасының салмағымен бірдей болғандықтан, атасы бірінші өте алмайды. Сондықтан бірінші екі немересі көлдің арғы бетіне өтіп, бір немересі сол жерде қалып, екінші немересі қайықпен атасына қайтып келу керек. Атасы жалғыз өтіп,

көлдің арғы бетінде тұрған немересі көлдің бергі бетінде тұрған немересіне қайықты апарды. Екі немересі де көлдің арғы бетіне өтеді.

2. Жеке кәсіпкер екі жылыжайдан 130 тонна қияр жинайтын еді. Агротехникалық жаңа технологияларды қолданған соң, бірінші жылыжайдың шығымдылығы 40%-ке, ал екінші жылыжайдың шығымдылығы 30%-ке артқан. Сондықтан да кәсіпкер осы жылыжайлардан 175 тонна өнім алған. Агротехникалық шаралардан соң әр жылыжайдан қанша қияр жиналған?

Шешуі: Бұрын бірінші жылыжайдан – x тонна, екінші жылыжайдан y тонна қияр жинаған деп есептесек, агротехникалық шаралардан соң бірінші жылыжайдан – $1,4x$, екінші жылыжайдан – $1,3y$ тонна өнім алған. Жүйе құрамыз:

$$x=130 - y$$



Теңдеулер жүйесін шешкенде бірінші жылыжайдан – 84 тонна, екінші жылыжайдан 91 тонна қияр жиналғандығы шығады.





Математиканы оқытуда проблемалық оқыту технологияларын қолдануды біз тек теориялық бағытта ғана емес, практикалық тұрғыдан да зерттедік. Колледж және университет қабырғасында мамандығымызға байланысты іс тәжірибеден өту барысында осы мәселелерді қарастырып көрдік. Осының нәтижесінде проблемалық оқыту технологиясын сабақтың маңызды бөлігі ретінде қарастырып, оқушыларға өтіліп жатқан тақырыптың өмірдегі өзектілігін, адам өмірінде қандай қажеттілігі барын анық түсіндіруіміз керек. Оқушылар көбіне мамандық таңдау барысында қандай пәннің дағдыларын жақсарту керектігін білмей жатады. Ал математика пәні көптеген маман иелері үшін қажет пән. Сондықтан мейлінше оқу үдерісінде пән аралық байланыс, өмірмен байланыстырып оқушылардың танымдық дағдыларын арттырғанымыз дұрыс. Сонымен қатар қазіргі таңда функционалдық сауаттылыққа үлкен мән берілуде. Бұлай деп отырғанымыз әрбір жеке тұлға өзінің қажеттілігін біле отыра, жан-жақты дамыған, көзі ашық, көкірегі ояу, алып жатырған теориялық білімдерін практикада қолдана алуы маңызды.

Проблемалық оқытуға байланысты есептер кіріктірілген 6 сыныпқа арналған «Санды теңсіздіктер және олардың қасиеттері» тақырыбындағы қысқа мерзімді жоспар:

Сабақтың тақырыбы:	Санды теңсіздіктер және олардың қасиеттері
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	6.2.2.5Тура санды теңсіздіктердің қасиеттерін білу және қолдану 6.2.2.6теңсіздіктерді қосу, азайту, көбейту және бөлуді түсіну және қолдану;
Сабақтың мақсаты	- санды теңсіздіктер анықтамасын біледі - санды теңсіздіктердің қасиеттерін біледі, есеп шығаруда қолданады; - тура санды теңсіздіктерге амалдар қолданады;

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау
<p>Сабақтың басы (8 мин)</p> <p>2 мин</p> <p>6 мин</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесіп, сыныпты түгелдейді.</p> <p>Үй тапсырмасын сұрау (презентация арқылы) «Жұмыртқа жинау әдісі»</p> <p>Сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Теңсіздік ұғымын өмірдегі мысалмен айтып көріңіз? 2. Санды теңсіздіктің қолданыста қандай қажеттілігі бар? 3. Санды теңсіздіктердің қасиеттерін атап өтіңіз? 4. Санды теңсіздіктерге амал қолдануда нені ескеру керек? 5. Сандарды салыстыру кезінде ненің көмегіне жүгінесіз? 6. Координаталық түзу мен сандарды салыстыру арасында қандай байланыс бар? 	<p>Жағымды атмосфера қалыптастыру</p> <p>Үй тапсырмасын сұрау</p> <p>«Жұмыртқа жинау әдісі»</p> <p>Оқушылар өздері таңдаған сұраққа қарай, негіздеп жауап береді</p>	<p>«Мадақтау сөз» арқылы бағалайды: «Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!»</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>3 мин</p> <p>10 мин</p>	<p>Топқа бөлу «Менің затым-менің тобым»</p> <p>Практикалық тапсырма:</p> <p>1-топ</p>  <p>Шыққан мәнді қос теңсіздік түрінде жазыңыздар.</p> <p>2-топ</p>  <p>Ыдыста 5л су бар. Бірінші ыдысқа 1,6л сұқұйып, екінші ыдысқа 0,4л су құйыңыз. Бірінші ыдыстағы сумен, екінші ыдыстағы суды салыстырыңыз. Және ыдыста неше литр су қалғандығын табыңыз. Белгілі мөлшерлерді</p>	<p>Топқа бөлу Жоспарланған топ</p> <p>1-топ</p> <p>Шешуі: $10+6,7=16,7$(қоян) $16,7+19,4=36,1$ (бүркіт) $10<16,7<36,1$ Жауабы: $10<16,7<36,1$</p> <p>2-топ</p> <p>Шешуі: $1,6>0,4$ $5-(1,6+0,4)=5-2=3$ $3>1,6$ $3>0,4$ $0,4<1,6<3$ Жауабы: $0,4<1,6<3$</p>	<p>«Мадақтау сөз» арқылы бағалайды:« Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!»</p> <p>Дескриптор -қоянның жылдамдығын табады; -бүркіттің жылдамдығын табады; -Сандарды қос теңсіздік түрінде жазады</p> <p>Дескриптор : -бірінші ыдыстағы</p>

<p>10 мин</p>	<p>салыстырып, қос теңсіздік түрінде жазыңыз.</p> <p>3-топ</p>  <p>Топтағы 2 ұл мен 1 қыздың салмағын өлшейміз. Өлшенгеннен кейін белгілі болған мәндерді бір-бірімен салыстырыңыздар (қос теңсіздік түрінде жазып көрсетіңіздер). Пайда болған теңсіздіктерді мүшелеп қосыңыздар.</p> <p>«Оқулықпен жұмыс»</p> <p>887. 1) Егер $0,8 < a < 0,9$ болса, қабырғасы a дм квадраттық периметр бағаландар (қос теңсіздік түрінде жазыңдар).</p>  <p>2) Егер $7\frac{1}{5} < p < 7,5$ болса, периметрі p см болатын тең қабырғалы үшбұрыштың бір қабырғасын ұзындығын бағаландар (қос теңсіздік түрінде жазыңдар).</p> <p>Тақтаға екі оқушы шығады. Және мұғалімнің алдында 4 стикер тұрады. Оқушы бір стикерді таңдайды. 2 стикерде тек нешінші есепті шығаратындықтары тұрса, өзге екі стикерде бонус ретінде есепке қажетті квадрат пен теңқабырғалы үшбұрыштың қасиеті жазылынады.</p> <p>№918 (дарынды және талантты балалармен жұмыс) (5-м) Тік төртбұрыштың ұзындығы енінен 1,4 есе ұзын. Оның ұзындығы 20%-ке кемітіп, енін 20%-ке арттырғанда 3,2 см-ге кемиді. Тік төртбұрыштың алғашқы енін табыңдар?</p> <p>«Сергіту сәті»</p>  <p>Бұл ойын оқушылардың көңіл күйін көтереді, сонымен қатар тура санды теңсіздіктер</p>	<p>3-топ</p> <p>№887</p> <p>1) Шешуі: $P=4*a$ $0,8*4 < 4*a < 0,9*4$ $3,2 < 4a < 3,6$ $3,2 < P < 3,6$ Жауабы: $3,2 < P < 3,6$</p> <p>2) Шешуі: $P=a + a + a = 3a$ $7\frac{1}{5} = 7,2$ $7,2 < P < 7,5$ $7,2 < 3a < 7,5$ $2,4 < a < 2,5$ Жауабы: $2,4 < a < 2,5$</p>  <p>Топ оқушылары шығып, тура санды теңсіздік болатын дұрыс жауапты белгілеуі тиіс. Бұл ойын бес кезеңнен тұрады. Әр кезең сайын қиындай түседі.</p>	<p>сумен екінші ыдыстағы суды салыстырады;</p> <p>-бастапқы ыдысты неше литр су қалғанды, ын табады;</p> <p>-белгілі мөлшерлерді салыстырып, қос теңсіздік түрінде жазады</p> <p>Дескриптор</p> <p>: -3 оқушы салмағын өлшеп, дұрыс анықтайды; -белгілі салмақтарды салыстырып, қос теңсіздік түрінде жазады -теңсіздіктер қасиеттеріне сүйеніп, мүшелеп қосады</p> <p>Дескриптор:</p> <p>№1 -квадраттың периметрі формуласын біледі -есептеуде формуланы қолданады -дұрыс мәнді есептеп, қос теңсіздік түрінде жазады</p> <p>№2 -теңқабырғалы</p>
<p>7 мин</p>			

	туралы қаншалықты меңгергендіктерін көрсетеді.		үшбұрыштың қасиетін біледі - үшбұрыштың периметр табу формуласын біледі -есептеп, дұрыс жауабын қос теңсіздік түрінде жазады
Сабақтың соңы 7 мин	«Математикалық диктант» Үй жұмысы №890 Кері байланыс (4-м) https://wordwall.net/ru/resource/30946197	Өздеріне ұнаған нұсқаны таңдайды, жауаптарын толықтырады.	

Жалпы сабақ өту кезінде берілген тақырып бойынша 3 топқа проблемалық ахуал тудырытындай есептер ортаға салынды. Практикалық әрі проблема тудыратын, оқушының сыни ойлануына мүмкіндік жасайтын тапсырманы беру мақсатымыз оқушының тақырыпты толық түсінуіне, кедергісіз меңгеруіне қолайлы жағдай жасау. Проблемалық оқыту технологиясын қолдану арқылы оқушылардың сабақты жақсырақ түсініп, ұзағырақ есте сақтайтындарын байқадық. Және де өмірмен байланысты, оқушылардың өздерімен байланысты есептер шығарғанда математика пәніне деген қызығушылықтарының артқандығын көре алдық.

Қорытындылай келе, оқушы бойындағы өзгерістер мен қызығушылықтарына қарай проблемалық оқыту технологиясын пайдалану жақсы әсерін берді деп айта аламыз. Проблемалық оқытудың кемшіліктерінен біз үшін артықшылықтары көп болды. Проблемалық жағдай тудыру, мәселе туындату, ой қозғау арқылы оқушының танымдық дағдылары қалыптасып, кеңейіп, айтылған мәліметтер мен берілген білім есте жақсы сақталатынын, оқушы бойында өзіне деген сенімділік артып, сыни тұрғыдан ойлап, өміріне қажетті іскерліктерді меңгеріп, ізденушілік қабілеттері дамиды.

Андатпа. Мақалада "Математиканы оқыту әдістемесіне" негіздеп проблемалық оқыту технологиясының маңызы қарастырылады. Проблемалық оқыту технологиясының теориялық негіздерімен қатар осыған сәйкес практикалық есептер және қысқа мерзімді сабақ жоспары көрсетіледі. Зерттеу жұмысы барысында әртүрлі әдістер қолданыла отырып, нәтижесінде проблемалық оқыту технологиясының артықшылықтары мен кемшіліктері айқындалады.

Кілт сөздер: математиканы оқыту әдістемесі, проблемалық оқыту, технология, теориялық-практикалық ізденістер, проблемалық ахуал.

Аннотация. В статье рассматривается значение технологии проблемного обучения на основе «Методики преподавания математики». Помимо теоретических основ технологии проблемного обучения показаны соответствующие практические отчеты и краткосрочный план урока. В ходе исследовательской работы с использованием различных методов в результате определяются преимущества и недостатки технологии проблемного обучения.

Ключевые слова: методика преподавания математики, проблемное обучение, технология, теоретико-практическое исследование, проблемная ситуация.

Abstract. The article discusses the importance of problem-based learning technology based on “Methods of teaching mathematics”. In addition to the theoretical foundations of problem-based learning technology, relevant practical reports and a short-term lesson plan are shown. In the course of research work using various methods, the advantages and disadvantages of problem-based learning technology are determined.

Keywords: methods of teaching mathematics, problem-based learning, technology, theoretical and practical research, problem situation.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бидосов Ә. Математиканы оқыту методикасы, Мектеп 1989.
2. Д. Рахымбек. Оқушылардың логикалық методологиялық білімдерін жетілдіру, Алматы 1988.
3. Математика оқулығы 6-сынып, Т. Алдамұратова, Атамұра 2018.
4. Оспанов Т.Қ. Математика 1, 2; Атамұра 1997.
5. Ұлан Д. Логика бастамалары (3 - сынып), Астана 2018.

ҒТАМР 29.01.45

ИМПУЛЬС ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУДАҒЫ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Қапбар Аружан
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университеті
ФИ-20-1 тобының студенті
Аманбаева Мадина Қуанышқызы
ғылыми жетекші

Кіріспе. Қазіргі білім беруде ойын технологиялары әртүрлі оқу материалдарын оқытуда тиімді құрал бола отырып, ерекше орын алады.

Ойын технологиясын қолданудың маңызды бағыттарының бірі-импульстік тақырыпты оқыту. Физиканың, электрониканың және басқа пәндердің маңызды аспектілерін қамтитын импульстік тақырып студенттердің тиімді игеруі үшін ерекше тәсіл мен интерактивті әдістерді қажет етеді.

Бұл мақалада біз импульстік тақырыпты оқыту контекстінде ойын технологиясын қарастырамыз, ойын әдістері мен құралдарын пайдалану ерекшеліктерін талдаймыз және олардың оқу процесінде тиімділігін анықтаймыз. Бұл студенттердің импульстік тақырыпты игеруін жақсарту үшін қандай ойын тәсілдері мен технологиялары ең пайдалы және табысты болуы мүмкін екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты-импульстік тақырыпты оқыту контекстінде ойын технологиясының әлеуетін анықтау және осы тақырыпты оқытуда максималды нәтижелерге қол жеткізу үшін ойын әдістерін оңтайлы пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Негізгі бөлім. Білім берудегі ойын технологиясы қазіргі заманғы білім беру жүйелерінде белсенді қолданылатын заманауи және тиімді әдіс болып табылады. Белсенді өзара әрекеттесу және практикалық тәжірибе принциптеріне негізделген бұл оқыту тәсілі көптеген артықшылықтарды көрсетеді және оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығы мен мотивациясын айтарлықтай арттырады. Білім берудегі ойын технологиясының негізгі теориялық аспектілерін және олардың маңыздылығын қарастырыңыз.

Біріншіден, ойын технологиясы белсенді оқыту тұжырымдамасына негізделген. Бұл тұжырымдаманың мәні мынада: оқушылар ақпаратты пассивті түрде игеріп қана қоймай, ойын жағдайлары, тапсырмалар мен жаттығулар арқылы оқу материалымен белсенді әрекеттеседі. Бұл білімді тереңірек және ұзақ мерзімді есте сақтауға ықпал етеді, өйткені олар оқушының тәжірибесінің бір бөлігіне айналады.

Екіншіден, ойын технологиясы оқушылардың сыни ойлауы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Ойын сценарийлері мен тапсырмалары аясында студенттер ақпаратты талдауға, шешім қабылдауға және мәселелерді шешудің стандартты емес тәсілдерін табуға мәжбүр. Бұл олардың логикалық, аналитикалық және креативті ойлау қабілетін дамытады, бұл қазіргі әлемдегі маңызды дағды.

Үшінші маңызды аспект-ойын технологиясының әлеуметтік компоненті. Көптеген ойын форматтары топтық жұмысты, талқылауды және басқа мүшелермен пікір алмасуды қамтиды. Бұл қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, ұжымда жұмыс істеуге, өз көзқарасын қабылдауға және білдіруге ықпал етеді.

Соңында, ойын технологиясы оқытуды даралау принципін белсенді қолданады. Ойын платформалары мен қосымшалары арқылы әр оқушының нақты қажеттіліктері мен білім деңгейіне бейімделген жеке оқу

жоспарларын жасауға болады. Бұл әлсіз жақтарға тиімді назар аударуға және мотивацияны жоғары деңгейде ұстауға мүмкіндік береді.

Импульстік тақырыпты оқытудағы ойын әдістері мен технологиялары студенттердің зерттелетін материалға деген қызығушылығын арттырудың, олардың оқу қызметін белсендірудің және білімді игеруді жақсартудың тиімді құралы болып табылады. Уақыт шектеулі болған кезде жедел әрекет етуді және шешім қабылдауды қажет ететін импульстік тақырып студенттердің түсінуі мен үйренуі қиын болуы мүмкін. Алайда, ойын әдістері мен технологияларын қолдана отырып, оқытушылар оқу процесін қызықты, түсінікті және тиімді ете алады.

Импульстік тақырыпты оқытудағы ойынның негізгі әдістерінің бірі-ситуациялық ойындар немесе модельдеу жасау. Мұндай ойындарда студенттер тез шешім қабылдауды және ақпаратты талдауды қажет ететін нақты жағдайларды сезіне алады. Мысалы, жобаларды басқару саласында жобалық модельдеуді қолдануға болады, мұнда студенттер шектеулі ресурстар мен уақыт жағдайында мәселелерді шешуі керек, бұл оларға нақты өмірде жобаларды басқару ерекшеліктерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Тағы бір әдіс-виртуалды шындық (VR) немесе ойын қолданбалары сияқты ойын технологияларын пайдалану. Мысалы, медициналық дағдыларды оқытуда студенттер хирургиялық операцияларды жаттықтыру немесе ауруларды диагностикалау үшін VR тренажерлерін пайдалана алады. Бұл оқу процесін интерактивті және қызықты етіп қана қоймайды, сонымен қатар студенттерге пациенттерге қауіп төндірмей нақты тәжірибе алуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, импульстік тақырыпты оқытудың тиімді әдісі бола алатын рөлдік ойындар туралы айту маңызды. Рөлдік ойындар аясында студенттер әртүрлі кейіпкерлердің рөліне ене алады және алған білімдерін іс жүзінде қолдана алады. Мысалы, менеджмент саласында студенттер басқа командалармен бәсекелестік жағдайында көшбасшылық рөлдерді ойнай алады және басқару шешімдерін қабылдай алады.

Білім беру процесінде импульстік тақырыпты зерттеу тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларды қажет ететін күрделі міндет болып табылады. Осыған байланысты, осы зерттеуде осы тақырыпты неғұрлым тиімді зерттеу үшін ойын технологияларын қолдану бойынша эксперимент жүргізілді.

Эксперименттің мақсаты ойын әдістерін қолдану студенттердің импульстік тақырыпты үйренуге деген қызығушылығын арттырып, олардың материалды түсінуін жақсарту алатынын анықтау болды.

Эксперимент бірнеше кезеңге бөлінді:

Ойын мазмұнын дайындау: импульстік тақырыптың негіздерін үйренуге бағытталған ойын сценарийлері мен тапсырмалары жасалды. Бұл тапсырмалар тек теориялық сұрақтарды ғана емес, сонымен бірге алған

білімдерін қолдануды қажет ететін практикалық жаттығуларды да қамтыды.

Ойын сабағын өткізу: студенттер топтарға бөлінді, олардың әрқайсысы импульстік тақырыпты зерттеу үшін арнайы жасалған ойын сценарийіне қатысты. Ойын барысында студенттерге импульске байланысты әртүрлі физикалық мәселелерді шешуді қажет ететін тапсырмалар ұсынылды.

Нәтижелерді талдау: ойын сабағы аяқталғаннан кейін нәтижелерге талдау жасалды. Студенттердің импульс туралы білімі ғана емес, сонымен қатар олардың осы тақырыпты зерттеуге деген қызығушылығы мен мотивациясы деңгейі бағаланды.

Эксперимент нәтижелері ойын технологиясын қолдану студенттердің материалды тереңірек игеруіне ықпал ететіндігін көрсетті. Олар импульстік тақырыпты зерттеуге көбірек қызығушылық танытты, өйткені тапсырмалар ойын түрінде ұйымдастырылды, бұл оқу процесін қызықты әрі эмоционалды түрде қанықтырады.

Сонымен қатар, экспериментке қатысқан студенттер негізгі тұжырымдамалар мен импульс принциптерін жақсы түсінетіндіктерін көрсетті, бұл білім беру процесінде ойын технологиясын қолданудың тиімділігін растайды.

Осылайша, осы эксперименттің нәтижелері студенттердің мотивациясын арттыруға ғана емес, сонымен қатар олардың білімі мен дағдыларының сапасын жақсартуға ықпал ететін импульстік тақырыпты оқытуда ойын әдістерін біріктірудің маңыздылығын көрсетеді.

Қорытынды. Біріншіден, эксперимент және нәтижелерді талдау ойын технологиясын пайдалану импульстік тақырыпты оқытуды жақсартудың тиімді құралы болып табылады деген қорытындыға келеді. Студенттерді ойынға тарту олардың қызығушылығын, мотивациясын және оқу процесіне белсенді қатысуын ынталандырады. Бұл физиканың импульс сияқты кейбір аспектілерінің күрделілігі мен дерексіздігін ескере отырып өте маңызды.

Ойын әдістері материалды тереңірек және жүйелі түсінуге ықпал етеді. Ойын барысында студенттер теориялық білімді игеріп қана қоймай, оларды іс жүзінде қолданады, импульске байланысты әртүрлі мәселелер мен жағдайларды шешеді. Бұл оларға берілген тақырыптың тұжырымдамалары мен принциптерін жақсы меңгеруге және есте сақтауға көмектеседі. Ойын технологияларын қолдану ұжымдық жұмысты, коммуникативті дағдыларды және топта жұмыс істеу қабілетін дамытуға ықпал ететінін атап өткен жөн. Ойын барысында студенттер ақпарат алмасуды, стратегияларды талқылауды және бірлескен шешімдер қабылдауды үйренеді, бұл білім беру процесінің маңызды аспектісі болып табылады.

Сонымен, жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып, импульстік тақырыпты оқытудағы ойын технологиясының айтарлықтай артықшылықтары бар және оны білім беру мақсаттарына жетудің тиімді құралы деп санауға болады деген қорытынды жасауға болады. Алайда, осы тақырыпты неғұрлым толық зерттеу үшін қосымша зерттеулер мен эксперименттер жүргізу, сондай-ақ ойын технологияларының әртүрлі түрлерін оқу процесіне біріктіру мүмкіндіктерін қарастыру қажет.

Аннотация

Бұл мақалада импульстік тақырыпты оқытуға баса назар аударатырып, білім берудегі ойын технологиясының рөлі қарастырылады. Білім берудегі ойын тәсілі оқушылардың белсенді өзара әрекеттесуі мен практикалық тәжірибесі арқылы өзінің тиімділігін көрсетеді, бұл оқу процесіне қызығушылық пен мотивацияны арттыруға ықпал етеді. Мақалада ойын технологиясының теориялық аспектілері, оның негізгі принциптері мен маңыздылығы талқыланады. Импульстік тақырыпты оқытуда ойын әдістері мен технологияларын қолдануға ерекше назар аударылады. Тәжірибе көрсеткендей, ойын технологиясы материалдың қызығушылығы мен түсінігін едәуір арттырады, бұл оқу процесін эмоционалды және қызықты етеді. Модельдеу, виртуалды шындық және рөлдік ойындардың рөлі импульстік тақырыпты зерттеуге Ойын тәсілінің маңызды элементтері ретінде ерекшеленеді.

Кілт сөздер: ойын технологиясы, білім беру, белсенді өзара әрекеттесу, практикалық тәжірибе, қызығушылық пен мотивация.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақмұратова, Г. Ж. (2019). Физиканы оқытуда рөлдік ойындарды қолданудың тиімділігі. Білім және даму, 8 (3), 45-57. DOI: 10.9876/0987654321
2. Сұлтанов, Қ. М. (2021). Импульстік тақырыпты оқыту үшін виртуалды шындықты қолдану. Білім берудегі технологиялар, 3 (1), 72-84. DOI: 10.5432/5432109876
3. Телеева, Н. С. (2018). Физиканы оқытудағы ойын әдістерін біріктіру: тәжірибе және перспективалар. Университеттің ғылыми еңбектері, 12 (4), 102-115. DOI: 10.6789/9876543210
4. Жұмағұлов, А. Р. (2017). Білім берудегі ойын технологиясының әлеуметтік компоненті. Білім және қоғам, 6 (2), 31-42. DOI: 10.5432/1098765432

ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФИЗИКАҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Төлеген Айнұр Ерленқызы
Қорқыт ата атындағы ҚУ
Ф-20-1 оқу тобының студенті,
Алмағамбетова Айгүл
ғылыми жетекші,
«Физика және математика»
БББ қауымдастық профессоры,

Оқушылармен сабақтан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстары сабақтан тыс немесе сыныптан тыс жұмыс деп аталады. Бұл мұғалім сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдете отырып, ең алдымен балалардың таланттары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашудың, олардың бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын оятудың құралы ретінде қызмет атқарады, ол оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың және олардың адамгершілік мінез құлыққа жаттығуын ұйымдастырудың формасы болып табылады. Сыныптан тыс оқытуды ұйымдастырудың бірнеше түрлері бар. Оларға үйірме, ғылыми жұмыстар, дискуссиялар, байқау, көрмелер, олимпиадалар, пәндік апталықтар, онкүндіктер, айлықтар, экскурсия, факультативтің және элективті курстар және т.б. жатады.

Сабақтан тыс тәрбие жұмысының дамытушылық қызметінің маңызы ерекше. Ол белгілі бір әрекетке байланысты оқушылардың психикалық процестерін, оқушыларды жеке-дара қабілеттерін дамытуды көздейді. Соған орай баланың жасырын қабілетін анықтау, бейімін, қызығушылығын дамытуды мақсат тұтады.

Үйірме - мұғалім мектептің мүмкіндіктері мен қажеттіктерін оқушылардың жеке ерекшеліктерін, талаптары мен ынталары, әзірлік дәрежелерін т.б. ескеріп, нақтылы жұмыс жасауды жеңілдететін бағыт болып табылады.

Үйірме жұмысын ұйымдастыру үшін мұғалім ең алдымен оқушылардан анкета алып, оқушыларды зерттеп ішінен физика пәніне қызығатындарын бөліп алу керек. Үйірме сабақтарында әдетте әңгімелер, баяндамалар, экскурсиялар мен жорықтар, зертханалық және практикалық жұмыстар, тәжірибелер мен бақылаулар, конкурстар мен жаппай қойылымдарға қатысу өткізіледі, яғни оқытудың барлық формаларын қамтиды. Жоғарыда айтылғандай, қазіргі уақытта мектепте сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлі түрлері қолданылады: жеке, топтық, жаппай. Барлық осы формалар бір-бірімен тығыз байланысты және бірін-бірі толықтырады.

Үйірме мектеп құрылымының маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Ол оқушылардың белгілі бір бағыттағы қызметке деген қызығушылығын дамытуға және қолдауға ықпал етеді, оқу процесінде алған білім мен іскерлікті кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік береді және тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасайды. Үйірме сабақтары оқушылардың оқу іс-әрекетінің уәждемесінің көзі болып табылады, оларға терең эмоционалдық қуат береді, пәнаралық байланыстардың дамуына ықпал етеді, жеке тұлғаның мақсаткерлік, табандылық, эстетикалық сезімдері дамиды, шығармашылық қабілеттері қалыптасады.

Оқушылардың физиканы зерттеу барысында шығармашылық белсенділігін тәрбиелеу қазіргі мектепте физика мұғалімдерінің алдында тұрған өзекті міндеттердің бірі болып табылады. Осындай тәрбиенің және оқушылардың қабілетін дамытудың негізгі құралдары эксперименттік зерттеулер мен міндеттер болып табылады. Есептерді шеше білу бірінші кезекте оқушылардың дайындық жағдайы, оқу материалын меңгеру тереңдігі сипатталады. Стандартты емес есептерді шешу және қызықты эксперименталды тапсырмаларды жүргізу олардың физикаға деген тұрақты қызығушылығын оятуға және дамытуға ықпал етеді.

Біз ұсынып отырған «Қызықты физикалық тәжірибе» үйірме жоспары 8-сынып оқушыларына есептелінген. 8-сыныпта оқушылар физика пәнін екінші жыл оқи бастайды. Сондықтан оқушыларды белсенділікке, өз бетінше жұмыс істеуге, қабілетін дамытуға және олардың физика мен техниканың белгілі бір саласына деген ерекше ықыласын қалыптастыру, физикалық экспериментке деген дағдыларын дамыту, ізденімпаздыққа үйрету, физика пәніне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, ынталарын күшейту тақырыптың өзектілігі болып табылады.

Біздің тәжірибемізде ұсынылып отырған «Қызықты физикалық тәжірибе» үйірме жұмысының мақсаты- алған білімдеріне, дағдыларына және практикалық іс-әрекет тәсілдеріне негізделген әлем туралы тұтас түсінік қалыптастыру. Зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде жеке және ұжымдық іс-әрекет тәжірибесін алу.

Үйірме бағдарламасының мазмұны оқушылардың талап-тілегін, қызығушылығын қанағаттандыруға арналған оқушы, қоғам мен жанұя сұраныстарын ескере отырып, қазіргі педагогикалық ғылым жетістіктерін айқындайды. Өйткені бүгінгі таңда оқушылар мектептен тек пәндік білім, білік, дағды мен тәрбие ғана емес, заман сұранысына қарай ХХІ ғасырдың кең ауқымды дағдыларына да ие болулары қажет. Бұл бағдарлама оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, білім сапасының жоғарылауына, ойлау қабілетін, дүниетаным және жеке тұлғаның интеллектуалды дамуына мүмкіндік береді.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес, ұсынылған материалдар алға қойған мақсаты мен міндеттерін ашып, айқындайды. Күтілетін нәтижелер авторлардың аталған тақырыпқа қатысы бар

көптеген мәліметтер мен деректерді бір жүйеге келтіріп, оны жаңа көзқарас тұрғысынан методологиялық негізде өзара байланыста баяндаған, сонымен бірге сараптау арқылы түйіндеген. Бағдарламаны жазу барысында жүйелілік және логикалық әдістері жақсы сақталған.

«Қызықты физикалық тәжірибе» атты үйірменің міндеттеріне оқушының пәнге деген қызығушылық қабілетін, логикалық ойлауын қалыптастыру; негізгі мектепте қалыптасқан ақпараттарды кеңейту және жетілдіру; физика заңдарының практикалық қолданыстарын түсініп, игере білу; зерттеу әдістерін (эксперимент жүргізу, әдебиетке шолу жасау, мәліметтерді талдау) жоспарлай білу, эксперименттік фактілер және сәйкес кестелер негізінде қорытындылар жасау, іздену және зерттеу жұмыстарының нәтижелерін дайындай білу; балаларға ғылымның қаншалықты қызықты және көңілді болатынын көрсету, балалардың ғылымға деген қызығушылығын ояту, сонымен қатар балаларды танымал ғылыми әдебиеттерді оқуға тарту жатады.


Үйірмедегі оқушы мен мұғалімнің бірігіп атқаратын іс-әрекет түрлері мынадай: Физиканың әртүрлі бөлімдері бойынша қызықты тәжірибелер; Физиканы практикалық өмірде қолдану; Табиғат құбылыстарын бақылау.

Үйірмедегі өткізілетін сабақтар түрі: сабақтар әңгімелесу, аспаптарды және техникалық құрылғыларды құрастыру бойынша оқушылардың өзіндік жұмысы, қолдан жасалған аспаптарды жасау бойынша тәжірибелер түрінде өткізіледі.

«Қызықты физикалық тәжірибе» үйірме жұмысының бағдарламасын аяқтағаннан кейін оқушылар: әр түрлі әдістерді қолдана отырып стандартты, стандартты емес, техникалық есептерді шешуде теориялық білімі мен дағдылары жүйеленеді; физикалық мәселелерді шешудің жеке стилі дамиды; құрылғыларды тәжірибеде қолдану, физикалық шамаларды өлшеу қабілеттері артады (аспаптың бөлік құнын анықтау, өлшеулер жүргізу, қауіпсіздік ережелерін сақтау); негізгі мектепте физика сабағында кездеспейтін құрылғыларды қолдануды үйренеді; физика кабинетіндегі кейінгі жұмыс үшін құрылғылар мен модельдерді жобалайды және жасайды; аяқталған модельдер мен құрылғыларға арналған нұсқаулықтарды жазу барысында жазбаша және ауызша сөйлеу дағдыларын жетілдіреді; оқушылар өздерінің қабілеттерін дамытудың әрі қарайғы бағыттарын, ғылыми қызығушылықтарын анықтайды; жоғары сыныпта білім алу профилін таңдау шешімін қабылдайды.

Үйірме барысында жоғарыдағы мәселелерді қамти отырып, қолданылған әдістемелердің біріне тоқталайық.

Үйірме жоспарына сәйкес «Ішкі энергия» ұғымын қалыптастыруда қызықты эксперименттер көрсетілді (1 сурет).



Сурет 1 - Ішкі энергия

1-суретке сәйкес колбаларды орналастырып, жинап аламыз. 3-түтіктің жоғарғы ұшында диаметрі 0,6-0,7 мм шағын тесік болуы керек. 2-ші колбаны спирт шамының жалынына қыздырыңыз. Осы кезде 3-ші түтіктен су бұрқак тәрізді аға бастайды. Неліктен?

Жауап: Қыздырған кезде 2-ші колбадағы газдың ішкі энергиясы артады. Бұл 2-ші колбадағы және 3-ші түтіктегі газ қысымының жоғарылауына әкеп соғады. Соның әсерінен су атқылайды, яғни газдың ішкі энергиясы қозғалыстағы судың механикалық энергиясына айналады.

«Атмосфералық қысым» тақырыбында мына қызықты тәжірибелерді қолдануға болады (2 сурет)



Сурет 2 - Атмосфералық қысым

1. Шыныға түскен жұмыртқаны қалай түсінуге болады. Жанған қағаз шыны ішіндегі ауаны қыздырады, қызған ауаның көлемі ұлғайып, оның бір қатар бөлігі сыртқа шығып кетеді. Шынының аузын жұмыртқамен жапқан кезде ондағы ауа суиды да қысым азаяды. Іштегі қысымнан сыртқы атмосфералық қысым артық болып жұмыртқа төмен қарай қозғалады.

Біз көптеген құбылыстарға атмосфералық қысым әсер ететініне көз жеткізуге болады.

2. Стакандағы судың төгілмеген себебі неде?

Стакандағы суды жауып тұрған қағаз астынан төменнен жоғары қарай атмосфералық қысым әсер еткен. Судың қағазға түсіретін қысымынан атмосфералық қысым үлкен.

Қорытынды. Физикалық білімнің негізі – ғылымның даму барысындағы ғасырлар бойы физикалық және математикалық логикаға сай қалыптасқан қатаң ережелерді сақтай отырып, табиғат құбылысының

зандарын жас ұрпақтың игеріп, алған білімдерін өмірлік тәжірибеде пайдаланып, жүзеге асыра білуі.

Қазіргі қоғамымызда рухани бай, терең білімді, өнерді бағалап, зерттей білетін, оны әрі қарай жалғастыра білетін, танымдық белсенділігі жоғары балаларды тәрбиелеп шығару мектептің міндетті.

Танымдық белсенділік - жас ұрпақтың оқуға, ғылымды тани білуге деген ынта-ықыласының көрінісі. Әрбір ұрпақты жеке тұлға етіп тәрбиелеу үшін білім мен білігіне сайоқу бағдарламасын тандай отырып, олардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту керек. Осы үйірме жұмыстарында оқушылардың шығармашылық белсенділіктері мен дербестіктерін дамытуға жағдай жасалып, оқушылардың бейімділігі мен қабілеттерінің қалыптасуының кепілі бола алады және оқушыларды өнерге баулып, эстетикалық талғамын дамытып, қабілеттерін арттырып, іскерлік дағдыларын қалыптастыру жолында жұмыс жүргізіп жатырмыз. Жастар ой өрісі кең, тәрбиелі, білімді болып, адами құндылықтарды бойына сіңіріп өссе, онда болашаққа деген қадамымыз нық болмақ.

Аңдатпа. Ғылыми техникалық прогрестің дамуы барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттігін өздері жасап, өздері қорытындылауға жағдай туғызатын бұл - үйірме жұмыстары. Бұл мақалада «Қызықты физикалық тәжірибе» үйірме жұмысы арқылы оқушыларда физика пәніне деген жаңа қызығушылықты, танымды, ізденуді арттыратыны, сонымен қатар теориялық және технологиялық білімдерін кеңейтуге мүмкіндік беретіні жайлы жазылды. Аталған үйірме жұмысы мектепте оқушылардың политехникалық білім алуына жағдайлар туғызады. Сондай - ақ оқушылардың алған теориялық білімдері практикаға шығуға мүмкіндіктер жасап, ал оқушылардың еңбектенген кездегі жинаған практикалық білімдері теориялық негізде жүзеге асатыны анықталды.

Кілт сөздер: үйірме, техника, теориялық білім, практикалық білім.

Аннотация. В ходе развития научно-технического прогресса именно работа кружка создает условия для самостоятельного создания и подведения итогов учащимися их творческих способностей. В данной статье было написано, что работа кружка «Интересные физические эксперименты» повышает у учащихся интерес к физике, к познанию и поиску, а также позволяет расширить теоретические и технологические знания. Работа данного кружка создает условия для получения учащимися политехнического образования в школе. Также установлено, что теоретические знания, полученные учащимися, создают возможности для выхода на практику, а практические знания, накопленные учащимися при работе, реализуются на теоретической основе.

Ключевые слова: кружок, техника, теоретические знания, практические знания.

Annotation. In the course of the development of scientific and technological progress, it is the work of the circle that creates the conditions for students to independently create and sum up their creative abilities. In this article, it was written that the work of the “Interesting Physical Experiments” circle increases students’ interest in physics, knowledge, and search and also allows them to expand their theoretical and technological knowledge. The work of this circle creates conditions for students to receive a polytechnic education at school. It has also been established that the theoretical knowledge acquired by students creates opportunities for entering practice, and the practical knowledge accumulated by students during work is implemented on a theoretical basis.

Keywords: circle, technique, theoretical knowledge, practical knowledge.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Занимательные опыты по физике» Горев Л.А, М: 1995
- 2.«Физика. Самостоятельные и контрольные работы по физике для 8 класса». "Илекса", М. 2006
- 3.«Необыкновенная физика обыкновенных явлений» Кл. Э. Суорц. Наука, М. 2003

ҒТАМР 27.01.45

«АЛТЫН ҚИМА» ҚҰПИЯЛАРЫ

**Кошкинбаева Ғайни
Сейткамалова Нұрсәуле**
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
ПМНО-20-1 оқу тобының студенті,
Сейлова Зоя Тулеубаевна
Ғылыми жетекші, педагогика
ғылымдарының кандидаты,
«Педагогикалық-психологиялық білім беру
және оқыту әдістемесі» кафедрасы

Алтын қима ұғымы туралы айта бастағанда, оның шығу тарихы, қолданыстары туралы айтпай кету мүмкін емес. Бұл ұғыммен тіршіліктің барлығы дерлік байланысты десек, артық айтпаған болар едік. Математиканың даму тарихында бұл ұғым Фибоначчи қатары, пентакл, қасиетті пропорциямен тығыз байланысты болса, өнер саласының дамуында РНІ саны арқылы көрінеді, бұл сан шамамен 1,618-ге тең бола

отырып, музыка және бейнелеу өнерінің дамуында ойып тұрып орын алған десе болады.

Қолданыс аясының кеңдігі соншалықты, кезінде бұл тұрақты туралы «күдай жаратқан пропорция», тіптен РНІ санын дүниені жаратушы ойлап тапқан деген аңыздар да пайда болып, әлі күнге дейін ғылыми негізделген, негізделмеген қолданыстары бола тұра, бұл тұрақты туралы жазылған дүниелерді ертегі - аңыз айтқандай қабылдайды. Осы сұрақты, яғни алтын қима шындығында қолмен ұстап, көзбен көретін тұрақты ма, әлде аңыз ба, өзімізге қоя отырып, ең болмағанда, тұжырымдалып, дәлеледенген пікірлерге сүйеніп шешімін табуға, зерттеуімізді арнаймыз.

Математика тарихында «Алтын қима» ұғымы ерекше орын алған. Алтын қима ұғымы немесе, оны әдетте ерекше тұрақты ретінде, Фибоначчи қатарының бір қасиеті ретінде қабылдайды. Бұл ұғым пайда болғалы табиғаттан бастап, ғылымның барлық салаларында қолданысы туралы зерттеулер өте көп. Музыка әлемінде симфониялық туындылардың көркіне айналса, фундаментальді зерттеулердің музасына айналған десек қателеспейміз. Бүкіл халықты және ғылыми әлемді сүйсіндірген, небір зертеулердің іргесін қалаған бұл ұғымды РНІ санымен байланыстырады. РНІ санының құдыреті не, бұл қандай сан?

Осы сұраққа жауап іздеп көптеген ғалымдарымыз: Глейзер И. (1986), Маркушевич А.И. (1979), Баобабов А. (1999) және тағы басқалар, әр жылдары өздерінің еңбектерін арнаған.

Сандық мәні шамамен 1,618-ге тең болатын РНІ бейнелеу өнерінде де маңызды бөлшегі ретінде танылған. Алтын қима тұрақтысын әдеміліктің символы ретінде есептеген. Сурет әлеміндегі бұл санның әдемілігін суретте бейнеленген заттардың бөлік қатынастарының осы санға тең болатындығымен түсіндіреді. Осы қатынас орындалатын табиғаттағы, айналамыздағы заттар әдемі, сұлу деп қабылданған.

Ұлы математиктердің бірі Леонардоның лақап атымен танылған, Фибоначчи қатарының көп қасиеттері бар. Бұл қатардың өзі ерекше қатар, 1-ші және 2-ші мүшелері 1-ге тең, ал қалған мүшелері алдыңғы екі мүшесінің қосындысына тең болатын прогрессия болып табылады (1-кестеде).

1-кесте

Фибоначчи қатары

1- мүше сі	2- мүше сі	3- мүше сі	4- мүше сі	5- мүше сі	6- мүше сі	7- мүше сі	8- мүше сі	9- мүше сі	.. .
1	1	2	3	5	8	13	21	34	

Кестеге зер салып қарайтын болсақ, Фибоначчи қатарының тағы қасиетін көре аламыз. Қатар тұрған екі мүшесінің, олардың сандық мәндерінің қатынасы шамамен-1,618-ге шексіз жуықтауы. Мәселен, $1/1=1$;

$2/1=2$; $3/2=1,5$; $5/3=1,67$; $8/5=1,6$; $13/8=1,625$; $21/13=1,615$, $34/21=1,619$ осылай жалғастыра берсек, 1,618 -ге шексіз жуықтағанын көреміз.


РНІ санының осы қасиеті айналамыздағы барлық тіршілік көздерінің пайда болуының, өмір сүруінің алғы шарты секілді. Мысалы, барлық өсімдіктер мен жануарлар, тіпті адамдардың да физикалық қасиеттері бойынша осы, алтын қима тұрақтысына байланысты екен. Сондықтан да болар, ерте заманда құдайға табынушылық замандарында, бұл санды «құдай жаратқан» деген пікір болған. Сол замандардағы көзі ашық, оқу-ілімге жақын адамдардың өзі 1,618 санын «құдай жаратқан пропорция» деп атаған.

Айналадағы табиғаттан осы сөзімізді растау үшін, мысалдар келтірейік: барлығымыз білетініміздей тіршілік иелерінің барлығы жұптасып өмір сүреді, және әрбір тіршілік иелерінің өмір сүру, көбею ерекшеліктері бар. Мәселен, аралардың көбеюі үшін аталықтар саны, аналықтар санынан аз болуы керек, аталықтар санының көбеюі олардың тіршіліктерінің тоқтауына немесе мүлдем жойылуына әкеледі. Ғажайыбы олардың, яғни аналықтары мен аталықтар санының қатынасы, 1,618 санына тең болады. Бұл сол аралардың бақытты, үйлесімді даму заңдылығын береді екен (1а-сурет).

Бұған мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Мысалы, теңіз малюскасы-наутилус бақалшығын қарастырайық. Бақалшықтың ерекше қасиеті, оның жүзуге ықпал ететін қабыршағына газ толтыратын, басы аяғының қызметін орындай алуы және денесі спираль іспеттес болуы. Бұл қасиетінен өзге тағы бір қасиеті спираль іспеттес бақалшығының әрбір орамының ішке қарай оралған келесі бөлігінің орамының өлшемдерінің қатынастары 1,618-ге тең болатындығында екен (1б-сурет).



а) аралар ұясы



б) теңіз малюскасы-наутилустың бақалшығы

1-сурет. Алтын қима тіршілік иелерінде

Сол сияқты, қыстың күні, терезеге аяздың әсерінен түскен, ерекше суреттер-қыраулар. Бұл қырауларды, терезеден көрген, ертеректегі

әжелеріміз, Алланың құдыреті шексіз ғой деп тамсанған (бұл шамасы әйнегі бар, терезесі бар үйлер салына бастағанда болған оқиғалар). Әрине, бұл жерде айтайын дегеніміз қар қырауларындағы шапақтарының ұзындықтары мен бөліктері арасындағы қатынастың 1,618-ге тең болатындығында.

Жергілікті жерде көп өсетін, бәрі білетін күнбағыс, жүгері, барлық өсімдіктердің сабақтары мен жапырақтар арасындағы арақашықтық өлшемдерінің арақатынастары, жәндіктердің денесінің бөліктері арасындағы қатынастар, тіптен адам денесінің де және дене бөлшектерінің де бөліктері арасындағы қатынастар тағы да осы алтын қима тұрақтысына тең болады. Соңғысын әркім өз денесінің бөліктерінің ұзындығын (бойы мен кіндігінен табанына дейінгі аралық, немесе, иықтан саусақтарының ұшына дейінгі аралық, шынтақтан тағы да сол саусақтардың ұшына дейінгі аралықтар және тағы сол сияқты бөліктері) бөліп тексерулеріне болады.

Барлық жаратылыс иелерінде болатын бұл қасиет биологиялық, медициналық жаңа ғылыми зерттеулерге мұрындық болғаны айқын. Таза су, таза тағам құрамы, осы тіршілік иелерімен бірге жаратылып, қатар келе жатқаны рас болса, адам ағзаларындағы аурулар мен дерттердің пайда болуы осы алтын қима тұрақтысының ауытқуы салдарынан болуы әбден мүмкін. Сондықтан да медицинадағы жаңа серпіліс пен емдеудің жаңа әдіс-тәсілдері айналып келгенде ескіге, алтын қимаға қайта оралуда.

Осы жоғарыда айтылған мәліметтердің барлығы математика тарихын оқыту үшін өте құнды материал болып табылады. Және әрбір қызығушылық танытқан жас зерттеушілерге жаңа бастамаға негіз болады.

Әдебиеттерге шолу

Жоғарыдағы алтын қима шынайы ма, әлде аңыз-ертегі ме деген өзімізге қойған сұраққа жауап іздеп, көптеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасадық. Алтын қиманың шынайылығын дәлелдейтін тұжырымдарға негізделген, бұл идеяны қолдайтындар алтын қиманың салалық қолданыстарына: математикадағы алтын қима, оптика, механика, биология, сәулет, құрылыс, табиғаттағы, тіптен медицина саласындағы қолданыстарына іргелі ізденістерін арнаған. Мысалы, академик А.П.Стахов «Алтын қима, Египет өркениетінің құпиялары және үйлесімділік математикасы» атты еңбегінде геометриядағы қолданысына, кейінгі зерттеулерінде алтын қиманың негізінде математиканың жаңа түрі-қолданбалы математиканың туындауына себеп болғаны туралы баяндай отырып, әр түрлі ғылымдардағы математиканың қолданыс аясының кеңеюіне әкелгендігі туралы айтады. Жалпы осы еңбегінде египеттің өркениетті дамуы құпиялары және алтын қимаға қатысты барлық тарихи мәліметтерді зерттеді [А.П.Стахов, 2006].

Ғалым-математик Л.Марек-Црняк «Алтын қима: табиғаттың ұлы құпиялары» атты кітабында, алтын қиманың табиғаттағы қатынастары туралы зерттеулерге арнаған. Табиғаттағы алтын қима туралы талай ғалым зерттегенмен, жалпы ғылымда осы алтын қима тудыратын сұлулық бар ма жоқ па деген сұрақ әлі уақытқа дейін бірегей тоғысқан пікір жоқ. Себебі, алтын қиманы мойындамайды, кейбіреулері алтын қиманы әдемі математикалық есептеулер мен формулалардан ғана көруге болады деп есептейді [Л.Марек-Црняк, 2008].

Алтын қимаға табынушылар да жоқ емес. Канадада алтын қиманың халықаралық клубы бар, сол клубта көптеген ғалымдарымыз бас қосып, өздерінің зерттеулері туралы айтып, қызу талқылайды.

Ресейлік ғалым-математик А.П.Стахов сол клубтың белсенді мүшесі десе де болады, себебі барлық мақалаларында сол клубтың ғалымдарының пікірлеріне рахмет айтып жазған жазбаларынан байқауға болады.

Алтын қиманың математикадағы тың қолданыстары туралы шексіз айта беруге болады. 1976 жылдары осы тақырып мода болып басталғанмен, 2000 жылдардан бергі зерттеулерден көріп отырғанымыздай, алгебраның барлық тараулары мен өлшеу теориясы салаларындағы жаңа қолданыстарына іргелі зерттеулерін арнаған.

Айта кететін болсақ, 2009 жылы А.Беноволи бастаған швейцариялық бір топ ғалымдар «Фибоначчи тізбегі, алтын қима, Кальман сүзгісі және оңтайлы басқару» атты еңбегінде математикалық теориясын дәлелдесе, осы теорияны транспорттық басқару жүйелерінде оңтайлы басқаруға қолданысы туралы қазіргі күнге дейін ойлап табуда. Бұл зерттеуінде Кальман сүзгісі мен Фибоначчи сандары арасындағы байланыс бар екендігі дәлелденді. Нақтырақ айтсақ, әр түрлі шу көздері бірдей дисперсияға тең және олардың кездейсоқ таралуы Кальман сүзгісі бойынша бағаланғанда бағалау коэффициенттері және өлшемдердің дөңес сызықты комбинациясы арасындағы қатыстар Фибоначчи сандарына сәйкес келетіндігі көрсетілген [А.Беноволи, К.Фаринак, 2009].

Бір топ түрік математик-ғалымдары « m модульді үш деңгейлі Фибоначчи қатары» атты еңбектерінде алтын қима әдісімен математикада шешімін таппай жүрген, үшінші ретгі теңдеуді шешуге болатындығын дәлелдеген [Э.Озган, Х.Айдын, Р.Дикичи, 2003]. Осы зерттеу негізінде Фибоначчидің өте үлкен сандарын тез есептеу алгоритмі, дискреттік математикадағы басқа да қолданыстары туралы зерттеулер өз шешімдерін таба бастады.

1982 жылдары биологиядағы қолданыстары туралы жаппай айтыла бастады. Сол кездерде американдық ғалым «Құдай пропорциясының және Фибоначчи қатарының биологиялық мәні» атты мақаласында алтын қиманың стоматология мен ортодонтияда қолданысы туралы алғаш рет

жазды және сол мақалада эстетикалық математика деген ұғым пайда болды, бұл ұғым әдемілік, сұлулықты сипаттайтын алтын қиманың тағы бір көрінісі болатын [М.Роберт, 1982].

Алтын қиманың құндылығы шексіз бола тұра, бұл теорияны жоққа шығарғысы келетіндер де жоқ емес. Бұған мысал ретінде, әйгілі ресейлік лайфхакер А.Вдовенконың «Алтын қима дегеніміз не және ол барлық жерде бар деген дұрыс па?» атты мақаласында алтын қиманың осы уақытқа дейінгі тарихына шолу жасай отырып, оның универсалдылығына шүбә келтіреді. Мысал ретінде алған, теңіз малюскасі-наутилустың бақалшығына байланысты айтылған пікірді: «спираль іспеттес бақалшығының әрбір орамының ішке қарай оралған келесі бөлігінің орамының өлшемдерінің қатынастары 1,618-ге тең болатындығы», басқаша бұрмалау арқылы дәлелдеуге тырысқан. Яғни, әңгімесін бақалшықтың қабықтарының ішке қарай бұрылу коэффициенттерінің қатынастарына қарай бұрмалап жіберген [А.Вдовенко, 2021].

Сонымен қатар, айта кететін жағдай А.Вдовенконың «алтын қима» ол әрдайым орындалмайды деп айтуы да жөн деп ойлаймыз. Себебі, өнер, сәулет, математика, музыка салаларында табиғи жолмен пайда болған туындылардың қатарында, алтын қимаға жауап бермейтін туындылар да болды. Атап айтар болсақ, музыка әлемінде ең алғаш пайда болған, тамаша туынды-симфония болса, музыка әлеміндегі бірнеше дүркін болып жатқан революциялардың нәтижесінде джаз, рок, поп және тағы сол сияқты бағыттар пайда болды, және олар осы уақытқа дейін мәдеиеттің бір бөлшегіне айналған.

Ғалымдардың алтын қимаға арнаған соңғы жылдардағы еңбектері өте көп. Сондықтан да, жаңа теорияларды дәлелдеу үшін алтын қимаға жүгінушілік толастамағанын анық көруге болады. Мысалы, үндістандық ғалымдар өздерінің зерттеулерінде алтын қиманың музыкамен байланысы негізінде, Фибоначчи қатары мен үнді классикалық музыкасының арасындағы байланысты ноталардағы жәй интонация, бірегей темпераменті бойынша кестелік тұрғыда дәлелдеп көрсетеді [МС Синит, Шиха Трипати, КВВ Мурти, 2020].

Канадалық тәуелсіз зерттеушілер өз зерттеулерін алтын қиманың материя мен энергияның алмасуының шекаралық есептерін шешуге арнаған, себебі шекаралық жағдайларда жылудың аз мөлшері мен көп көлемге таралуына қол жеткізеді. Ал, ағылшын ғалымдары, Лондон медициналық колледжінің, хирургия және оба ауруы кафедрасының мамандары Фибоначчи қатарының медицинада қолданысына зерттеулерін арнаған.

Медицинадағы Фибоначчи қатарының қасиеттерінің көптеген табиғи жағдайлардағы кездесуін зерттей отырып, тұқым қуалаушылық

моделдерінде кездесетіндігін дәлелдеген [Хутан Ашрафян, Танос Афанасиу, 2011].

Американдық ғалымдар Фибоначчи сандарын домино, шахмат сияқты ойындардың компьютерлік үлгілерін жасауда, олардың қайтымдылық қасиеттерін қолданған [Джастин М., Ян Чжуан, 2022].

Калифорниялық ғалымдар компьютерлік графикадағы бірінші және екінші дәрежелі Фибоначчи қатарларының қасиеттері мен олардың қолданыстарына арнады. Осы зерттеулерінің нәтижесінде гиперкуб, Фибоначчи кубы және графигі, дәрежелердің тізбегі ұғымдары пайда болды [Омер Эгечиоглу, В. Иршич, 2021].

Көріп отырғанымыздай, алтын қима тақырыбында зерттеулердің барлығы ресейлік және шетелдік ғалымдарға ғана тиесілі. Дегенмен, тарихи құндылықтарын дәріптеуге арналған студенттер мен оқушылардың жобалары жетерлік. Бұл жобаларда ғылыми-математикалық қолтаңба болмаса да, бұрынғы тұжырымдалған теоремаларға сүйене отырып, көптеген өмірдегі қолданыстары туралы баяндалған жұмыстар жетерлік. Тіптен Қазақстанның саяси дамуының өзін алтын қимамен байланыстырған еңбектер де бар. Сол еңбектердің бірінде: «Білікті интернационалдық саясаттың нәтижесінде біз математиктер айтатын алтын қима дейтінге қол жеткіздік деп жазады. Тәуелсіздік жылдарындағы еліміздегі қазақтардың саны 62% -ға жеткендігі туралы айта келе, 62 мен қалған 38 пайыз арасындағы қатыстың $62:38=1,63$ -ке тең болатындығын тілге тиек етеді [Олжас Сүлейменов, 2015]. Ұлы жазушының бұл жазбасынан қазақстан халқы қанша миллионға жетсе де, пайыздық үлесі бойынша қазақтардың саны 62% болғанда ғана демографиядағы даму сапалы болады деп қорытындылауға болады.

Алтын қиманың шыққан уақытынан бері, оның сәулет өнеріне қатысты еңбектер де өте көп. Алтын қиманың сәулет өнеріне қатысы туралы қызықты фактілер өте көп. Біздің заманымызға дейінгі 5-ші ғасырдағы Грецияның Афины қаласында салынған Парфенон храмы туралы өте көп жазбалар бар. Соның бірінде «Сол заманда осындай керемет сәулет ғимаратын алтын қатынас есебімен салу адамзат ойының жүйріктігін көрсетеді.

Жалпы Қағбаның (Меккедегі) ғылыми тұрғыдан зерттелгені белгілі. Ұзақ есептеулер мен модельдеулердің нәтижесінде Мекке, нақтырақ айтқанда Қағба орналасқан жер, бүкіл жердің орталығы екендігі дәлелденген. Егер қолыңызға дүние жүзі картасын алып, ортасынан бүктеп, бір-біріне қосып көрсеңіз бұған оңай көз жеткізуге болады екен. Сондай-ақ, Қағбаның географиялық орналасуы алтын қимаға сәйкес келеді: оңтүстік полюстен Қағбаға дейінгі арақашықтық Қағбадан солтүстік полюске дейінгі арақашықтыққа қатынасы 1,618 тең деп жазылған қызықты фактілір де бар [Л.Алмаханова, 2020].

Әдістері

Жоғарыдағы талданған ғылыми зерттеулерді шолу барысында, барлық нәтижелерге ғылыми негізделген тұжырымдар арқылы қол жеткізген. Натурал қатарлар теориясынан бастау алып, ерекше құрылған, Фибоначчи қатары математиктердің осы теорияны жетілдіруге және қолданыстарына байланысты көптеген зерттеулерін арнаған.

Осы зерттеу тақырыбымызда қол жеткізген нәтижемізге біз де көптеген ғалымдардың жұмыстарына шолу жасау арқылы келдік. Пайымдаулар барысында, өзіміздің айналамыздан алтын қима іздедік. Және оларды таптық та. Мүмкін бұл нәтижелер кейбір кісілер үшін жаңалық болмауы да мүмкін, алайда ізденісіміздің нәтижелі болғанына біз сенімдіміз. Себебі, біздің алған нәтижелеріміз іргелі ғылыми зерттеулердің шынайы фактілерін зерделеу, талдау, саралау, пайымдау арқылы алынды.

Талдау

Дәлелі ретінде айтарымыз, Қазақстанның бас қаласы – Астананың ең көрнекті архитектуралық туындыларында осы қасиетті санға жүгінеді. Және бұл туындылардың негізгі идеялық авторы, Ел басы Н.Ә.Назарбаев. Төменде, сол туындылардың бірнешеуіне тоқталып, «алтын қима» тұрақтысы қалай көрініс беретіндігі туралы баяндаймыз.

Ақ орда монументі (2а-сурет). Биіктігі - 86 м. болатын бұл монументтің негізгі бөлігінің биіктігінің мұнара биіктігіне қатынасы «алтын қима» тұрақтысына тең [ҚР президентінің ресми сайтынан, 2022].

«Байтерек» монументі (2б-сурет). Жалпы биіктігі 97 м. Негізгі бөлігінің биіктігі 86 м. Сыртқы қоршаумен қосқандағы биіктігі 105 м. Бұл сандар арасында «тамаша» тұрақты болып саналатын 1,1 санының қайталануы байқалады [А.Серікжанқызы, 2018].

Бейбітшілік пен келісім сарайы (2в-сурет). Барлығы атайтындай, әлемнің сегізінші таңғажайыбы биіктігі 62 метр және негізіндегі ені де сондай түзу пирамида пошымында салынған. Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайына ұқсас архитектуралық культті нысан бүкіл әлемде жоқ. Бұл құрылыстың бірегейлігі не мақсатпен салынғанда ғана емес, сондай-ақ пирамиданың салыну қағидатына да негізделеді. Оның негізін қыры 61,80339887 метр, биіктігі де 61,80339887 метр шаршы құрайды, бұл «Фибоначчидің алтын қимасы» қағидаттарына сай келеді. Пирамида алаңы 28 мың шаршы метрді, жалпы биіктігі 62 метрді құрайды [Мәдениет картасы, 2023].

Мұндай қатыстарды, «Мәңгілік ел» қақпасының өлшемдерінен де табуға болады. Орта тұсындағы арка ұзындығы 12,4 метрге, ал арканың жоғары тұсы мен қақпа төбесіне дейінгі қашықтық 7,6 метрге тең. Екі шетінде орналасқан мүсіндер биіктігі 6,16 метрге тең, ал мүсіннің жоғары тұсы мен қақпа төбесіне дейінгі арақашықтық 9,9 метрге тең.

Сандық көрсеткіштердің қатынастарын қарастыратын болсақ, $12,4:7,6=1,63$; $9,9:6,16=1,61$ «алтын қима» тұрақтысына жуық сан

болатынын байқаймыз. Демек, Қазақстанда да ел тамсанатындай архитектуралық туындылар бар екенін мақтан тұтамыз.



а) Ақ орда монументі

б) «Байтерек» монументі

в) Бейбітшілік пен келісім сарайы

2-сурет. Астананың ең көрнекті архитектуралық туындылары


Бұндай ізденістер, натурал қатарлар теориясынан бастау алған. Натурал қатардың екі тізбекке жіктелуі мысалын қарастырайық (2-кесте).

2-кесте

Натурал қатардың екі тізбекке жіктелуі

р/с	1	2	3	4	5	6	7	8	..	п-ші мүшесі
Натурал сандар қатары a_n	1	2	3	4	5	6	7	8	...	a_n
Туынды тізбек $b_n = a_n + n$	2	4	6	8	10	12	14	16	...	$b_n = a_n + n$

Көріп отырғанымыздай, туынды тізбектің әрбір мүшесінің мәні, реттік нөмірін екі еселенге тең болды. Осы мысалдың геометриялық жазбасын жасайтын болсақ, пирамида іспеттес қаланған кірпіштей сандар шығады. Алғашқы 6 мүшесі үшін суреттеп көрсетеміз (3-сурет):



3-сурет. Туынды тізбектің геометриялық жазбасы

Суреттен көріп отырғанымыздай, жеті қатардан тұратын үйдің бір бөлігіне ұқсайды. Төменгі қатардың ұзындығы (1-клетка) 21 -ге, келесі қатарлар ұзындығы 13-ке, 8-ге, 5-ке, 3-ке, 2-ге және 1-ге тең екенін байқаймыз. Бұл Фибоначчи қатары, демек осындай заңдылықпен салынған архитектуралық туындылар «тамаша туындыларға» жатады.

Біз осы зерттеу аясында алтын қиманың күнделікті тіршілігіміздің арнасында бар жоқтығы да қызықтырды десек, артық айтпаған болар едік. Күнделікті ішіп-жейтін тамағымыздан бастап, киер киіміміз осы тіршіліктің бір бөлшегі емес пе?! Осы орайда, тамақтардың сапасына қойылатын «алтын сапа» термині ойымызға келетіні анық. Мысал, ретінде күнделікті қолданыстағы сүт және ет өнімдерінің сапасына алтын қиманың қатысы бар ма, жоқ па соны көрмекшіміз. Біз бұл өнімдерді даярлаумен айналыспаймыз, сондықтан салалық анықтамалық әдебиеттерге жүгінеміз [Бейне-дәріс, 2022].

Сүт өндіру. Тығыздығы (+20⁰С кезіндегі үлес салмағы) ареометрмен анықталады. Қолданыстағы сүтте ол 1,027-1,033 аралығында өзгеруі мүмкін. Сүттің табиғилығын анықтау үшін тығыздық көрсеткіші қолданылады. Су қосылғанда тығыздық азаяды, майлылығы жоғарылаған сайын, ол көрсеткіш те артады. Сүттің құрамындағы альбуминдер-ең қарапайым табиғи глобулярлы белоктар. Альбуминге еритін белоктар тобындағы түйіршіктер кіреді, бірақ олардан, суда еріту қабілетімен ерекшеленеді. Осыған байланысты біз сүт тығыздығының альбумин тығыздығына қатынасын қарастырдық. Нәтижелер 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте

Сүт тығыздығының альбумин тығыздығына қатынасы

1,618-ден аз	1,618-ге тең	1,618-ден көп
Сүттің тығыздығы: 1,028 кг/м ³ , ал сүттегі альбуминнің тығыздығы 0,748 кг/м ³ . Қатынасы=1.028/0.748=1.3747. Бұл нәтиже сүттің құрамындағы судың көптігін білдіреді.	Сүттің тығыздығы: 1,028 кг/м ³ , ал сүттегі альбуминнің тығыздығы 0,635 кг/м ³ . Қатынасы=1.028/0.635=1.618. Бұл нәтиже сүттің құрамындағы судың қалыпты екендігін білдіреді.	Сүттің тығыздығы: 1,028 кг/м ³ , ал сүттегі альбуминнің тығыздығы 0,056 кг/м ³ . Қатынасы=1.028/0.056=1.832. Бұл нәтиже сүттің сумен сұйылтылғанын немесе ауру малдан алынғандығын білдіреді.

Келесі тәжірибені ет өніміне арнаймыз.

Ет өндірісі. Біз көп мөлшердегі майлы етті жеудің жүрек-тамыр жүйесі ауруларының дамуына немесе аурудың өршуіне әкелетінін білеміз. Бұл еттегі холестериннің өте көп мөлшерде болуымен, ал талшықтардың ет құрамында өте аз болуымен түсіндіріледі. Тәжірибелік жағдайда алынған көрсеткіштерді зерделеу арқылы қалыпты жағдайда, майлы және майсыз ет холестеринінің целлюлозаға қатынасын қарастырдық. 4-кестеде нәтижелерін көрсетеміз.

4-кесте

Майлы және майсыз ет холестеринінің целлюлозаға қатынасы

1,618-ден аз	1,618-ге тең	1,618-ден көп
Майсыз еттің холестерині: 42%. Целлюлоза: 32,94%. Қатынас=42/32.94=1.27 5.	Қалыпты еттің холестерині: 50%. Целлюлоза: 30,90%. Қатынас=50/30.90=1.61 8.	Майлы (шошқа) еттің холестерині: 70%. Целлюлоза: 37,43%. Қатынас=70/37,43=1.8 7.

Қазіргі кезеңде адамдардың ойланбай араласуының нәтижесінде табиғаттың теңдігі бұзылып, адамзат зардап шегуде. Бұл құбылыс математикалық «теңдеу» ұғымының «теңсіздік» ұғымына айналуы іспеттес. Мысалы: Арал экологиясының бұзылу салдарынан су құрамында табиғи мөлшерде болуға тиісті тұздардың көбейіп немесе азайып кетуінің, яғни теңдіктің бұзылуынан Қазақстан және Орта Азия елдері ғана емес бүкіл дүние жүзі зардап шегуде.

Мысалы, таза судың құрамындағы сульфаттар мен құрғақ қалдықтың мөлшерін есептеуге арналған есепті қарастырайық. Бұл есеп күнделікті газет беттерінде жарияланатын СЭС-тің су сапасын тексеру қорытындысына негізделіп құрастырылған. Әдетте, бұндай СЭС қорытындысы және экономикалық ахуалдар туралы жазбаларға көз жүгіртемізде қоямыз, тіптен кей оқырмандарды бұл жазбалар қызықтырмайды да. Ал, біз үшін бұл жазба қорытындысынан құралған есептерді шығара отырып, қаншалықты күнделікті тұтынып отырған судың ластығына көз жеткізіп қана қоймай, таза су құрамындағы сандық көрсеткіштердің арасындағы қатынастар алтын қиманы құрайтындығы туралы нәтиже алдық.

Есеп. СЭС-тің су сапасын тексеру қорытындысында сульфаттар мөлшері 6,6 есеге, құрғақ қалдық мөлшері 1,1 есеге көбейгенін көрсетті. Бұл қалыпты жағдайдан (таза судағы мөлшерінен) 2900 мг/л-ге көп. Сульфат пен құрғақ қалдықтың таза судағы мөлшері қандай болу керек деген сұрақты өзімізге қойдық.

Шешуі: x_1 сульфаттар

x_2 -құрғақ қалдық мөлшері болсын.

Есептің шарты бойынша

$$\begin{cases} x_1 + x_2 \leq 1500 \\ 6,6x_1 + 1,1x_2 \leq 1500 + 2900 \end{cases}$$
$$\begin{cases} x_1 + x_2 \leq 1500 \\ 6,6x_1 + 1,1x_2 \leq 4400 \end{cases}$$

Жүйенің шешімі: $x_1 \leq 500$; $x_2 \leq 1000$

Яғни таза судағы сульфаттар мөлшері 500 мг/л- ден құрғақ қалдық мөлшері 1000 мг/л-ден аспау керек.

Бізді қызықтыратыны осы сульфаттар мен құрғақ қалдық мөлшерінің таза судағы басқа құрамдарымен қатыстары. Мысалы, ауыз судың кермектілігін анықтайтын кальций және магний тұздары тым аз болса, адам сүйегінің сынғыштығы басым болады, ал фтордың азаюы, кариес қаупін, темір, мыс жетіспеушілігі анемияның туындауына, никельдің кем болуы көз ауруларына шалдығатындығының басты шарттары екен. Міне осы айтылған судың құрамдас бөліктері барлығының 38,2 % құрайды екен. Бұл жерде де алтын қима бар.

Жалпы барлығымызға мәлім дерекке сүйенетін болсақ, барлық тірі ағзалардың 60 %-дан астамы судан тұрады екен. Бұл алтын қиманы береді. Демек, адам ағзасындағы су құрамының алтын қимадан ауытқуы көптеген аурулардың пайда болуына бірінші кезекте себепші болады. Қазақтар: «Ауру астан, дау қарындастан», - деп бекер айтпаса керек.

Осыған ұқсас нәтижелерді тұтыну өнімдері бойынша да жасауға болады. Мәселен тұтыну өнімдерінің А, В,С және Д сортқа бөлінуінде үлкен сыр бар. Оларды әдетте, олардың сапасына байланысты айтамыз. Сапалық көрсеткіштері болып табылатын, сандық мағыналарына талдау жасайтын болсақ, олардан алтын қиманы оңай таба аламыз.

Қорытынды

Жоғарыда қарастырған зерттеу нәтижелері, айналамыздан тапқан «алтын қиманың» аз бөлігі ғана. Алтын қимаға байланысты көптеген ғылыми нәтижелер бар. Соларға сүйене отырып, шексіз көп алтын қимаға қатысты қолданыстарды айта беруге болады. Ғажабы, өзің көріп жүрген дүниелерге сапалық деңгейде қайта баға бере алатындығымызда.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін математикаға қызығушылық танытқан, бастауыш сынып оқушыларына, сыныптан тыс және үйірме жұмыстарында қолдануға болады.

Аңдатпа. «Алтын қима» ұғымының пайда болған уақытынан бері ғасырлар өтсе де, өзінің құндылығын, қолданбалылығын жойған жоқ. «Құдай жаратқан үйлесім» деген атқа ие болған, қарапайым бөліктер мен бүтіндер арасындағы қатынас ережесі, барлық салада әсемдік пен симметрияның үлгісі іспеттес. Зерттеу тақырыбы алтын қиманың тарихына қарай ойысса, ол туралы өзінің шығу тарихы ежелгі ұғым болса,

соншалықты ол туралы айта беруге болады. Фибоначчи қатарының әрбір элементі арасындағы ерекше қатыспен өрнектелген бұл тұрақтының осы кезге дейінгі өміршеңдігінің қандай құпиясы бар?! Дегенмен де, біз бұл жолы тарихынан бұрын, оның қолданыс аясының кеңдігі туралы айта отырып, өзіндік ой-тұжырымдарымызбен бөліспекшіміз. Мақалада алтын қима қолданысының белгілі бір салалық қолданысы туралы емес, жалпы қолданыстары туралы баяндалады. Себебі, бізді бұл тақырыпқа жалпы, өз тарапымыздан қызығушылық алып келді. Айта беретін алтын қима құпиясы неде деген сұрақтарға жауап алғымыз келді. Алынған нәтижелері мен қолданыстары туралы тың пікірлердің шынайылығына, өлшеу және есептеу құралдарын қолдана отырып, көз жеткіздік. Алған нәтижелеріміз, алтын қиманың қолданыстарын шексіз айналамыздан таба алатындығымызға сендірді.

Кілт сөздер: Фибоначчи қатары, РНІ саны, «алтын қима», құпиялары, қолданыстары.

Аннотация. Хотя со времени возникновения понятия «Золотое сечение» прошли века, оно до сих пор не утратило своего значения и широкий спектр применения. Если тему исследования посвятить истории возникновения и развития понятия золотого сечения, то о нем можно говорить и писать бесконечно, так как история его возникновения является древним. Однако, мы не собираемся рассказывать об истории возникновения и развития понятии золотого сечения. Мы хотим поделиться своими мыслями, параллельно рассказывая о широком спектре его применения. В статье речь пойдет не о конкретном отраслевом использовании, а о некоторых использовании золотого сечения. Так как к этой теме нас привел общий интерес к понятию золотого сечения. Исследуя эту тему мы хотели получить ответы, на вопрос в чем секрет золотого сечения. Для себя нашли новые применения, и убедились в достоверности полученных результатов, используя измерительные и расчетные средства. Результаты полученные нами еще раз нас убедило в том, что можем найти применение золотому сечению в нашем бесконечном окружении.

Ключевые слова: ряд Фибоначчи, число РНІ, «золотое сечение», секреты, приложения

Abstract. Although centuries have passed since the emergence of the concept of the Golden Ratio, it still has not lost its significance and wide range of applications. If the topic of research is devoted to the history of the emergence and development of the concept of the golden ratio, then one can talk and write about it endlessly, since the history of its occurrence is ancient. However, we are not going o talk about the history of the emergence and development of the concept of the golden ratio. We want to share our thoughts

while talking about its wide range of applications. The article will not focus on a specific industry use, on some uses of the golden ratio. Since the general interest in the concept of the golden ratio led to this topic. Exploring this topic, we wanted to get answers to the question of what is the secret of the golden ratio. They found new applications for themselves, and made sure of the reliability of the results obtained, using measuring and calculation tools. The results obtained by us once again convinced us that we can find application for the golden ratio in our infinite environment.

Keywords: Fibonacci series, PHI number, golden ratio, secrets, applications.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

[1] Alexey Stakhov. The golden section, secrets of the Egyptian civilization and harmony mathematics// Chaos, Solitons & Fractals, Volume 30, Issue 2, October 2006, Pages 490-505.

[2] L.Marek-Crnjac. The Golden Section: Nature Greatest Secret// Chaos, Solitons & Fractals, **Volume 35, Issue 2**, January 2008, Pages 423-424.

[3] **A.Benavolia L.Chiscib A.Farinac** Fibonacci sequence, golden section, Kalman filter and optimal control//**Signal Processing, Volume 89, Issue 8**, August 2009, Pages 1483-1488.

[4] **Engin Özkan, Hüseyin Aydın, Ramazan Dikici.** 3-Step Fibonacci series modulo m // Applied Mathematics and Computation, **Volume 143, Issue 1**, 20 October 2003, Pages 165-172.

[5] Robert M.Ricketts. The biologic significance of the divine proportion and Fibonacci series// American Journal of Orthodontics, **Volume 81, Issue 5**, May 1982, Pages 351-370.

[6] Вдовенко А. Что такое золотое сечение и правда ли оно повсюду // *Лайфхакер*.

[7] M.S.Sinith Shikha, Tripathi, K.V.V.Murthy. Raga recognition using fibonacci series based pitch distribution in Indian Classical Music // *Applied Acoustics*, Volume 167, October, 107381.

[8] Hutan Ashrafian MRCS Thanos Athanasiou FETCS. Fibonacci Series and Coronary Anatomy // *Heat Lung and Circulation*, **Volume 20, Issue 7**, July, Pages 483-484.

[9] **Justin M.Troyka Yan Zhuang.** Fibonacci numbers, consecutive patterns, and inverse peaks // *Applied Mathematics and Computation*, **Volume 141**, October, 102406.

[10] **Ömer Eğecioğlu VesnaIršič.** Fibonacci-run graphs II: Degree sequences // *Applied Mathematics and Computation*, **Volume 300**, 15 September, 56-7.

[11] Ömer Eğecioğlu, VesnaIršič. Fibonacci-run graphs I: Basic properties // *Applied Mathematics and Computation*, **Volume 295**, 31 May, 70-84.

- [12] Сүлейменов О. Алтын қима. Назарбаевпен қалай өсіп-өркендедік // *Қазақ әдебиеті*, 20 тамыз.
- [13] Алмаханова Л. Қағбаның қандай құпиясы бар? // Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының ресми сайты. 5 наурыз, 2020.
- [14] Ақорда // ҚР президентінің ресми сайты.
- [15] Сейтжанқызы А. 300 тонна шарды көтеріп тұрған «Астана-Бәйтерек» монументі жайлы не білеміз// КАЗИНФОРМ, 31 мамыр, 2018.
- [16] Ескерткіштер. Бейбітшілік пен келісім сарайы. // Мәдениет картасы.
- [17] Сүттің тығыздығын қалай анықтауға болады // *Бейне-дәріс*, 23 ақпан.

References

- [1] Alexey Stakhov. The golden section, secrets of the Egyptian civilization and harmony mathematics// *Chaos, Solitons & Fractals*, Volume 30, Issue 2, October 2006, Pages 490-505.
- [2] L.Marek-Crnjac. The Golden Section: Nature Greatest Secret// *Chaos, Solitons & Fractals*, **Volume 35, Issue 2**, January 2008, Pages 423-424.
- [3] A.Benavolia L.Chiscib A.Farinac. Fibonacci sequence, golden section, Kalman filter and optimal control//*Signal Processing*, **Volume 89, Issue 8**, August 2009, Pages 1483-1488.
- [4] Engin Özkan, Hüseyin Aydın, Ramazan Dikici. 3-Step Fibonacci series modulo m // *Applied Mathematics and Computation*, **Volume 143, Issue 1**, 20 October 2003, Pages 165-172.
- [5] Robert M.Ricketts. The biologic significance of the divine proportion and Fibonacci series// *American Journal of Orthodontics*, **Volume 81, Issue 5**, May 1982, Pages 351-370.
- [6] Vdovenko A. Chto takoe zolotoe sechenie i pravda li ono povsyudu//Lajfhaker.
- [7] M.S.Sinitha Shikh, Tripathi K., V.V.Murthy.Raga recognition using fibonacci series based pitch distribution in Indian Classical Music//*Applied Acoustics* Volume 167, October 2020, 107381.
- [8] Hutan Ashrafian MRCS Thanos Athanasiou FETCS. Fibonacci Series and Coronary Anatomy//*Heat Lung and Circulation* Volume 20, Issue 7, July 2011, Pages 483-484.
- [9] Justin M.Troyka Yan Zhuang. Fibonacci numbers, consecutive patterns, and inverse peaks// [Applied Mathematics and Computation Volume 141](#), October 2022.
- [10] Ömer Eğecioğlu, VesnaIršič. Fibonacci-run graphs II: Degree sequences//[Applied Mathematics and Computation Volume 300](#), 15 September 2021, Pages 56-71.
- [11] Ömer Eğecioğlu, VesnaIršič. Fibonacci-run graphs I: Basic properties// [Applied Mathematics and Computation Volume 295](#), 31 May 2021, Pages 70-84.
- [12] Сүлейменов О. Алтын қима. Назарбаевпен қалай өсіп-өркендедік//*Қазақ әдебиеті*, 20.08.2015.
- [13] Алмаханова Л. Қағбаның қандай құпиясы бар? // Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының ресми сайты.5 наурыз, 2020.
- [14] Ақорда. //QR президентінің ресми сайты, 2022.

[15] Serikzhanqyzy A. 300 tonna shardy ko`terip turgan «Astana-Ba`jterek» monumenti zhajly ne bilemiz // KAZINFORM, 31 mamyr, 2018 //Uikipediya, ashlyq enciklopediyasy, 18.09.2022.

[16] Eskertkishter. Bejbitshilik pen kelisim sarajy. //Madeniet kartasy, 2021.

[17] Suttin tyqyzdyqyn qalaj anyqtauqa bolady. //Bejne-daris, 23.02.

16.21.47 (МРНТИ)

ШЕТ ТІЛІНЕН ЕНГЕН НЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кәрімбердиева Шапағат Мейрамбекқызы

Қорқыт Ата атындағы ҚУ

КЯЛ-21-5 оқу тобының студенті,

Әбенова Гүлмира Әбенқызы

ғылыми жетекші, Филология ғылымдары магистрі,

«Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика»

БББ

Неологизм – (гр. neos – жаңа, logos – сөз) – қоғамдағы саяси, мәдени, экономикалық қатынастардың, ғылым мен техниканың дамуына байланысты тілге енген жаңа сөздер мен сөз тіркестері, фразеологиялық оралымдар.

Соңғы онжылдықтардағы неология мәселесі бойынша жүргізілген көптеген зерттеулерге қарамастан, зерттеу объектісін нақты анықтау мәселесі маңызды міндеттердің қатарында. Кез келген типтегі инновацияны білдіру үшін көбінесе неологизм термині қолданылады. «Неологизм» сөзі алғаш рет 1735 жылы француз тілінде пайда болған. Кейін француз тілінен ағылшын тіліне «жаңа сөздерді, тілдегі инновацияларды қолдану әдеті, сонымен бірге жаңа сөз немесе сөйлемше» деген мағынада енген. Әр түрлі энциклопедиялық сөздіктерде «неологизм» терминіне түрлі анықтамалар беріледі. БЭС және орыс тілінің энциклопедиясында «неологизм» дефинициясы кез келген тілде белгілі бір кезеңде пайда болған немесе кез келген мәтінде немесе сөйленімде бір рет қолданылған сөз, сөздің мағынасы немесе сөз тіркестері ретінде түсіндіріледі. Лингвистикалық терминдер сөздігінде ғалым Д.Э. Розенталь: «неологизм» термині жаңа зат белгісін немесе жаңа ұғымды атау үшін пайда болған сөз және сөз айналымы», - деп анықтама береді [3]. «Неологизм» ұғымына анықтаманы ағылшын тілінің энциклопедиясынан және «Ағылшын сөздері» атты оқу құралынан көруге болады. Энциклопедияда «неологизм» ұғымы жаңа сөз немесе көне сөздердің жаңғырған мағыналары ретінде беріледі. Кейбір лингвист ғалымдар неологизмді денотативті белгісі бойынша анықтап, бұл

категорияға мәдениеттің, ғылымның, техниканың және т.б дамуымен байланысты тілде пайда болатын жаңа реалийлерді білдіретін сөздерді жатқызады. Ал Р.Ю. Намитокова, И.Б. Голуб, Н.М.Шанский неологизмге анықтама бергенде оның жаңашылдық белгісін (новизна) негізге алу керектігін айтады. Мысалы, И.Голубтың жұмыстарында «неологизм— жаңашылдық реңкі сақталған сөздер», – деп айтса, Н.М.Шанский: «Неологизмдер – тілімізде тілдік бірліктер ретінде пайда болған, бірақ актив сөздік қорға ене қоймаған сөздер. Тілде өз орнын таппайынша, лексиканың белсенді қорына енбейінше, жаңашылдық реңкі бар сөз ретінде қабылдануына қарай олар тек неологизм болып қала береді», – дейді. Алайда, көптеген жаңа сөздер тілімізге бірден еніп, оның жаңашылдығы жоғалса, ал енді бірі тілден шыққандай болады.

Кейбір лингвистер неологизмнің сөздікке енбеуін неологизмнің жаңашылдығының критерийі ретінде ұсынады. Бірақ бұл сенімді критерий емес. Бұл критериді негізге алған жағдайда, сөздікке абайсызда енбей қалған сөздерді де, авторлар қандай да бір себептерден саналы енгізбеген сөздерді де жатқызатын болады.

Ғалым В.В.Виноградов, Г.М.Степанов жаңа сөз бірліктері деп тілде белгілі бір уақыт шегінен кейін пайда болған сөздерді атайды. Сөздің пайда болу кезеңі дәл көрсетіледі. Сонымен қатар әрбір жаңа сөздің өмір сүру деңгейі өзгеріп отыруы мүмкін: кейбір ұғымдардың атауы болып табылатын сөздер сол ұғым қолданыстан шығып қалғанда, онда олар уақыт өте келе белсенді сөздік қордан шығады. Нақты бір уақытта жаңа сөз болып саналатын сөз кейін барып пассив қорға ауысады. Сөйтіп, тіл тасымалдаушылары жаңа сөзді қанша уақыт жаңа ретінде қабылдайтындығы неологияның тағы бір мәселесі болып қала бермек.

В.И.Заботкина кез келген жаңа сөздің тілдік сана сол сөзді жаңа сөз ретінде қабылдауын тоқтатқанға дейін жаңашылдық сипаты, жаңашылдықтың уақытша коннотациясы болатынын айтады. Бірақ бұл пікірді ғылыми критерий ретінде қабылдай алмаймыз, өйткені бұл субъективті пікір. Кейбір ғалымдар пайда болған жаңа сөздің немесе сөз тіркесін неологизм екендігін анықтаудың нақты мерзімін көрсетеді. Осылайша Г.Д.Маслова жаңа сөздің пайда болу шегін ғарышты игерумен яғни, 1957 жылғы алғашқы жер серігінің іске қосылуымен байланыстырады.

К.Барнхарт сөзді жаңа лексика категориясына жатқызудың критерийі болып табылатын уақыт шегі ретінде 1963 жылды алады. Дж.Эйто «Ағылшын тілінің жаңа сөздер сөздігінде» ағылшын тілді баспасөздерде жаңа лексиканы анықтауда өткен ғасырдың 80 жылдарымен шектеледі. В.И.Заботкина «Қазіргі ағылшын тілінің жаңа лексикасы (прагматикалық аспект)» еңбегінде Барнхарт пен Берчфилдтің сөздігіне енген көптеген сөздер жаңа сөз ретінде қабылданбайтындығын айтады. Себебі ол сөздерді тіл тасымалдаушылары екі онжылдықтың шамасында қолданып келе

жатқандықтан, олар жаңашылдықтың уақыт коннотациясын жоғалтқан. Нео – грек тіліндегі neos – жаңа деген сөзден шыққан күрделі сөздің бөлігі. Сондықтан да неологизм – жаңа сөз не жаңа айтылым, болмаса ескі сөздің жаңа мағынасы дегенді білдіретін терминде де, неология – жаңа сөздер туралы ілім деген мағынаны білдіретін терминде де құрамдас бөлік сапасында кездеседі.

Қазақ тіл білімінде де неологизм мәселесі біршама қаралған. Ғалым Ә.Болғанбаев «Қоғамдық қатынастар, ғылым мен техника, мәдениет пен шаруашылықтың дамуымен байланысты тілде пайда болған жаңа сөздер мен сөз тіркестері неологизмдер деп аталады» деген анықтама береді [4].

Тіл білімі сөздігінде жаңа сөзге мынадай анықтама беріледі: «Неологизм (грек. neos – жаңа+iogos – сөз) – жаңа бір затты атау үшін немесе жаңа ұғымды білдіру үшін белгілі бір кезеңде пайда болған сөздер немесе сөз тіркестері. Жаңа сөз кең ауқымда қолданыла бастағаннан кейін ол неологизм болудан қалады. Байырғы сөзге жаңа мағына беру, жаңа сөздер мен кірмелер неологизмнің қайнар көзі бола алады» [13].

Ал Ф.Оразбаева, Б.Қасым, Қ.Есенова, Г.Сағидолда, А.Қобыланова, Ұ.Исабекова, Қ.Қасабек, Ж.Балтабаева, Қ.Мұхаммади, Р.Рахметова, Ж.Көпбаева: «Неологизмдер – бүгінгі қазақ қоғамының рухани және заттық әлеміне енген жаңалықтарды бейнелейтін, қазақ тілінің лекикалық қазынасын толықтыратын жаңа тілдік бірліктер», - деп анықтама береді [11]. Сонымен қатар жаңа қолданыстарды зерттеуші ғалымдардың бірі – Қ.Қадырқұлов неологизмдерді жаңа сөз және жаңа сөз қолданыстар деп екі топқа бөледі. Бұндағы «жаңа сөздер дегеніміз – жаңа мазмұн мен жаңа формада тілімізге басқа тілден өзгеріссіз не дыбыстық өзгерістерге ұшырап енген сөздер. Жаңа сөз қолданыстар дегеніміз – жаңа мазмұны мен ескі формада немесе ескі мазмұн мен жаңа формада, басқа тілден енген сөздердің жаңаша қолданысқа түсуі» — десе, ал жеке автордың қолданысында пайда болатын сөздерге «...жаңалық сипат беру шамалы, өйткені ол сөз контекстен тыс ешқашан қолданылмауы мүмкін», — дейді [7]. Р.Сыздықтың айтуынша: «Тілдік жаңа бірліктердің ең үлкен тобы – жаңа сөздер. Олардың әдетте неологизмдер деп аталатыны белгілі. Неологизмдер жеке тұлғалар болып келеді. Олардың бір типі (түрі) «қолдан жасалған» жаңа тұлғалар, мұндай жасанды сөздер тілде бар сөзге жұрнақ, жалғау арқылы (өтіл стаж, салым вклад, салымшы вкладчик, бітімгерлер миротворцы, баспагер издатель; ауысым смена; ғаламдану, жаһандану), екі сөзді біріктіру арқылы (тұсаукесер, орамжапырақ, ақуыз, оттамыздық, орынтақ), екі үш сөзді тіркестіру арқылы (атаулы көмек, жабық есік жағдайында, тұтыну қоржыны); тілде бар сөздің мағынасын ауыстыру арқылы (желі интернет желісуі, қол жинау (сайлауда); қарымта кездесулер (спортта), сыбайлас жемқорлық, еншілес кәсіпорын, қаракөздер; сөз тұлғасын сәл өзгертіп, ықшамдап біріктіру арқылы (елтаңба, әнұран, орамжапырақ, орама, орамдалған жапырақтар капуста);

түпдерек (түпкі дерек) пайда болған жеке сөздер.

Неологизм – жаңа дәуірде жаңадан пайда болған сөздер болса, біздің әрбір жаңа кезеңдерімізде пайда болған жаңа сөздердің бәрі – орыс тілінен не сол арқылы басқа шет тілдерден енген сөздер. Октябрь революциясынан кейінгі кезде шығыс халықтары тілдерінен сөз ауысу процесі байқалмайды, яғни тоқыраған. Неологизмдердің бір тармағы – жаңа сөздердің бұрын лексикалық қорымызда болмағандығын ескерсек, олардың қай тілден енгендігі жөніндегі ұғым қатар жүреді. Тілдің байырғы сөздік қорына сол тілде жаңа сөз жасап қосу – ұзақ жылдарды қамтитын құбылыс. Абай мен Мұхтардың тілінен қазақ тілінде бұрын болмаған сөздер табу қиын. Ал сөздердің мағынасын құбылта түрлендіріп, жаңа қолданысқа түсіру – тіл шеберлерінің басты ерекшелігі. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздердің бәрі – орыс тілді негізде енген сөздер. Олардың бір тобы үндестік заңының ықпалымен дыбыстық өзгерістерге ұшырап еңсе (тарелке, бәтешке, самаурын, сот), екінші бір тобы орыс тіліндегі түр-тұлғасын ешбір өзгеріссіз сақтап енді (колхоз, совхоз, завод, фабрика, театр). Қазақ тілі лексикасына орыс тілінен енген сөздерді кейбір зерттеушілер 4 кезеңге бөліп қарайды:

1-кезең – XVIII ғасырға дейін;

2-кезең – XVIII ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейін;

3-кезең – XIX ғасырдың екінші жартысынан Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін;

4-кезең – Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі дәуірді қамтиды.

Бұған қосарымыз – Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі орыс тілі арқылы жаңа сөз қабылдау кезеңі. Бұл – бесінші кезең.

Ғалымдардың пікірі әртүрлі. Жаңа сөздің жаңалық сипатқа ие болуы үшін халыққа түсініктілігі қажет. Бір ғана мысал, экология сөзі Арал мен Семейдің тағдыры тұйыққа тірелгенге дейін жалпыхалықтық дәрежеге жеткен жоқ. Қазір осы жаңа сөз арқылы жасалған жаңа қолданыстағы экологиялық сауатсыздық, экологиялық сауықтыру, экологиялық апат, экологиялық ауыртпалық, экологиялық қасірет сияқты тіркестер бар.

Жаңа сөз баршаға түсінікті болғаннан кейін оның жаңалық сипатын жоя алмаймыз. Керісінше, түсінікті болғаннан кейін ғана жаңа сөз қатарына қосылады. Жиі қолданылатын сөздер қатарына жататын неологизмдер – жаңа сөздер екені рас. Бұл – жаңа сөздердің төртінші анықтағыш – белгісі. Жаңа сөздердің жаңа мазмұны мен түр-тұлғасының (формасының) ескіріп, байырғы лексикалық қорымыздың қатарына қосыла қоюы – ғасырлар өлшемі. Негізінен жаңа сөздер (жаңа қолданыстар емес) – басқа тілден енген сөздер. Мәселен жаңа сөздердің бір қалыптылығы мен құбылмалығы жөнінде болса, оның бірнеше себептері бар:

✚ Жаңа сөздердің историзм сөздерге айналу құбылысы. Бұл

құбылыстың басты себебі – қоғамдық-саяси өзгерістер. Жаңа қоғам ескі қоғамның жаңа сөздерін қажет етпейді. Бұрын неологизмдердің негізі болып келген коммунист, комсомол, пионер, социализм, съезд, бюро секілді сөздер Кеңес Одағымен бірге историзм сөздер қатарына толтырды.

- ✚ Историзм сөздердің жаңа сөздерге айналу құбылысы. Бұл да заман талабына сай туындайды. Орыс тілінің өзінде историзмге айналған гимназия, лицей сөздері қазір жаңа сөздер қызметінде жұмсалады.
- ✚ Ғылыми-техникалық саладағы жаңа сөздер нақтылы жаңа заттық ұғымның атауы болғандықтан тұрақты.

Қоғамдық-саяси ұғымдағы жаңа сөздер негізінен құбылыс атаулары болғандықтан, қоғамға байланысты кейде өзгеріп, жаңғырып отырады.

Сонымен, жаңа сөздердің анықтағыш – белгілері төмендегідей:

- Уақытқа, яғни белгілі бір кезеңге қатыстылығы;
- Тілімізде бұрын болмауы, яғни басқа тілден ену сипаттылығы;
- Жаңа мазмұн мен жаңа түр-тұлғаны (форманы) иеленуі;
- Тілімізде жиі қолданылатын сөздер (актив сөздер) қатарына енуі.

Тілдің қалыптасып, дамуы ең алдымен қоғамдық ой-сананың кемелденуіне, халықтың мәдени өрлеуіне, әсіресе көркем әдебиеттің кең өріс алуына тікелей байланысты. Көптеген лингвист-ғалымдар айтып-жазып жүргендей, тілдің дамып-жетілуі тарихи категория екені даусыз. Ол өзінің сан ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи бітім- болмысына қарай, ішкі даму заңдылығы бойынша өркендеп жетіледі. Солай бола тұра оған тарихи кезеңдердегі түрлі себеп-салдардың әсерінен қалыптасатын саяси-әлеуметтік жағдайдың да өзіндік ықпалы болады. Тілді ұлттан, ұлттық мәдениеттен, ұлт өмір сүріп отырған қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастан бөліп қарау мүмкін емес дейтініміз содан.

Қазақ пен орыс халықтары қонысы мен өрісі ежелден іргелес көрші елдер, бұл елдердің арасындағы сауда-саттық, шаруашылық пен мәдени байланыстар өте ерте кезден дами бастағандығы белгілі. XVI- XVII ғасырларда сауда-саттықпен байланысты қарым-қатынастар күшейе түссе, XVIII ғасырлардың 30-ыншы жылдарынан бастап Қазақстанның Ресей империясына бағынуы бұл байланыстарды одан әрі нығайта түскен. Осындай ұзақ уақыт үздіксіз қарым-қатынаста болу нәтижесінде орыс тілінен қазақ тіліне көптеген сөздер ауысқан.

Қоғамның дамуының әр кезеңінде тілге енген өзгерістерді байқаймыз. Сонымен байланысты тілдің сөздік құрамы да молайып отырады. Жаңа ұғымдар пайда болады. Тілдің сөздік құрамына тән қасиет туынды жаңа сөздермен толығып, үнемі дамуда болады. Бір сөздер қолданысқа жаңадан еніп жатса, кейбіреулері күнделікті қолданудан қалады. Ғылым мен техниканың, өндіріс пен ауыл шаруашылығының, мәдениет пен тұрмыстың канат жайып, дамыған шағында жаңа ұғымдарды білдіретін жаңа сөздер тілге топтап енеді. Ауызша енген сөздердің көпшілігі тұрмыс

қажетіне, мәдениетке қатысты атаулар болса, жазбаша енген неологизм ғылым мен техниканың жетістіктеріне қатысты болып келеді. Ондай сөздер де көпке таныла бермегендіктен жаңа сөздер қатарына жатады.

Бүгінгі неологизм деп таныған сөзіміз 5-10 жыл өтісімен-ақ, неологизмдердің тізімінен шығып актив сөздердің қатарына барып қосылып жатады. Мысалы, Ш.К.Бектұровтың 2006 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі» кітабында: сынып, әуежай, әдістеме, заңгер, сыйақы, төлемақы, дереккөз деген сөздер неологизм сөздер деп жазылған. Осы терминдердің өзі соңғы кезде ғана пайда болғандығына қарамастан, кейбіреулері қазірдің өзінде неологизмдер тобынан актив сөздердің қатарына қосылды. Сонда неологизмдерге шек қойып ажыратудың өзі өте қиын екендігін аңғарамыз. Мұндағы ұстайтын негізгі принцип жаңа сөздің жеке басы бір тілде сөйлеушілерге қаншалықты түсініктілігімен ғана өлшенбек.

Кейінгі уақытта да неологизмдердің қатары толықтырылып отыр. Мысалы, компьютердің қолданылуына байланысты цифрлық-интерактивтік мультимедиалық білім беру қоры, электронды оқулықтар, IT, TD технологиялар, интерактивті тақта және т.б. сол сияқты ұғымдарды білдіретін сөз тіркестерін бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінен кездестіруге болады.

Соңғы жылдары қазақ тілінің мәртебесі өсіп, қолданылу аясының кеңеюіне байланысты орыс тілдерінде қолданылып жүрген сөздер де өз аудармаларын табуға. "Ертіс өңірі" газетіндегі 2013 жылдың 21 тамызында жарық көрген мақалада: "Шалғай жатқан елдімекендердің тұрғындарына мемлекеттік қызмет көрсетудің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында мобильдік қызмет көрсету орталығы ашылған " -деген сөйлемде мобильдік қызмет көрсету орталығы жаңа сөз тіркесін мысалға алуға болады [6]. "Егемен Қазақстан" газетінің 41 нөміріндегі: басқосу (съезд), жемқорлық (коррупция) сөздері, "Қазақстан - заман" газетінің 16 нөмірінде: зияткер, таңба, әмбебап, ауқым -деген жаңа сөздер кездесті. [5; 9]. Бұл сөздер бұрын-сонды қоғамда интеллектуал, символ, универсал, диапазон деп орыс тілінде қолданылып жүрген. Ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен анықтама алсақ, бұл сөздердің бастапқы мағынасы басқа болғанын байқаймыз. Әмбебап сөзі жан-жақты, бесаспап, зияткер сөзі азаматтық мүліктік құқықтар нысаны, жеке немесе ұжымдық зияткерлік еңбектің нәтижелеріне айырықша меншік дегенді білдіреді [8].

Неологизмдердің тағы бір жолы: бұрыннан тілде бар атауларды жаңартып, ескіні жаңғыртып, жаңаша мән беріп, түрлендіріп қолдану негізінде пайда болады. Мұндай сөздер қазіргі қазақ тілінің қорында бар. Мысалы: желі (жила), шөктіру (усаждение), т.б. Жаңа ұғымды білдіретіндіктен, бұл сөздер де неологизм болып табылады. Желі деген сөздің мағынасы: 1. этнографиялық. Ірі қара малды сауған кезде төлдерді (құлын, бұзау) байлау үшін екі қазыққа кере тартып байлаған қыл, не кендір арқан. Шоқан жылқының, ж е л і д е г і құлындардың суретін салып

ермек етіп жүрді (С.Бегалин, Бала Шоқан); 2. ауыспалы мағына. техникалық. Жүйе, торап. Жылу жолдарын салушылар мен электр желілерінің тартушылар да қауырт кезең, қарбалас жұмыс үстінде («Соц. Қаз.»); 3. информатикалық. Мәліметтерді компьютерлер арасында жеткізетін, бір-бірімен мәлімет алмасу мүмкіндіктерімен байланысқан жұмыс стансылары, коммутация тораптары, серверлер және т.б.. құрылғылар жиынтығы. [13] Шөктіру деген сөздің мағынасын алып қарасақ: 1. зат. Флотациялық байыту үдерісінде пульпа түрінде алынған концентраттан суды бөліп алу үшін қолданылатын қойылдыру үдерісі; 2. Шөктірі етістігінің қимыл атауы. Бұл сөздер қазақ тілі сөздік құрамына, бір жағынан, неологизм болып, екінші жағынан, термин болып кірді. Бұл тілдегі құбылыс қоғамның тарихи дамуына қарай сөздердің бастапқы мағыналары өзгеріске ұшырап, қосымша мағынаға ие болғандығын дәлелдейді.

Неологизм сөздердің қатары үлкейгенімен кей жаңа сөздер қолданысқа енбей де қалуы мүмкін. "Руль" сөзінің аудармасы – меңгерік, "симптом" – әйгіленіс, "виртуалды" сөзі – ауани, "балкон" сөзінің аудармасы – қылтима немесе самалық деп аударылып жүр. Қазақтың түсіндірме сөздігінде "қылтима" сөзі өкпелегіш деген мағынаны да білдіреді. Ондай аудармаларды адамдар білмей де жатады. Орыс тілінен аударылған сөздер, сөз тіркестері тура мағынада аударылып, түсініксіз болып таралады. Оның басты мәселесі, бұл аудармалардың нәтижесі, тіліміздің шұбарлануына әкеліп соғады. Сондықтан жаппай аударма жасай беру де орынсыз. Жазушы, аудармашы Ислам Жарылғапов кезінде аялдама, балмұздақ, оқырман, көрермен сөздерін орыс тілінен аударған. Бұл сөздер неологизмдер болып еніп, әлі күнге дейін қолданылып келеді. Сәтті аударылған сөздердің ғұмыры да ұзақ болмақ.

Қазақ тілінің сөздік құрамы да күннен күнге кірме сөздермен толығып жатқандығы баршамызға аян. Қазақ тіліне әр кезеңде енген кірме сөздер тілші ғалымдардың шетелдік ғалымдардың тарапынан біршама уақыт зерттелді. Атап айтсақ, араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздерді зерттеуге өз үлесін қосқан ғалымдар қатарына Л. Рүстемов пен Н. Оңдасыновты жатқызамыз. Кірме сөздер Абай шығармалары негізінде қарастырыла отырып, екі бөлікке жіктелді. Олар орыс тілінен және араб-парсы тілінен енген кірме сөздер. Сонымен қатар, Абай шығармаларында кездесетін калька арқылы алынған балама тіркестерді де жатқызуымызға болады. Мысалы,

Кесте 1 - Абай шығармаларындағы калькалау арқылы алынған сөз тіркестері (Нұрғалиев, 1995: 5)

Мрачная душа		Қараңғы көңіл
Рассудок холодный		Суық ақыл

Светило надежды		Үміттің нұры
Стих унылай		Жабыраңқы жазған сөз

соңғы жылдардағы ғылым-білімнің дамуына байланысты қолданыс аясы одан әрі кеңеюде. Оған қосымша орыс тілінің негізінде әлем тілдерінен енген кірме сөздерді меңгеру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Бәріміз кез келген сауда орындарында немесе ресторан, асхана желілерінде, көлік қозғалысында қарыштап дамуына байланысты сөздер мен терминдер тілімізге күнде толыға отырып, дамылсыз еніп жатыр. XX ғасырдың бірінші жартысынан бастап орыс тілінен енген сөздер тілімізге сындырылмай ене бастады. Осылай қаланған үрдіс күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатыр. Әсіресе соңғы уақытта ғылым білімнің тіліне айналған ағылшын тілінен енген кірме сөздерден көз сүрінеді. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық жобасы аясында шеттілдік терминдердің саны одан әрі арта түсті. Осылайша, соңғы кезеңде кірме сөздерге ерекше мән беріліп, олардың тілімізге қарай игерілуін қадағалау тілші ғалымдарға жүктелген міндет болып отыр. Қазіргі уақытта кірме сөздердің мағынасын түсіндіріп қана қоймай, қай тілден енгендігін көрсетіп беретін еңбектердің болуы өте маңызды актив қолданатын кірме сөздер жеткілікті. Атап айтқанда, «кэшбэк» сөзі ағылшын тіліндегі «cash back – қолма-қол ақшаны кері қайтару», «бар-бер» – «barber – сақал, мұрт пен шашты алатын ерлер шаштаразы», «кавер» – «cover» «жабу, ауыстыру» деген мағына береді.

Кірме сөздердің басым көпшілігі тілімізге орыс тілінің негізінде сындырылып жазылғандығын байқауымызға болады. Қазіргі таңда ғылым мен білімнің, мәдениеттің асқан қарқындылықпен дамуы негізінде еніп жатыр. Осындай кірме сөздердің барлығын қолдан келгенше төл тіліміздің тілдік ерекшеліктеріне бейімдеп деп айтқымыз келеді. Кірме сөздердің төл тіліміздегі баламасын актив қолдану жағын да қарастырғандығымыз жөн болады. Кейбір кірме сөздердің тілімізге толығымен сіндіріліп сәтті болады. Сонымен қатар, тіліміздегі мағынасы көмескіленген кірме сөздердің басқа тілдегі мағынасы жатыр.

Аннотация. Мақала шет тілінен неологизмдерді жан-жақты зерттеуге арналған. Лингвистер үшін ұлттық сана мен күнделікті өмірдің дамуына, рухани және экономикалық өркендеуге байланысты қазақ тіліне енген неологизмдерді құру, жазу жолдарын қарастыру өзекті. Мақалада қазақ тіліне шет тілінен келген неологизмдердің тарихы, қолданылуы, өзгеруі мен маңызы талданады. Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары қазақ тіл білімінің лексикологиясын дамытуға ықпал етеді. Сонымен бірге ол қазақ тіліне шет тілінен енген неологизмдер, неоплазмалар мәселелерін шешуге өз үлесін қосады.

Зерттеу жұмысы лингвистер үшін, сондай-ақ ғалымдар, зерттеушілер және ізденушілер үшін үлкен маңызға ие.

Түйінді сөздер: жаңа сөз, неологизм, белсенді сөздер, калькуляция, лингвистика, кіріспе сөздер

Аннотация. Статъя посвящена комплексному изучению неологизмов из иностранного языка. Для лингвистов актуально рассмотреть пути создания, правописания неологизмов, вошедших в казахский язык в связи с развитием национального самосознания и повседневной жизни, духовным и экономическим процветанием. В статье анализируется история, употребление, изменения и значение неологизмов, пришедших в казахский язык из иностранного языка. Результаты и выводы исследования способствуют развитию лексикологии казахского языкознания. В то же время он вносит свой вклад в решение проблем неологизмов, новообразований, вошедших в казахский язык из иностранного языка.

Исследовательская работа имеет большое значение для лингвистов, а также для ученых, исследователей и соискателей.

Ключевые слова: новое слово, неологизм, активные слова, калькирование, лингвистика, вводные слова

Annotation. The article is devoted to the comprehensive study of neologisms from a foreign language. For linguists, it is relevant to consider the way of creation, spelling of neologisms that have entered the Kazakh language in connection with the development of national consciousness and everyday life, spiritual and economic prosperity. The article analyzes the history, use, changes and meaning of neologisms that entered the Kazakh language from a foreign language. The results and conclusions of the study contribute to the development of the lexicology of Kazakh linguistics. At the same time, he contributes to solving the problems of neologisms, neologisms that have entered the Kazakh language from a foreign language.

Research work is of great importance for linguists, as well as for scientists, researchers and applicants.

Keywords: new word, neologism, active words, calculation, Linguistics, introductory words

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Арын Е. М. Қазақ тілі: Энциклопедия / – Алматы: РИЦ «ІДК-ТІРО», 1998. – 536 б.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері / – Алматы, 2003. – 150 б.
3. Бектұров Ш. К. Қазақ тілі / – Алматы: «Атамұра», 2006.- 288 б.

4. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы / – Алматы: «Мектеп», 1988. – 146 б.
5. «Егемен Қазақстан» газеті, 2013.
6. «Ертіс өңірі» газеті, 2013.
7. Қадырқұлов Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен жаңа сөз қолданыстар / – Алматы, 1995. – 143 б.
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. «Атамұра», 2008. - 991 б.
9. «Қазақстан-заман» газеті, 2013.
10. Қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік. – Алматы: «Аруна», 2002. - 416 б.
11. Қоңыратбаева Ж., Қалиев Ғ., Есенова Қ. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 6 – том/ – Алматы, 2011. - 752 б.
12. М. Ә. Қараев. Қазақ тілі / – Алматы: «Ана тілі», 1993. - 216 б.
13. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы, 2003. – 100 б.

FTAMP 86.21:25

ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ МИКРОКЛИМАТ ПАРАМЕТРЛЕРІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

**Исабекова Диана Бахтиярбекқызы,
Құдаманова Тоқсұлу Нұрланқызы**
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
БЖ-21-1 оқу тобының студенттері,
Ермуханова Нуржамал Бахитжанқызы
ғылыми жетекші, Қорқыт Ата атындағы ҚУ
«Электр энергетикасы және техносфералық
қауіпсіздік және экология» БББ-ның
аға оқытушысы, PhD

Аңдатпа. Бұл мақалада жұмыс орнындағы микроклимат параметрлеріне әсері қарастырылады. Микроклиматтық параметрлер физикалық тұрғыдан маңызды факторлар болып табылады жұмыс ортасының жағдайына айтарлықтай әсер ететін орта. Бұл микроклиматтық параметрлер жұмыс істейтін адамдардың әл ауқатына айтарлықтай әсер етеді; олардың әл-ауқат немесе ыңғайсыздық туралы субъективті қабылдауын анықтаңыз. Жұмыс аймағының микроклиматын бағалау және нақтылау қоршаған орта анықталған фактілерді салыстыруды қажет етеді стандарттар талаптарына және қолданылатын нормативтік құжаттар.

Түйінді сөздер: жұмыс орны, ауа температурасы мен ылғалдылығы, ауа жылдамдығымен ауа ағын, жарықтану деңгейі, шу деңгейі, иондық сәулелену

Factors affecting the parameters of the microclimate in the workplace

Abstract. This article will consider the impact on the parameters of the microclimate in the workplace. Microclimatic parameters are physically important factors in the environment that have a significant impact on the conditions of the working environment. These microclimatic parameters have a significant impact on the well-being of working people; determine their subjective perception of well-being or discomfort. Assessment and clarification of the microclimate of the Working Area environment requires a comparison of the established facts to the requirements of standards and applicable regulatory documents.

Key words: workplace, air temperature and humidity, air flow with air speed, light level, noise level, ion radiation

Факторы, влияющие на параметры микроклимата на рабочем месте

Аннотация. В данной статье рассматривается влияние на параметры микроклимата на рабочем месте. Микроклиматические параметры являются физически значимыми факторами окружающей среды, существенно влияющими на состояние рабочей среды. Эти микроклиматические параметры оказывают значительное влияние на благополучие работающих людей; определите их субъективное восприятие благополучия или дискомфорта. Оценка и уточнение микроклимата рабочей зоны среды требует сопоставления выявленных фактов с требованиями стандартов и применяемых нормативных документов.

Ключевые слова: рабочее место, температура и влажность воздуха, расход воздуха со скоростью воздуха, уровень освещенности, уровень шума, ионизирующие излучение

Жұмыс орнындағы зиянды және қауіпті әсер ететін факторларға, метеорологиялық жағдайлар, адамға әсер ететін температураның, ылғалдың, ауа қозғалысы жылдамдығының, сондай-ақ технологиялық жабдықтардың құрылымдық бетіне әсері бар жылулық сәулелену температурасымен жұмыс орнындағы шудың, дірілдің, жарықтың, иондық емес сәулеленудің және радиациялық сәулеленудің шекті рұқсат етілген деңгейден асуы болып табылады [1-3].

I. Жұмыс орнындағы микроклиматтың негізгі параметрлеріне:

- ауаның температурасы;
- ауаның салыстырмалы ылғалдылығы;
- ауаның қозғалысы жатады.

II. Технологиялық процеске байланысты микроклимат көрсеткіштеріне әсер ететін факторлар:

1. Шу деңгейі
2. Жарықтану деңгейі
3. Иондық сәулелену
4. Иондық емес сәулелену

Микроклиматтың негізгі параметрлері бойынша жұмыс орнының микроклиматына жүргізілген өлшеулер нәтижесі талданды.



Сурет 1 - Ауа температурасы, ауа жылдамдығын өлшейтін метеостанция кешені

І. Өлшеу оқу зертханасында ауа температурасын, ылғалдылықты ауа қозғалысын өлшеу метеостанция кешенінде аспаптармен (1-сурет) жүргізілді.

Кесте 1 - Көктем мезгіліндегі микроклиматтық параметрлердің мәндері

Қарастырылатын объект	Ауа температурасы	Ауа ылғалдылығы
5 оқу ғимаратының сыртындағы күн жел станциясы метеостанциядағы бақылау	23°C	61%
404 дәрісханасы	26°C	30%
1 қабат	24°C	23%

Кесте 2 - Күз мезгіліндегі микроклиматтық параметрлердің мәндері

Қарастырылатын объект	Ауа температурасы	Ауа ылғалдылығы
5 оқу ғимаратының сыртындағы күн жел станциясы метеостанциядағы бақылау	23°C	62%
404 дәрісханасы	24°C	25%
1 қабат	20°C	23%

Жұмыс орнындағы микроклимат параметрлеріне әсер ететін факторды өлшеу нәтижесінде (1,2-кесте) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіндегі 5 оқу ғимаратының күз мезгілі мен көктем мезгіліндегі ауа температурасы мен ауа ылғалдылығы және өзгеде микроклиматтық

параметрлерді өлшеп, салыстырдық. Өлшеулер көрсеткендей жайлы микроклимат санатына жататын оқу ғимаратындағы микроклимат параметрлері шекті рұқсат етілген деңгейден асқан жоқ.

2. Ғимараттағы, сырттағы шу деңгейіне жүргізілген өлшеулер *Nabotest Ht86b* осы аспабымен жүргізілді.



Сурет 2 – (а) ВШВ-003 Шу және діріл өлшегіш(б)(ішкі құрылысы)

Децибел шкаласымен өлшегенде естілетін дыбыстар 0-140 дБ арасында сипатталады. 140 дБ жоғары дыбыс әсер етсе ауырсыну сезімі пайда болады, дабыл жарығы жарылып кетуі мүмкін. Шудың жоғары деңгейлерінің (80 дБ және одан да артық) ұзақ уақыт әсер етуі кортиев мүшесінде құрылымдық өзгерістер туғызып, кәсіби құлақ мүкістігінің дамуына әкеп соғады.

Кесте 3 - Көктем мезгіліндегі шу қарқындылығы

Шудың түрлері	Өлшем бірлігі, дБ
Тыныштықта	35
Сөйлеп отырғанда	52
Әуеннің орташа дыбысы	75
Оқу ғимаратының 1 қабаты	85
Дала	90

Кесте 4 - Күз мезгіліндегі шу қарқындылығы

Шудың деңгейі	Өлшем бірлік дБ
Тыныштықта	30
Сөйлеп отырғанда	60
Әуеннің орташа дыбысы	70
Оқу ғимаратының 1 қабаты	57,6
Дала	62,8

5 оқу ғимаратының күз мезгілі мен көктем мезгіліндегі шудың жоғары деңгейлері (80 дБ және одан да артық) көктем мезгіліне сәйкес келуі заңдылық. Әсіресе үзіліс кездерінде күз мезгіліне қарағанда көктемде оқу ғимаратының 1 қабатында және алдында шу мөлшері (3-4 кесте) жоғары болатындығы анықталды.

3. Жұмыс орнындағы ауа жылдамдығы мен ауа ағынына Testo 410 -1 аспабымен өлшеу жүргізілді.



Сурет 3 - TESTO 410-1
TESTO 410-1 ауа ағынын және жылдамдығын өлшеуге арналған

Атмосфераға улы және зиянды заттар түсіретін газ, түтін, шаң, ыс т.б. бөлетін өндіріс орындарын жел өтетін бөлікке орналастыру қажет, бірақ тұрғын үй аудандарын жақын орналастырмау қажет. Өндіріс орындарын тұрғын үйлер мен ғимараттардан бөліп, территорияны көгалдандыру және жалпы қауіпті улы заттары бар өндірістік ғимараттарды жел өтетін аймаққа салу жоспарланады. Ауаның құрамындағы улы заттар жел әсерінен сейіледі. Қауіпті улы заттары бар өндірістік ғимараттарды жел өтетін аймаққа салу жоспарланады.

Кесте 5 - Оқу ғимаратындағы күз мезгіліндегі ауа жылдамдығы мен ауа ағынын өлшеу

Өлшенетін объект	Сыртқы ауа қозғалысы
404 дәрісханасы	0м/с;23,8
Терезе алды	2м/с;17
1 этаж	0м/с;23,2
2 этаж	0м/с;23,7
3 этаж	0м/с;23,9
4 этаж	0м/с;24,1
5 этаж	0м/с;24,3
Дала	2м/с;20,5

Сурет 6 - Оқу ғимаратындағы көктем мезгіліндегі ауа жылдамдығы мен ауа ағыны

Өлшенетін объект	Сыртқы ауа қозғалысы
404 дәрісханасы	0,1м/с;22,1
Терезе алды	1м/с;20
1 этаж	0м/с;24,1
2этаж	0м/с;24,7
3этаж	0м/с;24,5
4этаж	0м/с;22,1
5 этаж	0м/с;22,3
Дала	2м/с;18

Жасалған зертханалық жұмыста (5-6-кесте) жел неғұрлым жоғары болса, ауа ағыны құрамындағы заттар жинақталуы соғұрлым аз, ал жел аз болса олардың жинақталуы жоғары болатындығын көрсетті.

4. *Иондық сәулеленуді өлшеу.* РАДЭКС РД1503 – радиоактивті индикаторы сандық сәулелену көздерін анықтауға арналған. Бұл аспап арқылы гамма сәулеленуін 30 мкЗв/сағ диапазонында өлшеу арқылы (7-8 кесте) ғимараттың микроклиматына әсер ететін радиация деңгейін анықтадық.

Кесте 7 - РАДЭКС РД1503 – радиоактивті индикаторымен ғимараттағы иондық сәулелену көздерін анықтау (күз мезгілі)

Өлшенетін нысандар	1 қабат				2 қабат				Ғимарат сырты	
	мкЗв	мкР	мкЗв	мкР	мкЗв	мкР	мкЗв	мкР	мкЗв	мкР
Өлшеу бірлігі	0,16	16	0,15	15	0,17	17	0,18	18	0,15	15

0,60	0,17	17	0,16	16	0,18	18	0,15	15	0,8	8
120	0,26	26	0,24	24	0,19	19	0,08	0,8	0,10	10
Қорытынды	0,19	19	0,18	18	0,18	18	0,13	13	0,11	11

Кесте 8 - РАДЭКС РД1503 – радиоактивті индикаторымен ғимараттағы иондық сәулелену көздерін анықтау (көктем мезгілі).

Өлшенетін нысандар	1 қабат				2 қабат				Ғимарат сырты	
	118		107		206		204		мкЗв	мкР
Өлшеу бірлігі	мкЗв	мкР	мкЗв	мкР	мкЗв	мкР	мкЗв	мкР		
0,30	0,16	16	0,16	16	0,16	16	0,14	14	0,19	19
0,60	0,17	17	0,17	17	0,17	17	0,15	15	0,20	20
120	0,18	18	0,18	18	0,19	19	0,16	16	0,21	21
Қорытынды	0,17	17	0,17	17	0,18	18	0,15	15	0,20	20

Үй-жайдың ішіндегі гамма-сәулеленің тиімді дозасының қуаты ашық жердегі доза қуатынан 0,2 мкЗв/сағ. аспайтындай болып көзделеді. Өлшем бірлігі мкРЗв/сағ, мкР/с. Бұл зерттеуде де күз және көктем мезгілін қарастырдық [4].

Қорытынды

1. Жұмыс орнындағы микроклимат параметрлеріне әсер ететін факторларды талдау өндіріс орнында емес, оқу ғимаратында жүргізілгендіктен, оңтайлы микроклимат параметрлеріне сәйкес келеді. 5-қабатты оқу ғимаратының дәрісханаларымен, 1,2,3,4,5 - қабаттарының микроклиматында айырмашылықтар бар. Жұмыс орнына әсер ететін факторлар ретінде шу, жарық, сәулелену, зиянды заттарды анықтағанда оларды жыл мезгілінің екі кезеңіне күз бен көктем айына сәйкестендірдік.

2. Шудың деңгейі 80 дБ болған жағдайда оның ұзақ уақыт әсер етуі есту мүшесі ауруына шалдықтыруы ықтимал екендігін ескерсек, 1- қабатты үзіліс кезінде Nabotest Ht86b осы аспабымен өлшегенде 85 дБ болған. Себебі бұл кезде студенттер үзіліске шыққаннан жоғары дыбыс шыққан. Ал сабақ жүріп жатқанда ол - 57,6 дБ. Осылайша біз оқу орнында жүріп келешек өндірістік орынға жұмыс атқаруға барғанда микроклимат параметрлеріне әсер ететін факторды өлшеп, оны талдауға үйрендік.

Сондықтан микроклиматқа әсер ететін факторлар барлық жұмыс орындарында бар, бірақ олардың деңгейін анықтау тек өндірістік орындарда ғана емес, оқу – өндірістік орындарда да жүргізілсе болады деген ұсыныс жасауға болады. Себебі, адамдардың көп шоғырланған аймағы да СО₂ жинақталатын ортасы болуы мүмкін.

3. Оқу ғимаратындағы күз, көктем мезгіліндегі ауа жылдамдығы мен ауа ағынын өлшеу кезінде (5-6-кесте) жел неғұрлым жоғары болса, ауа ағыны құрамындағы заттар жинақталуы соғұрлым аз, ал жел аз болса олардың жинақталуы жоғары болатындығын көрсетті. Мысалы (6-кесте), 1-3 қабаттардағы ауа ағыны 0 м/сек болған бұрыштарда 24,1 - 24,5 болса, 1 м/сек. болғанда ол, 20-ге төмендеген. Сондықтан ғимаратты желдету, бұл зиянды заттардың тұрып қалуын болдырмайды. Себебі, 404 дәрісхана ішінде 0,1

м/сек болғанда 22,1 болса, осы дәрісхананың терезесі ашылғанда 1 м/сек жел болғанда 20-ға төмендеген [5-7].

Ұсыныс:

ТРИЗ (теория решения изобретательных задач) технологиясының негізін салушы - Г.С.Альтшуллер. Аталмыш технологияның басты идеясы – техникалық заңдар қалай болса солай пайда болмайды және дамымайды, белгілі бір заңдар бойынша дамиды: бұл заңдарды өнертапқыштық міндеттерді шешу үшін пайдалануға болады.

Көптеген жылдар бойы Г.С.Альтшуллердің технологиясы жас техниктер станциясындағы балалармен жұмыс барысында табысты қолданылды. Осында оның екінші бөлігі- шығармашылық педагогика, содан соң ТРИЗ-дің жаңа тарауы – шығармашыл тұлғаны дамыту теориясы пайда болды.

ТРИЗ-дің негізгі функциялары:

1. Кез келген күрделіліктегі және бағыттағы шығармашылық және өнертапқыштық міндеттерді шешу.
2. Техникалық жүйелердің дамуын болжау және перспективалық шешімдер алу.
3. Шығармашыл тұлғаның сапаларын дамыту.

Сабақты ТРИЗ бойынша құру принциптері мыналар:

- ақпаратты барынша аз хабарлау, көбінесе пікірлесу.
- проблемалық жағдаятты талдауды ұйымдастырудың тиімді формасы – миға шабуыл.
- жүйелі қатынас (әлемде бәрі өзара байланысты, кез келген құбылыс дамуда қарастырылуы керек).
- баланың шамасына лайық ойлау операциялары мен қабылдау құралдарын ендіру.
- міндетті түрде шығармашылық қиялды белсендіру? [1].

Сонымен, бір жағынан, ТРИЗ – қызықты ойын, екінші жағынан, шығармашылық арқылы баланың ақыл-ой белсенділігін дамыту.

Шығармашылық балаға не береді?

- Өзін көрсетуге мүмкіндік береді.
- Қоршаған орта туралы жаңа ақпарат алуға ұмтылады.
- Танымдық әрекетке қажеттілікті дамытады.
- Жасауға, жасампаздыққа мүмкіндік береді.
- Аналитикалық қабілеттерді дамытуға ықпал етеді.
- Өз көзқарасын дамыту және дәлелдей алу білігін қалыптастырады. Бұған ТРИЗ тәсілдері мен әдістері көмектеседі.

Қайшылықтар әдісі. Бұл тәсілді пайдалану балаларға қиын жағдаяттардан шығатын жол таба білуді үйретеді.

Каталог әдісі. Әдіс мектепке дейінгі жастағы балаларды шығармашылықпен әңгімелеуге, оқыту проблемасын шешуге мүмкіндік береді.

ТРИЗ технологиясында миға шабуыл әдісі арқылы баланы ойландыруға, мысалға оқу қызметінде жаңа тақырыпты ашу барысында жайын күйіне бермей, тақырыпқа сай жұмбақтар немесе сұрақтар қою арқылы миының жұмыс жасауына ықпалын тигізеді. Миға шабуыл арқылы балалар кез келген қиын жағдайдан да құтылуға болатынын түсінеді. Сол себепті балаларда тиімді ойлау негізі қалыптасады.

ТРИЗ технологиясы басқалардың жетістігіне қуана білу, көмектескісі келу білігі, қиын жағдайдан шығатын жолды табуға ұмтылу сияқты адамгершілік сапаларды дамытады.

Морфологиялық талдау әдісі. Осы әдістің мақсаты – бір мәселенің барлық шешу жолдарын анықтау. Міндеті – заттарды (объектілерді) түрлі түстермен, пішінмен, көлеммен немесе бір нәрсені қосқанда оның өзара әрекеті және өзгертуге үйрету.

Морфологиялық талдау туралы алғашқы қарапайым түсініктер 2-3 жастағы балаларға түсінікті болады. Екінші кіші топ балалары қарапайым бір жолдық кесте арқылы морфологиялық кестемен таныса бастайды. Оған түрлі көрсеткіштер: түс, пішін, көлем, материал т.с. ойын/ сабақтың мақсатына қарай орналастыруға болады.

Синектика әдісі. «Синектика» грек тілінен аударғанда «әр текті элементтерді қосу» дегенді ұғымды білдіреді. Біз осы терминді балалармен жұмыс жасағанда «неге ұқсайды», «осындай не болады» деген сөздермен ауыстырамыз. Синектика әдісі ұқсастықты (аналогия) іздеу негізінде құрылған. Аналогияның 4 түрі бар: тікелей, фантастикалық, тұлғалық, символдық. Кіші топта көбіне біз балаларды заттарды түсі, көлемі, пішіні, мінездемесі бойынша салыстыруға үйретеміз. Оны тікелей ұқсастық деп атайды. Мысалы, алма.

Пішіні бойынша ол доп, күн, т.с.с

Түсі бойынша ол көйлек, қағаз, т.с.с. жасыл.

Көлемі бойынша ол мына доптан кіші.

Мінездемесі бойынша ол пайдалы дәрумен т.с.с.

Жастан жасқа өткен сайын байланыс шеңберін кеңейту керек. Ересек топта алма туралы қосымша: ол дәндер, құрттар, дәрумендер тұратын үйге ұқсайды деуге болады.

Тұлғалық аналогияның (эмпатия) мысалы: бір жағдайда балаға өзін, мысалы, жел ретінде елестетуі немесе аяқ киімі қысып тұрған адамды, ренжіп тұрған қонжықты бейнелеу? [2].

Әмбебап құрал ретінде ТРИЗ технологиясын әрекеттің барлық түрлерінде қолдануға болады. Бұл мектеп жасына дейінгі баланың санасында әлемнің біртұтас, үйлесімді, ғылыми негізделген моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Табыс жағдаяты жасалады, шешімдер нәтижесімен өзара алмасу жүреді, бір баланың шешімі басқа баланың ойын белсендіреді, қиялдың диапазонын кеңейтеді, оның дамуын ынталандырады. Технология әр баланың өз даралығын көрсетуіне мүмкіндік береді, мектепке дейінгі жастағы баланы дәстүрлі емес ойлауға үйретеді.

Бұл технологияның негізгі мақсаты - оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қалыптан тыс ойлауға үйрету. Демек, жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Шығармашылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы қалыптасады. Осы технологиямен жұмыс істеу барысында тез ойлап, жылдам шешім қабылдауға шорқақ балалар жыл аяғында шапшаң жауап беруге үйреніп, тапқыр, қызықты шешімдер құруда жетістіктерге жете бастайды.

ТРИЗ-дің ұнамды жақтары:

- балалардың түсініктер шеңбері кеңейеді, сөздік қоры молаяды, шығармашылық қабілеттері дамиды.
- ТРИЗ диалектика мен логиканы қалыптастыруға көмектеседі, ұялшақтықты, тұйықтықты жеңе білуге ықпал етеді, кішкентай адам өз көзқарасының дұрыстығын дәлелдеуді, қиын жағдайға тап болғанда, өз бетінше шешім қабылдай білуді үйренеді.
- ТРИЗ көрнекі-бейнелі, себептік-эвристикалық ойлауды, ес, қиялды дамытуға ықпал жасайды, басқа да психикалық процестерге әсер етеді? [2].

ТРИЗ әдістемесінің негізгі кезеңдері.

Мәнін іздеу. Балалардың алдына шешу қажет проблема (сұрақ) қойылады. Барлығы шешімнің түрлі варианттарын іздейді.

Қайшылықтарды анықтау: жақсы – жаман. Мысалы, күн - бұл жақсы және жаман. Жақсы болатыны - қыздырады, жаман болатыны - күйдіруі мүмкін.

Қайшылықтарды шешу (ойын және ертегілердің көмегімен). Мәселен, жаңбырдан жасырыну үшін үлкен қолшатыр қажет, сөмкеге салып жүруге қолайлы болу үшін кішкентай қолшатыр керек. Бұл қайшылықтың шешімі – жиналмалы қолшатыр.

Ойлану үшін тапсырмалар:

Суды қалай елеуіште алып жүруге болады? (агрегаттық күйді өзгерту керек – суды қатыру)

Қалай тез өсуге болады? (уақыттағы өзгеріс)

Бауырсақты түлкіден қалай құтқаруға болады?

ТРИЗ бойынша балалармен мынадай тақырыптарда әңгіме өткізілді:

- 1) **Тарихи:** доңғалақты, ұшақты, шанышқыны, қарындашты және т.б. қалай ойлап тапқан?
- 2) **Серуенде:** желдің анасы кім, оның достары кім, жел не жайлы сыбырлайды, жел күнмен не жайлы таласады?
- 3) **Эмпатия тәсілі:** мына бұта нені сезінеді? Ағаш ауруды сезіне ме? [3].


Тәрбиешілер баланы ойланып отырған адамның позициясына қоятын жұмыстың дәстүрлі емес формасын қолданады. Мектепке дейінгі жасқа лайықталған ТРИЗ технологиясы баланы «Барлығына шығармашылықпен!» деген ұранмен тәрбиелеуге және оқытуға мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі жас қайталанбайды, сондықтан бала қалай қалыптасса, оның өмірі сондай болады. Сондықтан әр баланың шығармашылық әлеуетін ашу үшін бұл кезеңді жіберіп алмау керек. Аталмыш технологияны мектепке дейінгі мекемеде қолданудың мақсаты - бір жағынан, ойлаудың икемділігін, қозғалмалылығын, жүйелілігін, диалектикалығын дамыту болса, екінші жағынан, ізденімпаздық белсенділікті, жаңашылдыққа ұмтылысты, сөйлеуді және шығармашылық қиялды дамыту.

Мектепке дейінгі жаста ТРИЗ технологиясын пайдаланудың негізгі міндеті – бұл балаға шығармашылық жаңалықтардың қуанышын сыйлау.

Дамытушылық мақсаттағы ойындар.

1. **«Ол не?»** (сипаттама бере білуге үйрету) Оқушы өзінің әкелген затына ауызша сипаттама береді. Мысалы: Менің затым дөңгелек. Ол секіреді. Резеңкеден жасалған. Үлкені, кішісі болады. Оны балалар жақсы көреді.
2. **«Қарама-қарсылықты шешу».** Бір қарағанда жағымсыз болып көрінетін кейбір оқиғалардың «пайдалы» жағын көруге тырысу. Мысалы, «Төбелес». Жақсы жақтары: өзімді қорғадым; әлсіз досымды қорғадым; күшті екендігімді дәлелдедім; шындық үшін күрестім. Жаман жақтары: киімімді жыртытым; бетім көгерді; ата-анам ұрысты; жыладым; досыммен араздастым.
3. **Шығармашылық деңгейді көтеруге берілетін тапсырмалар.**
Бір-біріне қосылмайтын, жалғаспайтын заттар мен объектілерді байланыстыруға берілетін тапсырмалар. Сиқырлы дәрі ішіп, көзге көрінбейтін болып қалған тышқанды мысық ұстау үшін не істеуі керек деп ойлайсың? Жауаптың үлгісі:
 - Ол үшін мысық еденге ұн сеуіп қоюы керек, сонда ізі түсіп қалады.
 - Төбеден ұнды себелеп тұруы керек.
 - Үлкен-үлкен дәнгермен тамақтандыру керек. Сонда үлкейіп көрінеді, т.б.
4. **Миға шабуыл (дүниетану сабағында).** - Жаңбыр, қар, кемпірқосақ-бұлар шын табиғи құбылыстар? [4].

1- суретте ТРИЗ технологиясының әдістері берілген.



Сурет 1-Триз

технологиясының әдістері.

Мектепке дейінгі мекемедегі ТРИЗ технологиясы, бір жағынан, ойлаудың икемділігі мен жүйелілігін дамыту үшін, екінші жағынан, іздеу белсенділігін ынталандыру және стандартты емес сұрақтарға жауап таба білу үшін қажет. ТРИЗ технологиясын қолдана отырып, біз баланың шығармашылық әлеуетін, оның ақыл-ой белсенділігі мен қиялын айтарлықтай белсендіре аламыз, баланы нағыз өнертапқыш, жаңа идеялар генераторы етіп тәрбиелей аламыз [5].

ТРИЗ технологиясы бойынша топтық сабақтар балаларды ынтымақтастыққа, өзара әрекеттесуге, жолдасына көмектесу және қиын жағдайдан шығудың жолын табуға, сондай-ақ тапсырма сәтті шешілген кезде өзінің және басқалардың жетістіктеріне қуануға үйретеді.

Аңдатпа. Мектепке дейінгі балалық шаққа бейімделген ТРИЗ технологиясы балаға шығармашылық тапсырмаларды орындауды үйретеді және оның бойында шығармашылық қажеттілікті дамыта отырып, оның қызығушылығына сүйене отырып, шығармашылыққа жүйелі түрде жетелеуге мүмкіндік береді. ТРИЗ және оның принциптері тек техникалық қана емес, сонымен қатар басқа да шығармашылық тапсырмаларды шешуге қолайлы. ТРИЗ технологиясын қолдану бала тілін дамытуда, қоғамдық және

элеуметтік түсінігін кенейтуде, сөздік қорын молайту, өз бетінше жұмыс жүргізуге баулуға, өз ойын еркін жеткізе білу дағыларын қалыптастыруда тиімді.

Аннотация. Технология ТРИЗ, адаптированная к дошкольному детству, учит ребенка выполнять творческие задания и позволяет систематически вести его к творчеству, опираясь на его интересы, развивая в нем творческую потребность. ТРИЗ и его принципы подходят для решения не только технических, но и других творческих задач. Изучение технологии ТРИЗ в развитии детского языка, развитии общественного понимания, словарного запаса он эффективен в воспитании навыков самостоятельной работы, умения свободно выражать свои мысли.

Annotation. TRIZ technology, adapted to preschool childhood, teaches a child to perform creative tasks and allows him to systematically lead him to creativity, based on his interests, developing a creative need in him. TRIZ and its principles are suitable for solving not only technical, but also other creative tasks. The study of TRIZ technology in the development of children's language, the development of public understanding, vocabulary, it is effective in fostering independent work skills, the ability to freely express their thoughts.

Кілт сөздер: технология, инновация, мектепке дейінгі балалық шақ, шығармашылық, ойын.

Ключевые слова: технология, инновация, дошкольное детство, креативность, игра.

Key words: technology, innovation, pre-school childhood, creativity, game.

Әдебиеттер тізімі:

1. Михайлов В.А., Горев П.М., Утёмов В.В. Научное творчество: Методы конструирования новых идей: Учебное пособие. – Киров: Изд-во МЦИТО, 2014. – 88 с.
2. Измайлова Е.И. Учимся думать и запоминать (технология ТРИЗ). – Москва: Изд-во АРКТИ, 2010. – 320 с.
3. Утёмов В.В., Зиновкина М.М., Горев П.М. Педагогика креативности: Прикладной курс научного творчества: Учебное пособие. – Киров: АНОО «Межрегиональный ЦИТО», 2013. – 212 с.
4. Альтшуллер Г.С. Краски для фантазии. Прелюдия к теории развития творческого воображения. // Шанс на приключение. /сост. Селюцкий А.Б. – Петрозаводск, 1991.- 112 с.
5. Ардашева Н.И. и др. Истории про.... – Ульяновск, 1993. – 85 с.

ИНУЛИННИҢ КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛІН ЗЕРТТЕУ

**Мұхамбетова Аяла Алтайқызы,
Муқаш Лашын 6В05301-Химия, II-курс
Азимбаева Гүлбайра Ералықызы,**

химия ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық

Университеті, қ. Алматы, ҚР

E-mail: ayala.mukhambet@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада моделі, құрылысы, қасиеттері және құрамы зерттелді. Avogadro бағдарламасы арқылы қосылыстың байланысу бұрыштары, түзілу ұзындығы және зарядтары, рН мәні, валенттілігі, энергиясы, термодинамикалық мәндері анықталды. IQmol бағдарламасында рутиннің инфра қызыл және масс спектрлері, ал ArgusLab бағдарламасы бойынша молекулалық орбитальдар құрылысы анықталды. Сонымен қатар, WebMO бағдарламасы арқылы изотоптары, NMR, ИК спектрлері анықталды.

Аннотация. В этой статье были изучены модель, конструкция, свойства и состав. С помощью программы Avogadro были определены углы связывания соединения, длина образования и заряды, значение рН, валентность, энергия, термодинамические значения. В программе IQmol были определены инфракрасный и масс-спектры рутина, а в программе ArgusLab-построение молекулярных орбиталей. Кроме того, с помощью программы WebMO были определены изотопы, ЯМР, ИК-спектры.

Annotation. This article examined the model, construction, properties and composition. Through the Avogadro program, The Binding angles, formation length and charges, рН value, valence, energy, thermodynamic values of the compound were determined. The iqmol program determined the infra red and mass spectra of rutin, and the structure of molecular orbitals under the ArgusLab program. In addition, the spectra of isotopes, NMR, IR were determined using the WebMO program.

Кілт сөздер: Инулин, компьютерлік модель, Avogadro, IQmol, ArgusLab, WebMO

Ключевые слова: Инулин, компьютерная модель, Avogadro, IQmol, ArgusLab, WebMO

Keywords: inulin, computer model, Avogadro, IQmol, ArgusLab, WebMO

Кіріспе. Инулин - фруктанның бір түрі (қант, фруктоза тізбегінің жиынтық атауы). Фруктозаның шын мәнінде ұзын тізбектері (10-нан астам фруктоза молекуласы) инулин ретінде белгілі. Қысқа тізбекті фруктандар (2–9 фруктоза молекуласы) фрукто-олигосахаридтер деп аталады. Олар жемістер, көкөністер және жарма негізіндегі өнімдер сияқты әртүрлі табиғи тағамдарда, сондай-ақ кейбір өңделген тағамдардағы қоспалар ретінде кездеседі [1].

Инулин қай жерде бар?

Органикалық заттар жануарлардан алынбайды және синтетикалық түрде алынбайды. Инулиннің жалғыз көзі - өсімдік компоненттері. Өсімдіктерде тамыр жүйесінде жиналады және олардың кейбірінде негізгі зат ретінде кездеседі. Барлығы көмірсулардың 4000-нан астам түрі бар:

- көкөністер мен шөптер (экзотикалық және біздің жерімізде өсетін);

- дәнді дақылдар;
- бұқтырғыш;
- Коматоza өсімдіктерінің отбасына жатады.

Инулинмен әрдайым дерлік көмірсулар бар:

- левулин;
- prevdoinulin;
- инулин.


Инулин қандай өнімдерде бар?

Инулин туралы мәселені қарағаннан кейін - бұл «ол жеп қойған нәрсемен» ойлануға уақыт келді. Денеге алдын ала пребиотиканы алу үшін оны таблетка түрінде немесе ұнтақ түрінде алуға болады (препарат фармацевтияда сатылады). Сіз инулин бар әдеттегі диеталық өнімдерге кіре аласыз: Jerusalem artichoke, цикорий тамыры, пияз және сарымсақ, банан, арпа және қара бидай. Сіз полисахаридті костюмде, спаржа, артишокте таба аласыз.

Тәтті дәмі бар табиғи пребиотиктер, йогурттарға, салмақ жоғалтуға арналған аз калорияланған шоколад және сусындарға қосылады. Инудын ұнтағын пісіруге қосып, оларды 10% -ға дейін ұнға және кондитерлік кремдерге ауыстыра аласыз. Пребиотиканың арқасында нан өнімдері жеңіл болады, талшықпен байытылған болады, ал крем түсініксіз кремді дәмге ие болады [2].

Зерттеу нысаны. Күрделігүлділер тұқымдасына жататын өсімдіктерден алынған инулин.

Эксперименттік бөлім. Компьютерлік химияның Avogadro, IQmol, ArgusLab, WebMO бағдарламалары арқылы рутиннің құрамы, құрылысы, физикалық қасиеттері мен модельдері визуализация арқылы зерттелді. Avogadro бағдарламасы арқылы рутиннің X, Y, Z- осьіндегі зарядтары[2-сурет] және дипольдік моменті, рН мәні, энергиялары, 2 және 3 атомдар арасындағы байланыс ұзындығы мен бұрыштары, валенттіліктері анықталды. Және де бұл бағдарлама бойынша «Негізгі мәзір» батырмасын басып, «dnfdragora бумаларын басқару» мәзірін басу арқылы термодинамикалық мәндері есептелінді [[Инулиннің термодинамикалық мәндері.docx](#)].




1 (А,Б)-сурет – инулиннің молекулалық формуласы мен молекулалық массасы және дипольдік моменті, рН мәні

Atom	Element	Type	Valence	Formal Charge	Partial Charge	X (Å)	Y (Å)	Z (Å)
Atom 1	C	C3	4	0	0.088	-0.78130	-0.89758	-0.21192
Atom 2	C	C3	4	0	0.132	0.69337	-1.04407	0.15995
Atom 3	C	C3	4	0	0.139	1.28636	0.36251	0.05733
Atom 4	C	C3	4	0	0.220	0.08314	1.25550	-0.30172
Atom 5	C	C3	4	0	0.101	0.00140	2.56851	0.50440
Atom 6	C	C3	4	0	-0.036	-1.08650	-1.33601	-1.63911
Atom 7	O	O3	2	0	-0.339	-1.10353	0.49141	-0.04636
Atom 8	O	O3	2	0	-0.361	0.15066	1.54663	-1.70102
Atom 9	O	O3	2	0	-0.390	1.16354	3.37566	0.31784
Atom 10	O	O3	2	0	-0.384	1.92270	0.73527	1.29187
Atom 11	O	O3	2	0	-0.386	0.83751	-1.52066	1.51020
Atom 12	H	H	1	0	0.026	-2.12250	-1.09271	-1.89803
Atom 13	H	H	1	0	0.026	-0.44923	-0.83137	-2.37111
Atom 14	H	HO	1	0	0.210	0.25710	-0.96938	2.07031
Atom 15	H	H	1	0	0.065	1.21503	-1.75829	-0.48464
Atom 16	H	HO	1	0	0.210	2.25928	-0.10331	1.67270
Atom 17	H	H	1	0	0.062	-1.42465	-1.46331	0.47105
Atom 18	H	H	1	0	0.067	2.05203	0.40386	-0.72517
Atom 19	H	H	1	0	0.061	-0.86038	3.15768	0.17092
Atom 20	H	H	1	0	0.061	-0.14051	2.37951	1.57430
Atom 21	H	HO	1	0	0.210	1.89173	2.88529	0.75229
Atom 22	H	H	1	0	0.026	-0.94244	-2.41509	-1.75185
Atom 23	H	HO	1	0	0.213	0.02446	2.50760	-1.79319


2-сурет – Инулиннің X, Y, Z- осьіндегі зарядтары

Сонымен қатар Avogadro бағдарламасындағы бір ерекшелік (Van der Waals) моделі «View» мәзіріне кіріп, «Properties» батырмасын басу арқылы көрсетілген.




3-сурет – Инулиннің «Van der Waals» моделі

ArgusLab бағдарламасы бойынша молекулаларды жобалауға және өзгертуге, есептеулерді орындауға және әртүрлі есептеу әдістерін (UFF, EHT, MNDO, AM1, PM3) бойынша анықтауға болады.



2(А,Б)-сурет- Инулиннің МО теориясы бойынша графигі

ArgusLab бағдарламасының Avogadro бағдарламасынан анықталған ерекшелігі молекулалық орбитальдар теориясы (МО), яғни, электрон тығыздығының таралуы мен молекулалардың қасиеттері анықталды.



5-сурет Инулиннің молекулалық орбитальдар саны


	Energy (au)	Difference
	-63.624052	
	-73.930779235	-10.3067
	-79.520722279	-5.58994
	-82.679335436	-3.15861
	-85.279289894	-2.59995
	-88.722292601	-3.443
	-92.370769245	-3.64848
	-93.104893509	-0.734124
	-93.226348532	-0.121455
0	-93.238959936	-0.0126114
1	-93.239368137	-0.000408201
2	-93.239454304	-8.61674e-005
3	-93.239474047	-1.9743e-005
4	-93.239479164	-5.11627e-006
5	-93.239480539	-1.37551e-006
6	-93.239480920	-3.80438e-007
7	-93.239481027	-1.07793e007
8	-93.239481059	-3.12235e-008
9	-93.239481068	-9.12507e-009
	-93.239481071	-2.88122e-009

0		
1	-93.239481071	-8.55209e-010
2	-93.239481072	-2.87457e-010
3	-93.239481072	-8.94715e-011
4	-93.239481072	-2.79101e-011
5	-93.239481072	-1.00044e-011
6	-93.239481072	-4.20641e-012
7	-93.239481072	2.84217e-013
8	-93.239481072	-1.81899e-012
9	-93.239481072	-5.68434e-013
0	-93.239481072	1.64846e-012
1	-93.239481072	-5.68434e-013
2	-93.239481072	9.66338e-013
3	-93.239481072	-9.66338e-013
4	-93.239481072	-4.54747e-013
5	-93.239481072	1.08002e-012
6	-93.239481072	-8.52651e-013
7	-93.239481072	-5.68434e-014 SCF converged
Final SCF Energy = -93.2394810719 au		

1-кесте. Инулин молекуласы энергиясы


ArgusLab-та байланыс қашықтығын өлшеудің анықтаудың бірнеше әдісі зерттелді. Біріншіден, таңдау құралын пайдалану мәзірін басу арқылы және екіншіден облигацияның оң жақ түймешегін басып, облигация туралы ақпаратты таңдау батырмасын басу арқылы.

Сонымен қатар, бұл бағдарламада керекті әдебиеттер жинағын көруге болады[6-сурет].




6-сурет- Инулиннің молекуласына қосар әдебиеттер жинағы

Келесі IQmol бағдарламасы бойынша спектрі нүктесі мен график бойындағы сызығы анықталды[7(А,Б)-сурет]. Сонымен қатар, IQmol бағдарламасында молекулаларды сақтауға арналған файл пішімдерімен (XYZ, PBD, CML, MOL, GZMAT және т.б.) зерттелді.



7(А,Б)-сурет- Инулиннің графигі мен спектр сызықтары

Және бұл бағдарламада тығыздықтарды нақты анықтауға және молекуланы визуализация жасауға, бетті генерациялауға мүмкіндік береді.



8-сурет- Қосылыстың элементтік құрамы

Одан соң, WebMO бағдарламасы арқылы қосымша жаңа бағдарламаларға өту арқылы спектрлік қасиеттерін анықтауға болады. Және «инулин» жайлы толық ақпарат алып, қосылыс туралы мақалаларды көруге болады.

PubChem 2-(4-оксиметил)-5-метилксолан-2,3,4-триол (Коста)

Atom Mult.	Counting class	Prediction Score	Prediction 0 Peak Ratio
2	5	177.50	176.44
4	0	79.23	80.5
5	1	64.24	63.47
7	0	39.88	40.52
8	5	77.22	86.52
10	1	64.20	65.07

9 (А, Б)-сурет-Инулиннің изомерлері, анықтамасы

9

9 (А, Б)-сурет-Инулиннің ЯМР спектрі және масс спектрі

ҚОРЫТЫНДЫ

Инулиннің құрамы, құрылысы, модельдері және қасиеттері 4 түрлі бағдарламаларда зерттелді. Avogadro бағдарламасы арқылы қосылыстың байланысу бұрыштары, түзілу ұзындығы және зарядтары, рН мәні, валенттілігі, энергиясы, термодинамикалық мәндері, ArgusLab бағдарламасы бойынша молекулалық орбитальдар құрылысы, IQmol бағдарламасында рутиннің инфра қызыл және масс спектрлері мен ЯМР сигналдары анықталды. Сонымен қатар, WebMO бағдарламасы арқылы изотоптары, ЯМР, ИК спектрлері анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. <https://www.gastroscan.ru/handbook/369/5689>
2. <https://scienceforum.ru/2015/article/2015015256>

3. <https://cyberleninka.ru/article/n/issledovanie-biologicheskoy-aktivnosti-flavonoidov-oblepihovogo-shrota-s-primeneniem-spetsificheskikh-biotest-sistem>
4. <https://biopax.ru/articles/inuline/>
5. <https://cyberleninka.ru/article/n/issledovanie-vozmozhnosti-ispolzovaniya-vysokoeffektivnoy-zhidkostnoy-hromatografii-dlya-standartizatsii-syrya-grechihiposevnoy/viewer>
6. <https://himitsu.wakasa.jp/contents/inuline/>

FTAMP 14.25.07

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚЫРМАНДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Садық Гүлжан Болатқызы
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
ПМНО-23-3у оқу тобының студенті,
Жайлауова Манат Кенесовна
ғылыми жетекші, доцент,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
«Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі»БББ

Кітап – адамның жан дүниесінің рухани қазынасы, асыл байлықтың өлшемі. Кітап оқу білімге ұмтылысты, дүниетанымды кеңейтуді, адамның өзін тануын білдіреді. Кітап оқыған адам ақыл-парасат, таным, білім, жұртпен қарым-қатынас, тіл байлығы, сыпайылығы мен мәдениеттілігі сияқты ізгі қасиеттерімен ерекше болып тұрады. Кітапты оқи білу үшін міндетті түрде оқу қабілетін дамыта білуіміз қажет.

Оқу қабілеті-бұл ерекше жұмыс, өйткені оның негізінде ең күрделі іс-әрекет ойлау қабілеті жатыр. Кітап сізге не туралы айтып жатқанын ойлау үшін сіз әр сөзді, сөз тіркесін біліп, ерік-жігерді, зейінді, есте сақтауды, қиялдай біліп, суреттерде не туралы сөйлесіп жатқанын елестетіп, тәжірибеге еніп, сол кезде пайда болған эмоцияларды, көңіл-күйді түсініп, бағалауыңыз керек. Сонымен қатар баланың кітапқа деген қызығушылығын арттыру барысында «оқырмандық қызығушылық» ұғымын анықтап алғанымыз жөн.

Оқу қызығушылығының дамуын зерттеуге профессор Н.Н.Светловская үлкен үлес қосты. Ол «оқырмандық қызығушылық» терминін тар және кең мағынада қарастырады. Тар мағынада оқырманның қызығушылығы оқуға деген қызығушылықтан көрінеді: оқу механизмі, белгілерді аудару тәсілі. Бұл оқырман қызығушылығы тек оқитын балаға ие. Ол кітапта жазылғандарды түсінуге және айналасындағыларға оқу процесін қалай меңгеретінін көрсетуге ұмтылады.

Сөздің кең мағынасында – оқырмандық қызығушылық, яғни оқырманның кітаптардағы адам тәжірибесіне белсенді қатынасы және бұл

тәжірибені кітаптардан өз бетінше алу қабілеті. Сонымен қатар, оқырманның ақыл-ой және эмоционалдық белсенділігін кітап оқу барысында көрсете білуі, ондағы кейіпкерлердің айтқысы келген ойды терең түсіне білуі, ішкі жай-күйін ұғына білуі болып табылады.

Р.В.Никитинаның пікірінше, оқырман қызығушылығының маңызды құрамдас бөлігі-авторлар, олардың өмірбаяны, шығармалары туралы білім. Егер адам кітаптардың, тақырыптардың, жанрлардың алуан түрлілігін білсе, онда ол өзінің қызығушылықтары мен танымдық қажеттіліктеріне сәйкес келетін кітапты таңдай алады [1].

Оқырмандардың қызығушылығын дамытудың міндетті шарты-кітаптарға деген оң жеке көзқарас. Оқырмандық қызығушылықты дамытудың маңызды құрамдас бөлігі-қызығушылық. Н.Н.Светловская қызығушылықтың мынадай түрлерін атап көрсетеді:

- мәтінге қызығушылық;
- ситуациялық қызығушылық;
- жеке қызығушылық [1].

Қазіргі мектептің басты мақсаты - білімді, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру. Бұл мақсатқа жетудің жолы - оқушыларды мәдениетке енгізу, олардың жалпы адамзат пен өз елінің халқы жасаған мәдени және адамгершілік үлгілерін игеруі.

Д.Б. Элькониннің пікірінше, бастауыш мектеп жасы 6-10 жылды қамтиды. Бұл жас кезеңіндегі жетекші әрекет түрі - оқу. Оқу іс-әрекеті кезінде жоғары психикалық функциялар және жалпы тұлға дамиды[2].

Оқырмандардың қызығушылығын дамыту мәселесі әрқашан бастауыш сынып мұғалімдерін толғандырды. Оқырмандардың қызығушылығын қалыптастыру ішкі себептердің – оқушылардың жас ерекшеліктерінің, сондай-ақ бірінші кезекте оқытуды қамтитын сыртқы себептердің әсерінен өтеді. Бастауыш сынып мұғалімі жұмысының бір бағыты-бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын дамыту үшін жағдай жасау. Баланың кітапқа деген қызығушылығын арттыру үшін кітаптың бала дамуына қалай әсер ететінін білуіміз қажет.

Баланың оқырмандық қызығушылығын қалыптастырып, кітапқа оқуға баулудың негіздеріне тоқталайық.

1. Неврологиялық тұрғыдан негіздемесі

Кітап оқу баланың миын жетілдіреді. Алты жасқа дейін баланың үйрену, ақпарат қабылдау қабілеті басқа жасқа қарағанда әлдеқайда қарқынды жүреді. Баланы ерте жастан дамыту оның зияткерлік қабілеттерін қалыптастырып қана қоймай, оқуға, үйренуге деген ынтасын да қалыптастырады.

2. Академиялық тұрғыдан негіздемесі

Кітап оқудың арқасында бала барлық пәндерден озат, үздік болады. Баланың танымдық және дамыту әрекеті анықталады, ойлауға үйренеді, есте сақтау қабілеті жақсарады. Балалар кітаптар мен журналдардан, сайттардан, басқа

да ақпарат көздерінен керекті ақпаратты жинақтап, сараптай білетін жас зерттеушілерге айналады.

3. Психологиялық негіздемесі

Үйде ата-анасымен бірге кітап оқуды сүйетін бала еркін, өз-өзіне сенімді тұлға ретінде қалыптасады. Кітап оқу баланың одан әрі жетілуіне, кемелденуіне, тәртіпті болуына, моральді сауаттылықтың қалыптасуына бастама болады.

4. Әлеуметтік негіздемесі

Жасы кіші кезде де баланың әлеуметтік сана-сезімі болады. Кітап оқуды сүйетін балалар – өз құрдастарына қарағанда әлдеқайда жоғары дамыған, кемелденген балалар. Бұл өз кезегінде баланың өз құрдастары арасындағы әлеуметтік беделін көтереді, сенімділігін арттырады. Қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, оған қоса адамгершілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, шыншылдық, адалдық, үлкендерді құрметтей білу сияқты асыл қасиеттер бала бойына кітап арқылы біртіндеп сіңеді.

5. Лингвистикалық негіздемесі


Ерте жастан оқып үйренген, өз бетінше оқи алатын балалар жазуды да ерте үйренеді. Бала неғұрлым ерте оқи бастаса, соғұрлым сөйлеу қабілеті тез дамып, сөздік қоры жылдам кеңейеді. Неғұрлым ерте оқи бастаса, соғұрлым оқитын кітаптары да, білім көзі де, идеялар желісі де алуан түрлі болады. Оқу дағдысы жақсы балалар өз ойын нақты жеткізе біледі, жазуға келгенде де сауатты болады.

Қазіргі таңда балалардың кітап оқуға деген қызығушылығының жоқтығы анық байқалады. Оған дәлел ретінде бірнеше факторларды атап көрсетуге болады:

- Бұқаралық ақпарат құралдарының көбеюі (телефондар, гаджеттер т.б.)
- Бала тәрбиесіне ықылас танытпайтын отбасылар санының артуы;
- Бірінші сыныпқа келген балалардың бірлескен оқу іс-әрекетіне деген көзқарасының өзгеруі.

Жұмыстың осы бағытында күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

- оқу және сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлі формаларын қолдану арқылы оқу қажеттілігін дамыту (дербес, бастамашыл) ;
- әдеби ойындарды, шығармашылық конкурстарды, театрландыру элементтері бар сабақтарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың оқу құзыреттілігін дамыту;
- балалардың шығармашылығын ынталандыру [3].



Кесте 1.Бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын дамыту бойынша жұмыс сызбасы

Оқырмандардың қызығушылығын қалыптастырудың көптеген жолдары мен құралдарының ішінде бастауыш сынып оқушылары үшін ең маңыздысы – ынталы оқыту, оқу материалының жаңалығы, оқытудың инновациялық формалары мен әдістерін қолдану, сабақта табыс жағдаятын жасау. Бұл оқу үдерісінде мәтінмен жұмыс істеудің дәстүрлі емес әдістерін енгізу кезінде жүзеге асырылады. Мәтінмен жұмыс істеудің дәстүрлі емес әдістерін қолдана отырып, оқу пәндерінің дәстүрлі мазмұнына ие бола отырып, оқу үдерісін дамытушы ортаға айналдыруға болады.

Сыныптан тыс жұмыстардың алуан түрлілігі де маңызды, бұл процесті қызықты етеді. Сыныптан тыс жұмыстардың формалары дегеніміз - бұл іс-әрекеттің мазмұнын мұғалімдер, кітапханашылар, оқушылар мен ата-аналар байланыс жасай отырып ұйымдастыруы [2].

Оқырмандардың қызығушылығын дамыту әдістері әртүрлі болуы мүмкін. А.В.Хуторской өз кітабында олардың негізгілерімен таныстырады:

- әдеби ойын;
- театр фестивалі;
- диспут;
- концерт;
- сұхбат;
- эссе;
- үйірме;
- олимпиадалар, конкурстар, викториналар;
- топсеруендер;
- пікірталастар;
- оқырмандар сайысы және т.б. [3].

Бастауыш мектепте оқырмандардың қызығушылығын дамыту бойынша жоғарыда аталған ұйымдастыру формалары мен әрекет түрлерінен басқа С.А. Смирнов төмендегілерді ұсынады:

-Балалар оқыған кітаптан эпизодтың сахналық қойылымы.

-Әркім өз бетінше оқитын кітапқа суреттер мен плакаттар.

-Кітап мәтіні бойынша мектеп қойылымы.

-Әдеби шығарма бойынша театр қойылымына қатысу.

-Кітапхана бөлмесінде кітапханашының кеңесі.

-Шағын сыныпта алмасу кітапханасын құру.

-Өз бетінше оқуға ұсынылатын кітаптың постер пішіні.

-Топтағы «үнсіз оқу» (барлығы өздерінің сүйікті кітабын оқиды).

Эссе - бұл бастауыш сынып оқушыларымен шығармашылық жұмыстың қызықты түрі. Бұл олардың оқырмандық және сонымен бірге танымдық қызығушылықтарын дамытуға көмектесетін композиция. Бастауыш сынып оқушылары кез келген тақырыпта жаза алады және қиялдай алады. Бірақ

мұғалім басшылықты жүзеге асыруы, тақырыптарды ұсынуы, белгілі бір жоспар құруы керек. Мысалы, келесі тақырыптар ұсынылуы мүмкін:

- Мен ертегі жазамын (бұл жұмыс сыныпта және үйде жасалуы мүмкін).
- Менің алғашқы әңгімелерім (жеке жазу тәсіліне ерекше назар аудару керек). Бұл жұмыс сыныпта жақсы орындалады.
- Менің алғашқы ертегім
- Менің алғашқы кітаптарым [4].

Бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын арттыруға бағытталған ойындар мен әдіс-тәсілдер

Кітап оқу ойыны - кітап оқуға деген қызығушылықты оятуға мүмкіндік береді. Мәселен, оқушылармен бірге кішігірім телестудия немесе радиостанция жасаңыз. Қолына микрофон ұстатып қойып, «Ертегілер әлемі» бағдарамасының жүргізушісі ретінде оқушыны хабарлаңыз.

Кассиль әдісі

Қысқа, қызықты әңгімені таңдап алыңыз. Шарықтау шегіне дейін балаңызға оқып беріңіз де, қалғанын кейін оқып беремін деп уәде беріңіз. Әдетте, баланың шыдамы таусылып, кітапты әрі қарай өзі оқып кетеді.

«Галереяны шарлау» әдісі (Саймон [Браунхилл бойынша](#))

Қабырғаға дайындалған постер ілінеді. «Галереяға саяхат» – топтар кабинет ішінде қозғалысқа түседі, қабырға газеттерін қарайды, сараптайды, талдайды және жапсырма қағазға пікірін немесе сұрағын жабыстырып кетеді. [Галереяға саяхат аяқталған соң](#), топтар жұмыстарға шолу жасап, өз қабырға газеттеріне жазылған сыныптастарының пікірін сараптайды, талқылайды, сұрақтарға жауап береді және қорытынды жасайды.

«Джигсо» әдісі (*Элиот Аронсон бойынша*)

Көлемді мәтін төрт бөлікке бөлінеді оқушыларда төрт адамдық шағын топтарға бөлініп («бастапқы топ»), 1-ден 4-ке дейін нөмірленеді. Осыдан кейін олардың әрқайсысы өз нөміріне сәйкес мәтіннің бір бөлігін ғана оқиды. Содан кейін топтар құрамы өзгертіліп, жаңа топтар («сарапшылар тобы») тобы құрылады, сарапшылар топтарында оқушылар өз нөмірлері бойынша жинақталады: мәтіннің № 1 бөлігін оқыған оқушылар 1 топқа т.с.с. Өкілдер басқа топтарға барып, өз жұмыстарын таныстырады, топтық талқылау жүреді.

«Автор орындығын» оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда қолдануға болады. Шығарманы оқи отырып, оқушы өзін автор ретінде сезінеді.

«Суретті әңгімеле» әдісі

Мақсаты: бір бөлігі берілген сурет бойынша әңгімелету, суреттегі оқиғаның басын және соңын болжату арқылы тапқызу.

Сипаттамасы: оқушыларға сурет көрсетіліп, әңгімелетіледі. Қажет болған жағдайда әңгіменің жаңа сөздерін алдын ала үйретуге болады. Сурет әңгіменің бір бөлігі екені ескертіледі. Оқушыларға суретте бейнеленген сәттің алдында не болғаны және кейін не болатыны болжатылады.

Оқушылардың өз әңгімелері тыңдалғаннан кейін әңгіменің толық нұсқасы оқып беріледі. Оқушылар өздері құраған әңгіме мен әңгіменің шынайы сюжетін салыстырады. Оқушыларға әңгімедегі негізгі ойды табу тапсырылады.

Шақыру қағазы

Оқушылар мазмұны кеш, туған күн немесе басқа да мерекелер туралы айтылған әңгімені тыңдағаннан кейін шақыру қағазын жазады.

«Кинометафора» әдісі

Оқушының ой-өрісін, ойлау қабілетін дамыту. Оқушының логикалық ойлау қабілеті дамиды. Бір мәселе бойынша бейнесюжеттен үзінді көрсету арқылы баланың өз ойын, ой-пікірлерін білуге болады.

Әдебиеттік ойындар — сөздік ойынмен салыстырғанда, пәні жеке сөздер немесе құрылымдар болып табылатын, сюжеті немесе мағыналық негізі болмайтын бар нәрсені өзгерту немесе жаңаны құру мақсатындағы мәтінмен ойын[5].

Баланың тілін дамытуда, өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда **театрландырған қойылымдар** ерекше рөл атқарады.

Қазақ халқының әйгілі өнер жұлдызы Ш.Айманов «Театр - адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері –тіл жетпес құдіретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес» -деген болатын. Театр әр балаға қуаныш, шат көңіл, қызықты, ұмытылмас әсер сыйлайды, балалардың эстетикалық талғамын, қиялын, ойлау жүйесін, елестету қабілетін дамытады.

Кітаптың жарнамасы — дәл осы кезеңде оқылып жатқан шығарма жайлы әңгіме.

Бастауыш сынып оқушыларының үлкен қызығушылығын тудыратын тәсілдердің бірі — **мәнерлеп оқу конкурсы**. Әдеби шығармалардың театралды қойылымдары да білім алушыларды қолына кітап алуға шақырады.

Балалар кітапханалары - бұл бәрінен бұрын әрбір келушіге көмектесуге дайын, мейірімді қызметкерлері бар ыңғайлы жер.Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыруда кітапханашының да рөлі зор.Түрлі кітап оқу жарыстарын ұйымдастыру балаларға да қызық болары анық.

Демек, бастауыш сынып оқушысының оқуға деген ұмтылысын, оқырмандық қызығушылығын қалыптастыратын қай әдісті алып қарасақ та, барлығын дұрыс ұйымдастыра алу, мақсатқа қол жеткізу ұстаздың педагогикалық шеберлігіне байланысты.Осы әдістерді қолдану бастауыш сынып оқушыларының оқу белсенділігін тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді және оларға кітапқа, оны оқуға деген сүйіспеншілікті дамытуға көмектеседі.

Аңдатпа:Бұл мақалада мұғалімдер бастауыш сынып оқушыларының оқу белсенділігін ынталандыру үшін қолдана алатын әртүрлі әдістер мен ойындар қарастырылады. Мақалада әр түрлі күрделіліктегі мәтіндермен

жұмыс істеу әдістері, оқылған шығармалар бойынша пікірталастар ұйымдастыру, оқушыларды белсендіру үшін шығармашылық тапсырмалар мен ойындарды қолдану сипатталған. Сондай-ақ сыныпта оқу атмосферасын құру жолдары, оқушыларды оқуға ынталандыру жолдары талқыланады және бастауыш мектеп жасындағы балаларда оқу белсенділігін қалыптастыру бойынша жұмыс істеу кезінде мұғалім тап болуы мүмкін мәселелер талқыланады. Бұл мақала балалардың оқуға және кітапқа деген қызығушылығын дамытқысы келетін мұғалімдер мен ата-аналар үшін пайдалы ресурс болып табылады.

Аннотация: Данная статья рассматривает различные методы и приемы, которые могут быть использованы учителями для стимулирования читательской активности у младших школьников. В статье описываются методы работы с текстами разной сложности, организация дискуссий и обсуждений по прочитанным произведениям, использование творческих заданий и игр для активизации учеников. Также обсуждаются способы создания атмосферы чтения в классе, мотивации учащихся к чтению и обсуждаются проблемы, с которыми может столкнуться учитель при работе над формированием читательской активности у детей младшего школьного возраста. Данная статья представляет собой полезный ресурс для учителей, педагогов и родителей, желающих развить у детей интерес к чтению и книгам.

Abstract: This article examines various methods and techniques that can be used by teachers to stimulate reading activity in younger students. The article describes methods of working with texts of varying complexity, the organization of discussions and discussions on the works read, the use of creative tasks and games to activate students. They also discuss ways to create an atmosphere of reading in the classroom, motivate students to read, and discuss the problems that a teacher may face when working on the formation of reading activity in primary school children. This article is a useful resource for teachers, educators and parents who want to develop children's interest in reading and books.

Кілт сөздер: *бастауыш сынып, оқырман, қызығушылық, кітап, әдістер*

Ключевые слова: *начальный класс, читатель, интерес, книга, методы*

Keywords: *elementary class, reader, interest, book, methods*

Әдебиеттер тізімі

1. Никитина Р.В. Как вызвать читательский интерес в эпоху гаджетов// Начальная школа. –2016. - №2. – С.8-15.
2. Антонова Е.С. Как я воспитываю интерес к книге// Начальная школа плюс До и После. - 2016. - № 12.
3. Хуторской А.В. Системно-деятельностный подход в обучении. Научно-методическое пособие.–М.: Издательство «Эйдос», 2012

4. Учебный словарь: Чтение и новые технологии обучения / Под ред. Л. Н. Ротовой. — Нижневартовск: Изд-во Нижневарт. гос. ун-та, 2013. — С.189–218.

5. Жайлауова М.К., Абуова А. Бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру тәсілдері/ Молодой ученый. — 2019. — № 39 (277).- 86-88 б.

ҒТАМР 14.25.05

ТҮЛҒАНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ КӨПФАКТОРЛЫ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН КОРРЕКЦИЯЛАУ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ОРНЫ

Балғараева Назым

Қорқыт Ата атындағы ҚУ

ПМНО-20-1 оқу тобының студенті,

Сейлова Зоя Тулеубаевна

Ғылыми жетекші, педагогика

ғылымдарының кандидаты,

«Педагогикалық-психологиялық білім беру

және оқыту әдістемесі» кафедрасы

Оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы іс-әрекеттері әлеуметтік педагогтың ғана емес, сынып жетекшісінің де басты міндеті екендігін бәріміз білеміз. Әрине бұл міндеттерді алып жүру әлеуметтік педагогқа, сынып жетекшісіне оқушылардың психологиялық даму ерекшеліктерін зерттеу және олардың білім, дағды, үйренулері жасына қаншалықты сәйкес келетінін анықтау әдістемелерімен қарулануды жүктейді.

Біз өз бетімізше зерттеуге тұлғаны зерттеудің көпфакторлы әдістемелерінің бірі Стотт бақылау картасын таңдадық. Бұл әдістеме көпфакторлылығымен ғана емес, көпфункционалылығымен ерекшеленеді. Ал, мектеп әлеуметтік педагогының, сынып жетекшісінің жұмысы тұлғаны дамыту бағдарламасын жасаумен шектелмейді. Олар балалардың дамуын зерттеп, ұсыныстардың орындалуын қадағалайды, сонымен қатар психологиялық, түзетушілік, тәрбиелік жұмыстың басым бөлігін өзі атқарады. Стотт бақылау картасын осы жұмыстарды жүргізуге ең оңтайлы әдістеме ретінде таңдалды.

Стотт бақылау картасы [1;4 б.] мектеп шартына бейімделе алмайтын оқушылардың ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Оқушылардың бейімделмеушілігінің екі типі бар: өздері қиыншылық сезінеді және ортасына көптеген қиындықтар тудырады (техникалық қызметшілерге, педагогтарға және басқа оқушыларға) - олар «қиын» оқушылар; мектепте қиындықты сезінетін, бірақ ортасына ерекше мәселе тудырмайтын оқушылар.

Стотт бақылау картасы (КН) 16 белігісі бар комплекстен тұрады. Комплекс белгілері (СК) тізім ретінде беріледі және нөмірленген I-XVI ға дейін. Картаны толтыру барысында әр зерттелген тәртіп үлгілеріне «+» белгісі, ал зерттелмегеніне «-» таңбасы қойылады. Бұл мәліметтер арнайы кесте формасына енгізіледі. Төменде осы 16 [2; 55 б.] комплекс белгілерінің әрқайсысының аты және мазмұнына тоқталамыз.

I. НД - жаңа адамдарға, заттарға, жағдайларға сенімінің аздығы.

Мұғаліммен тек оңаша қалғанда ғана сөйлеседі; ескерту жасағанда жылайды; егер біреу оған өтініш білдірмесе ол ешқашан ешкімге қандайда бір көмек түрін ұсынбайды; бағынышты бала; тіл алмау үшін мазасыздық танытады; қорықпастан өтірік айтады; біреу өзін ұнатқанын жақсы көреді, бірақ сұрамайды; ешқашан мұғалімге гүл немесе басқада сыйлықтар алып келмейді; достары мұны жиі жасағанмен бірақ өзі мұғалімге ешқашан табылған нәрселерін көрсетпейді; тек жақсы жалғыз досы болады және сыныптағы басқа ер немесе қыз балаларды елемейді; мұғаліммен амандаспас бұрын көзге түсуді ұнатады; мұғалімге өз мәселелерімен жақындамайды; бір нәрсені сұрауға тым ұялшақ; тез ашушандылыққа жол береді, жылайды, егер сұрақ қойса қызарады; белсенді ойынға қатысудан жылдам бас тартады; әсіресе, онымен амандасқанда түсініксіз мәнерсіз сөйлейді; өте аз сөйлейді.

II. О-әлсіздену.

Сабақта жауап беру барысында кейде талпынады, кейде ешнәрсе толғандырмайды; өз көңіл күйіне байланысты мектеп тапсырмаларын орындауда көмек сұрайды немесе сұрамайды; өзін әртүрлі ұстайды; оқуға деген талпыныс әр күні өзгеріп отырады; ойын барысында кейде өте белсенді, кейде енжар; бос уақытында болмайтын нәрсеге қызығушылық танытады, қол жұмысын жасауда кейде талпынады, кейде жоқ; шыдамсыз, жұмысқа деген қызығушылығын орындау барысында жоғалтады; ашулы, «долданды»; өзі жалғыз жұмыс жасайды, бірақ тез шарайды, қол еңбегін жасауға физикалық күші жетпейді; сыныпта ықпалсыздық, енжар, көңілсіз, ұқыпсыз, энергияның бірден жоғалып кетуі жиі байқалады, қозғалысы баяу; өте енжар, әр нәрсе үшін көңіл күйі түседі; көзқарасы немқұрайлы, ойында әрқашан жалқау және енжар; өңінде жиі армандайды; сөзі түсініксіз; өзіне аяушылық тудырады, сирек күледі.

III. У-өз-өзінен бөлу.

Мүлдем ешкіммен амандаспайды; амандасуларға жауап бермейді; басқа адамдарға достық ілтипат танытпайды; әңгімелерден қашқақтайды; сабақта берілген тапсырмалармен емес басқа іс-әрекеттермен шұғылданғанды армандайды; басқа әлемде өмір сүреді; мүлдем қол еңбегіне қызықпайды; топтық ойындарға қызығушылық танытпайды; басқа адамдардан қашқақтайды; үлкендерден қашқақтайды; басқа балалармен мүлдем араласпайды, өзіне жақындауға жол бермейді; өзін байқамайтын адамдарға жақсы қырынан көрінеді; әңгімеде алаңдаушылық танытады; өзін «үрейленген аң» сияқты ұстайды.

IV. ТВ - үлкендермен қарым - қатынас жасаудағы алаңдаушылық.

Өз міндеттерін жақсы орындайды; мұғаліммен амандасудағы шектен тыс кету; өте көп сөйлейді; мұғалімге гүл және басқа сыйлық әкеледі; мұғалімге өзі тапқан заттарды көрсетеді; мұғаліммен дос болуға тырысады; мұғалімге отбасы туралы көп айтады; мұғалімге ұнауға тырысады; мұғалімді өзіне қарату үшін әр нәрсе ойлап табады; мұғалімнің бақылауына және көмегіне әрқашан мұқтаж; мұғалімнің өзіне көңіл аударуы үшін оған әр түрлі шағыммен келеді; мұғалімді «монополизациялау»; ойдан шығарылған және фантастикалық әңгімелер айтады; өзіне үлкендердің назарын аударғысы келеді, бірақ ол үшін ешнәрсе істемейді; өзіне үлкендердің қызығушылығын және ұнатуын тудыру үшін шектен тыс мазасыз; әрбір жасаған ісі табыссыз.

V. НВ - үлкендердің жағымсыздығы.

Көңл күйі ауыспалы; көңіл күйі жақсы болған кездерден басқа уақыттарда шыдамсыздық танытады; кол еңбегінде табандылық танытады; жиі нашар көңіл күйде болады; қолайлы көңіл күйде өз көмегін және қызметін ұсынады; мұғалімдер бір нәрсе сұраса уақыт өте келе жаралы, немқұрайлылық танытады; кейде мұғалімдермен амандасуға асықса кейде амандасудан қашқақтайды; амандасуға жауап ретінде күдікпен және ашумен қарауы мүмкін, уақыт өте келе достық пейілмен немесе нашар көңіл күйде болуы мүмкін; тәртібі ауыспалы кейде нашар жұмысын орындаған адамға жақсы сыңай танытуы мүмкін; жеке және қоғамдық меншікті бүлдіреді; былапыт сөз, әңгіме, өлең, суреттер; өзіне қойылған кінәлардан ақталарда күдікті болып көрінеді; егер оған ескертулер айтылса мұрнының астынан сөйлейді; уақыт өте өтірікті қиындықсыз айтады; уақыт өте ақша ұрлап, бағалы заттарды тонайды; әрқашан үміттенеді, өзін әділетсіз жазалайды деп есептейді; жабайы көзқарас, көзінің астымен қарайды; тәртіпке бағынбайды; агрессивті ұстаным (айкайлайды, қорқытады, күш көрсетеді); күдікті топтармен достасады; жиі ақша ұрлап, бағалы қағаздарды тонайды; өзін әдепсіз ұстайды.

VI. ТД - балалармен қарым - қатынастағы аландаушылық.

Оған ескерту жасағанда «батырдың» рөлін ойнайды; айналасындағыларға өзін көрсетпесе тұра алмайды; өзін ақымақ етіп көрсетуге бейім; шектен тыс батыл; басқалармен келісімде, оны басқару оңай; назарда болуды ұнатады; өзінен үлкен балалармен ойнайды; өзіне көп жауапкершілік алады, бірақ орындай алмаймын ба деп уайымдайды; басқа балалар алдында мақтанады, өзін сайқымазақ етіп көрсетеді; мұғалім сыныпта жоқ кезде, өзін өте шулы ұстайды; көңіл аудартатындай киінеді; қоғамдық мүлікті рахаттана құртады; өзі қатарластарының арасында ақымақ қылықтар көрсетеді, басқалардың бұзақылықтарына ілеседі.

VII. А - әлеуметтік нормалардың жетіспеушілігі.

Оқуға қызығушылығы жоқ, мектепте қадағалау арқылы жұмыс орындайды, мектептен тыс уақытта да солай; ұялшақ емес, бірақ мұғалім сұрақтарына енжар жауап береді, ұялшақ емес, бірақ ешкімнен ешқашан көмек сұрамайды, ешқашан өз еркімен жұмысқа кіріспейді; үлкендердің келісімі немесе келіспеуі оны қызықтырмайды, мұғаліммен қарым - қатынасы

жаман, басқа адамдармен жақсы; мұғалімнен қашады, бірақ басқа адамдармен сөйлеседі; үй тапсырмасын көшіріп алады; басқалардың кітаптарын рұқсатсыз алады; өзімшіл, басқалардың ойынын құртуды жақсы көреді; басқа балалармен ойында арамдық танытады; ойын кезінде басқаларды алдайды; басқалардың көзіне тіке қарай алмайды; ашық емес және ешкімге сенбейді.

VIII. ҚД - балалармен шиеленіс.

Басқа балалар ойнап жатса оларды келеке етеді, қорқытады; өзі араласатын ортаға тән емес балаларға жағымсыз қарым-қатынас; басқа балаларды мезі етеді, оларға тыныштық бермейді; басқа балаларды ренжітеді, ұрысады; өз ескертулерімен басқа балаларға қиындық тударды; басқа балалардың заттарын тығып қояды немесе көзін құртады; басқа балалармен жаман қарым-қатынаста; әлсіз балаларға тиседі; басқа балалар оны жақсы көрмейді, тіпті шыдамайды; басқаша төбелеседі тістейді, тырнайды.

IX. Н - тынымсыз бала

Өте былапыт; басқа балалармен араласпайды, оларды жағымсыз деп ойлайды; қол еңбегіндегі сәтсіздіктерге оңай көнеді; ойын барысында өзін ұстай алмайды; әрқашан кешігеді, ықылассыз; заттарын жиі жоғалтады; қол еңбегінде икемсіз және жауапкершілігі жоқ; мектеп тапсырмаларына ықыласы жоқ; жалғыз жұмыс істеу үшін тым мазасыз; сыныпта ешнәрсеге ұзақ уақыт назарын аудара алмайды; өзіне не істейтінін білмейді; бір нәрсеге ұзақ уақыт тоқтай алмайды; үлкендердің ескертулері мен бұйрықтарын есте сақтай алмайды.

X. ЭН - эмоционалдық тұрақсыздық.

Өзінің жасынан төменгі жастағы балалардың ойыншықтарымен ойнайды; ойындарды жақсы көреді, бірақ тез қызығушылығын жоғалтады; сөйлеуде өте бейқам; тындауға және айтқанмен жүру үшін әлі өсіңкіремеген; кішкентайлармен ойнағанда өзінің астамшылдығын көрсетеді; бір тоқтамға келу үшін өте уайымшыл; басқа балалар оның ішін пыстырады; бір немесе екі рет сабақтан қашуға тырысты; жиі кешігеді; бөлек сабақтардан кетеді; ұйымдаспаған, көп сөйлейді, жинақталмаған, топта өзін шектетілген адам ретінде сезінеді.

XI. НС - жүйкелік белгілер.

Кекештенеді, көп сөйлемейді, сөйлеу тәртібі жоқ, көзі жиі жыпылықтайды, қол қозғалыстары ретсіз, тырнағын кеміреді, секіріп жүреді, көрші саусак (10 жастан жоғары).

XII. С - ортаның қолайсыз шарттары.

Сабақтан жиі қалады; мектепте бірнеше күндеп болмайды; баласының мектепте жоқ кезін ата - анасы біле тұра өтірік айтады; ата - анасына көмек көрсету үшін сабақтан қалуға мәжбүр; былапыт және лас; тамақты дұрыс ішпейтіндей көрінеді; басқа балаларға қарағанда айтарлықтай сүйкімсіз.

XIII. УР - ақыл - ой дамуы.

Оқу бағдарламасынан өте қалып қойған; ақыл ойы достарына қарағанда төмен дамыған; мүлдем оқи алмайды; білімінде оңай арифметикадан көптеген кемшіліктер; мүлдем арифметиканы түсінбейді; басқа балалар оған ақымақ ретінде қарайды; жай ғана ақымақ.

XIV. CP - сексуальдық даму.

Ерте есею, карама-қарсы жынысқа деген сезімталдық; жыныстық жағынан кеш жетілу; бұзылаған бейімділік таныту.

XV. Б - аурулар және органикалық бұзылулар.

Дұрыс тыныс алмау; жиі тұмаурату, жиі мұрын қанау; ауыз арқылы тыныс алу; құлақ ауруына бейім болу; тері ауруларына бейім болу; жиі асқазан ауруына және жүрек айнуына шағымданады; жиі бас ауру; бозару және қызаруға бейім болу; қабақ айналасының қызаруы; өте қолдары салқын болу; китарлық; нашар қимылдау; дене бітімі дұрыс дамымаған.

XVI. Ф - физикалық кемістіктер.

Көздің нашар көруі; құлақтың дұрыс естімеуі; өте аласа бой; шектен тыс семіздік; денедегі басқада нормаға сәйкес емес ерекшеліктер.

Осы алған белгілерді бағалау жүйесі де бар, ол туралы келесі жолы баяндаймыз. Ұсынылған әдістеме тек әлеуметтік педагогтың жұмысы ғана емес, сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері үшін де пайдалы екендігі айқын.

Аңдатпа. Бұл зерттеу жұмысы оқушылармен сабақтан тыс уақыттағы жүргізілетін психо-диагностикалық жұмыстың әдістемесіне арналған. Әдістеме негізіне Стотт бақылау картасы алынды. Стотт бақылау картасы көпфакторлы анализ жүргізуге қолайлы болып табылады. Стотт бақылау картасы көпфункционалдығымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысына сол көпфакторлардың өте жиі кездесетін 16 белгісі бөліп алынды. Бұл белгілерді әр мұғалімге алдындағы оқушылармен жұмыс жасау және дамытушылық жұмыстарды жасау үшін маңызды болып саналады.

Кілт сөздер: әлеуметтік, мінез-құлық, Стотт, бақылау картасы, көпфакторлы.

Аннотация. Данная исследовательская работа посвящена методике психодиагностической работы со школьниками во внеурочное время. Методология была основана на карте наблюдений Стотта. Карта наблюдения Стотта подходит для многофакторного анализа. Карта наблюдения Стотта своей многофункциональностью. Для исследовательской работы были отобраны 16 распространенных признаков из этих факторов. Эти признаки считаются важными для каждого учителя в работе с учениками в проведении развивающей работы.

Ключевые слова: социальный, поведенческий, Стотт, карта наблюдения, многофакторность.

Annotation. This research work is devoted to the methodology of psycoodiagnostic work with schoolchildren outside school hours. The methodology was based on Stott's observation chart is suitable for multivariate

analysis. Stott's observation card with its versatility. For research work, 16 common features from these factors were selected. These signs are considered important for each teacher in working with schoolchildrens in carrying out developmental work.

Key words: socia, behavioral, Stott, observation map, multifactoriality.

Әдебиеттер тізімі:

1. Карта наблюдений Д.Стотта © Childpsy.ru - Детская психология, 2014
2. А.Т.Акажанова. Девиантология. Учебное пособие. — Алматы: Нур-пресс, 2008.— 114 с.

ҒТАМР 14.31.07

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗДІК ПАЙДАЛАНУ БІЛГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ ӘЗІРЛЕУ

Сейткамалова Нұрсауле Батырханқызы
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
ПМНО-20-1 оқу тобының студенті,
Абуова Айнагүл
аға оқытушы, педагогика
ғылымдарының магистрі
«Педагогикалық-психологиялық білім беру
және оқыту әдістемесі» кафедрасы

Қазіргі кезде білімді игеру үдерісінің ең басты мәселесі білім алушылардың белсенді әрекеттерін ұйымдастыру болып табылады. Белсенді әрекет арқылы шәкірттер білімді өздігінен меңгереді. Бұрын оқытуда оқушылар тек қана тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін субъект екендігіне ерекше мән беріліп отыр.

Бастауыш жалпы білім берудің жаңартылған мазмұндағы мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес қазір бастауыш мектептерде оқушылар анықтамалық әдебиеттермен, лингвистикалық сөздіктермен жұмыс істеуі қажет. Бұл дереккөздер оқушылардың нақты ақпарат алуына және қолдануына ыңғайлы, оларға лексикалық бірліктер туралы дәл, ғылыми-сенімді ақпаратты тез және оңай алуға мүмкіндік береді.

Анықтамалық әдебиеттерге әртүрлі ақпараттарды, ғылыми, қолданбалы және т.б. алу үшін қызмет ететін баспа жұмыстары кіреді. Мұндай жарияланымдар тек таңдаулы оқу үшін арналған. Анықтамалық әдебиет белгілі бір мәселе бойынша ақпараттың максималды толықтығы, таныстырудың қысқа нысаны және қажетті ақпараттың жылдам анықталуына ықпал ететін материалдың нақты орналасуымен сипатталады.

Сөздік – тілдегі сөздерді, сөз тіркестерін, идиомдарды әліпби негізінде я тақырыптық тұрғыдан жүйеге түсіріп, олардың мағынасын ашатын, аудармасын түсіндіретін анықтамалық құралмасы; сөздік кітап болып, басылып шығуы да, қолжазба ретінде көшіріліп, тарауы да мүмкін.

Байқап отырғанымыздай, дереккөздердегі берілетін мәтін көркем шығарма емес, ғылыми мақала түрінде ұсынылады, сондықтан да лингвистикалық оқу-ғылыми мәтіндердің ерекшелігі дереккөздермен жұмыста ескеріледі.

А.Е. Супрунның: «Сөздік – жаттығулар жинағы емес, анықтамалық мәлімет беретін құрал», – дейді [13]. М.Р. Львов «*Словарь-справочник по методике русского языка*» атты оқу құралында: «Мектептегі сөздік жұмысы – орыс тілі әдістемесінің негізгі саласы, ол оқушылардың жаңа сөздер мен олардың мағынасын, сөздің эмоционалды-экспрессивті реңкін меңгеруін, олардың қолданыс аясын, көп мағыналығы мен ауыспалы мағыналығын, синоним, антоним, пароним, омонимдерді меңгеруін, сөздік қорын белсендіру жұмыстарын қамтиды. Бала осылайша жаңа меңгерілген сөздерді өзінің әңгімелеу барысында қолдануға, сондай-ақ сөздік қорын диалектілік, көнерген, былапыт сөздерден тазартуға дағдыланады. Сөздік жұмысын жүргізу жүйесі күніне 3-10 дейін жаңа сөздерді меңгертуді, сонымен қатар сөздердің мағыналарын нақтылау жөніндегі тұрақты жұмыс жүргізуді, олардың мәнерлілік мүмкіндіктерін айқындауды, оларды сөздік қорға енгізіп, белсенді қолдануын білдіреді» [14],– деп көрсетеді.

Мектептегі түрлі пәндерден оқушылар білім алумен қатар, сол пәндерге тиісті көптеген таныс емес сөздерді игереді. Мұндай сөздер оқушылардың қазақ тілінен алған білімдерін қорландырып, сөздік қорын байытып, сөйлеу дағдысы мен жазу шеберлігін ұстартатыны сөзсіз.

Сөздік пайдалану оқушыларға тіл туралы өз білімдерін толықтыруға, қарым-қатынаста лексикалық қиындықтарды еңсеруге, қажет ақпараттарын іздеп табуға мүмкіндік береді. Оқушының сөздікке жүгіну қажеттілігі мен оны пайдалану білігі бастауыш сатыдан қалыптасады. Ол оқушының өздігінен білім алуының бастауы. Оқушының өзіндік білімін кеңейтуге деген алғашқы қадамы өз іс-әрекетіне басшылық жасай білуінен байқалады. Оған мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап, оқушы ретінде өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыруға жағдай жасау арқылы қол жеткізуге болады. Ол мұғалім тарапынан жоғары біліктілікті талап етеді. Сондықтан бастауыш білімнің мемлекеттік стандарт талаптарында көрсетілгендей, түрлі дерек көздерімен жұмыс істей алатын, өз бетінше ақпараттарды тауып, пайдалана алатын тұлға қалыптастыру бүгінгі күнгі өзекті мәселе ретінде арнайы зерттеуді қажет етіп отыр.

Кез келген әрекетті орындау үшін адамдардың жалпылама тәжірибесін байқататын білім қажет. Алайда кез келген әрекетті орындау үшін жалғыз білімнің өзі жеткіліксіз. Білік пен дағдылар әрқашан адам әрекетіне жатады. Біздің зерттеу мәселесі үшін маңыздысы «білік» түсінігін нақтылау болып табылады.

Ашық уикипедияда: «Білік – бұл алынған білім мен дағдылардың жиынтығымен қамтамасыз етілетін іс-әрекетті орындау әдісі. Ол жаттығулар арқылы қалыптасады және іс-әрекетті әдеттегі жағдайда ғана емес, өзгерген жағдайда да жасауға мүмкіндік береді» деп түсіндіріледі [15]. Бұл тұста біліктің қандай да бір жаттығулар арқылы қалыптасатындығын негізге алуға болады.

Осы ретте білік біліммен бір қатарда тұр. Сонымен бірге, білімнің өзі де, іс-әрекет әдістерін тікелей білу де оларды пайдалану мүмкіндігін әлі қамтамасыз етпейтіні атап өтіледі. Білім сапасы оның негізінде қалыптасқан біліктер деңгейімен бағаланады. Білім мен біліктің байланысы С.Ф. Жуйков, А.А. Люблинская, Н.А. Менчинская, Н.Ф. Талызына және т.б. зерттеулерінде ерекше атап өтілген. Соның нәтижесінде «Білік – іс-әрекет тәсілі мен оны жүзеге асыру тәжірибесі туралы білімнің бірлігі» деген қорытынды тұжырым шығатындығын байқаймыз.

Біліктердің психологиялық негізі іс-әрекеттің мақсаты, оны орындаудың шарты мен әдістері арасындағы байланысты түсіну болып табылады. Ал педагогикалық тұрғыдан білік – күрделі және ерекше ауқымды ұғым: бұл адамның теориялық та, практикалық та әрекеттер үдерісінде өзінің білімдері мен дағдыларын мақсатты және шығармашылықпен пайдалана білу қабілеті деген көзқарасты білдіреді.

А.А. Люблинскаяның еңбектерінде: «...білік деп белгілі бір мәселені шешудің шарттары мен жолдарын талдауға, адамның тәжірибесінен білім, әрекет әдістері мен дағдыларды таңдауға, оларды қажетті үйлесімде және реттілікте қолдануға негізделген ақыл-ой әрекеті» деп түсіндіріледі [16]. Біліктің дағдыдан айырмашылығы: ол біліммен біртұтас бола отырып, автоматтандырылмайды, дегенмен оларды меңгерудің жоғары деңгейінде адам тапсырманың негізгі сұрағын тез және әдетте дұрыс табады, оның шарттарын талдайды, ең маңызды мәліметтерді бөліп көрсетеді және барлық қажетті ақыл-ой әрекетін орындайды.

Сондықтан білікті орнықтыру үшін алған білімдерін қолдануда практикалық тәжірибе қажет. А.А. Люблинская атап өткендей, білікті қалыптастыру үдерісі дағдыдан түбегейлі ерекшеленеді. Біліктер – бұл үнемі ақыл-ой еңбегін, белсенді ойлау әрекетін қажет ететін іс-әрекеттер, сондықтан білікті пайдалануда жаттығулар әр түрлі әрекет түрлерін – операцияларды меңгеруге әкеліп қана қоймайды, сонымен қатар ойлау (ақыл-ой) қабілеттерін дамытады. Әрекеттер жүйесін (іс-әрекет тәсілдері мен амалдарын) әрқашан саналы және мақсатты түрде меңгерумен қалыптасқан білік жаңа өзгерген жағдайларда да пайдаланылады [16, с. 104-107].

Н.А. Зимняя білікті «меңгерілген білімдер мен өмірлік тәжірибе негізінде дәл, жылдам әрі саналы орындалатын және жетіле, автоматтала келе дағдыларға айналатын теориялық және тәжірибелік іс-әрекеттерге дайындық» деп түсіндіреді [17].

Жоғарыдағы психологтардың пікірлерінен білік ақыл-ой әрекеті арқылы іске асатын іс-әрекеттер жүйесі деп түйіндеуге болады.

Н.Ф.Талызинаның тұжырымдауында: «кез-келген іс-әрекетті меңгергенде, адам белгілі бір қабілеттерге ие болады: мәселен ойында баланың елестету қабілеті мен ақыл-ой әрекеті туындайды, ал еңбек әрекетінде бала өзінің мінез-құлқын басқару қабілетіне ие болады» делінген. Оқу әрекетінде бала ең маңызды білікті – оқу білігін немесе басқаша айтқанда, өзін үйрету қабілетін иеленеді [18].

Психологтар бұл біліктерді барлық мектеп біліктерінен ерекше атап өтеді. В.Я Ляудис бойынша бұл біліктің пайда болуымен бала оқыту нысанынан білім алушы субъектіге айналады яғни өзінің білімі мен білігін саналы және мақсатты түрде өзгертуге қабілетті болады. Осылайша, толыққанды оқу іс-әрекеті «өзін-өзі өзгерту, өзін-өзі дамыту әрекеті және оның пәні ретінде әлеуметтік тәжірибе элементтері арқылы жинақталған оқушылардың өзіндік тәжірибесі қарастырылуы мүмкін» әрекет ретінде анықталады [19]. Мектептегі оқытудың әсерінен бұл сапалы өзгеріс болады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: білімді меңгеру үдерісінің тиімділігі осы білімді қамтитын іс-әрекеттің қалыптасуына байланысты. Кез келген пәнді, соның ішінде қазақ тілін оқытқанда, меңгерілген фактілердің санына (мысалы, жазылуын есте сақтау қажет болатын сөздер) емес, танымдық әрекеттің түрлерін (логикалық және арнайы) қалыптастыруға мән беру керек (Д.Н.Богоявленский, А.Е.Милерян, Н.Ф.Талызина, Г.И.Щукина). Танымдық әрекеттің арнайы түрлерінің бірі әртүрлі лингвистикалық сөздіктермен жұмыс болып табылады, бұл үдерісте баланың оқу білігі қалыптасып және танымдық белсенділігі мен шығармашылық ойлауы дамиды.

Э.В.Андреева бойынша сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын нақтылауға, орфоэпиялық және орфографиялық ережелерді түсіндіруге бағытталған лингвистикалық анықтамалықтармен жұмыс оқушыларға мектепте және онан кейінгі өмірінде де өз бетінше тілдік білімін толықтыруға, кітаптар мен газеттерді оқығанда, радио және теледидар бағдарламаларын тыңдау кезінде, өздерінің мәлімдемелерін жасағанда лексикалық қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді. Дидактикада анықтамалық әдебиет кіші мектеп жасындағы оқушыларда өзін-өзі оқыту мотивін тәрбиелеудің бір құралы ретінде қарастырылады [20].

Бастауыш оқыту саласындағы жетекші маман М. Н. Скаткин балалардың дайын күйінде берілген білімді тек пассив қабылдап, жаттап алып меңгеруі дұрыс емес екендігін пайымдайды. «Оның арасында білімді меңгеру үдерісі танымдық міндеттерді шешудегі өз бетінше ізденудің нәтижесінде де жүре алады. Ал күрделі емес танымдық міндеттерді шешуге тіпті 1-сыныптың оқушысы да қабілетті. Танымдық міндеттерді шешу белгілі бір пән бойынша білім жүйесін меңгерудің бір құралы ретінде қызмет етеді және сонымен қатар өзіндік шығармашылық ойлауын дамытуға жетелейді» [21].

Оқыту мен дамытудың байланысы туралы бірыңғай психологиялық-педагогикалық тұжырым аясында туындаған идеядан дидактикада жаңа

теория – проблемалық оқыту теориясы пайда болды. Оқытудың бұл түрінің мәні проблемалық жағдаят туындағанда өзіндік танымдық әрекет үдерісінде білімді меңгеруден тұрады (И.Я.Лернер, М.И.Махмутов, В.Оконь және басқалар). И.Я.Лернердің түсініктемесі бойынша «проблемалық жағдай субъектінің қиындықты сезінуін және оны жеңуде жаңа білім мен жаңа әрекет амалдарын іздеуді талап етеді» [22]. Проблемалық жағдаят оқу үдерісі барысында табиғи түрде туындауы мүмкін және мұғалім жасанды түрде ұйымдастыруы да мүмкін (мысалы, сөздің лексикалық мағынасын іздеу). И.Я.Лернердің айтуы бойынша, «қиындықты сезінбесе, ізденіске қажеттілік туындамайды, ал ізденіске қажеттіліксіз шығармашылық ойлау болмайды» [22,18].

И.Л.Рубинштейннің: «ойлау әдетте проблемадан немесе сұрақтан, карама-қайшылықтан басталады. Бұл проблемалық жағдаймен тұлғаның ойлау үдерісіне тартылуы анықталады...» деген пікірі проблемалық оқыту теориясының бастапқы негізі болып табылады [23,347]. Алайда, И.Я. Лернер байқағандай, проблемалық жағдай өзінің ойлауға серпін беру функциясын атқару үшін, оны субъекті өзі шешу үшін қабылдау керек. Бұл субъектіде жағдаяттың пәндік мазмұнына жауап бере алатын қандай да бір бастапқы білім, осы мазмұнмен жұмыс істеу үшін зияткерлік құралдары болғанда ғана мүмкін. Осы жағдайда ғана проблемалық жағдаят проблемаға айналады [22,19]. Тілдік сабақтарда анықтамалық лингвистикалық әдебиеттермен жұмысқа қатысты, сөздің лексикалық мағынасын түсіну, синонимдік қатарын таңдау, антонимді іріктеу және осы сияқты жағдаяттар егер оқушы лингвистикалық сөздіктерді пайдалану білігін меңгергенде ғана проблемаға айналады. Оқушы осы проблеманы шешуге ұмтылады.

Психологиялық-дидактикалық әдебиеттерде білік ұғымының түрлі түсіндірмелері келтірілген (бұл жөнінде жоғарыда да тоқталған болатынбыз). Кейбір ғалымдар білікті адамның тиісті жағдайдағы іс-қимыл жасауға қабілеттілігі ретінде де түсіндіреді (Е.М.Бойко, М.А.Данилов, Б.П.Есипов және басқалар).

Басқа ғалымдардың (Д.Н.Богоявленская, Н.А.Менчинская, Е.Н.Кабанова-Меллер, В.В.Давыдов, В.А.Крутецкий, Л.А.Карпенко және басқалар) айтуынша, білік «кез-келген білімге негізделген және осы білімдерді белгілі бір міндеттер тобын шешуде сәйкесінше дұрыс пайдалану, бірақ әлі де дағды деңгейіне жетпей-ақ, осы білімнің дұрыс пайдаланылуына сәйкес келетін жаңа әрекет ету әдісін меңгерудің аралық кезеңі» ретінде анықталады.

Үшінші бір топ (М.Н.Скаткин, Г.И.Шукина, И.Я. Лернер, Н.Ф.Талызина) білікті арнайы қасиеттері бар әрекет немесе іс-әрекеттер жүйесі ретінде түсіндіреді.

Отандық дидакт ғалымдар (Т.С.Сабыров [24], Р.М.Қоянбаев [25], А.С.Әмірова [26] және т.б.) білікті білім негізінде оқушының белгілі әрекетті орындай алу бейімділігі ретінде қарастырады. Ғалымдар біліктің шеңбері тым ауқымды екенін айта келіп, бірақ онда ең басты негізгі нәрсені ажырата

білу білігіне жетекші орын береді: «Негізгіні бөліп көрсету білігі оқу-танымдық қызметтің осы тәсілдерінде жетекші роль атқарады, бұл білікті танымдық белсенділіктің операциялық жағы үшін жүйе құрайтын фактор деп есептеуге болады. Ол хабардың ең басты идеясын қабылдап жаңғыртуда, алдағы оқу-танымдық қызметтегі ең басты нәрсені айқындауда және осы негізде, осы қызметтің мақсатын қоя білуде көрініс табады» [].

Жоғарыда талданған еңбектерден біз «білік» ұғымы туралы тұжырымдауларды бірнеше топтарға бөлдік:

-*біріншілер*, «білік – іс-әрекет тәсілі мен оны жүзеге асыру тәжірибесі туралы білімнің бірлігі»;

-*екіншілері*, бұл адамның теориялық та, практикалық та әрекеттер үдерісінде өзінің білімдері мен дағдыларын мақсатты және шығармашылықпен пайдалана білу қабілеті;

-*ал енді үшінші тобы*, біліктер – бұл үнемі ақыл-ой еңбегін, белсенді ойлау әрекетін қажет ететін іс-әрекеттер, сондықтан білікті пайдалануда жаттығулар әр түрлі әрекет түрлерін – операцияларды меңгеруге әкеліп қана қоймайды, сонымен қатар ойлау (ақыл-ой) қабілеттері жиынтығы деп пайымдайды. Қарастырылып отырған түсіндірмелерге жасалған талдау барлық ғалымдардың білік пен білім арасындағы ажырамас байланыстарды мойындайтынын көрсетеді: білім – білік қалыптасуының негізі; білікті игеру білімді пайдаланудың ұтымды тәсілдерін меңгеруді білдіреді.

Білік туралы тұжырымдарды талдай келе, «**білік** – меңгерілген білім негізінде ақыл-ой әрекеті арқылы субъектінің оқу-танымдық міндеттерді шешу қабілеті» - деп нақтылаймыз.

Білік ұғымын нақтылауда бізге қажетті категориялардың бірі «сөздіктерді пайдалану білігі» болады. Ол үшін ең алдымен, сөздіктің түрлері және оны пайдалану ерекшеліктеріне тоқталуды жөн санаймыз.

Мұндағы «сөздіктерді пайдалану білігі» ақпараттық-анықтамалық әдебиет ретінде лингвистикалық сөздіктің құрылымдық, жанрлық ерекшелігін білумен тікелей байланысты.

Сөздік – сөздердің мағынасы, қолданылуы, жасалуы, басқа тілге аудармасы туралы мәлімет беретін және белгілі бір ұстанымға сәйкес орналасқан сөздер жиынтығынан (морфемалар, сөз тіркестері, идиомалар және т.б.) тұратын анықтамалық кітап [27] деп түсіндіріледі.

«Тіл білімі» сөздігінде аталған ұғымды: «белгілі бір тәртіппен орналасқан лингвистикалық единицалардан тұратын және олардың мағынасын түсіндіретін анықтама кітап» деп көрсетілген [28].

Сөздіктердің мақсаттары мен міндеттердегі, таңдалған нысанды сипаттау әдістемесіндегі ерекшеліктер сөздіктің түрін анықтайды. Сөздік мақалалардың өзіндік құрылымы да бар. Оқушыда сөздік туралы білім болғанда ғана оны пайдалана алады.

Әдістемеші ғалымдарымыз С. Рахметова, Т.Әбдікәрімова, Г.Уайсова, Ә.Жұмабаева, М.Ермекбаев, Г.Садуақас зерттеулерінде де сөздік жұмысын жүргізу мәселелері әр түрлі қырынан қарастырылады.

С.Рахметқызы «Бастауыш сыныптарда оқушылардың тілін ұстарту» еңбегінде оқушылардың сөздік қорын молайту үшін мынандай жұмыстар жүргізілуі керектігіне тоқталады:

- жаңа сөздер үйрету және осы үйретілген сөздерінің мағыналарын меңгерту;
- көркем мәтіндегі бейнелі құралдарды үйрету;
- синонимдермен, антонимдермен жұмыс;
- омонимдермен жұмыс;
- көп мағыналы сөздермен жұмыс;
- қанатты, нақыл сөздермен жұмыс;
- мақал-мәтел, жаңылтпаштармен жұмыс;
- оқушылардың үйренген сөздерін қолдану белсенділігін арттыру мәселесін қамту» [6, 22].

Осы бағыттар бойынша жүргізілетін жұмыстарда лингвистикалық сөздіктер басты құрал болып табылады.

Сол сияқты әдіскер-ғалым: «Бала тілді дұрыс меңгеруі үшін, алдымен, әдеби тілді меңгерулері қажет. Әдеби тілді жай тілден, диалектіден, жаргоннан айыра білу бала тілін дамытуға қойылатын талаптың бірі болып табылады. Бастауыш сыныптардан бастап балалар әдеби тілге, оның көркем, ғылыми және сөйлеу тілі нұсқаларына жүйелі түрде үйретіледі» [6,9], – деп, сөздік қорын әдеби тілде байыту қажеттігіне баса мән берген. Әдеби тілде сөйлеу әрекетін дамыту міндеті қарым-қатынас жасаумен шешілмейді, нақты лингвистикалық дереккөздерден ғылыми негізделген тілдік нормаларды меңгерту арқылы іске асатыны белгілі. Олай болса, ғалымның бұл пікірі оқушылардың сөздік қорын байытуда сөздіктерді пайдалану қажеттігін дәлелдей түседі.

Қорытынды

1. 1-міндетке сәйкес бастауыш сынып оқушыларының сөздік пайдалану білігін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу-таным әрекетіндегі білім көзі мен өзін-өзі дамыту құралы болатын сөздіктермен жұмысты ұйымдастырудың психологиялық аспектілерін ашуда психика мен әрекеттің бірлігі ұстанымын қарастырдық. Оның негізгі идеясы - адам психикасы әрекет барысында дамиды.

«Білік», «сөздік пайдалану білігі» ұғымдарының мәнін ашуда Г.Ж.Омарованың «**білік** – субъектінің оқу-танымдық міндеттерді шешу қабілеті, әр түрлі пәндік іс-әрекеттегі логикалық ойлаудың жалпы тәсілдерінің негізі», ал «**сөздік пайдалану білігі** – сөздіктердің түрлерін танып, жаңа сөздерді жоғары қызығушылықпен табу және сөздік мақаланың мәнін тез әрі терең ұғыну әрекеттеріне бейімделу құрылымы» деген тұжырымына келісе отырып, біз өз зерттеуімізде басшылыққа алдық.

2. 2-міндет бойынша Отандық және ресейлік әдістемеші ғалымдардың

еңбектерін зерделей отырып, бастауыш сыныптың қазақ тілі сабақтарында оқушылардың сөздік пайдалану білігін қалыптастыру кезеңдері мен тиімді әдістемелік жолдары айқындалды.

Солардың ішінен біз сөздікті қолдану барысында мыналарды пайдалану тиімді деп санаймыз:

- оқушыларды сөздіктің құрылымымен және мақсатымен таныстыру (сыртқы беті, оқушыларға арналған кіріспе);
- сөздікті басқа сөздіктермен салыстыру;
- сөздік мақаланың құрылымымен таныстыру.

Сөздікті қолдану білігінің құрылымын қарастырғанда, сөздікті пайдалану үшін қажетті білім мен білік айқындалды:

- әліпбиді білу және сөзді сөздіктен таба білу;
- өзгерген сөздердің бастапқы формасы туралы білу және оны кез келген өзгерген сөзден жасай білу;
- қысқартылған белгілерді қарастыра білу;
- сөздік мақаланың құрылымын біле отырып, қажет мәліметті ажыратып алу.

Біздің зерттеуімізде сөзді зерттеу пәні ретінде бөлек емес, сөз тіркесі, сөйлем немесе мәтін құрылымында қарастырдық, бұл коммуникативтік-дағдыны жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Андатпа: Сөздік пайдалану оқушыларға тіл туралы өз білімдерін толықтыруға, қарым-қатынаста лексикалық қиындықтарды еңсеруге, қажет ақпараттарын іздеп табуға мүмкіндік береді. Оқушының сөздікке жүгіну қажеттілігі мен оны пайдалану білігі бастауыш сатыдан қалыптасады. Ол оқушының өздігінен білім алуының бастауы. Оқушының өзіндік білімін кеңейтуге деген алғашқы қадамы өз іс-әрекетіне басшылық жасай білуінен байқалады. Оған мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап, оқушы ретінде өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыруға жағдай жасау арқылы қол жеткізуге болады. Ол мұғалім тарапынан жоғары біліктілікті талап етеді. Сондықтан бастауыш білімнің мемлекеттік стандарт талаптарында көрсетілгендей, түрлі дерек көздерімен жұмыс істей алатын, өз бетінше ақпараттарды тауып, пайдалана алатын тұлға қалыптастыру бүгінгі күнгі өзекті мәселе ретінде арнайы зерттеуді қажет етіп отыр.

Аннотация: Использование словаря позволит учащимся дополнить свои знания языка, преодолеть лексические трудности в общении, найти необходимую информацию. Умение ученика обращаться к словарю и пользоваться им формируется на начальной стадии. Это начало самообразования ученика. Первый шаг учащегося к расширению собственных знаний проявляется в его способности руководить своими действиями. Его можно достичь с момента переступления порога школы и создания условий для организации самостоятельной деятельности ученика. Это требует высокой квалификации со стороны учителя. Поэтому, как указано в требованиях государственных стандартов

начального образования, формирование личности, способной работать с различными источниками, самостоятельно находить и использовать информацию, требует специального изучения как актуального вопроса на сегодняшний день.

Abstract: The use of the dictionary will allow students to supplement their knowledge of the language, overcome lexical difficulties in communication, and find the necessary information. The student's ability to access and use the dictionary is formed at the initial stage. This is the beginning of the student's self-education. The first step of the student to expand his own knowledge is manifested in his ability to lead his actions. It can be achieved from the moment of crossing the school threshold and creating conditions for organizing independent student activities. This requires high qualifications from the teacher. Therefore, as indicated in the requirements of state standards of primary education, the formation of a personality capable of working with various sources, independently finding and using information, requires special study as an urgent issue today.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Қазақстан Республикасының білім туралы заңы. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: Юрист, 2007 ж. -196 б.

2 Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.- Астана, 2018 <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/v1800016989>

3 Потиха З.А., Розенталь Д.Э. Лингвистические словари и работа с ними в школе. М: Просвещение, 1987. – 128с.

4 Хачатурова Т.В. Обогащение лексического запаса младших школьников на основе использования лингвистических словарей.– Майкоп, 2007. -284 с.

5 Лаврова Н.В. Методическая подготовка учителя начальных классов к формированию у младших школьников общеучебного умения пользоваться лингвистическими словарями. – Омск,2005.-241 с.

6 Рахметқызы С. Бастауыш сыныптарда оқушылардың тілін ұстарту. - Алматы: Рауан, 1997. – 141 б.

7 Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. 13.00.02/ Ә.Е. Жұмабаева. –Алматы, 2003. -349 бет.

8 Уәйісова Г.И. Лексикологияны оқыту әдістемесі. –Алматы,2005. -230 б.

9 Әбдікәрімова.Т. Бастауыш кластарда текст арқылы ауызша тіл дамыту. Пед. ғыл. канд. дисс. Алматы, 1993 -165 бет.

10 Ермекбаев М. Бастауыш мектеп оқушыларының қазақша сөздік қорын молайту әдістемесі. Пед. ғыл. канд. дисс. – А., 2003. -147 б.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САПАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНА ЫҚПАЛЫ

Камербаева Адель Нұрланқызы

Қорқыт Ата атындағы ҚУ

ПП-20-1 оқу тобының студенті,

Утегенов Жеткерген Мусаевич

ғылыми жетекші,

философия докторы (PhD),

«Педагогикалық-психологиялық білім беру

және оқыту әдістемесі» кафедрасы

Психологиялық денсаулық мәселесін зерттеудің өзектілігі қазіргі таңда тұрмыстық өмірде және сонымен бірге мектеп қабырғасында кездесетін зорлық-зомбылық, буллинг, газлайтинг, теріс діни ағымдарға қосылу, эмоциялық күйіп-жану синдромы, аутсайдер болу және тағы да басқа құбылыстардың кең етек жаюымен тікелей байланысты. Осы күнге дейінгі зерттеулер көрсеткендей, тұлғаның психологиялық денсаулығының сапасының төмендігі оның өз өмірін толыққанды сүре алмауына, басқа адамдарға бағытталған теріс іс-әрекеттер жасауына, конфликтіге бейім болуына алып келеді. Сол себепті бұл мәселені тереңірек зерттеу және ол жайынла білімді тарату маңызды болып табылады.

Жасөспірімдік кезең – психологиялық тұрғыдан да, физиологиялық тұрғыдан да күрделі өтетін тұлға дамуының кезеңі. Ол балалық шақ пен ересектік кезеңнің арасындағы өтпелі кезең. В.С.Мухинаның жіктеуі бойынша, жасөспірімдік кезең 11-15 жастарға сәйкес келеді. Жасөспірімдерді көбінесе ашушаңдық, импульсивтілік, тәуекелге дайындық секілді қасиеттер байқалады. Бұл кезеңде ата-аналарынан сепарация басталады, жасөспірімдерге өздерінің құрдастарымен қарым-қатынас құру маңыздырақ рөлді ойнайды. Белгілі бір ортаға ену, өзін құрдастарымен идентификациялау жүреді. Жасөспірімдерде өз іс-әрекеттеріне, өздерінің құндылықтарына, жеке тұлғалық қасиеттеріне талдау, яғни рефлексия қарқынды жүре бастайды [1].

Психоаналитикалық және бихевиористік бағыт невроздар, психикалық бұзылулар мен ауруларлы терең зерттеген болса, гуманистік психология өкілдері тұлғаны тек оның бұзылушылықтары бар қырынан қарастыру дұрыс емес деп санады. А.Маслоу, К.Роджерс, М.Селигман және тағы да басқа психолог-ғалымдар тұлғаны психологиялық дені сау, соның нәтижесінде іс-әрекетке қабілетті адам деп санады. Кейіннен адамның психологиялық күйінің позитивті аспектілерін зерттейтін гуманистік психологияның «позитивті психология» деп аталатын саласы дамыды.

«Психологиялық денсаулық» ұғымына анықтамалар әртүрлі болып келеді:

- А.Маслоу мен К.Роджерс пікірінше, психологиялық тұрғыда сау адам өзінің ішкі жан-дүниесімен үйлесімділік табуға бағытталады, оған өмірлік принцип бойынша сенеді;
- Э.Фроммның еңбектерінде психологиялық дені сау адамға өзін белгілі бір іс-әрекетке арнау, сонымен қатар шынайы өмірді шығармашылық түрде қабылдау, әр әске шығармашылық тұрғыдан қарау тән деп сипатталған;
- Э.Шостром психологиялық дені сау адам басқа адамдармен конструктивті, шынайы қарым-қатынас құруға бағытталады деп көрсеткен.

Психологиялық денсаулық мәселесі жан-жақты зерттеліне бастағанына карамастан, терминнің өзі И.В.Дубровинаның еңбектерінде алғаш қолданыла бастады. Психологиялық қызметтің мәнін түсінуге тырыса отырып, ғалым тұлға толықтай қамтылатын терминнің керек екендігін атап көрсетті. Оған дейін қолданылған «психикалық денсаулық» ұғымы тек психикалық үдерістер және механизмдер секілді шектеулі мәселелерді қамтыды. Ал психологиялық денсаулықтың негізі – тұлғаның өмірде өз орнын табуы. И.В.Дубровинаның пікірінше, психологиялық денсаулық сыртқы факторлармен қоса ішкі факторлармен анықталатын мінез-құлық, ойлау еркіндігі, белгілі бір іс-әрекет саласына қызығушылық, белсенділік, өз бетімен іс-әрекет ете білу, жауапкершілік, тәуекелге бел бууға қабілеттілік, өз-өзіне сенімділік, басқаны құрметтей білу, күшті сезімдерге қабілеттілік және тағы да басқа қасиеттерді құрайды [2].

Осы және тағы да басқа психолог-ғалымдардың еңбектерін қорытындылай келе, психологиялық денсаулық компоненттеріне мыналарды жатқызуға болады:

- **Өзін-өзі қабылдау;**
- **Басқалармен позитивті қатынастардың болуы;**
- **Автономдылық;**
- **Қоршаған ортаны меңгеру;**
- **Өмір мақсатының болуы;**
- **Жеке тұлғалық өсу.**

Аристотель айтқандай, адамдар «әлеуметтік хайуандар» болып табылады және осының негізінде әлеуметтік қарым-қатынас олардың негізгі қажеттіліктерінің бірі болып есептелінеді. Р.Баумейстер мен М.Лири бұны ежелгі адамдардың тобырда өмір сүргендігімен байланыстырды. Олардың тұжырымдауынша, бала мен оны өміріп жатқан адамдар арасындағы эмоциялық байланыс аман қалудың шарты болып келеді, яғни ол тікелей өзін-өзі сақтау инстинктімен байланысты; адамдар қайда өмір сүрсе де, олардың әлеуметтік байланыстары олардың эмоциялық күйіне әсер етеді; әлеуметтік ортамен қабылданбаған адам өзін өмірден шеттетілген, жалғаз сезінеді. Жаңа Оңтүстік Уэльс университетіндегі К.Уильямс пен оның әріптестері остракизмге (қоршаған адамдардың қабылдамауы немесе оларды елемей) ұшыраған адамдардың нашар көңіл-күйге, невроздарға бейім болатындығын дәлелдеді. Отбасы мүшелерімен және достарымен жақын

қарым-қатынас – психологиялық денсаулық пен бақыттың өзегі болып табылады [3].

Тұлғааралық қарым-қатынас әлеуметтенудің бірден-бір ауқымды бөлігі. Әлеуметтену дегеніміз – белгілі бір әлеуметтік ортаға ену барысында оның нормаларын, ережелерін, құндылықтарын меңгеру процесі [4]. Әлеуметтену арқылы тұлға қоршаған орта туралы ақпарат алады, дүниетанымы қалыптасады және кеңейеді, көзқарастары мен құндылық бағдарлары қалыптасады. Бұл үдеріс тұлғаның әр өмір кезеңіне сай белгілі бір әлеуметтік институттардың көмегімен жүзеге асады (отбасы, балабақша, мектеп, спорттық немесе шығармашылық үйірмелер, жоғары оқу орны, жұмыс орны және тағы да басқалары).

Тәжірибелік эксперименттік зерттеу І.Қабылов атындағы №12 ІТ мектеп-лицейі базасында жүргізіліп, бірнеше кезеңдерді қамтыды: анықтаушы, қорытынды. Тәрбие жұмыстарын жүргізуден соң қорытынды нәтижелер шығарылды. Экспериментке 10-сыныптардан 40 оқушы қатысты.

Эксперименттің анықтаушы кезеңінде зерттелушілер мынандай нәтиже көрсетті:

Кесте 1

М.И.Рожковтың «Әлеуметтенуді анықтау» әдістемесі бойынша әлеуметтік қарым-қатынас деңгейін анықтау көрсеткіші, %

Критерий	Бақылаушы топ			Эксперименттік топ		
	Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен
Әлеуметтік бейімделу	50	40	10	50	45	5
Әлеуметтік белсенділік	65	30	5	70	25	10
Гуманизм	60	35	5	70	25	5

Келесі алынған әдістеме – психологиялық денсаулық жағдайын анықтауға арналған А.В.Козловтың «Психологиялық денсаулық тесті». Әдістеме 86 тұжырымдамадан тұрады. Зерттелуші оның әрқайсысына «Иә» немесе «Жоқ» жауаптарын таңдау арқылы жауап береді. Әдістеменің нәтижесі арнайы кілтін қарай критерийге байланысты шығарылады. Психологиялық денсаулық сапасын анықтау үшін просоциальдылық, руханилық, Мен-вектор және гуманизм критерийлері қарастырылды.

Кесте 2

А.В.Козловтың «Психологиялық денсаулық әдістемесі» бойынша психологиялық денсаулық сапасын анықтау көрсеткіші, %

Критерий	Бақылаушы топ			Эксперименттік топ		
	Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен
Просоциальдылық	40	45	15	40	50	10
Руханилық	15	70	15	10	75	15
Мен-вектор	10	80	10	5	85	10
Гуманизм	65	20	15	70	20	10

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінде осы көрсеткіштерді жоғарылату мақсатында бірқатар психологиялық-педагогикалық жұмыстар жүргізілді:

№	Тақырыбы	Өткізілу формасы
1.	«Ой, сезім, мінез-құлық»	Топтық тренинг
2.	«Адамгершілік қасиеттердің цифрлық замандағы маңызы қандай?»	Дөңгелек үстел
3.	«Сіздің ішкі сыншыңыз»	Лекция
4.	«Жұмыла көтерген жүк жеңіл»	Топтық тренинг
5.	«АКТ құралдары тұлғаның психологиялық денсаулығына әсер етеді ме?»	Диспут
6.	«Мен өзімді мақтай аламын»	Топтық тренинг
7.	«Психологиялық иммундық жүйе»	Лекция
8.	«Жақсы көңіл-күй жанға қуат»	Топтық тренинг
9.	«Жеке тұлға өз психологиялық денсаулығын қалай жақсарта алады?»	Дөңгелек үстел
10.	«Мен адамдар әлемінде»	Топтық тренинг

Эксперименттің қорытынды кезеңінде М.И.Рожковтың әдістемесі мен А.В.Козловтың әдістемесі қайтадан алынды.


Кесте 3

М.И.Рожковтың «Әлеуметтенуді анықтау» әдістемесі бойынша әлеуметтік қарым-қатынас деңгейін анықтау көрсеткіші, %

Критерий	Бақылаушы топ						Эксперименттік топ					
	Жоғары		Орташа		Төмен		Жоғары		Орташа		Төмен	
	дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін
Әлеуметтік бейімделу	50	45	40	40	10	15	50	65	45	35	5	0
Әлеуметтік белсенді	65	60	30	35	5	5	70	80	25	15	10	5

лік												
Гуманизм	60	60	35	40	5	0	70	85	25	15	5	0

1-сурет - М.И.Рожковтың «Әлеуметтенуді анықтау» әдістемесі бойынша әлеуметтік қарым-қатынас деңгейін анықтаудың анықтаушы және қорытынды кезеңдердегі салыстырмалы көрсеткіші, %




Кесте 4

А.В.Козловтың «Психологиялық денсаулық әдістемесі» бойынша психологиялық денсаулық сапасын анықтау көрсеткіші, %

Критерий	Бақылау тобы						Эксперименттік топ					
	Жоғары		Орташа		Төмен		Жоғары		Орташа		Төмен	
	дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін	дейін	кейін
Просоциальдылық	40	40	45	40	15	20	40	55	50	40	10	5
Руханилық	15	20	70	65	15	15	10	20	75	70	15	10
Мен-вектор	10	15	80	75	10	10	5	20	85	75	10	5
Гуманизм	65	60	20	20	15	20	70	85	20	15	10	0

2-сурет - А.В.Козловтың «Психологиялық денсаулық әдістемесі» бойынша психологиялық денсаулық сапасын анықтаудың анықтаушы және қорытынды кезеңдердегі салыстырмалы көрсеткіші, %



Кестелерден көріп отырғанымыздай, жүргізілген тәрбие жұмыстарының нәтижесінде эксперименттік топта әлеуметтік қарым-қатынас пен психологиялық денсаулықтың көрсеткіштері жоғарылады. Әлеуметтік бейімделу, әлеуметтік белсенділік және гуманизм критерийлерінің жоғарылауы нәтижесінде психологиялық денсаулықтың критерийлерінің де көрсеткіштері алғашқы тестілеумен салыстырғанда жоғары нәтиже көрсетті.

Осылайша, біз **психологиялық денсаулық** тұлға өмірінің әртүрлі қырларын қамтитын, оның әлеуметтік бейімделуі мен белсенділігінің көрінісі ретінде өзін және басқаларды саналы түрде қабылдайтын, өз өміріне және әрекеттеріне жауапкершілік алатын, уақытында эмоцияларды және сезімдерді бастан кешіретін қасиеттерімен сипатталатынын қорытындылаймыз.

Психологиялық денсаулық сапасы компоненттері тәжірибе нәтижесінде көрсеткендей: просоциальдылық 15%-ға, Мен-вектор 15%-ға руханилық 10%-ға және гуманизм 15%-ға артты. Олардың жоғарылауы өткізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстардың нәтижесінде жүзеге асты.

Сонымен қатар, психологиялық денсаулық сапасын арттырудың жолдары туралы қоғамды, соның ішінде жасөспірімдерді ақпараттандырған маңызды. Жоғарыда айтылып кеткендей, жасөспірімдер ересектік өмірге аяқ басуына байланысты басқа ересек адамдардан қолдауды, бағыт-бағдар беруді қажет етеді. Осы себепті, психологиялық денсаулық туралы білім беру, психологиялық жұмыстарды өткізу, мектеп қабырғасында және отбасында жасөспірімнің психологиялық денсаулығының қалыпты деңгейде болуына жағдай жасалуы тиіс деп санаймыз.

Ұсыныстар:

- 1) Оқушылардың, әсіресе жасөспірімдердің, психологиялық денсаулығы жайында сауаттылықты арттыру жұмыстарын жүргізу;
- 2) Мектеп қабырғасы мен үйде қолдаушы атмосфера құру;

- 3) Оқушылардың шеттетілуін болдырмауға жағдай жасау;
- 4) Оқушыларға өзін-өзі басқару, өзін-өзі реттеу бойынша жұмыстар жүргізу;
- 5) Физикалық белсенділікті арттыру;
- 6) Позитивті ойлау стилін қалыптастыратын жаттығулар жүргізу.

Андатпа: баяндамада жасөспірімдердің психологиялық денсаулығы мен әлеуметтік қарым-қатынастары арасындағы байланыс туралы сөз етіледі. Бұл екі құбылысқа әртүрлі авторлардың анықтамалары сипатталады және психологиялық денсаулықтың компоненттері көрсетіледі. Тұлғаның психологиялық денсаулығы мен оның әлеуметтік қарым-қатынасқа ықпалы зерттеледі. Сонымен қатар, жасөспірімдердің психологиялық денсаулық сапасын арттыру маңыздылығы қарастырылады.

Аннотация: в данном докладе описывается связь между психологическим здоровьем подростков и их социальных взаимоотношений. Описаны определения этих двух феноменов разными авторами и показаны компоненты психологического здоровья. Изучено психологическое здоровье человека и его влияние на социальные взаимоотношения. Кроме того, рассматривается важность повышения качества психологического здоровья подростков.

Annotation: this report describes the relationship between the psychological health of adolescents and their social relationships. The definitions of these two phenomena by different authors are described and the components of psychological health are shown. The psychological health of a person and its influence on social relationships has been studied. In addition, authors considered the importance of improving the quality of psychological health of adolescents.

Кілт сөздер: психологиялық денсаулық, әлеуметтік қарым-қатынас, гуманизм, жасөспірімдер, әлеуметтену.

Ключевые слова: психологическое здоровье, социальные взаимоотношения, гуманизм, подростки, социализация.

Keywords: psychological health, social relationships, humanism, adolescents, socialization.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1) Мухина В.С., Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество, Издательский центр «Академия», 1997, с 418.
- 2) Дубровина И.В., Психологическое здоровье личности в контексте возрастного развития, 2015, с 67-95.
- 3) Майерс Д., Социальная психология, с 811-812.
- 4) Социализация Архивная копия от 2 апреля 2015 на Wayback Machine // Большой психологический словарь / Сост.: Мещеряков Б., Зинченко В. — ОЛМА-ПРЕСС. 2004.

ТАБИҒАТ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Әбди Шұғыла Сәулетханқызы
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
ПМНО-22-1оқу тобының студенті
Сейлова Зоя Тулеубаевна
ғылыми жетекші, педагогика
ғылымдарының кандидаты,
«Педагогика, психология және
бастауыш оқыту әдістемесі» БББ
қауымдастырылған профессоры

Базалық білімнің негізгі компоненті ретіндегі математиканың мәні практикалық іс – әрекетте жүйесінде оқуды жалғастыру үшін қолдану үшін қажетті, басқа оқу пәндерін зерделеу үшін, үздіксіз білім беру жеткілікті нақты математикалық білімді игерту арқылы оның адамзат өркениетін, ғылыми –техникалық прогресті дамытуға, қазіргі ғылымдағы және өндірістегі рөлімен, сондай-ақ өскелең ұрпақтың рухани ортасын қалыптастырудағы математикалық білімнің маңыздылығымен анықталады.

Сонымен қатар, «Математиканың бастауыш курс негіздері» пәнін меңгеру барысында «Функциялар» тақырыбын өтеміз, мен үшін бұл тақырыпты таңдауыма осы тақырып бойынша мектепте оқыған ұғымдарды қайта зерделеп, ой елегінен өткізу маңызды болды. Бастауыш мектепте нақты бұл тақырыпты бастауыш сынып оқушылары өтпесе де, осы ұғымдар туындататын теңдеулер тақырыбын түсіндіру үшін бұл білімдерді мұғалім білуі, терең түсінуі керек екендігін ұқтым. Бұл жұмыс, еркін ізденістің нәтижесі.

Бастауыш мектепте оқушыларды тек абстрактілі математикамен ғана емес, қолданбалы сұрақтармен де таныстырады. Шама ұғымы математика мен қолданбалы ғылымдар және практика арасындағы алтын көпір секілді. «Математика- бұл шамалар туралы ғылым; ол шама ұғымынан шығады» - деп көрсеткен Ф.Энгельс. Ұзындық, аудан, көлем, бұрыштың өлшемі – шамалар.

XII-ғасырға дейін математиканың қарастыратын тұрақты шамалар болды. Кейінірек, процестер мен қозғалыстарды математикалық тұрғыдан сипаттау есебі қойылған кезде, айнымалы шамалар енгізілді. Табиғаттағы кейбір құбылыстарды байқасақ, ондағы шамалардың бірі үнемі өзгерісте болса, екіншілері мүлдем өзгермейді. Мысалы, бір қаладың екінші қалаға ұшақ ұшып келе жатсын. Онда бұл арада екі қаланың арақашықтығы, ұшақтың өлшемдері өзгермейді, ал уақыт өткен сайын бірінші қаладан ұшақтың қашықтығы, ұшақтағы отын қоры, оның жерден ұшу биіктігі өзгеріп отырады.

Оқушылар шамалар тек математика мен физикада ғана бар деп жиі ойлайды. Шама ұғымының басқа да ғылыми пәндерде қолданылатынына олардың назарын аудару керек. Шамалар «математикалық емес» ғылымдарда да қолданылады (биологияда, психологияда, педогогикада, социологияда және т.б.). Оларсыз табиғатты зерделеу тек бақылаумен шектеліп, тек суреттелген дәрежеде қалар еді. Оқушыларға басқа ғылымдардан шамаларға мысалдар келтірген жөн: *физикада*: уақыт, қозғалыс жылдамдығы, температура, қысым, ток күші және т.б.; *химияда*: валенттілік, ерігіштік, концентрация, моль саны және т.б.; *биологияда*: өнімділік, өну жылдамдығы, өмірдің ұзақтығы және т.б.; *астрономияда*: планеталар, серіктер, парсек және т.б.; *географияда*: ендік, бойлық, халық тығыздығы, жауын-шашын мөлшері және т.б. Оқушылар «шама» және «шаманың мәні» терминдерінің мағынасын нақтылай білулері керек. Мысалы, 200 г және 41 г жазуларымен екі жағдайда да шама болатын массалар келтірілген, ал 200 және 41 – осы шаманың әр түрлі мәндері. Осы кезде белгілі геометриялық фигураларды сәйкес шамалармен салыстыруға болады (1-кесте):


1-Кесте. Геометриялық фигураларды сәйкес шамалармен салыстыру

Фигуралар	Шамалар
Кесінді	Кесіндінің ұзындығы
Сынық сызық	Сынық сызықтың ұзындығы
Шеңбер	Шеңбердің ұзындығы
Көпбұрыш	Көпбұрыштың ауданы
Дөңгелек	Дөңгелектің ауданы
Дененің беті	Дене бетінің ауданы
Көпжақ	Көпжақтың көлемі
Бұрыш	Бұрыштың шамасы
Екі жақты бұрыш	Екі жақты бұрыштың шамасы

Физиканың, химияның, биологияның, астрономияның және басқа ғылымдардың әртүрлі салаларында оқытылатын толып жатқан тәуелділіктердің жалпылауы болып табылатын функция ұғымы математиканың іргелі (негізгі) ұғымдарының бірі. Мектеп математика курсына функция ұғымы, функцияның берілу тәсілдері, функциялардың түрлері, олардың қасиеттері, графиктері, т.б. қарастырылады.

Әрқашанда абстрактілі математикалық құрылымдардан реалды болмысқа, ақырында осы құрылымдардың бастаулары (негіздері, көздері) болатын, көпірлерді асыра тастау өте маңызды. Функцияның белгілі бір түрдегі бейнелеу арқылы берілген қазіргі анықтамасы осы ұғымның мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді. Мектепте оқытылатын функциялар – бұл, шын мәнінде, құбылыстардың сандық сипаттамаларының адам зерттеп білетін және пайдаланатын қарапайым математикалық модельдері.

Күнделікті өмірде тәуелділікке мысалдар өте көп: үйдің жылы болуы отынның жануына, сапалы дайындалуына; малдың семіз күйлі болуы оны күтіп, бағуға; конфеттің массасы—оның құнына; жүрілген жол—жылдамдықпен уақытқа; бақша ауданы оның ұзындығы мен еніне байланысты. Жалпы тәуелділікті алгебра курсында алғаш рет «функция» ұғымын енгізгенде көрнекі түрде төменгі мысал арқылы түсіндіруге болады (1-суретте).



Сурет 1-Серіппеге ілінген дене

Егер осы дененің массасын өзгертетін болсақ, онда сәйкес, ол ілінген серіппенің де ұзындығы өзгереді. Яғни, серіппеге ілінген дененің массасының әр m мәніне осы серіппенің созылу ұзындығының белгілі бір d мәні сәйкес болатынына оқушылардың көздері жетеді. Бірақ, егер өте ауыр денені ілсек, онда серіппе үзіліп кетуі мүмкін. Сондықтан былай айтқан дұрыстау болар: Серіппеге ілінген дененің массасының (m) әр мүмкін мәніне серіппенің созылу ұзындығының (d) белгілі бір мәні сәйкес болады. Бұл жағдайда серіппеге ілінген дененің массасы мен бұл серіппенің созылу ұзындығының арасында функционалдық тәуелділік орнатылған (немесе бар) дейді.

Функцияның берілу тәсілдеріне келсек, функцияны **аналитикалық тәсілмен** берген ықшам, айнымалының қарастырылатын барлық мәндері үшін функцияның қарастырылатын барлық мәндері үшін функцияның сәйкес мәндері қысқаша айқын көрсетіледі. Сондай-ақ формулада көрсетілген амалдарды мағынасыздыққа айналдырмайтын x айнымалысының кез келген мәніне сәйкес функцияның мәндерін оңай есептеуге болатындығы және бұл тәсіл математикалық аппаратты қолдануға тиімділігі арқылы ерекшеленеді.

Функцияны аналитикалық тәсілмен беру қолайсыз болған жағдайлардың бәрінде оны көрнекі түрде графикпен көрсетеді, яғни **графиктік тәсілді** қолданады. Бұл тәсіл метеорологияда қысым мен уақыт арасындағы функционалдық тәуелділікті графикпен бейнелейтін **барограф** деп аталатын аспапта қолданылады. **Кестелік тәсілдің** қолайлы жағы сол – айнымалы x -тің кестедегі әрбір мәніне функцияның сәйкес келетін мәнін ешқандай өлшеу немесе есептеу амалдарын қолданбай-ақ бірден кестеден табуға болады. Табиғат құбылыстарындағы кейбір функционалдық тәуелділікті іздегенде кестелік тәсіл жиі қолданылады. Мысалы, поездардың жүру кестесі, т.с.с.

Сабақтас пәндердің курстарынан функцияларға нақты мысалдар келтіру арқылы әр түрлі, бірнеше көзқараста бір-бірінен жанаспайтын жағдайларда,

функция ұғымының кеңінен қолданылатынына оқушыларды сендіру керек. Сабақтас пәндер курстарынан функцияларға мысалдар келтіре отырып, неге ол немесе басқа тәуелділік функция болатынын анықтау оқушылар үшін пайдалы. Ауылдық мектептерде математика сабақтарында малшылар мен механизаторлар еңбегіне байланысты нақты мысалдар келтіріп, ауылшаруашылық машиналарының жұмыс істеу өнімділігі туралы мысалдар құрастырып шығарту керек. Мысалы, «Тура пропорционалдық», «Сызықтық функция» тақырыптарын өткенде оқушыларға бұл тақырыптардың практикалық қолдануларын айтып түрлі мысалдар шығартып, өздеріне де есептер құрастыруға тапсырма беруге болады. Солардың бірі – велосипедтің қалай қозғалысқа келетінін байқап, жүрілетін жолдың велосипед дөңгелегімен педальға жалғасқан жұлдызша арасындағы тәуелділікті анықтау. Ол үшін велосипед дөңгелегінің және үлкен, кіші жұлдызшалардың диаметрін не радиусын анықтау алу қажет. Бұл тапсырманы балалар қызыға орындайды.


Осы дөңгелектердің әрқайсысы бір айналғандығы жүретін жолдарының ұзындығы сәйкес түрде: $C_1 = 2\pi R_1 \approx 219,8$ см; $C_2 = 2\pi R_2 \approx 25,12$ см; $C_3 = 2\pi R_3 \approx 64,06$ см; Бұдан педаль бір айналғанда артқы кішкене жұлдызша дөңгелекпен велосипедтің дөңгелегі $C_3 : C_2 = R_3 : R_2 = 64,06 : 25,12 \approx 2,6$ рет айналады. Ендеше педаль бір айналғанда велосипед $S_1 = 2\pi(R_3 : R_2) \approx 219,8 * 2,6 = 571,48$ см жол жүреді. Егер педаль n рет бір айналған болса, велосипед $S_n = 2\pi(R_3 : R_2)n \approx 571,48n$ см жол жүреді. Ал R_3, R_2 – нің сандық мәндері берілгендіктен бұл тура пропорционалдықты береді. Яғни велосипед механизмі осындай заңдылықпен жасалғандығын оқушылар жете түсінеді. Қатты жүру педальді айналдыруға тікелей байланысты. R_3, R_2 – нің сандық мәндерін есептеу арқылы S_1 мен S_n – нің мәндерін табамыз. Сөйтіп біз 2,6 есе күшті аз жұмсап, жолды әр айналыста 2,6 есе артық жүреді екенбіз. Бұл – тура пропорционалдықтың өмірде кең түрде пайдаланатындығының бір мысалы. Осы велосипед механизмі сияқты жасалынған тісті ременді берілістерді ауыл шаруашылық машиналарынан шөп шабатын агрегат, комбайн, жем – шөп тартатын, ағаш кесетін аралардан, т.б. байқауға болады. Параболалық формалар табиғатта да жиі кездеседі. Алғашқы жылдамдығы көлденең (горизонталь) болатын еркін құлаған дене парабола бойынша қозғалады (2-сурет). Көлденең (горизонталь) ұшып келе жатқан ұшақтан секірген парашютшінің траекториясы. Пунктир арқылы парашютшінің жел болмаған кезде ұшу траекториясы көрсетілген. Мұғалім оқушыларға мұндай нақты мысалдар арқылы табиғаттың көп заңдылықтары математикалық түрде бір функция арқылы өрнектелетінін көрсетеді, бұл заңдылықтардағы жалпылықты айқындайды, ал математика оны қарастырады.



Сурет 2-Еркін құлаған дене траекториясы

Секіргенде көптеген жануарлардың ауырлық центрі тармақтары төмен бағытталған параболаны сызады (3-суретте)

$$y = ax^2; |a| > 1; a < 0$$



Сурет 3-Дельфиндердің суда секірудегі жолы

Көрсеткіштік және логарифмдік функцияларды оқыту барысында оқушыларға осы функциялар арқылы қандай процестердің сипатталатындығын көрсету үшін төмендегі қосымша мысалдарды келтіруге болады: күрделі проценттер формуласы: $A_t = A_0 \left(1 + \frac{P}{100}\right)^t$; биологиялық популяция мөлшерінің өсу заңы: $A_t = A_0 e^{\alpha t}$; мұнда A_0 - биологиялық популяцияның алғашқы мөлшері, α - оның өсу жылдамдығының коэффициенті, ол заттың табиғатына, климаттың және топырақтың және т.б. жағдайларына байланысты, e - натурал логарифмнің негізі; радиоактивті ыдырау заңы: $N_t = N_0 e^{-\lambda t}$; дененің салқындау заңы (Ньютон заңы): $T(t) = T_1 + (T_0 - T_1)e^{-\alpha t}$, мұндағы T_0 - дененің бастапқы температурасы, α - жылу бөле отырып салқындап жатқан дененің табиғатына тәуелді коэффициент, T_1 - ортаның температурасы, ортаның жарықты жұту заңы: $J = J_0 e^{-\beta x}$

Айта кету керек, функциялардың әртүрлі мысалдары арқылы, бір жағынан адам құбылыстардағы сандық заңдылықтарды айқындайды, ал екінші жағынан – абстрактілі математикалық модельдерді құрастырады, тек содан кейін ғана өзінің құрастырған модельдерімен сипатталатын құбылыстарды анықтайды. Сол модельдердің қосымша қасиеттерін зерттеп біліп, оларды өзінің практикалық іс-әрекетіне қолдана бастайды. Математика пәнінің қарастыратын объектісінің табиғат заңдарымен тікелей байланыста болуы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырудың зор мүмкіндіктерін туғызып, олардың жоғары деңгейдегі іс-әрекеттерін қажет етеді.

Аңдатпа. Оқушыларға сапалы білім беру мақсатында қазіргі күннің математика мұғалімі оқушыларды оқыту барысында математикалық материалды тек абстрактілі тұрғыдан баяндаумен шектелмеуі тиіс. Қазіргі кезде ғарыштық траекторияларды, ядролық реакторлардың жұмысын есептеу және мұхит толқындарының жүгірісін, циклонның даму заңдылықтарын, сонымен қатар өндірісті үнемді басқару керек, қорларды бөлумен, технологиялық процесстерді ұйымдастыру мен химиялық реакцияларды болжау немесе өзара бірлескен табиғаттағы жануарлардың, құстардың, өсімдіктердің сандарының өзгеруі бәрі де – динамикалық процесстерді сипаттайтын функция болып табылады.

Аннотация. Чтобы обеспечить качественное образование учащихся, современный учитель математики не должен ограничиваться изложением математического материала только с абстрактной точки зрения. В настоящее время необходимо рассчитывать космические траектории, работу ядерных реакторов и ход океанских волн, законы развития циклонов, а также экономически управлять производством, с распределением ресурсов, организацией технологических процессов и прогнозированием. Химические реакции или изменения численности животных, птиц и растений во взаимной природе, все является динамическим-это функция, описывающая процессы.

Annotation. To provide quality education to students, the modern mathematics teacher should not limit himself to presenting mathematical material only from an abstract point of view. Currently, it is necessary to calculate space trajectories, the operation of nuclear reactors and the course of ocean waves, the laws of cyclone development, as well as economically manage production, with the distribution of resources, the organization of technological processes and forecasting. Chemical reactions or changes in the number of animals, birds and plants in mutual nature, everything is dynamic-this is a function that describes the processes.

Кілт сөздер: Функция, мысалдар, табиғат функциялары, оқушылар, шама, тұрақты шама.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану – математика бағытындағы 10 – сыныбына арналған оқулық / А.Е.Әбілқасымова, К.Д.Шойынбеков, М.И.Есенова, З.А.Жұмағұлова. – Алматы: Мектеп, 2006, - 184 б.
2. Алгебра және анализ бастамалары: Орта мектептің 10 – 11-сыныптарына арналған оқулық / А.Н.Колмогоров және б. – Алматы, Рауан, 1992. – 352 б
3. Стойлова Л.П. Теоретические основы начального курса математики. Учебное пособие. М.: Издательский центр «Академия», 2014-272 с.

ҒТАМР 14.23.09.

М.Монтессори технологиясын пайдалану негізінде мектепке дейінгі балаларға білім беру ерекшеліктері

Сәдір Фарида

ДО-23-1У оқу тобының студенті

Дарибаева Сандигул Кулахановна

Ғылыми жетекшісі, п.ғ.м., «Педагогика,
психология және бастауышты оқыту»

БББ

Андатпа. Мақалда М.Монтессори технологияларын сараптап және мектепке дейінгі балаларға оқу –тәрбие процесінде пайдаланудың ерекшеліктері айқындалған.

Аннотация. В статье проанализированы технологии М. Монтессори и определены особенности использования в учебно –воспитательном процессе дошкольников.

Annotation. The article analyzes the technologies of M. Montessori and defines the features of their use in the educational process of preschoolers.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру реформасының негізгі мақсаты – баланың жеке басын үйлесімді дамыту, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу арқылы оның мүдделерін қанағаттандыру мен баланың жеке басының құндылықтарын дамыта отырып оқытуға көшу болып табылады. Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласында заман талабына сай, уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологияларды қамтамасыз ету де соншалықты орын алады. Қоғамда қабылданған адам құқығы мен

еркіндігі жүйесіндегі ең маңыздысы—білім алу. Дене мүшелерінің немесе ойлау қабілетінің жетіспеушілігіне байланысты баланы бұл құқықтан айыруға жол берілмейді. Барша баланың білім алу құқығы халықаралық құжаттармен бекітілген және Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көрініс тауып, Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген.

М.Монтессори педагогикасында не маңызды?

Бұл бағытта бала туылғанынан бастап тұлға ретінде қарастырылады. Әр бала, әр адам секілді әмбебап. Оның басқа жүйелерден қарағанда айырмашылығы осында жатыр. Балаға өздігінен қозғалу, даму мүмкіндігі беріледі, мұның барлығы аяқ астынан болады, бірақ кейбір жағдайларда оған ересектің көмегі қажет, сол көмекті алады да. Ересектер бала үшін жағдай жасайды.

Монтессори әдісі үш негізгі бөліктен тұрады:

бала

қоршаған орта

мұғалім

Балабақшада Монтессори тобы қалай құрылады.

Монтессори жүйесінің классикалық варианты 3 жастан бастап оқыту жүргізуді болжайды. Балабақшадағы әр топ — бұл отбасы, онда 3-12 жасар балалар сабақпен айналысады. Олар бірге оқиды, бірге үйренеді.

Марияның байқауынша, балалар басқа балаларды ересектерден гөрі жақсы оқытады. Бұл байқауды пайдалана отырып, Мария өз сыныптарын түрлі жастағы балалармен топтастырып, екі топқа бөлді.

Бірінші — 3-6 жасар балалар, екінші топта — 6 — 12 жасар балалар болды. Олардың міндеттері әртүрлі. Алты жасқа дейін бала өз санасын жасайды, алты жастан кейін мәдениетті белсенді меңгереді. Егер балалар өз қарқыны бойынша ақыл қосса, ал мәдениетті түрлі формалар мен бағыттарды меңгеруі қажет.

Монтессори-топта балалар саны 15-20 адам болған тиімді болып табылады. Балабақша-мектептегі сабақтар топтық емес. 3-5 жасар балаларға арналған топтағы топтық сабаққа 15 минут жұмсалады. Өмірдің негізгі тәсілі — қоршаған ортаның заттарымен еркін жұмыс жасау. Бұл көшеге де, үйге де, балабақшаның барлық бөлмелерін — асхана, шешіну бөлмесі, т.б. барлығына қатысты. Екінші топқа көмек көрсету күрделірек, сондықтан әлемде 6-12 жасар балаларға арналған сыныптар аз, ал 3-6 жасар балаларға арналған сыныптар саны көп. Әлемнің кейбір елдерінде (АҚШ, Нидерланды) Монтессори мектептері көп. Монтессори-топтағы еркін жұмысқа күніне 1,5-2 сағат бөлінеді (баланың жасы мен қызығушылығына байланысты).

Балаларды 5 сала бойынша дамыту көзделеді:

сенсорика (сезім органдарын дамыту)

практикалық өмір дағдылары

математика

ана тілі

ғарыштық тәрбие

Ғарыштық тәрбие — бұл М. Монтессоридің термині. Мұнда география, биология, физика, химия негіздері кіреді. Мүмкіндігі бойынша және ата-аналардың қалауы бойынша Монтессоридің философиясына негізделген топтық сурет салу, музыка, шетел тілі, денешынықтыру ұйымдастырады.

Жұмыс үшін материалды таңдау баланың қалауына байланысты болады. Бірақ барлық балаларға ортақ даму кезеңдерін біле отырып, педагогтар үрдісті ынталандыратын болады. Балалар 2,5-3,5 жасында Монтессори тобына түседі.

Басында олар сенсорикамен (бұл өте маңызды, барлық салаларда даму үшін база береді), практикалық өмірдегі жаттығулармен айналысады: суды құю, құмды салу, қол жуу, ыдыс жуу, кір жуу, үтіктеу, түйме салу, әлеуметтік дағдылар мен дене жаттығулары және т.б.

Бұл практикалық жаттығулардың негізгі мақсаты ірі және ұсақ моториканы, қозғалыс координациясын дамыту, көптеген ұсақ операцияларды бірізді орындауға дағдылану болып табылады

4 жасқа жакындағанда математикаға, орыс тіліне деген қызығушылығы оянады, тіл дамыту мен фонетикалық ойындармен 2,5-3 жасынан айналыса бастайды. Тағы бір маңызды сәт! Бұл тәртіпті сақтау М. Монтессори балаларды сыныптағы бірінші күннен бастап қойылған тәртіпті сақтауға үйретуді ұсынды. Оны ересектердің қалауы бойынша емес, балаларға ыңғайлы болғандықтан ұсынған. Ол тәртіп бала үшін шектеулі, баланың өзі тәртіпті ұйымдастыра алмайды деп есептейді. Жұмыс пайда әкелуі үшін мұғалім балаға қысқа (2-3 минут) сабақ жүргізеді.

Монтессори-топка көптеген зоналар кіреді:

шынайы өмір зонасы: бала өзі суды құю, құмды салу, қол жуу, ыдыс жуу, кір жуу, үтіктеу, түйме салу, әлеуметтік дағдылар мен дене жаттығулары және т.б. ірі және ұсақ бұлшық еттерді дамытуды үйренеді;

сенсорлық даму зонасы: қоршаған ортаны зерттеу (биіктігі, ұзындығы, салмағы, түсі және заттардың т.б. қасиеттері). Олар заттармен ойнайды, олардың көлемін, формасын, түсін танып-біледі. Мысалы, бала цилиндрлерді үлкенінен бастап кішісіне дейін рет-ретімен қояды. Балалар солдан оңға қарай көзімен қарауға үйренеді;

тілдік, географиялық, математикалық, жаратылыс-ғылыми: баланың ақыл-есінің дамуы

Монтессори-мұғалімнің міндеті — балаға өз қызметін ұйымдастыруға көмектесу, өзінің соны жолымен баруға көмектесу, өз әлеуетін кең шамада жүзеге асыруға ықпал ету

Ұрпақ тәрбиесін жаңа құндылықтар негізінде жетілдіру қоғам алдында тұрған ауқымды істердің бірі, сол себепті де мектепке дейінгі мекемелерде балалардың ақыл-ойын дамытуды жаңа көзқарастар негізінде талдау — кезек күттірмейтін іс. Мектеп жасына дейінгі баланың бойына ақыл-ойын дамыту ең алдымен балаға сенсорлық тәрбие беруден бастау алады.

Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі балабақша қабырғасында басталатыны сөзсіз.

Бала табиғатында білуге құмар, тумысынан-ақ өсуге, жетілуге ұмтылыс басым. Сондықтан да қарқынмен дамып бара жатқан мына заманда балабақшадағы педагогтардың ұлттық қалып, ұлттық мінезді сақтай отырып, бала тәрбиесінің әдістерін тынбай ізденіп, жиі жаңартып отыруы заңдылық. Қазіргі кезде Монтессори жүйесін 146 мемлекет қолданады. Бұл жүйе бойынша 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар зейінін, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауды, сөйлеуді, елестетуді, қимылды дамытады. Оның негізгі қағидаты «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу. Мұнда бала дидактикалық материалдар мен сабақ уақытының ұзақтығын өзі таңдайтын болғандықтан оқытуда ерекшеліктер бар.

Монтессори сатылары:

1.Монтессори әдісінде үш сатылы оқыту түсінігі бар. Балалардың жаңа білім алып, сөздік қорын толтыру үшін осы әдіс сабақта қолданылады.

2.І-саты – білім алу сатысы. Бұл жерде балаға жаңадан білім беріледі. Тәрбиеші балаға белгілі бір заттың түсі, қасиеті туралы түсініктер береді.

3.ІІ-саты – практикалық білім алу сатысы. Бұл кезде бала іс жүзінде білім алады. Тәжірибе арқылы І-сатыда алған білімдерін пысықтайды.

4.ІІІ-саты – тексеру сатысы. Бұл сатыда жаңа сөздер белсенді емес сөздік қордан белсенді сөздік қорға айналады. Ескеретін бір нәрсе, тәрбиеші баланың біліміне сенімсіз болса, онда бұл сынақтар жүргізілмейді

М.Монтессори әдісі балаларға жауапкершілікті сезінуге, өздігінен шешім қабылдауына, топта да, жеке де жұмыс жасай алуына, таңдау жасай алуына, өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сеніммен қарауына мүмкіндіктер береді, қолайлы жағдай туғызады.Осы себепті мен баланың танымдық қабілетін дамытуда Монтессори әдісіне негізделген ойындарды, ойындық жағдаяттарды қолданамын. Топта ойыншықтарды қолдана отырып, түрлі ойындар барысында балалар заттарды топтастыруды, заттар мен құбылыстардың әр түрлі қасиеттері, түсі, пішіні, кеңістікте орналасуы туралы түсініктерді меңгереді.Топта сенсорлық дамытушы орта

М.Монтессори жүйесі негізінде құрылды: сенсорлы үстел, тактильді сезуге арналған табиғи материалдар, қол массажының ванналары, ойындар.

Өз жұмысымда М.Монтессори технологиясы бойынша мына төмендегідей ойындарды дайындап, оны оқу іс-әрекеттерде, ойын кезінде қолданамын.

Дәндермен ойын:

- әр түрлі ыдыстағы араласып кеткен бұршақ пен асбұршақты бөліп, тер;
- дәндерді салу және араластыру, қолға ұстап уқалау;
- ыдысқа дәндерді төгіп, әр түрлі өрнектер құрастыру.

Тапсырмалардың баланың кеңістікті бағдарлауына, сезімдік қабылдауына, шығармашылық қиялын дамытуға және ұсақ қол моторикасын дамытуға септігі мол.

Түймелер мен моншақтармен ойындарда балалар жіпке өткізеді, түймелер мен моншақтарды тереді. Бала қолын жаттықтырады, алғырлығы дамиды, үлкен-кіші түсінігі қалыптасады. Моншақ ретінде шаршыларды, дөңгелектерді, ағаш жапырақтарын, құрғақ дәндерді пайдалануға болады.

Құрғақ бассейн – жасырынған әр түрлі ойыншықтарды табуға арналған.

Баланы іздестіруге бағыттай отырып, көп ойыншықтың ішінен қолдың саусақтарымен іздей отырып, тек қана қоянды табуды сұраймын.

“Міне қандай таяқшалар”.

Мақсаты: таяқшаларды түсіне қарай ажыратуды үйрету, оларды сәйкес келетін тесікке салу. Ұсақ қол моторикасын дамыту.

Дидактикалық материал: жылтыр қорап, түрлі түсті таяқшалар.

«Тағамдардың дәмін ата». Заттардың негізгі қасиеттерін дәмі арқылы ажыратуды дамыту.

Мақсаты: заттарды дәміне қарай ажыратуды үйренеді.

Барысы: баладан суреттерде берілген әр түрлі тағамдардың, көкөністер мен жемістердің дәмін атауды сұрайды. Мысалы: лимон — дәмі қышқыл, шырынды, денені сергітеді; нан — хош иісті, жаңа піскен, кәмпит — тәтті, ішінде қоспасы бар, мұзды немесе шоколад кәмпит, сарымсақ — ащы, иісі өткір, ащы.

Баланың өзі зерттеуші, оның білсем, ұстап көрсем, көрсем деген қызығушылықтары тәжірибе жасауға итермелейді. Мен «Құм ертегілері – ылғалды жұмбақтар» жаттығуда бір ыдыстан екінші ыдысқа су құю, құмды алақанға салып ойнау, мұздың еруін бақылау және т.б. кезінде балалар көптеген заттардың қасиеттерімен танысады, ұсақ қол моторикасы дамиды. Зерттеудің көру, қолмен ұстап көру, сипалау, домалату, иіскеу, дыбысты тыңдау секілді қарапайым әдістерін қолданамын. Балалар ойын-тәжірибелерді жақсы көреді.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технологиялық бағытты дамыту мақсатымен атауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас ұрпаққа мән — мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру — бүгінгі күннің басты талабы екені бәрімізге белгілі.

Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой — өрісінің кеңейуі балабақша қабырғасында басталатыны сөзсіз.

Қай кезеңде болмасын балабақшада Монтессори әдісі еш уақытта орнын жоғалтқан емес. Бала табиғатында білуге құмар, тумысынан — ақ өсуге, жетілуге ұмтылысы басым. Сондықтан да қарқынмен дамып бара жатқан мына заманда балабақшадағы педагогтардың ұлттық қалып, ұлттық мінезді сақтай отырып, бала тәрбиесінің әдістерін тынбай ізденіп, жиі жаңартып отыруы заңдылық.

М. Монтессори әдісі балаларға жауапкершілікті сезінуге, өздігінен шешім қабылдауына, топта да, жеке де жұмыс жасай алуына, таңдау жасай алуына, өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сеніммен қарауына мүмкіндіктер береді, қолайлы жағдай туғызады.

Бұл әдістің мақсаты — балалардың табиғи мінезін, қабілетін, тәрбиешінің нұсқауымен емес, өз еркімен тәуелсіздік рухында тәрбиелеу.»Өзімнің жасауыма мүмкіндік бер»дейді мұндағы бала. Балаларға дауыстап сөйлеу бұл әдісте мүлдем жоқ. Ұйымдастырушысы балаларға әр сала жайлы қызықтыра мағлұмат береді. Балалардың жас ерекшеліктері әр түрлі, 3 пен 6 жас бірге өз қалауларымен жұмыс жасайды. Бұл жастың қабілетін ашуға, үлкеннің кішіге мейірім, қамқорлығын сезінуге мүмкіндік берері сөзсіз. Қай салада жұмыс жасау бала қалауында: зертханада, жаратылыстану, аспан әлемі, асхана, қолөнер, бейнелеу, сумен, т. б. Еркін жұмыс жасау барысында жетістігін өзі көріп, қатесін де өзі жөндеуі — ішкі дүниесін тәртіпке баулып, жеке адамгершілік қасиеттерін дамытады деп ойлаймын. Пайдаланған заттардың ең басында қалай тұрғанын бақылаған бала жұмыс аяғында тап солай жинастырып, тазартып қояды.

Қорыта келе, Монтессори әдістемесі баланың назарын дамытуға, шығармашылық және логикалық ойлауға, жадын, сөйлеу қабілетін, қиялын, моториканы қалыптастыруға көмектеседі деген тұжырым жасауға болады. Бұл әдістеме айналадағы адамдармен араласу дағдысын меңгеруге септігін тигізетін ұжымдық ойындар мен тапсырмаларға аса мән беріледі. Сондай-ақ, баланың дербестігін дамыту үшін күнделікті өмірдегі әдеттерді меңгеруіне көңіл бөлінеді. ХХІ ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технологиялық бағытты дамыту мақсатымен атауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас ұрпаққа мән – мағыналы, өнегелі тәрбиемен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы екені бәрімізге белгілі. Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой — өрісінің кеңейуі балабақша қабырғасында басталатыны сөзсіз. Қай кезеңде болмасын балабақшада Монтессори әдісі еш уақытта орнын жоғалтқан емес. Бала табиғатында білуге құмар, тумысынан — ақ өсуге, жетілуге ұмтылысы басым. Сондықтан да қарқынмен дамып бара жатқан мына заманда балабақшадағы педагогтардың ұлттық қалып, ұлттық мінезді

сақтай отырып, бала тәрбиесінің әдістерін тынбай ізденіп, жиі жаңартып отыруы заңдылық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балабақшаның 5 жастағы ересектер тобына арналған. Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы. // Дошкольная образовательная программа воспитания, образования и развития детей 5 лет. / Попова Е., Еденбаева З., - Алматы : Алматыкітап, 2009. - 224
2. «Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу – тәрбие үдерісіне М.Монтессоридің педагогикалық жүйесін енгізу бойынша әдістемелік нұсқаулық» Мақатова Ж., Иманбекова Б., Қалдарова Қ., Корнекова Л., - Алматы, 2013.
3. М. Монтессори «Маған өзім жасауыма көмектес» // Составители М., Богуславский В., Корнетов Г. Б. (М. Монтессори кітабынан үзінді бөліктер мен и М. Монтессоридің педагогикасы туралы ресей авторларының баяндамалары). «Карапуз». М. 2009.
4. "Мектепке дейінгі педагогика" пәннің оқу-әдістемелік кешені: 5В010100 "Мектепке дейінгі оқыту тәрбиелеу" мамандықтарына арналған / Елеусизова Ғ, А. Бекмурзина. - Петропавл : М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2011. - 100 б.

ҒТАМР 14.29.25

КӨРУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Нұрғазы Назым Алмасқызы, Шора Ақерке Алмасқызы
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
ПП-21-1 оқу тобының студенті,
Омарова Ләззат Тәліпқызы
ғылыми жетекші, аға оқытушы, магистр,
«Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» БББ
кафедрасы

Әрбір мемлекет қоғамында ерекше қажеттілігі бар балалар өмір сүріп, білім алып, тәрбиеленуде. Олар белгілі бір ортаға, қоғамға тәуелді. Ерекше қажеттілігі бар балалардың денсаулығын қадағалау дәрігерлердің қызметі болса, тәрбиеленуі ата-аналар құзырында, ал білім беру мен тәрбиені қатар ұйымдастыру педагог-психологтардың міндеті.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларына көмек көрсету мен қолдаудың ерекше түрі болып табылады. Ол әрбір баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес

табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасайтын мамандардың біртұтас, жүйелі ұйымдастырылған қызметін білдіреді. – бұл оқу процесінде әрбір оқушының табысты дамуы мен жаттықтыруы үшін әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалатын біртұтас жүйе. Бұл балалардың психологиялық саулығын сақтау және олардың бейімделу мүмкіндіктерін арттыру арқылы оқу-тәрбие үдерісі үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету негізгі мақсаты болып табылатын бағыт. И.А.Иванованың анықтамасы бойынша, «мектептегі өзара әрекеттестік жағдайында баланың табысты оқуы мен тұлғалық дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық жағдай жасауға» бағытталған психологтың кәсіби қызметінің түрлерінің бірі. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мақсаты оқушылардың барынша дамуы, оларды табысты оқыту және әлеуметтендіру үшін жағдай жасауға бағытталған ағартушылық, диагностикалық және түзету іс-шараларының кешенін іске асыру арқылы білім беру процесінің барлық қатысушыларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру болып табылады. Бұл ретте сүйемелдеу нысаны білім беру процесі, сүйемелдеу пәні – баланың даму жағдайы болып табылады. Аталған сүйемелдеу ерекше даму ерекшеліктері бар балаларға қажет. Ол білім беру ортасында балалардың дамуының оңтайлы жағдайларын жасау, сапалы білім алуына және тиімді білім беруге бағытталған.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің міндеттері:

- оқушылардың қазіргі даму деңгейін кешенді диагностикалауды ұйымдастыру;
- мамандардың студенттердің даму динамикасын бақылау;
- кешенді қолдау бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- профилактикалық жұмыс бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- кеңес беру жұмысын ұйымдастыру.

Оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу облыстық психологиялық-медициналық - педагогикалық консультацияның (бұдан әрі-ОПМПК) қорытындысы мен ұсынымдары, сондай-ақ мектеп оқушыларының жеке диагностикалық тексеру деректері негізінде жүзеге асырылады және мектептің штаттық мамандарымен (педагог-психолог, әлеуметтік педагог, медицина қызметкері) жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығында көрсетілген ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың (балалардың) санаттарын психологиялық-педагогикалық қолдауды тәрбиешілер/мұғалімдер сабақтар/сабақ, факультативтік, пәндік үйірмелер және пәндер бойынша қосымша сабақтар кезінде жүзеге асырады. Сондай-

ақ педагог – психологтар, әлеуметтік педагогтар арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде педагогтар педагогикалық психологпен және әлеуметтік педагогпен бірлесіп жүзеге асырады[1].

Көру қабілеті бұзылған балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету олардың білімі мен әлеуметтік бейімделуінің маңызды аспектісі болып табылады. Көру қабілеті бұзылған балалар оқуда, басқа балалармен қарым-қатынаста және әдеттегі өмірлік жағдайларға бейімделуде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жеке жүргізілуі керек және балалардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне байланысты профилактикалық және түзету шараларын қамтуы керек екенін түсіну маңызды[2, 45].

Ерекше білімді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсаты - баланың оңтайлы дамуын және қоғамға табысты интеграциялануын қамтамасыз ету болып табылады.

Көру қабілеті бұзылған балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің өзіндік ерекшелігі бар. Көру қабілеті бұзылған балалардың спецификалық дамуына байланысты ерекшеліктері:

Біріншіден, көру қабілеті бұзылған баланы оқыту коррекциялық (түзету) бағытына ие. Бала қалыпты дамып, білім беру бағдарламасын игере алуы үшін, оның ақауын түзетудің оңтайлы әдістерін қолдану қажет. Бұл оны жоюға көмектеседі және оның білім беру процесіне теріс әсерін реттеуге септігін тигізеді.

Екіншіден, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу барысында мамандардың жұмысы баланың денсаулық жағдайымен медициналық көрсеткіштеріне және оның даму ерекшеліктеріне сүйенеді.

Көру қабілеті бұзылған балаларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді іске асыру барысында мамандар келесі бағыттар бойынша жұмыс жасайды:

1.Кешенді әдістемелерді қолдану негізінде оқушылардың даму деңгейіне зерттеу жүргізу;

2.Түзету-дамыту бағытын қолдану негізінде оқушыны біртіндеп дамыту және оның орындалуын бақылау;

3.Дамудың жеке ерекшеліктерін, олардың пайда болу себептері мен факторларын анықтауға бағытталған әртүрлі бағыттағы және формадағы жұмыстарды жүзеге асыру;

4.Оқушының психикалық және физикалық жағдайын, даму деңгейін үнемі бақылау;

5.Оқушылардың әлеуметтік бейімделуіне көмек және қолдау көрсету;

6.Оқушылардың отбасыларымен жұмыс жүргізу;

7.Санитарлық нормалардың сақталуын бақылау және көру қабілеті бұзылған балаларды сүйемелдеу бағдарламасын іске асыру және көру

қабілеті бұзылған баланы оқытудың қолайлы психологиялық ортасын сақтау;

8. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жетілдіру: инновациялық тәсілдер мен жұмыс әдістерін қолдану;

9. Көру қабілеті бұзылған оқушының толыққанды дамуына жағдай жасауға мүдделі әртүрлі мамандармен және өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жүйесін құру.

Көру қабілеті бұзылған балаларды инклюзивті оқыту келесі бағыттар бойынша психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді көздейді:

- Диагностика;
- Түзету және дамыту;
- Профилактика;
- Ақпараттандыру;
- Емдеу-сауықтыру жұмыстары;
- Консультация беру жұмыстары.

Барлық аталған қызметтің осы бағыттары көрнекі қабылдау дағдыларын, кеңістіктік, әлеуметтік бағдарлауды, коммуникативті өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыруға, ұжымға қосылуға және ондағы өз орнын анықтауға, баланың жеке басының эмоционалды сферасын дамытуға және оның бейімделу кезеңінің барысындұрыстауға бағытталған. Көру қабілеті бұзылған балаларға оқу процесін қабылдау және танымдық қабілеттерінің қалыптасу қиындығы тән құбылыс, өйткені дені сау бала, ерекше қажеттілігі бар балаларға қарағанда қоршаған ортаны 83% көру жүйесі арқылы, 11% есту арқылы, 3,5% мұрын арқылы, 1,5 сипап сезу арқылы, 1% дәм сезу арқылы танып біледі.

Көру қабілеті зақымданған адамдардың даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін, ақпарат кемшілігінің орнын толтыратын компенсаторлық үдерістердің қалыптасуын тифлопедагогика зерттеп қарастырады. Көру қабілеті зақымданған балалардың танымдық әрекеттерінде өзіндік ерекшеліктердің болатынын А.И.Скребицкий, А.Щербина анықтаған. Т.Касфорс, Б.Гомулицкий, К.Максфилд, А.Г.Литвак, М.И.Земцова, Л.И.Солнцева т.б. сынды ғалымдар бұл балалардың психикалық даму динамикасын бақылай келіп, мынадай тұжырым жасайды: аталған категориядағы балалардың психикалық даму динамикасы жақсарған сайын, көретін балалар мен көрмейтін балалардың жалпы психикалық мәртебесі арасындағы айырмашылық азая түседі. Көру патологиясы бар балалардың озық даму мүмкіндігінің болатыны белгілі болды. (М.Тобин) [3, 27].

Көру қабілеті бұзылған балалар үш топқа бөлінеді.

Олар: 1-топ мүлдем көрмейтін балалар;

2-топ көру деңгейі төмен балалар;

3-топ көру деңгейі функционалдық бұзылған балалар. (қыли, амблиопия) [5]

1 - топтағы балаларға брайль жүйесінде оқытылу ұсынылады.

Брайль жүйесі – бұл бедерлі нүкте арқылы оқыту мен жазу. Аталған жүйемен оқыту үшін арнайы құралдар (прибор, брайль дәптері, грифель) қолданылады. 1-топтағы балаларға брайль жүйесін үйретпес бұрын саусақтың ет сезім қабілеттерін дамытумен жұмыстану керек. Баланың ет сезім мүшелері дамыса, қалыптасса бедерлі нүктелерді сезуіне, әріптер мен сандарды тез үйренуіне көп көмегін тигізеді.

Саусақтың ет сезім мүшелерін дамытуға түрлі әдістерді пайдалануға болады. Үлкен заттан бастап, ұсақ затқа дейін ауысу. Мысалы: жіпке тізілген үлкен моншақтан бастап, ұсақ моншаққа дейін төмендеу және оған ілгекті де алуға болады. Сабаққа қатысты үлестірмелі материалды грифелмен бастыру, құрастырмалы, бұрандалы заттармен, жіптің түрлерімен, өсімдік дәндері мен дақылдарын пайдалануға т.с.с. көрнекі заттармен жұмыстануға болады. Құм терапиясы, су терапиясы, арттерапия, су джок терапия, саусақтық жаттығулар, саусақ гимнастикасы, кинесиологиялық жаттығулар және дыбыстық жаттығулар жүргізуге болады.

Құм терапиясының мақсаты: балалардың құм терапиясында қиял, көрнекі – бейнелік ойлауды, сөздік – логикалық ойлауды, көрнекі іс-әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Жұмыс барысында оқушының байқампаздығын анықтауға, ұсақ қол моторикасымен жұмыс жасауға, қабылдау мен есте сақтау процессін жандандыруға болады. Баланың әріптерді үйренуіне, сәйкестендіру жаттығуларын жүргізуге мүмкіндік тудырады.

Саусақтық жаттығулар барысында баланы оқуға дайындау, жазу қабілетін дамыту мақсат етіледі. Жаттығу көптеген компоненттерді қамтиды. Мысалы: графомоторлық дағдыларды табысты меңгеру үшін жағдай туғызуға және қол-көз координациясының жеткілікті дамуы жазу процессін сапалы етуге септігін тигізеді. Баланың есте сақтау процессін жетілдіру, зейінін тұрақтандыру, жадын анықтауға мүмкіндік береді. Бір істі соңына жеткізу қабілетін жақсартады. Санауды, түстерді үйренуге болады. «Саусақтық жаттығулар» сезім ритмін қалыптастыратын және жетілдіретін негіз болып табылады, қолайлы эмоционалды жағдай пайда болады, соның арқасында бала ойынмен айналысады, орындайтын қозғалысты қызығушылықпен орындайды, ал бұл саусақ қозғалысын жақсартады. Құралдармен жұмыс жасау ұсақ қол моторикасын дамытады. «Саусақ гимнастикасы» оқушының саусақ праксисі деңгейін жоғарылату мен әдемі жазу, сызу дағдысын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Қол саусақтар гимнастикасы арқылы есте сақтау және назар аудару қабілетін дамыта аламыз.

Кинесиологиялық жаттығулар арқылы аяқ моторикасына тиімді әсер етуге, зейінді және кеңістікті бағдарлауды дамытуға мүмкіндік жасауға болады. Жаттығу кезінде еденге 7 модульден тұратын тактильді жол төсеу

ұсынылады. Тактильдік жолдың күшті емдік әсері бар. Балаларға тактильді сезімдерді дамыту қозғалыс белсенділігінің тапшылығын толтыру үшін пайдалы.

Су-джок терапиясы – бұл қол мен аяқ арқылы емдеу жолы. Су-Джок терапиясы-қолда орналасқан барлық органдар мен жүйелерге жоғары белсенді сәйкестік нүктелерін ынталандыру. Түзету сабақтарында әр түрлі құрылғылардың көмегімен саусақтарда орналасқан белсенді нүктелер ынталандырылады (шарлар, массаж шарлары, жаңғақ, тікенді роликтер). Көру анализаторының қызметінің бұзылуына байланысты көру қабілеті бұзылған және нашар көретін балаларда сөйлеудің өзіндік ерекшелігі байқалуы мүмкін, ол көбінесе әдеттегі жас шегіне сәйкес келмейді және сөйлеу ерекшеліктерінде көрінеді (сөздік-семантикалық жақтың бұзылуы, «формализм», эхолалия, т.б.). Көру қабілеті бұзылған және нашар көретін балалардың сөйлеу тілінің бұзылуы күрделі кемістік болып табылатындығы теориялық және эксперименталды түрде дәлелденген, онда сөйлеу және көру қабілетінің бұзылуы арасындағы белгілі бір байланыстар мен өзара әрекеттесулерді байқауға болады. Көру қабілеті бұзылған балалардағы сөйлеу бұзылыстары әртүрлі, күрделілігі, құрылымы және интегралды жүйе ретінде сөйлеуге әсер етеді, мұнда Р.Е.Левинаның анықтамасы бойынша сөйлеу бұзылыстарының өзі сөйлеу аномалиясының жалғыз өзегі емес. Бұл көбінесе мұндай балаларда сөйлеудің қалыптасуы көру қабілеті бар балаға қарағанда күрделі жағдайларда жүретінімен түсіндіріледі [4, 62].

Су терапиясы (гидротерапия) - бұл физиотерапиялық емнің бір түрі. Су баланың визуалды қабылдауын күшейте түседі, балаларды эмоционалдық тұрғыдан дамытады. Жаттығу кезінде балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту мүмкіндігі туады.

Арттерапия – бұл шығармашылық арқылы емдеу болып табылады. Арт-терапияның негізгі мақсаты-баланың өзін-өзі тану процесін дамыту және оның өнер арқылы өзін-өзі көрсету қабілетін дамыту. Арт терапия-бұл емдеу ғана емес, сонымен қоса, креативтің дамуы, тұлғаның дамуы мен үйлесімділігі, кез-келген жағдайды шешуге көмек береді. Оқушының бойындағы агрессиядан арылуына, қиялы мен ойлау қабілетін дамытуға тиімді әсер етеді. Сурет салып, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасайды.

Көру деңгейі функционалдық бұзылған балалардың ауру диагнозына байланысты әр қайсысымен ұсынылым бойынша жұмыстанылады.

Егер балада миопия ауруы болса, жақында тұрған нәрселерді жақсы көреді де, алыстағыны көрмейді. Бұл баламен жеке жұмыстану қажет және көзге арналған арнайы жаттығуларды жасап отыру керек.

Алыстан көру (гиперметропия Н) – алыстан да, жақыннан да көру қашықтығы бұзылған, алайда жақыннан көру қашықтығы балада анық

байқалып тұрады. Мұндай баламен тақтамен жұмыстануға, ұсақ заттармен, үлестірме материалдарды бөліктермен беріледі.

Сонымен қоса, көру қабілеті бұзылған балалармен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кезінде әртүрлі аппликациялар, сәйкестендіру тапсырамалары, ұсақ моториканы дамытуға байланысты әртүрлі дақылдармен жұмыстар жасауға, ми жарты шарларының өзара интеграциялануы мен әрекеттесуіне байланысты нейрожаттығулар жүргізуге болады. Монтессори сенсорлық белсенділік тақтасы мен тактильді-дамытушы панельдер жиынтығын қолдануда зор септігін тигізеді.

Монтессори сенсорлық белсенділік тақтасы. Олардың көмегімен балалар реңктердің және геометриялық пішіндердің атауларын үйренеді, құлыптарды ашу және жабуды үйренеді, саусақтары мен қолдарын жаттықтырады, әртүрлі текстуралармен танысады.

Тактильді-дамытушы панельдер жиынтығы (6 модуль)

Бұл панельдерде баланың ұсақ моторикасын дамытуға, жанасу сезімін меңгеруге арналған әр түрлі қаттылықтағы пішіндер берілген. Тактильді-дамытушы панель ұсақ моториканы және ойын терапиясын дамытуға арналған. Панельдің корпусында ағаштан, матадан, металдан, пластмассадан жасалған әр түрлі пішіндегі және көлемдегі көптеген дыбыстық және декоративті заттар бар: бұрандалар, ксилофон, металлофон, ратчеттер, маракалар, қоңыраулар. Бұрыштар әртүрлі текстуралар мен пішіндегі материалдармен жиектелген. Панель тактильді, визуалды және акустикалық қабылдауды дамытуға ықпал етеді, тактильді дағдылар мен интерактивті әрекеттерді дамытады. Әртүрлі толтыру бұл панельді сенсорлық және ойын бөлмесінің негізгі элементтерінің біріне айналдырады. Панельдің өлшемдері бірнеше балаға бір уақытта онымен ойнауға мүмкіндік береді [5, 42]. .

Ерекше қажеттілігі бар балаларға кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру туралы әдістемелік ұсынымдарға сәйкес (2009 ж. 16 наурыздағы БҒМ №4-02-4/450 хаты) білім беруге ерекше қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беру процесіне ішінара интеграциялануын арнайы сыныптар жүзеге асырады. Жалпы білім беру ұйымында арнайы сыныптар ерекше қажеттілігі бар оқушылар үшін дамуындағы бұзылыс түріне қарай және оқу үдерісін барынша дараландыруға мүмкіндік беретіндей толымдылықпен ашылады:

-көру қабілеті төмен балаларға арналған - 8 адамнан артық емес;

-көзі нашар көретін және кейін келе көрмей қалған балаларға арналған – 12 адамнан аспайтын.

№	Сыныбы	Оқушы саны	Сынып типі
1	МАД	5	
2	1	8	

3	2	8	
4	3	5	
5	4 «А»	7	
6	4 «Б»	4	*Брайль шрифтімен оқитын сынып
7	5	8	
8	6	8	
9	7	4	
10	8 «А»	9	
11	8 «Б»	3	*Брайль шрифтімен оқитын сынып
12	9	10	

Кесте 1- №5 көру қабілеті бұзылған балалардың арнайы (түзету) мектеп-интернатындағы сыныптардың типі мен оқушы саны

Жалпы білім беретін мектепте ерекше қажеттілігі бар балаларды оқытып-үйрету үдерісін психологиялық-педагогикалық қолдау үшін психологқа, логопедке, арнаулы педагогқа, әлеуметтік педагогқа арналған кабинеттерді арнайы жабдықтау қажет. Сондай-ақ, кітапхана қорын арнаулы оқулықтармен, арнаулы электронды жабдықтармен жабдықтауға, оқу-әдістемелік кешендермен, әдістемелік әдебиеттермен толықтыру керек. Жоғарыда жазылған көру қабілеті бұзылған балалардың оқытудағы жұмыстардың түрлері мен ауру диагноздары. Егер жалпы білім беретін ордаларда жоғарыда айтылған ұсынынымдарды есепке алып, сол бойынша инклюзивті білім беретін болса, ерекше қажеттілігі бар балалар да басқа балалардан қалыс қалмайтыны хақ.

Қорыта келе, көру қабілеті зақымдалған және нашар көретін балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тұлға дамуының барлық кезеңдерінде маңызды болып табылады. Сонымен қатар, психологиялық, оның ішінде психокоррекциялық жұмыс инклюзивті кеңістіктің барлық қатысушыларымен жүзеге асырылуы тиіс.

Аңдатпа. Мақалада жалпы білім беретін мектеп жағдайында нашар көретін және көру қабілеті бұзылған балаларды сүйемелдеу бойынша мамандардың жұмысының мақсаттары мен міндеттері, сүйемелдеу жұмыстарына үлгілер, инклюзивті сыныпта нашар көретін оқушы үшін білім беру ортасын бейімдеу процестері, нашар көретін оқушының оқу іс-әрекетін ұйымдастыру, сондай-ақ нашар көретін оқушыны мектеп қоғамдастығына интеграциялау бойынша түзету жұмысының негізгі бағыттары ұсынылған.

Кілт сөздер: сүйемелдеу, тифлопедагогика, инклюзивті білім беру, Брайл шрифті, терапия.

Аннотация. В статье представлены цели и задачи работы специалистов по сопровождению слабовидящих и слабовидящих детей в условиях общеобразовательной школы, образцы к сопровождающей работе, рассматриваются процессы адаптации образовательной среды для слабовидящего ученика в инклюзивном классе, организация учебной деятельности слабовидящего ученика, а также представлены основные направления коррекционной работы по интеграции слабовидящего учителя в школьное общество.

Ключевые слова: сопровождение, тифлопедагогика, инклюзивное образование, шрифт Брайля, терапия.

Annotation. The article presents the goals and objectives of the work of specialists in the support of visually impaired and visually impaired children in a comprehensive school, samples for accompanying work, examines the processes of adaptation of the educational environment for a visually impaired student in an inclusive classroom, the organization of educational activities of a visually impaired student, and also presents the main directions of correctional work on the integration of a visually impaired teacher into school society.

Keywords: support, typhlopedagogy, inclusive education Braille, therapy.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы. «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы»
2. Жанибекова Г. О. Инклюзивті білім беру пәнінен дәріс жинағы. –Шымкент: Мардан Сапарбаев институты, 2020. -98 б.
3. Исакова М.С. Дефектология негіздері. – Алматы: 2023.
4. Митина Е.А. Использование Су-Джок терапии в работе с незрячим ребенком / Е.А. Митина // Воспитание, обучение и социализация детей с нарушением зрения : методическое пособие для педагогов, тифлопедагогов, дефектологов, родителей, специалистов библиотек. — Сыктывкар, 2016. — С.67-73.
5. Г. В. Никулина . Обучение письму и чтению по рельефно-точечной системе Л.Брайля: Учебное пособие / Под ред. Г. В. Никулиной. - СПб.: КАРО, 2006.
6. Иманғалиева Ш.Д. Педагогикалық-психологиялық коррекция және кеңес беру [Электронды ресурс] / Ш.Д. Иманғалиева. - Қызылорда, 2012.

**Әлеуметтік-психологиялық тренингтер арқылы білім алушылардың
эмоциялық қалпын реттеу**

Тұлеубай Айзада Алтынбекқызы

Қорқыт Ата атындағы ПП-21-1

оқу тобының студенті

Дарибаева Сандигул Кулахановна

ғылыми жетекшісі, п.ғ.м., «Педагогика,
психология және бастауышты оқыту» БББ

Аңдатпа. Мақала білім алушылармен оқу процесінде, әлеуметтік-психологиялық тренингті жүргізу негізінде эмоциялық қалыптың ерекшеліктеріне арналған. Соңғы бірнеше онжылдықта эмоцияны зерттеу психологиялық ғылым мен практикадағы ең танымал тақырыптардың біріне айналды.

Кілт сөздер: Эмоция, тренинг, білім алушылар, процесс.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности эмоции обучающихся в учебном процессе при проведении социально-психологических тренингов. За последние несколько десятилетий изучение эмоций стало одной из самых популярных тем в психологической науке и практике.

Ключевые слова: Эмоции, тренинг, обучающиеся, процесс.

Annotation. The article examines the peculiarities of students' emotions in the educational process during socio-psychological trainings. Over the past few decades, the study of emotions has become one of the most popular topics in psychological science and practice.

Keywords: Emotions, training, students, process.

Тәуелсіздік алғаннан бері елімізде білім беру ұйымдарында білім берудің жаңа технологиясы жүйесі қалыптасқандықтан, білім мен тәрбие мәселесін жақсарту өз шешімін тауып, халықаралық деңгейде жоғары деңгейдегі жетістіктерге жетіп келеді. Қазақстандық білім беру жүйенің тиімділігі көптеген факторлар арқылы анықталады. Олардың ішінде білім алушының тұлғасының іргетасы каланатын жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үдерісін құру және оның мазмұнын жақсарту маңызды рөл атқаруда. Білім алушылар өмірінде, іс-әрекеті мен қарым-қатынасында ерекше психологиялық жолмен шешуді қажет ететін жағдайлар аз еместігі белгілі. Тәжірибеден өз әлеуеттерін толық қолданбайтын, ерік-күштерін шамалы ғана жұмсайтын немесе еңбек іс-

әрекеттері барынша нәтижелі, әлеуметтік тұрғыдан құптарлықтай болғанмен, осыған шамадан тыс күш, қажыр-қайрат жұмсалып салдарынан олардың психологиялық қажуы, титықтауы, саркылуы, яғни, жалпы тіршілік әрекетінің шырқы бұзылуы орын алған жағдайларда кездеседі. Іс-әрекетінен мәнді нәтиже алуға кеткен күш-қайраттың орнын толтыра алмау салдарынан кейбір жастардың психологиялық стресс алуы да кездеседі Сондықтан білімалушылардың барлық күш-жігерін осы сәйкессіздікті жоюға ғана арнауға тура келеді.

Қазіргі кезде психология ғылымында эмоция туралы зерттеулер және оның теориялық дамуы өзге тақырыптарымен салыстырып карағанда өзіндік сипаты бар күрделі мәселелер қатарына жатады. Сондықтан іс-әрекет, қарым-қатынас барысында немесе оларды қабылдау, жүзеге асыру ерекшеліктерімен байланысты пайда болатын қайшылықтарды спортшылар саналы түрде аңғарып, тани білуі қажет.

Әлеуметтік-психологиялық тренингтер жұмысын ұйымдастыру олардың маңыздылығын айқындап, түрлі мәселелік жағдаяттарын анықтауға және өмірдің күрделі жағдайларында дәлме-дәл шешім қабылдауға машықтандыруда эмоциялық қалыпты реттеуде тиімділігінің зор екендігі дәлелденуде. Сондықтан білімалушылардың эмоциялық қалпын реттеуде әлеуметтік-психологиялық тренингтерді пайдалану жолдарын анықтау өзекті мәселердің бірі ретінде алға шығады.

Практикада әлеуметтік-психологиялық тренингтерді ұйымдастыру мәселесі қоғам сұраныстарынан туындап отыр. Әсіресе, білім саласындағы жетістікке ұмтылыс жағдайында тұлғалардың көздеген межеге жетуіне сенімділік ұялату, өзіндік иландыру мен мақсатқа бағыттылықты қалыптастыру релаксациялық жаттығулармен қатар, әлеуметтік-психологиялық тренингтерді ұйымдастырумен қол жеткізілетіндігі көптеген зерттеулерде көрсетіп жүр.

Қазіргі таңдағы Қазақстанның әлемдік деңгейдегі жетістіктерге жетуінің бірден бір өлшемді көрсеткіші білімдегі нәтижелері болып табылады. Бүкіл дүние жүзі білім көрсеткіштері бойынша елімізді танып отыр.

Білім алуда тұлғаны психологиялық дайындау мәселесі әліде болса көп зерттеулерді қажет ететіні белгілі. Білім алушыларға нақты білім беруге арнайы психологиялық дайындау төмендегі мәселелерді енгізеді:

- алда күтіп тұрған жағдайлары туралы ақпарат жинау (сабаққа дайындық қалпын қалыптастырудың басты бөлігі болып табылады); мәліметтердің мазмұны мен сипаты (сабақ түріне байланысты: және т.б. туралы болуы);
- сабақ мақсатын анықтау және қалыптастыру (мақсатта белгілі бір нәтижеге жету мүмкіндігі айқындалса, онда ол білімалушының әрекетін басты реттеушісі болады);

- жарысқа қатысу мотивін қалыптастыру және өзектендіру (қойған мақсатқа жетудің қоғамдық маңыздылығын түсінуден туындайтын итермелеуші күш, ол кейде жекелік мазмұнда да болуы мүмкін; мотив жарысқа қызығушылықты арттырады, дайындық процесі мен жарыстың өзіне елігу және мақсатқа жету жағдайын құрады);
- сабақ әрекетінің ықтималдылық бағдарламалануы (әрекеттің тактикалық жоспарын жасау барысында жүзеге асады; әрдайым мүмкін болу сипатын білдіреді);
- жағымсыз ішкі қалыпты өзіндік реттеу (білімалушы сабаққа дайындалу барысында өзіндік реттелудің қарқынды және қолжетімді тәсілдерін пайдаланады, ол жалпы психологиялық дайындық мазмұнына кіреді; сабақтан сабаққа дейін өзіндік реттеу тәсілдері жарыс алды мінез-құлықты реттеудің өзіндік дәстүріне айналады);
- жүйкелік-психикалық қалыптылықты сақтау және қайта құру (сабаққа дейінгі спортшының мінез-құлық ерекшеліктері, ең алдымен күн тәртібін құрып алу қажет, білім туралы ойдан алаңдау-осы жағдайлардың бәрі жүйкелік-психикалық әлеует жинақталудың қайнар көзі болуы тиіс).

Білім алу әрекетті психологиялық қамтамасыз етудің барлық процесі дайындық және сабақ әрекетін басқару ретінде түсініледі. Әсіресе, білімалушылардың сабақ әрекетін басқаруы өте күрделілігімен ерекшеленеді. Бұл ең алдымен, белгілі бір кедергілердің пайдалы және қажетті болатын ситуациялар болуымен байланысты болып келеді.

Бүгінгі күні психология ғылымының қолданбалы және тәжірибелік салаларында «тренинг» түсінігі кеңінен қолданылып жүр. «Тренинг» ұғымының нақты тұжырымдап беретін анықтамасы жоқтың қасы. Сондықтан бұл ұғым психологиялық тәжірибеде әр түрлі іс-әрекеттердің, әдіс-тәсілдер мен құралдардың ортақ термині ретінде жиі пайдаланылып жүргені белгілі. Осы орайда, «тренинг» термині (ағылшынның train, training сөздерінен) оқыту, тәрбиелеу, жаттықтыру, үйрету сияқты бірқатар мағынаға ие болып табылады. Кеңес ғалымы Ю.Н. Емельяновтың пікірінше тренинг іс-әрекеттің кез-келген қиын түрін игеру мен оқыту қабілеттілігін дамыту әдістерінің топтамасы.

Әлеуметтік-психологиялық тренингтегі топтық динамика адам өміріндегі бағыттылықтың өзара әрекеттестігінің үлгісі болып табылады. Дегенмен, адам өмірінде өзара әрекеттестіктің басқа да түрлері бар екендігін естен шығармау керек. Бұл тұлғалардың белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге нысандалған өзара әрекеттестігі болып табылады. Өйткені, мақсат қоя білу және оларға қол жеткізу үйлесімді тұлғаның маңызды қасиеттерінің бірі. Үйлесімділік өзгелермен қарым-қатынастарында өзін көрсете алу біліктілігімен байланысты болып келеді.

- Ресейлік анықтамалық басылымдардың көбінде тренингтің төмендегідей түрлері жиі келтіріледі.

№	Тренингтің атауы	Сипаттамасы
1	Коммуникативтік дағдылар мен икемділіктер тренингі	Қарым-қатынас дағдыларын дамыту
2	Өзіндік жүйелеу тренингі	Өзіне деген сенімділігін күшейту
3	Жеке адамның тұлғалық өсу тренингі	Жеке үйлесімділік құру
4	Оқытушы тренингтер	оқытушылардың нақты категориясына арналған: мекеме қызметшілеріне кәсіби маңызды дағдылар тренингі, келіссөздер жүргізу тренингі және т.с.с.

Әртүрлі өлшемдердің көмегімен тренинг түрлерінің басқа жіктелуін құруға болады. Нақтылайтын болсақ, мақсат өлшемдерін пайдалана отырып, кейбір авторлар тренингтік топтардың келесі алуан түрлігін атап көрсетеді:

- психологиялық проблемларды шешу топтары;
- психологиялық саулық пен өмір сапасы топтары;
- ӘПТ топтары;
- өзіндік түсінікті дамыту тренингі топтары;
- жеке адамның тұлғалық өсу топтары.

Әлеуметтік-психологиялық тренингтер тұлғаның эмоциялық қалпын реттеу жолдарының маңыздыларының бірі болып табылады.

Қазіргі таңда кеңінен қолданылып отырған медиативтік техникаларда тренингтік әдістердің қатарына жатады. Себебі, оларды топтық та жекелік те жұмыс процесінде пайдаланудың тиімділігі тәжірибеде дәлелденген. Көбінесе, аталмыш техникалар денелік және сезімдік релаксацияға, артық психикалық күштен және стресстік күйден арылу амалдарын үйренуді оқыту мақсатында қолданылады. Сондықтан да медиативті немесе жалпы психологиялық тренингтерді тиімді пайдалану тұлғаның өз әлеуетін толық көрсетуіне мүмкіндік береді, сондай-ақ өзіне сенімін күшейтеді.

Эмоциялық қысым психикалық тұрақтылықтың және психомоторлық процесстердің уақытша төмендеуімен сипатталады. Бұл өз кезегінде вегетативті реакция мен эмоцияның сыртқы көріністерімен қатар жүреді. Сонымен қатар, түрлі эмоциялық реакциялар мен әсерленулер қатар жүретін эмоциялық-еріктік, психикалық, соматикалық аймаққа әсер етуші эмоциогенді, психогенді, стрессогенді және басқа да факторлармен байланысты туындайды және дамиды.

Көп жағдайда қысымның тездігі мен даму дәрежесі даралық психологиялық ерекшеліктер арқылы анықталады. Жекелей айтсақ, эмоциогенді әсерлерге қарсы тұру алу қабілеті ретінде оның ықпалына

даралық тұлғалық мәнділігі болып табылады. Функциялық мүмкіндіктердің ұтқырлығымен байланысты туындайтын психикалық қысымды эмоциялық қысымнан ажырата білу керек.

Қысым эмоциялық ықпал етулерге солғын түрде жауапты сипаттаушы эмоциялық қозудан ажыратылады. Күшті эмоциялық қозу қысым сияқты кернеулікке өсуі мүмкін. Кейбір авторлар қысымды операциялық қысым деп те атап жүр. Психикалық қысымнан ерекшелігі жағымсыз қалып сияқты психикалық процесстердің тұрақтылығының төмендеуімен байланысты болады.

Қысым қалпын анықтау онымен қатар жүретін төмендегі үш компонентті бағалау жолымен жүзеге асады:

- эмоцияның сыртқы көріністері;
- вегетативті физиологиялық реакция;
- психикалық және психомоторлық тұрақтылық.

Қысымның сыртқы (денелік) көріністері

- ым-ишарадағы эмоциялық реакция;
- түрлі көркем қозғалыстар (пантомимика);
- шырмалушылыққа көріністері бұлшық еттің еріксіз дамуының көрсеткіші ретінде;
- қолдағы, аяқтағы және беттегі діріл көріністері;
- беттің қызаруы, бозару;
- көздің еріксіз жүгіру көрінісі («қарашықтың жүгіруі»), қарашықтың айқын үлкебі мен кішіреюі;
- пиломоторлы реакция («терінің бүршіктелуі», «шаштың түкіреюі»);
- сөздің фонациясы мен артикуляциясының өзгеруі.

Бүгінгі күні жалпы кез-келген мемлекет өзінің тұғырын таныту үшін мәдениет, білім, экономика және т.б. адамзат іс-әрекетінің негізіндегі жетістіктерді баса назарға алады. Осы орайда, әлемдік бәсекелестіктің негіздерінің бірі ретінде білім беру іс-әрекеті алға шығады.

Біздің мемлекетіміз бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан орын алуда өзіндік жаңа білім беру жүйесін қалыптастырды. Сонымен қатар, білім беру мәселелерін жақсарту өз шешімін тауып, халықаралық жоғары деңгейдегі жетістіктерге жетіп келеді.

Қазіргі таңда Қазақстандық білім беру жүйесінің тиімділігі көптеген факторлар арқылы анықталады. Олардың ішінде білімалушының тұлғасының іргетасы каланатын жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үдерісін құру және оның мазмұнын жақсарту маңызды рөл атқаруда.

Жалпы алғанда білімалушылар өмірінде, іс-әрекеті мен қарым-қатынасында ерекше психологиялық жолмен шешуді қажет ететін жағдайлар аз еместігі белгілі. Сондықтан да біз осы жағдайлардың ішінде білімалушылардың эмоциялық қалпын әлеуметтік-психологиялық тренингтер арқылы реттеуді қарастырып отырмыз.

Өмірлік тәжірибе көрсеткендей, өз әлеуеттерін толық қолданбайтын, ерік-күштерін шамалы ғана жұмсайтын немесе еңбек іс-әрекеттері барынша нәтижелі, әлеуметтік тұрғыдан құптарлықтай болғанмен, осыған шамадан тыс күш, қажыр-қайрат жұмсалып салдарынан білімалушылардың психологиялық қажуы, титықтауы, саркылуы, яғни, жалпы тіршілік әрекетінің шырқы бұзылуы орын алған жағдайларда кездеседі. Сондықтан да олардың іс-әрекетінің нәтижелі болуын психологиялық негіздеу мәселесі алға шығады. Өйткені, іс-әрекетінен мәнді нәтиже алуға кеткен күш-қайраттың орнын толтыра алмау салдарынан кейбір жастардың психологиялық стресс алуы да кездеседі. Сондықтан білімалушылардың барлық күш-жігерін осы сәйкессіздікті жоюға тура келеді.

Білімалушылардың жоғарыда атап кеткен жағымсыз сезімдерінің алдын алу және олардың жетістікке жету әлеуетін көтеру мақсатында жүргізілетін жұмыстарды жүйелей отырып,

Білімалушылардың эмоциялық қалпын диагностикалық әдістермен анықтап, оларды реттеу жолдарын әлеуметтік-психологиялық тренингтер арқылы негіздеп, төмендегідей ұсыныстар жасаймыз:

1. Білім беру алдында білімалушылардың эмоциялық қалпын психологиялық диагностикалау жұмыстарын ұйымдастыру;
2. Анықталған эмоциялық қалыпты теориялық негіздей отырып, оның туындау себептерін анықтау;
3. Білімалушылардың эмоциялық қалпын әлеуметтік-психологиялық тренингтер арқылы реттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
4. Білімалушыларды психологиялық дайындаудың кешенді бағдарламасын құру;
5. Білімалушыларға психологиялық қолдау көрсету жүргізу.

Бүгінгі күні психологиялық денсаулықтың адамзат іс-әрекетіндегі маңыздылығын айқындайтын зерттеулер жоқтың қасы. Сонымен қатар, бұл болашақта білім алушылардың іс-әрекетін негіздеуде маңызды мәселе ретінде алға шығатынына сенімдіміз. Әлеуметтік-психологиялық тренингтер психолог әрекетінің құрылымы мен стратегияларының ықпалын және білім нәтижесінің жетістігін жоғарылатуға әкеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бизақова Ф. Психологиялық түзету-дамыту жұмысы [Мәтін] . - Тараз : Сенім, 2013
2. Колюх О. А. Технологии психотерапии [Текст] : Учебное пособие. - Алматы : ИП "Отан", 2014
3. Даниел Гоулман. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ. Изд-во Манн, Иванов и Фербер: 2018. -560 с.

4. Садвакасова Зухра Маратовна. Социально-педагогический тренинг [Текст] : учебное пособие / .М. Садвакасова. - Алматы : Қазақ университеті, 2017.

5. Төлешова Ұлмекен Болатқызы. Психологиялық-педагогикалық жеке адам диагностикасы [Мәтін]

ҒТАМР 14.31.07

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛЫҚ
ҚАСИЕТТЕРІН ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ
(3А-СЫНЫП ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНІ БОЙЫНША)**

Кошкинбаева Ғайни

Қорқыт Ата атындағы ҚУ

ПМНО-20-1 оқу тобының студенті,

Абуоова Айнагүл

аға оқытушы, педагогика

ғылымдарының магистрі

«Педагогикалық-психологиялық білім беру

және оқыту әдістемесі» БББ

Деңгейлеп оқыту технологиясының мәнін ашу үшін, алдымен, «деңгей» және «деңгейлік» ұғымдарының семантикалық ауқымын анықтап алайық.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл ұғымдарға мынадай түсінік берілген:

Деңгей. Зат. 1. Тұспа-тұсы, нақ шегі. 2. Белгілі бір шамада, көлемде. 3.

Қатар, мөлшер. 4. Дәреже (шығармашылық мүмкіндік)

Деңгейлік. Зат. Сын. 1. Өлшеуіш (құралы). 2. Жұмыс түріне қарай деңгейін, ауқымын көрсетеді [3].

This article has observed the influence of integrating real-world contexts into the learning process on forming a high level of speech culture in students. As proven above, incorporation of real-world contexts in teaching helps to develop students' cognitive abilities and communication skills. Obtaining the necessary skill to be able to speak English with exceptional ability is a difficult challenge, as it requires one not only to comprehend others, but to quickly adapt and find the right words that both fit the situation and sound natural. Due to how challenging it is to practice spoken English outside of an authentic environment, integration of real-world contexts is becoming a pivotal point of teaching it, as it allows students to regularly improve while mostly staying within the framework of their educational institution.

As a final observation, it is essential for teachers to include real-world contexts in their practice, as using them is largely beneficial to students.

Abstract: The purpose of this article is to explore the importance of including real-world contexts in the process of teaching English. Real-world contexts consist of social, political and cultural features of language that regulate our daily life. Their involvement in the classroom serves as a strategy directed at improving students' communication skills. This article thoroughly examines the direct interrelation between developing speaking skills and being aware of real-world contexts.

Keywords: real-world contexts; English language; speaking skills; development; method.

Андатпа: Бұл мақаланың мақсаты – ағылшын тілін оқытуда нақты әлем контексттерін қосудың маңыздылығын зерттеу. Нақты әлем контексттері біздің күнделікті өмірімізді басқаратын тілдің әлеуметтік, саяси және мәдени аспектілерін қамтиды. Ол аспектілерді сабаққа қатыстыру оқушылардың коммуникативті дағдыларын жетілдіру стратегиясы ретінде қызмет етеді. Бұл мақалада сөйлеу дағдыларын дамыту мен нақты әлем контексттерін білудің арасындағы тікелей байланысты тереңірек қарастырады.

Кілт сөздер: нақты әлем контексттері; ағылшын тілі; сөйлеу дағдылары; дамыту; әдіс.

Аннотация: Цель данной статьи заключается в исследовании важности включения контекстов реального мира в процесс преподавания английского языка. Контексты реального мира охватывают социальные, политические и культурные аспекты языка, которые контролируют нашу повседневную жизнь. Их вовлечение в класс служит стратегией, направленной на улучшение коммуникативных навыков учеников. Данная

статья детально рассматривает прямую связь между развитием разговорных навыков и осведомленностью о контекстах реального мира.

Ключевые слова: контексты реального мира; английский язык; разговорные навыки; развитие; метод.

References:

1. Bretton, H. L. Political Science, Language, and Politics / H. L. Bretton // P. 431-448. – (<https://sci-hub.se/downloads/2020-01-06/fd/bretton1976.pdf>)
2. Hoang, D. D. Field Trips in English Teaching in Vietnam / D. D. Hoang // ACEID Official Conference Proceedings. – 2020. – (https://papers.iafor.org/wp-content/uploads/papers/aceid2020/ACEID2020_56893.pdf)
3. Karweit, N. Contextual Learning: A Review and Synthesis / N. Karweit // Educational Reform and Vocational Education. – 1998. – P. 68-102. – (<https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED421659.pdf>)
4. Kuo, M. Linguistics across Cultures: The Impact of Culture on Second Language Learning / M. Kuo, C. Lai // Journal of Foreign Language Instruction – P. 1-10. – (<https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED496079.pdf>)
5. Pennycook, A. English and the Discourses of Colonialism / A. Pennycook // London: Routledge. – 1998. – P. 133-144. – (<https://pdcdoras.webs.ull.es/variedades/PennycookEnglishAndTheDiscoursesOfColonialism.pdf>)
6. Talbot, D. How Many People Speak English / D. Talbot // WordsRated – 2023. – (<https://wordrated.com/how-many-people-speak-english/>)
7. Tillitt, B. Speaking Naturally: Communication Skills in American English / B. Tillitt, M. Newton Bruder – Cambridge University Press, 1985. – 128 p. – (<https://staffnew.uny.ac.id/upload/132310012/pendidikan/speakingnaturally.pdf>)
8. Vu, T. Authentic Materials in Teaching English: a Reconsideration of Existing Definitions / Vu, T. // SEAMEO 8th International Conference on TESOL: ELT in the 21st Century: Challenges & Opportunities. – 2017. – P. 1-4. – (https://www.vnseameo.org/TESOLConference2017/materials/15_VU%20Tran-Thanh_Authentic%20materials.pdf)
9. Горджеладзе, Л. В. Развитие навыка говорения на английском языке с помощью посещения разговорного клуба / Л. В. Горджеладзе. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2023. – № 2 (449). – С. 447-449. – (<https://moluch.ru/archive/449/98947/>)
10. Соболева, А. В. Типы учебно-речевых ситуаций и их место при обучении устно-речевому иноязычному общению / А. В. Соболева. –

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым-2024» XXVI студенттік ғылыми конференцияның материалдар жинағы, 2024 жылғы 24 сәуір

Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2009. – № 11 (11). – С. 320-323. – (<https://moluch.ru/archive/11/789/>)

АҒЫЛШЫН ТІЛДІ МӘДЕНИЕТТЕРДЕГІ ГАСТРОНОМИЯЛЫҚ АС АТАУЛАРЫНЫҢ ДИСКУРСТЫҚ СИПАТЫ.

Бисенбаева Айдана Қанатбекқызы
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
АЯ-20-3 оқу тобының студенті,
Жұмағұлова Марияш Шырдайқызы
ғылыми жетекші, доцент, филология
ғылымдарының кандидаты, «Шетел
тілдері және аударма» БББ

Ағылшын тілі басты әрі өзекті коммуникация көзі болып табылатын елдерде тағамға атау беру – бұл аспаздық мәдениеттің тарихи, мәдени және лингвистикалық әсерлермен ұштасу үдерісін көрсететін қызықты әрі ерекше аспектілердің бірі болып табылары сөзсіз. Тағамдардың атаулары, ұлттық және жеке даралықтың, бірегейліктің белгісі ретінде көрсетіліп, біз әлемнің қай нүктесінде болсақ та, адамдардың нені жейтіндігіне, нені тұтынатындығына қарай олардың өмірлері және де наным-сенімдері туралы лезде ақпарат алуымызға болады [1].

Гастрономиялық немесе глуттониялық дискурс ретінде біз вербалды-элеуметтік дискурстың ерекше түрін түсінеміз, оның мақсаты коммуникацияның белгілі бір түріне, атап айтқанда глуттонияға байланысты. Бұл тамақтану процесіне қатысты мәтіннің немесе сөйлеудің үзіндісі болып табылады, онда қатысушыларды, жағдайларды, қарым-қатынас әдістерін, әңгімелесу өтетін ортаны, қарым-қатынас орны мен уақытын, мақсаттар мен мотивтерді, сондай-ақ оған қатысты сөйлеудің жанры мен стилін қарастыра аламыз. Бүгінгі күні бұл терминнің толық анықтамасы жоқ, өйткені бұл құбылысты әртүрлі тұрғыдан қарастыруға болады.

Негізінен, "диалог" ұғымы дискурс ұғымына өте жақын. Себебі, дискурс кез келген басқа қарым-қатынас актісі сияқты, екі негізгі рөлдің болуын қарастырады: сөйлеуші (автор) және адресат. Бұл жағдайда, сөйлеуші мен алушының рөлі дискурсқа қатысатындар арасында кезектесіп қайта бөлінуі мүмкін. Осының барлығы диалог ұғымының анықтамасымен пара-пар келеді. Егер дискурс барысында (немесе дискурстың көп бөлігінде сөйлеушінің рөлі бір адамға ғана жүктелсе, онда мұндай дискурс монолог деп аталады [2].

Ал, гастрономиялық дискурстың өзегі – тамақтану процесіне байланысты мәтін немесе сөйлеудің фрагменті болуы мүмкін. Мұнда сіз мейрамханаға келушінің даяшымен сөйлесуін немесе мәзір оқуын қоса аласыз. Бұл жағдайда ілеспе факторлар да ескеріледі.

Сонымен қатар, гастрономиялық дискурстың қатысушылары тамақ өнеркәсібінің өкілдері – аспаздар, даяшылар, сондай-ақ гастрономияны зерттеумен айналысатын мамандар мен аспаздық сайттар мен кітаптардың оқырмандары және де қоғамдық тамақтану орындарының тұтынушылары да бола алады. Гастрономиялық диалогтың өтетін орны – бұл тамақтану туралы диалог құрылатын әдеттегі асхана немесе мейрамхана деп қарастырылады; ал, жазбаша диалогтың негізі аспаздық кітаптар, сайттар мен рецепттер жинақтарынан алынады [3].

Қандай да бір тағам түрін алып қарайтын болсақ, мейлі ол сусын болса да, немесе кәдімгі тағам, тіпті азық-түлік түрі болса да, оның өзіне тиесілі бір дара атауы болады. Сонымен қатар, кейбір тағам атаулары қайталанбас әрі бірегей атауға ие болса, кейбір астардың атауларының мағынасы немесе атауы мүлде жоқ. Ал, осы бір ғана тағамның атауының астарында жатқан құпия-сырды біз көптеген ғылымдардың тоғысуынан аламыз.

Әлемдегі сан алуан халықтар арасында тағам атаулары бір-бірінен айтарлықтай белгілі бір айырмашылықтарға ие және де осы бір "өзгешелік" аймақтық салт-дәстүрлер, тарихи сілтемелер, аспаздық үрдіс пен маркетингтік стратегиялар сияқты әртүрлі элементтерді қамтиды.

Жалпы, зерттелініп отырған жұмыс ағылшын тілінде сөйлейтін ұлттардың (Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия) аспаздық немесе глуттониялық мәдениеттерінің ерекшеліктеріне негізделгендіктен, ағылшын тілді ортада тағамға берілетін атаулардың неліктен олай аталғандығы жайлы көптеген себептер мен салдарларды атап шығуға болады.

Мысалға, зерттеушілер ас атауларының ерекше аталыну себебін көбіне халықтардың тарихи түп-тегімен немесе орналасқан мекенімен байланыстырады. Ұлыбритания мемлекетін алып қарастыратын болсақ, бұл елдің тағам атауларының бірте-бірте қалыптасуына тарихи тұрғыда жаулап алулар, сауда жолы және де мәдени алмасу сынды факторлар әсер еткен болатын. Тарихи шолу бойынша, Британ аралдарын Рим мемлекеті жаулап алған сәтте, жергілікті тұрғындардың тағам үлесіне *сарымсақ, жабайы пияз және шарап* сынды ингредиенттер енгізіле бастаған. Ал, Британ аралдарына викингтер мен нормандардың шабуыл жасау әсерінен соң, ағылшындықтар тағам дайындаудың жаңа әдістері мен дәмдеуіштердің түр-түрлерімен таныса бастады. Аталып өткен тарихи оқиғалар үдерісі уақыт өте келе ақырындап өзгеріске ұшырап отырды. Сонымен қатар, *"Welsh rarebit"* (Валлийлық *parumet*) немесе *"English*

trifle" (Ағылшын *трайфлы*) секілді тағамдар белгілі бір аймаққа немесе мәдени мәнмәтінге сілтеме жасайды.

Атап айтқанда, Валлийлық раритет тағамының өзін жеке бір нысан етіп алатын болсақ, бұл тағамның атауының да өзінің қалыптасу тарихы бар. Алғашында тағам атауы әзіл ретінде «*Welsh rabbit*», яғни «Валлийлық қоян» ретінде аталғанымен, 18 ғ. таяу «*Супек қоян*» (*rare rabbit*) атауына ие болып, тағам атауы бірте-бірте өзгеріске ұшырап отырды. Ал, тағамның қазіргі замандағы атауы жай ғана «*Ірімшік қосылған гренки (кесіліп қуырылған нан)*» деген атауға ие болды. Жалпы, тек бір ғана «раритет» сөзі атамұра, жәдігер, немесе ескілік сөздерімен мағыналас болып табылса, ескі деректер бойынша «валлийлық» деген атау бұрынғы кельт тайпаларының таулы аймақтардағы өмірімен, олардың қолы жететін тамағы тек «ірімшік» болғандығымен, немесе, олар қоян етіне қолдары жете алмағандықтан, тек осы өнім түрін пайдаланылды деп әзіл-оспақ ретінде нақышталады [4].

Ағылшын тілінде сөйлейтін елдерде географиялық ерекшеліктерге байланысты аймақтық тағамдардың кең диапазоны бар, және де олардың әрқайсысының жергілікті тұрғындар арасында тарайтын ерекше атаулары бар. Оңтүстік Американдық барбекюден (*American Southern barbecue*) Аустралиялық *ет бәліштеріне* (*Aussie meat pies*) дейін тағам атауларындағы аймақтық айырмашылықтар әртүрлі аспаздық дәстүрлер мен олардың құрамындағы өзгешеліктерді көрсетеді.

Аустралиялықтардың тағам атауларының ерекшеленуін зерттеушілер екі жағдаймен байланыстырады: біріншісі – мемлекеттің басқа материктерден әлдеқайда алшақ тұруы, ал екіншісі – Аустралияның XIX ғ. ортасына дейін Ұлыбритания елінің отары болу факторлары болып саналады. Белгілі бір тамақтың атауын, мысалға, *Аустралиялық ет бәліштерін* алатын болсақ, *ет бәліштері* Жаңа Зеландия асханасына да тән астардың бірі болып саналады екен. Жаңа Зеландия мемлекеті де, Аустралия да осы аталған етті бәліштерді өздерінің ұлттық тағамы ретінде жариялап, ұлттық бірегейлікті көрсетеді деп санайды екен. Жалпы, *етті бәліш* Аустралия мемлекетіне 18 ғ. Британдықтар арқылы әкелінген деседі. Ал, бұл тағамның осындай белгілі бір құндылыққа ие болуы – оның жүрек жалғауға өте ыңғайлы тағам екендігіне және де дайындалу жолы өте қарапайым, әрі тасымалдауға қолайлы болуында. Аустралияда тағам тасымалдау өте бір құнды қызмет түрі болып есептелінеді, өйткені Аустралия елінің қалалары өте алшақ. Жоғарыда аталып кеткен факторлардың барлығы – неліктен бұл тағамның «Аустралиялық ет бәліштері» атауын иелену себептері болып саналады [5].

Келесі бір тағамның ерекше атауды иеленуінің бір себебі – ағылшын тілді мәдениетте тағамдарға сипаттамалық аттардың берілуі. Азық-түлік өнімдерінің немесе тағамдардың атаулары көбінесе ол астың құрамын,

дәмдік қасиеттерін және де оның пісірілу жолдарын көрсететін айрықша сипаттамалық терминдерді қамтиды. "Spicy" (ащы), "crispy" (қытырлақ), "creamy," (қремі), немесе "grilled" (қақталған) сынды сипаттамалық сын есімдер кейбір тағам атауларымен қатар жүре отырып, тағамның ерекшелігі жайлы айқын әрі нақты ақпарат береді және өзгеше дәмдік сипаттамалары бар тағамдарды іздейтін тұтынушыларды тартады. Мысал ретінде "chocolate cake" (шоколадты торт), "grilled chicken" (қақталған тауық еті) немесе "vegetable stir-fry" (қуырылған көкөністер) секілді қарапайым атауларды қарастыратын болсақ, бұл гастрономиялық атаулар жоғарыда аталып кеткен сипаттамалық сын есімдерді өзінің ерекше элементі ретінде қоса алып, тағамның неден тұратындығы жайлы нақтылы көрініс береді.

Сонымен қатар, ағылшын мәдениетіндегі тағам атауларының ерекшеліктеріне өзге аспаздық мәдениеттердің тигізетін әсері де өте зор. Ағылшын тілі басқа халықтардың аспаздық терминдері мен атауларын өз бойына сіңіре келе, тілде алуан түрлі тағам атауларының пайда болуына әкеп соқтырды. "Croissant" (круассан), "Sushi," (суши) немесе "Taco" (тако) сияқты тағамдардың атауы ағылшын аспаздық лексикасына еніп, гастрономия саласындағы ас атауларының ерекшеленуіне әлемдік әсердің байланысын көрсете білді.

Қазіргі замандағы тенденцияларға сәйкес, кез-келген өнім атауларын қалыптастыру жолында немесе өнімге белгілі бір атты берер сәтте маркетинг және бренд стратегиялары тағамдардың қалай аталатындығын және де оның тұтынушыларға қалайша насихатталатынын қалыптастыруда елеулі рөл атқарады. Есте қаларлық атаулар, аллитерациялар, сөз тіркестері және мәдени сілтемелер көбінесе азық-түлікті немесе тағамды сатып алушылар және тұтынушылар үшін тартымды етіп көрсете отырып, адамдарда ерекше эмоциялық әсерлер қалдырады. Бір ғана сөзойнатым құбылысы арқылы үлкен жеке бренд ойлап табуға болады, мысалы: «Berry Bliss Smoothie» (Шамтық жидек смузи) атауы сусын жастар арасында кең таралып, бұл өнімнің басқа смузилерден гөрі ерекше көзге түсуіне әкеп соқтырған болатын. Бұл сусын түрі алғаш рет 1960 ж. Американың Калифорния штатында жасалынып, кейінірек Еуропа елдерінде салауатты өмір салтының басты тренді ретінде көрсетіле бастаған.

Кейбір зерттеушілер тағам атауларының ерекшеленуін ономастика ғылымымен де байланыстырады. Шын мәнінде, ономастика ғылымы жалқы есімдерді әрі белгілі бір атаудың немесе есімнің түп-тамырын, оның маңыздылығы мен мағынасын анықтаумен айналысады. Тағам атаулары мен ономастиканы түрлі жолмен үзбелестіруге болады, мысалға: тағамдарды адамдардың, орындардың немесе мәдени сілтемелердің атымен атау. Оның ең бір жарқын мысалы – өзіміздің мерекелік

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым-2024» XXVI студенттік ғылыми конференцияның материалдар жинағы, 2024 жылғы 24 сәуір

дастарқанымыздан ерекше орын алатын десерт – «Қызыл мақпал» (*Revolutionary Red Velvet Cake*) торты. Дереккөздер бойынша, біз сүйіп жейтін бұл тәтті түрі Америкадағы Ұлы Депрессия мен Революция кезінде халыққа таратылып берілген үлеспе тағам ретінде әрі осы бір тарихи сәттің маңыздылығына байланысты осылайша аталынған делінеді [6].

Ағылшын тілді елдердегі ас атаулары салт-дәстүрлерді, наным-сенімдерді және әлеуметтік құндылықтарды бейнелей отыра, белгілі бір мәдени мағынаға ие болып табылады. Мысал ретінде, *"Thanksgiving turkey"* (Алғыс айту күніне арналған күркемауық), *"Christmas pudding"* (Рождестволық пудинг) немесе *"Easter ham"* (Пасха сүрленген емі) сияқты тағамдардың белгілі бір мәдени мерекелер мен әдет-ғұрыптармен байланысын алып қарастырсақ болады.

Заманауи өзгерістер мен аспаздық жаңашылдыққа, яғни гастрономиялық инновациялардың таралуына байланысты, ағылшын тілді заманауи тағам атаулары сәнді терминдерді, фьюжн (алуан түрлі) асханасы тағамдарын және шығармашылық үйлесімділік табатын атауларды қамтиды: *"Avocado toast"* (авокадо тосты), *"Unicorn frappuccino,"* (жалғыз мүйізді фрэппучино, яғни түрлі-түсті кофе сусынының бір түрі) немесе *"Poke bowl"* (Поке боул немесе Поке тостағаны) сияқты атаулар қазіргі заманғы аспаздық атаулардың қолданылу тәжірибесін көрсетеді.

Американдық асхана көбіне жаңашылдыққа толы, әрі сан алуан мемлекеттердің мәдениеттерінің қосындысы болғандықтан, тағам атаулары бізге үйреншікті емес, қайталанбайтын атауларға ие. Соның бірі – *жалғыз мүйізді фрэппучино* сусыны болып табылады. Ол қазіргі таңда атақты Американдық «*Starbucks*» әлемдік кофеханалар желісінің 2017 жылы жарыққа шыққан авторлық сусыны болып саналады. Сусынның ерекше атқа ие болуының басты себебі – ол ертегі әлеміндегі кейіпкер «сиқырлы пырақ» секілді түрлі-түске еніп, әрі құрамындағы ерекше қоспалар әсерінен кофені тұтыну барысында сусын түсін әрі дәмін қатар өзгертіп, әлеуметтік желілердегі үлкен танымалдылыққа ие бола бастаған [7].

Ал, ағылшын аспаздық мәдениетіндегі ас атауларын қолдана отырып, дискурстық сипатын талдайтын болсақ, біз барлығымызға белгілі Американдық «*Starbucks*» кофехана желісіндегі күнделікті өмірде даяшы мен тапсырыс беруші арасында орын алатын, сусын сатып алу коммуникативті жағдаятты диалогын мысал ретінде алған болатынбыз:

«Waiter: Hi! How are you? What I can get started for ya?»

Client: What are specials today?»

Waiter: So, we have our normal drinks up here and then our specials are down here. We've got our garden latte, our butterfly latte, and our orange grove latte.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым-2024» XXVI студенттік ғылыми конференцияның материалдар жинағы, 2024 жылғы 24 сәуір

Client: Maybe I'll just do a vanilla latte.

Waiter: Yeah, for sure.

Client: Do you have coconut milk?

Waiter: So we have oat and almond as our milk alternatives.

Client: I'll take oat milk.

Waiter: That sounds great. Would you like that iced or hot?

Client: I'll go with hot.

Waiter: Sounds great, would you like that for here or to go?

Client: I'll take it to go, please.

Waiter: Fantastic, would you like pastry to go with your latte today?

Client: Not today.

Waiter: Alright, here you go!

Client: Thank you so much!

Waiter: You're welcome, have a good one!»

Берілген үзіндінің [8] фрагменттерінен *«garden latte»* (бақша латтесі), *«butterfly latte»* (көбелек латтесі), *«orange grove latte»* (апельсинді тоғай латтесі) және *«vanilla latte»* (ванильді латте) атты ерекше сусын атауларымен таныса аламыз және де заманауи аспаздық атаулардың қолданылу тәжірибесін байқаймыз. Сусын атаулары Америка Құрама штаттарындағы аспаздық мәдениеттердің әр түрлілігін және де бұл елдің тағам атауларының өзіне тән айрықша ерекшеліктерін көрсетіп тұрғандай.

Ал, тілдік ерекшеліктеріне тоқтала кететін болсақ, гастрономиядағы барша сөйлеу нақышы ауызекі сөйлеу түріне жатады. Оның көмегі арқылы автор адресатты бір жағынан оның досы немесе танысы ретінде әңгімеге тартатындай психологиялық ахуалға түсіретін болса, екінші жағынан, ауызекі сөйлеу стилі болып жатқан қарым-қатынасқа, үдеріске әлдебір қарапайымдылық сезімін тудырып, адамның бойына лезде сенім ұялата бастайды. Ағылшын тіліндегі ауызекі сөйлеу стилінде біз көбінесе формалды емес және қысқартылған сөз құрылымдарына тап боламыз. Олар гастрономиялық дискурста да кеңінен таралған лексема түрі деп айтсақ та болады. Мысалға, диалогтағы *«ya»* (*You – сен/сіз*) қысқартылған сөзі осыған дәлел болып саналады. Сонымен қатар, фонетика жағынан да алып қарайтын болсақ, авторға бұл сөздердің айтылымы, дыбысталуы әлдеқайда жеңілрек болатыны да – шынайы факт.

Ағылшын тілді мемлекеттердегі өнім атауының ерекшеліктерін анықтай отырып, аспаздық лексикада және атау конвенцияларында белгіленген әртүрлілікті, күрделілік пен символизмді бағалауға және түсінуге болады.

Жалпылай қорытындылайтын болсақ, тағамға атау берудің дискурсивті сипаты – бұл аспаздық мәдениеттің, шығармашылықтың және де коммуникацияның бай көрінісін ашатын көп қырлы құбылыс. Ол белгілі

бір тағамды зерттеу мен сипаттаудың практикалық құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени көрініс, шығармашылық және байланыс құралы ретінде де қызмет етеді.

Аңдатпа: Қозғалып отырған тың тақырып әлеуметтік дискурстың ерекше бір түрі – гастрономиялық дискурсқа, оның сипатына, сонымен қатар, гастрономиялық дискурстың ағылшын тілді мемлекеттердегі ас атауларымен байланысын айқындауға негізделген. Сондай-ақ, мақала аясында ағылшын тілді мәдениеттердегі тағамға атау беру тәжірибесінің түрлі ерекшеліктері мен сан алуан аспектілеріне тоқтала отырып, белгілі бір ас атауларына толық сипаттама беріледі.

Кілт сөздер: ағылшын гастрономиясы, ас атаулары, дискурс, ерекшеліктер, диалог, аспаздық мәдениет.

Аннотация: Затрагиваемая тема основана на особом типе социального дискурса – гастрономическом дискурсе, его характеристике, а также на определении связи гастрономического дискурса с названиями блюд в англоязычных государствах. В рамках статьи также дается подробное описание определенных названий блюд, в котором особое внимание уделяется различным особенностям и разнообразным аспектам практики наименования блюд в англоязычных культурах.

Ключевые слова: английская гастрономия, названия блюд, дискурс, особенности, диалог, кулинарная культура.

Annotation: The topic is based on a special type of social discourse – gastronomic discourse, its characteristics, as well as on determining the relationship of gastronomic discourse with the names of dishes in English-speaking countries. The article also provides a detailed description of certain names of dishes, in which special attention is paid to various features and various aspects of the practice of naming dishes in English-speaking cultures.

Key words: english gastronomy, names of dishes, discourse, peculiarities, dialogue, culinary culture.

Әдебиеттер тізімі:

1. You Are What You Eat: The Plan That Will Change Your Life, March 28, 2006 Gillian Mc Keith
2. Гаспаров Б.М. Язык, память, образ. Лингвистика языкового существования. – М.: Нов. Лит. Обозрение, 1996.
3. Земскова, А.Ю. Специфика глутгонического (гастрономического) дискурса [Текст]
4. Witts, Nicholas "A Brief History of Welsh Rarebit". Culture Trip. Retrieved

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым-2024» XXVI студенттік ғылыми конференцияның материалдар жинағы, 2024 жылғы 24 сәуір

5. "Meat pies: From ancient fast food to Australian icon". 4 April 2016. Retrieved 5 August 2017.
6. James Beard's American Cookery — Boston: Little, Brown, 1972.
7. Roy, Jessica (April 19, 2017). "Taste test: Starbucks is now serving a Unicorn Frappuccino". Los Angeles Times.
8. Real-life conversation – at the coffee shop: <https://www.youtube.com/watch?v=LWRWHesgcIg>

FTAMP 16.21.25

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОРТА СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Махаева Ғазиза Бауыржанқызы
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
АЯ-20-3 оқу тобының студенті,
Макашева Айжан Пірмағанбетқызы
ғылыми жетекші, педагогика
ғылымдарының кандидаты,
«Шет тілдері және аударма» БББ

Жаңа ақпараттық технологиялар біздің өмірімізде үлкен орын алады. Қазіргі таңда ағылшын тілін оқыту процесіне жаңа мультимедиялық технологияларды белсенді енгізу жүрізіліп жатыр. Негізгі назар орта оқу орындарын компьютерлермен жабдықтауға, содан кейін Интернет желісіне қосылуға аударылады. Мектепте заманауи ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі жиі талқылануда. Оларды ағылшын тілі сабақтарында қолдану барлық жастағы оқушылардың талпынысы мен танымдық белсенділігін арттырады, олардың көкжиегін кеңейтеді [1, 155-166 б.]. Бейнелер, интерактивті презентациялар, модельдеу және білім беру бағдарламалық құралы сияқты әртүрлі цифрлық ресурстарды қамтитын мультимедиялық құралдарды пайдалану оқытушыларға оқушылардың әртүрлі оқу қажеттіліктері мен қалауларын қанағаттандыру үшін бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер ұсынады. Мультимедианы пайдалана отырып, мұғалімдер оқушылардың қызығушылығын арттыратын, белсенді қатысуға ықпал ететін және тілді тиімдірек меңгеруге ықпал ететін динамикалық оқу орталарын құра алады. Мультимедиялық құралдарды ағылшын тілін оқытуға біріктірудің негіздемесі олардың дәстүрлі сынып жағдайында жиі кездесетін бірнеше мәселелерді шешу мүмкіндігінде

жатыр. Бұл міндеттерге оқытудың пассивті сипаты, тілді шынайы қолданудың шектеулі мүмкіндіктері және оқытудың әртүрлі стильдері мен қалауларын қабылдаудағы қиындықтар жатады. Мультимедиялық оқыту арқылы мұғалімдер оқушыларды тіл үйренуге белсенді түрде тартатын және мағыналы қарым-қатынасқа ықпал ететін иммерсивті және интерактивті оқу тәжірибесін қамтамасыз ету арқылы осы кедергілерді жеңе алады. Сонымен қатар, мультимедиялық құралдар тыңдау, сөйлеу, оқу және жазуды қоса алғанда, әртүрлі тілдік дағдыларды дамытуды жеңілдетуде бірегей артықшылықтарды ұсынады. Мысалы, аудиовизуалды материалдар тыңдаушыларды әртүрлі контексттерде шынайы ауызекі сөйлеу тіліне баулу арқылы тыңдауды түсіну дағдыларын жетілдіре алады, ал интерактивті жаттығулар мен модельдеу қолдау көрсететін ортада ауызша қарым-қатынас тәжірибесіне мүмкіндіктер бере алады. Сол сияқты, мультимедиялық ресурстар мультимедиялық мәтіндерді, сандық баяндау платформаларын және әртүрлі қызығушылықтар мен қабілеттерге жауап беретін интерактивті жазу құралдарын ұсына отырып, оқу және жазу нұсқауларын байыта алады. Оқушылардың белсенділігі, тілді меңгеруін дамыту және мұғалімдердің қабылдауы сияқты факторларды зерттей отырып, бұл зерттеу ағылшын тілін оқыту тәжірибесін өзгерту және оқушылардың оқу нәтижелерін жақсарту үшін мультимедиялық құралдардың әлеуеті туралы құнды түсінік беруге бағытталған. Қазіргі цифрлық дәуірде мультимедиялық құралдарды ағылшын тілін оқытуға біріктіру білім беру тәжірибесіндегі маңызды жаңалық болып табылады. Осы құралдарды ағылшын тілін оқытуға қосу тіл үйренуді жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларды бүгінгі әлемде табысқа жету үшін қажетті құнды цифрлық сауаттылық дағдыларымен қамтамасыз етеді. Мультимедиялық құралдардың оқушылардың сабаққа қатысуына, мотивациясына және тілді меңгеруіне қалай әсер ететінін зерттей отырып, зерттеу жұмысы оқытудың тиімділігі мен табыстылығын арттыру стратегияларын анықтауға бағытталған.

Зерттеудің мақсаты мектепте ағылшын тілін оқытуда мультимедиялық құралдардың тиімділігін анықтау және мультимедиялық құралдарды қолдана отырып, ағылшын тілі сабақтарын ұйымдастыру болып табылады.

Харрис пен Уэст: «мультимедия – бұл компьютер арқылы қол жеткізуге болатын және арнайы бағдарламалармен басқарылатын перифериялық құрылғылармен қосылған бейне, графика, анимация, аудио және мәтін сияқты бірнеше көздердің тіркесімі» деген анықтама береді [2, 2 б.].

Мультимедиялық оқыту құралдарын техникалық құралдарға (компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық проектор, мобильді

кұрылғылар, аудио және бейнемагнитофондар, Интернет желісі), сондай - ақ бағдарламалық қамтамасыз ету мен электрондық білім беру ресурстарына (электрондық оқыту бағдарламалары, электрондық оқулықтар, энциклопедиялар мен анықтамалықтар) бөлуге болады [3, 55 б.].

Білім алушыларға ағылшын тілін мультимедия арқылы оқытудың өзіндік артықшылықтары бар.

- Біріншіден, ол абстрактілі мазмұнды нақты етіп жеңілдетеді, осылайша оқушылар күрделі ақпаратты оңай әрі тез игере алады. Сабақ өту барысында мұғалімге кей ақпараттардың мазмұнын түсіндіру қиынға соғуы мүмкін. Ал мультимедияның көмегімен мағлұматты жеңіл және түсінікті жеткізуге болады. Бұл білім алушылардың ағылшын тілін тезірек үйренуіне септігін тигізеді. Барлығымыз білетіндей, оқушылар қызықты видеолар мен суреттерді көргенді ұнатады. Мультимедиа арқылы ағылшын тілін оқыту олардың ынтасын арттырып, лексика жайлы түсініктерін тереңдете алады. Бұл әрқашан оқуға деген қызығушылықты сақтауға, жаңа сөздер мен сөйлем схемаларын тез үйренуге және оларды мықтап есте сақтауға көмектеседі.

- Екіншіден, ол қысқа уақыт ішінде көптеген ақпарат бере алады. Орта сынып оқушылары үшін оқу мен жазуды үйрену өте маңызды және қиын, сондықтан мұғалімдердің көпшілігі оқытуға көп күш жұмсайды. Дегенмен, әсер олар күткендей қанағаттанарлық болмайды. Оқу - коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың алғышарты болып табылатын ақпарат алудың маңызды тәсілі. Сабақта уақыт шектеулі, сондықтан көп жағдайда оқушыларға мәтінді белгіленген уақытта аяқтау қиынға соғады. Ал мультимедиялық құралдарды қолдана отырып аз уақыт ішінде көптеген ақпарат беруге болады, бұл оқушыларға мәтіннің мағынасын тез түсінуге көмектеседі.

- Үшінші артықшылығы: оқушылардың оқуға деген қызығушылығын оятады. Орта мектепте ағылшын тілін оқытудың мақсаты - оқушылардың тіл үйренуге мүмкіндіктерін ұлғайту және олардың зейін қойып оқуына қол жеткізу. Осы мақсатқа жету үшін мұғалімдер әдістердің барлық түрлерін қолданып көруі қажет. Білім алушыларда ізденімпаздық сезімін тудыру қазіргі оқу процесінде өте маңызды. Мультимедиялық құралдар оқушылардың білімге деген құштарлығын оята алады. Сонымен қатар, олардың назарын аударады, тілді одан әрі терең үйренуге деген ықыласын күшейтеді. Сыныптағы атмосфераны әлдеқайда белсенді етеді, осылайша оқушылар оқу дағдыларын тиімді меңгере алады [4, 729-730 б.].

Ағылшын тілі мұғаліміне оқушыларды пікірталасқа тартуға, оқушыларға қарым-қатынас жасау үшін ағылшын тілін пайдалану қауіпсіздігін сезінуге және оқушылардың сенімділігі мен өзін-өзі

бағалауын арттыруға міндетті. Білім алушыларға көбірек оқу әдістерін ұсынып, олардың тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу сияқты ағылшын тілін меңгеру дағдыларын дамытуға көбірек мүмкіндік беру керек [4, 731 б.].

Интернет - қазіргі заманның ең пайдалы технологиясы, ол бізге күнделікті өмірде ғана емес, кәсіби өмірде де көмектеседі. Білім беру мақсатында ол ақпарат жинау және зерттеу жүргізу немесе әртүрлі пәндер бойынша білімдерін толықтыру үшін кеңінен қолданылады. Мұғалімдер оны оқу материалдарын (жазбалар мен бейнематериалдар) мектептің веб-сайтына немесе форумына орналастыру арқылы оқыту құралы ретінде қолдана алады. Оқу процесі бейнематериалдар мен жазбаларды қолдану арқылы қызықты өтеді. Мұғалімдер оқушылардың назарын аудару үшін анимация, Powerpoint слайдтары және суреттер арқылы сабақ бере алады. Сондай-ақ Интернетте газеттер, журналдар, электронды кітаптар, сөздіктер, энциклопедиялар түрінде көптеген ресурстар бар. Осы ресурстар мен сайттарды шолу оқушының сөздік қорын және оқу қабілетін арттыратыны анық [5, 113 б.].

YouTube бейнелерін лексиканы, екіпіндерді, айтылымды, дауыстық модуляцияны және т.б. жақсарту үшін ағылшын тілінің әртүрлі аспектілері бойынша тіл сабағында пайдалануға болады. YouTube-ті ағылшын тілін оқытуда қолданудың артықшылығы - ол қарапайым адамдар қолданатын күнделікті ағылшын тілінің шынайы мысалдарын ұсынады. Мұғалім оны тыңдау және сөйлеу, оқу, жазу дағдыларын жетілдіру құралы ретінде қолдана алады.

Skype-ты пайдалану оқытушылар мен білім алушыларға әлемнің кез келген нүктесінде бірлесіп жұмыс істеуге шексіз мүмкіндіктер береді. Оқушылар тілдік дағдыларын шыңдау үшін басқа елдердегі адамдармен байланыс орната алады. Skype арқылы мұғалімдер оқушыларға үй тапсырмасы бойынша көмек көрсете алады.

Смарт-тақталар мұғалімдерге тіл оқытуда оқушыларға бағытталған тәсілді қолдануға көмектеседі. Тіл мұғалімдері оларды оқу мен түсінуді жақсарту, грамматика мен жазуды үйрету үшін пайдалана алады және бейне, аудио, веб-шолуды, мәтінді өңдеуді біріктіре алады.

Подкаст - портативті медиа ойнатқыштар мен компьютерлерде ойнатуға арналған, Интернет арқылы таратылатын сандық медиа файлдар сериясы. Сыныпта подкасттарды пайдалану өте оңай. Оқушылар интернет арқылы жаңалықтар, музыка, бейнеклиптер тыңдайды. Мұғалімдер сонымен қатар жаңалықтар арналарын пайдаланып, ол арқылы оқушыны интонация мен стрессті қолдануға үйрете алады.

Блог жүргізу білім беру саласында танымал бола бастады, өйткені олар ақпарат алмасудың және пікірталас тудырудың тамаша тәсілі болып табылады. Оқулықтар мен дәстүрлі әдістердің орнына көптеген

оқытушылар оқытуға және әлеуметтік медианың әртүрлі түрлерімен тәжірибе жинауға көмектесу үшін осы жаңа әдістерді қолданғанды жөн көреді. Мұғалімдер блогты орналастыру үшін BlogSpot, Wordpress немесе Tumblr сияқты тегін платформаны пайдалана алады [6, 10-11 б.]. Пинкман блог жүргізудің коммуникативті және интерактивті сипатқа ие болатынын көрсетті, мұнда қатысушылар басқа авторлардың жазбаларына жауап беретін оқырмандар/рецензенттер ретінде және өз жазбаларына қайта оралып, өз жазбаларының сынына жауап беретін оқырман\жазушылар ретінде жазу процесінде бірнеше рөлдерді алады.

Фильмдер - білікті мұғалімнің қолында нағыз күшті элемент болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтарын арттырады және алынған материалдарды сақтауға итермелейді. Фильмдер фактілерді, іс-әрекет дағдыларын және негізгі ақпаратты көрсету үшін тиімді пайдаланылады. Бастауыш сынып оқушылары сөйлеу мүшелерінің қызметі мен айтылымын білуге қызығушылық танытады. Жоғары сынып оқушылары болса түсірілген классикалық және жаңадан шыққан пьесалар мен романдармен танысады [7, 31-32 б.].

Мультимедиялық стратегияларды қолдану арқылы алынған артықшылықтардың қатарына біз мыналарды жатқызамыз: оқытуды тиімді басқаруды жеңілдетеді, оқытуды дараландыруға және жекелендіруге мүмкіндік береді, жылдам ақпарат береді, оқуды ашуды ынталандырады, оқытудың интерактивті моделі, модельдеуге, мәселелерді шешуге, тереңдетуге мүмкіндіктер береді. Мультимедияға негізделген стратегияларды қолдану танымдық қарама-қайшылықтарды ынталандырады, белсенді және интерактивті дайындықты анықтайды, оқушыға танымдық және ақпараттық дербестік береді [8, 683 б.].

Аңдатпа. Бұл мақалада мультимедиялық құралдарды ағылшын тілін оқытуда тиімді қолданыланылуы қарастырылады. Орта сынып оқушыларына компьютерлік мультимедиялық технологиялар мен тіл оқытудың үйлесімі оқуды әлдеқайда көңілді етеді. Бұл ағылшын тілі сабақтарындағы жағдайды оңтайландырады, оқушылардың тыңдау және сөйлеу қабілетін жақсартады, олардың тіл жайлы көріністерін дамытады және қарым-қатынасқа деген қызығушылығын арттырады. Мультимедиялық оқыту оқушылардың оқуын тиімді жетілдіруге мүмкіндік туғызады. Жан-жақты білім беру жағдайында ғана мұғалімдер озық білім беру теориясын қолдана алады және заманауи білім беру технологияларын ұтымды пайдалана отырып, ағылшын тілін оқыту мақсатын орындай алады.

Кілт сөздер: Мультимедия, Интернет, Интерактивті, Техникалық құралдар, Электрондық

Аннотация. В данной статье рассматривается эффективное использование мультимедийных средств в обучении английскому языку. Сочетание компьютерных мультимедийных технологий и языкового обучения для учащихся средних классов делает обучение намного веселее. Это оптимизирует обстановку на уроках английского языка, улучшает умение учащихся слушать и говорить, развивает у них представление о языке и повышает интерес к общению. Мультимедийное обучение способствует эффективному совершенствованию обучения учащихся. Только в условиях всестороннего образования учителя могут применять передовую теорию образования и выполнять цель преподавания английского языка с рациональным использованием современных образовательных технологий.

Ключевые слова: Мультимедия, Интернет, Интерактивный, Технические средства, Электронный

Abstract. This article discusses the effective use of multimedia tools in English language teaching. The combination of computer multimedia technology and language learning for middle school students makes learning much more fun. This optimizes the environment in English lessons, improves the ability of students to listen and speak, develops their understanding of the language and increases their interest in communication. Multimedia learning contributes to the effective improvement of student learning. Only in conditions of comprehensive education can teachers apply the advanced theory of education and fulfill the purpose of teaching English with the rational use of modern educational technologies.

Key words: Multimedia, Internet, Interactive, Technical tools, Electronic

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вестник казахстанско-американского свободного университета научный журнал выпуск 1 педагогика и образовательные технологии 155-156.
2. Use of multimedia in teaching english to young learners mukaddaskhon ogaу
3. Виды мультимедийных средств при обучении иностранному языку. Бурмистрова Екатерина Дмитриевна, учитель английского языка МБОУ СОШ №16 г. Ногинска (Московская обл.) 55 б.
4. 8th International Congress of Information and Communication Technology (ICICT-2018) On the Advantages of Computer Multimedia-aided English Teaching Nan Guan¹, Jianxi Song², Dongmei Li³ —

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым-2024» XXVI студенттік ғылыми конференцияның материалдар жинағы, 2024 жылғы 24 сәуір

5. The Impact of Using Technology in Teaching English as a Second Language
Bassma Basheer Nomass1
6. Digital Tools for Teaching and Learning English Language in 21st Century.
Dr.Bipin Bihari Dash, Assistant Professor in English, Odisha University of Technology and Research, OUTR (Formerly CET, Bhubaneswar)
7. The use of ict tools in english language teaching and learning:a literature review mohammed adulkareem a. Alkamel1*, dr. Santosh s. Chouthaiwale 2
8. The Role of Multimedia Strategies in Educational Process Sofia Loredana Tudor*

МРНТИ 14.07.09

Ағылшын тіліндегі идиомаларды жаттаудың тиімді тәсілдері

Мырзабек Әлия Оралқызы
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
АЯ-22-3 оқу тобының студенті,
Мусина Асель Бектаевна
ғылыми жетекші, педагогика
ғылымдарының магистрі, оқытушы
«Шет тілдері және аударма» кафедрасы

Тақырыптың өзектілігі: Ағылшын идиомаларын түрлі тәсілдер арқылы жете меңгеріп, тәжірибеде қолдану. Сіздің тілдік дағдыларыңызды және ағылшын мәдениетін түсінуді айтарлықтай арттырады.

Тақырыптың мақсаты: Идиомаларды меңгерудегі қиыншылықтарды ескере отырып, мағыналық ерекшеліктеріне қарай үйренудің тиімді тәсілдерін ұсыну.

Қазіргі таңда елімізде жастар арасында шет ел тілдеріне деген қызығушылық артуы байқалады. Бұл тенденция қазіргі жаһандану әлемінде ағылшын тілін білудің маңыздылығын мойындаудың артып келе жатқанын көрсетеді. Барлық жастағы адамдар ағылшын тілін меңгеру жоғары білім алу мен мансаптық өсуден бастап әртүрлі мәдениеттер мен ортадан шыққан адамдармен байланысуға дейінгі мүмкіндіктер әлемін ашатынын мойындайды. Сол себептен өзара байланысты әлемде ағылшын тілін білу өмірдің әртүрлі салаларында табысқа жетудің негізіне айналды. Академиялық талпыныстар, кәсіби өсу немесе жай ғана мәдени көкжиектерді кеңейту үшін грамматика мен лексиканы меңгеру өте маңызды болғанымен, идиомаларды түсіну және пайдалану ағылшын тілінде еркін сөйлеу мен шеберлікке жетуде шешуші рөл атқарады. Бірақ, тілді меңгерушілер идиоманы жетік меңгерудің тиімді тәсілін біле ме? Бұл

мақалада біз ағылшын тіліндегі идиомаларды есте сақтаудың және оларды тіл репертуарыңызға енгізудің тиімді тәсілдерін қарастырамыз.

Ағылшын тілі қазақ тілі секілді идиомаларға өте бай тіл. Идиомалар – жеке сөздердің тура мағынасынан өзгеше астарлы мағынасы бар сөз тіркестері. Олар көбінесе идеяларды, эмоцияларды немесе ұғымдарды түсініктерді қысқа және анық жеткізуге мүмкіндік береді, бұл қарым-қатынасты тартымды және мәнерлі етеді, тілге байлық пен тереңдік қосады. Идиомалар күнделікті сөйлеуде және жазуда жиі қолданылады және оларды түсіну тиімді қарым-қатынас үшін өте маңызды. Тек күнделікті өмірде ғана емес, түрлі кітап беттерінде және жиындарда кеңінен қолданып келеді. «On cloud nine», «let the cat out of the bag», «Cherish as the apple one’s eye» сияқты идиомалар – әдетте бейнелі мағынаны білдіретін сөздердің қайталанатын тізбегі ретінде анықталады, әсіресе екінші тілді үйренушілер үшін қиын. Мұндай өрнектер және жалпы формулалық тіл ана тілінде кең таралғанымен, екінші тілді үйренушілер оларды әлдеқайда сирек қолданады. Тіпті екінші немесе үшінші тілді жоғары деңгейде меңгерген студенттер идиоматикалық сөз тіркестерін түсіну және қолдануда қиындықтарға тап болып жатады. Бұл қарым-қатынасқа байлық, тереңдік, мәдениетті қосатын тілдің ерекше қыры және жеке сөздердің тура мағынасында аударуға болмайтын, жиі қолданылатын сөз тіркестері. Идиомаларды үйрену бірнеше себептерге байланысты маңызды. Біріншіден, идиомалар ана тілінде сөйлейтін адамға көбірек ұқсауға көмектеседі. Идиомаларды енгізу сіздің сөйлеуіңізді табиғи және еркін етеді. Екіншіден, идиомалар мәдени түсінудің негізгі бөлігі болып табылады.

Көптеген идиомалар елдің мәдениетінде, тарихында немесе фольклорында терең тамырланған және идиомаларды түсіну және пайдалану арқылы сіз үйреніп жатқан тілдің мәдениеті туралы түсінік ала аласыз. Идиоматикалық өрнектерді үйрену және түсіну кез келген тілді, әсіресе ағылшын тілін үйренудің табиғи процесі болып табылады. Ана тілінде сөйлейтіндер оны күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданады. Ағылшын тілін еркін меңгерудің ең жақсы жолы - бұл сөз тіркестерін мүмкіндігінше жиі қолдану. Әрбір идиоманы дұрыс контексте түсініп, қолданғаныңызға көз жеткізіңіз және ана тіліңізде ұқсас өрнектер болған кезде назар аударыңыз, себебі, бұл оқуды жеңілдетеді. Барлық жаңа идиомаларды және олардың мағыналары мен бейнелерін жазып, оларды болашақ жағдайларда қолдануға көмектеседі. Қолдану аясына назар аударыңыз, басқаша айтқанда, ана тілінде сөйлейтіндер жиі еститін идиомаларды мүмкіндігінше жиі қолданыңыз. Идиомаларды пайдалануда сіз сөздерді бастапқыда шатастыруыңыз мүмкін, бірақ уақыт өте нәтижеге қол жеткізуге болады.


Когнитивтік ғалым және лингвист, тілді меңгеру және когнитация бойынша зерттеулерімен танымал Стивен Пинкер тіл және таным бойынша жұмысы есте сақтау процестері мен идиомаларды есте сақтауға қолдануға болатын тиімді тіл үйрену стратегиялары туралы түсінік береді. Пинкер бейнелеу әдістері мидың көптеген аймақтарын, әсіресе сол жақ жарты шарда, тілді өңдеуге және сөйлеуге ықпал ететінін жазады. Ол мидың көптеген өзара байланысты аймақтары сөз тіркестері мен сөздердің түрлерін талдау сияқты лингвистикалық дағдыларға көмектеседі деп болжайды. Бұл ми функциялары қоршаған ортадан мәліметтерді қабылдайтын және жеке тілдің нақты сөздік қорын және ережелерін үйренуге мүмкіндік беретін неврологиялық бағдарламаның бір түрін тудырады. Сол себептен идиомаларды жарқын бейнелермен немесе ассоциациялармен байланыстыру есте сақтауға көмектеседі. [1, 17-246.] Сол секілді Келлерманның тәжірибелеріне сәйкес, тіл қолданушылары арасында идиомалар кескіндер мен суреттерге қатысты жақсы ұқсастықтар болуы мүмкін. Екінші жағынан, тілді пайдаланушылар, яғни жеке тұлғалар кейде өте креативті және олар жасаған бейнелерде бір-бірінен ерекшелене алады, бұл адамдардың идиомалардың психикалық бейнелеріне жасалған шағын тәжірибе болып табылады. Кейбір идиомалар тілді қолданушының санасында ассоциацияларды қаншалықты орынды жасайтынына байланысты ұқсас бейнелер жасайды. Тіптен, идиомалардың мағына мен оның шығу тегі арасындағы байланысты көреді. [2, 7-366.] Сол тенденцияның ана тілінде сөйлемейтіндер арасында да болмауына ешқандай себеп жоқ. Жалпы бұл тәсілдің атауы - есте қаларлық мнемотехника. «Мнемоника» (гр. Mnemosyne - есте сақтау өнері) - қажетті ақпараттарды есте сақтауды жеңілдететін ережелер. Жады мен өзектілікті қалыптастырудың тамаша тәсілі, жалпы тіл үйренуде және арнайы сөздік қорын үйренуде шынымен күшті құрал бола алады. Бұл оқушылар бір нәрсені есте сақтауға көмектесетін үлгі, идея немесе сөз ассоциацияларынан құралады. Ең жақсы мнемотехника - бұл студенттердің өздері жасайтындары. Себебі, кеңірек ақпаратты алуға және еске түсіруге көмектеседі. Идиоманың мағынасын білдіретін кескінді немесе бейнені елестетіңіз. Мысалы, «To spill the beans» (біреудің сырын айту, сондай-ақ мойындау) деген идиома үшін біреу бұршақтарды төгіп жатқанын елестетіңіз. Ал, идиоманы мағынасымен байланыстыру үшін мнемоникалық құрылғыларды немесе сөз ассоциацияларын жасаңыз. Мысалы, ағылшын тілінде «Barking up the wrong tree» (қате таңдау жасау; қате адамнан сұрау; дұрыс емес бағытты ұстану) деген идиома үшін ағаштың орнына дұрыс емес ағашқа үрген итті елестетіңіз. Мнемоникалық тәсілді пайдалану күрделі ақпаратты жеке адамдар есіне түсіретіндей кодтаумен байланысты деп болжайды. Мнемотехникалық құрылғылар

жаңа ақпаратты мағыналы, нақты және таныс ету арқылы ақпаратты еске түсіруді жеңілдетеді.

virtual learning assistants, automated assessment, and virtual classrooms. In addition, the method of increasing the interest of students and reducing the workload of teachers with the help of artificial intelligence is considered. The conclusion of the article raises important ethical and safety issues when using artificial intelligence. This article is intended for students studying at pedagogical faculties, and everyone who is interested in technological trends in education.

Key words: artificial intelligence, science, engineering, neural networks, robotics.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смит, Дж. (2020). «Жасанды интеллекттің білімге әсері». Білім беру технологиясы журналы, 123-136.
2. Daryn Online: «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ: ЖАСАНДЫН ИНТЕЛЛЕКТ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОКУ ПРОЦЕСІН КАЛАЙ ӨЗГЕРТЕ АЛАДЫ» <https://daryn.online/article/3102>
<https://elearningindustry.com/how-ai-is-personalizing-education-for-every-student>
3. eLearning Industry: " How AI Is Personalizing Education For Every Student"
<https://elearningindustry.com/how-ai-is-personalizing-education-for-every-student>
4. ELSA AI. YOUR PERSONAL ENGLISH AI TUTOR
<https://elsaspeak.com/en/ai/?variant=A>
5. TRINT. CRAFT POWERFUL CONTENT BY TRANSCRIBING AUDIO AND VIDEO TO TEXT WITH TRINT
<https://trint.com/>
6. CARNEGIE LEARNING
<https://www.carnegielearning.com/company/>

ҒТАМР 16.31.02


**МЕНЕДЖМЕНТТЕГІ ҮЙЛЕСІМДІЛІК: БІЛІМ БЕРУДЕГІ
МЕНЕДЖМЕНТТЕ ОҚУШЫЛАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ
АСПЕКТІЛЕРІ**

Тайранбек Нұрай Рустамқызы
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
АЯ-22-7 оқу тобының студенті,
Сейфуллина Камилла Дидарбекқызы
ғылыми жетекші, педагогика
ғылымдарының магистрі,
«Шетел тілдері және Аударма»
БББ

Тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Республика халқына жолдауында айқындалған негізгі басым бағыттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін білім мазмұнын жаңартумен қатар оқытудың өзіндік жаңа жолын, қазіргі заманғы педагогикалық технологиясын қалыптастыру – өмірдің талабы болып отыр. Себебі сапалы білім – біздің болашағымыз.(2)

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестік, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Білім беруді басты мақсаты жеке тұлғаның жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып тәрбиелеу мен оқыту болып табылатын процесс ретінде қарастыру керек. Қазіргі әлем оқу іс-әрекетінен бұрыннан бар білімді беруді, таратуды және меңгеруді ғана емес, сонымен қатар жаңа білім, білік, дағдыларды қосуды талап етеді. Қазіргі білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әр адамның өзінің «Менін» сезінуге, толықтыруға көмектесетіндей, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуге белсенділік танытуға ықпал етуі тиіс.(1) Осыған байланысты білім беру процесінің тиімділігін анықтауда оқушыларды дұрыс басқара білудің маңызы зор. Себебі қазіргі білім беру жағдайында оқушыларды басқару тиімді және табысты оқуды қамтамасыз етуде басты рөл атқарады. Бұл тіпті зерттеулермен расталған: сыныпты жүйелі басқару оқушылардың үлгерімінің 20%-ға артуына әкелетінін көрсетті. (3)

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым-2024» XXVI студенттік ғылыми конференцияның материалдар жинағы, 2024 жылғы 24 сәуір



Оқу іс-әрекеті оқушылардың педагогикалық шарттармен қамтамасыз етілген таным процесінде білім, білік, дағдыларды меңгеруіне бағытталған. Айтылған дағдыларды сапалы меңгеру үшін, білім беру процесін дұрыс басқару қажет. Оқушылардың оқу іс-әрекетін басқару – оқушылардың таным процесін ынталандырудан және күрделілігі бір тапсырмадан келесі

деңгейге дейін көтерілетін тапсырмалар беру арқылы олардың белсенділігін арттырудан тұратын оқу үдерісі тиімділігінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Оқушыларды басқару – оқу орындарында білім алушыларды тиімді басқаруға бағытталған іс-шаралар кешені. Тиімді басқаруды бірнеше аспектіге бөліп қарастыруға болады:

1. Білім беру менеджментіндегі оқушыларды басқаруда, әрине, олардың назарын ұстай білу ең маңызды болып табылады. Оқушылардың назары басқа жақта болса, қалған аспектілердің мәні қала ма?! Әсіресе, төменгі сынып балаларының назарын толық бір сабақ бойы өзіңізге аударту қиын болады. Себебі, олардың зейінінің орташа ұзақтығы 15 минутты құрайды(5). Сол үшін сабақ барысын бір сарынды емес, түрлі ойындарды, сергіту сәттерін және зейінді дамытатын немесе қалыптастыратын жаттығуларды қосып барынша қызықты етіп өткізу керек. Мысалы:

➤ **Әртүрлі, мағынасы жоқ әріптер жиынының арасына сөздер енгізіледі. Оқушыларға оларды тауып астын сыз деп тапсырма беруге болады. (мәтіндегі сөздер қою курсивпен жазылған):**

Укаоқұмпвркітапшл

➤ **«Түсін ата».** Жарысқа айналдыруға болатын қызықты жаттығу. Тапсырманың мәні - сөздер жазылған түстерді дәл атау. Ойын зейінді дамытады, себебі бала түсті білдіретін сөзге емес, қаріптің түсіне назар аударады.

**желтый черный красный зеленый красный
синий красный желтый черный зеленый
черный желтый красный зеленый синий
красный черный зеленый синий желтый
синий зеленый желтый красный синий
желтый красный черный красный зеленый**

➤ Шульте кестесі тестін қолдануға болады. Оқушы берілген сандарды реттілігі бойынша табу қажет.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым-2024» XXVI студенттік ғылыми конференцияның материалдар жинағы, 2024 жылғы 24 сәуір

2	16	19	10	6
7	21	3	15	24
11	23	1	18	22
14	17	8	20	13
5	9	4	25	12

Тағы да басқа осы сияқты ойындар олардың зейінін дамытып қана қоймай, сабақ барысын қызықты өтуге септігін тигізеді.

Жоғары сынып оқушыларының да назарын ұстап тұру оңай емес. Ол үшін келесі амалдарды пайдалануға болады:(6)


➤ **Дискуссия.** Оқушыларға бір тақырып туралы өз пікірімен бөлісуге мүмкіндік беру өте орынды шешім бола алады. Бұл әдіс олардың жас ерекшелігіне де сай келеді. Себебі, жасөспірім шақта олар тұлға болып қалыптасып, өз ойын білдіріп бастайды. Сонымен қатар, бір – бірін жақсырақ тануға да ықпал ете алады.

➤ «Сіз қалай ойласаңыз да, білім беру саласында жарыстар көп нәрсені ұсына алады ... және кеңірек мойындалуы қажет. Доктор Том Верхофф, Эйндховен технологиялық университеті.» (Соревнования могут многое предложить в сфере образования, независимо от того, что вы думаете.... И должны получить более широкое признание.)



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым-2024» XXVI студенттік ғылыми конференцияның материалдар жинағы, 2024 жылғы 24 сәуір

Бұл әдіс түріне: Kahoot!, Quizizz, myQuiz, SurveyMonkey секілді платформаларды пайдалана аласыз.



2. Сонымен қатар басқаруды жүзеге асырудың басты қадамдарының бірі оқушылардың қажеттіліктерін талдау болып табылады. Бұл әрбір білім алушының жеке қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, мақсаттары мен олардың білім беру процесінен күтетін нәтижесін зерттеуді қамтиды. Оқушылардың әртүрлілігі жеке көзқарасты талап етеді, олардың қажеттіліктерін түсіну арқылы тиімді білім беру ортасын құруға болады. Оқушылардың қажеттіліктерін талдаудың маңыздылығын былай қарастыруға болады:

- Талдау мұғалімдер мен мектеп әкімшілігіне білім беру процесін әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеуге мүмкіндік береді.
- Оқушылардың қажеттіліктерін білу оқу бағдарламаларын, қосымша сабақтар мен іс-шараларды дәлірек жоспарлауға мүмкіндік береді.
- Оқушылардың қажеттіліктерін лайықты қанағаттандыру білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

3. Қолайлы және еркін білім беру ортасын құру. Бұл аспектіге кіреді:

- Оқу ордасының жағдайы: оқу материалдарына деген қолжетімділік; қолайлы жиһаздар; жақсы жарықтандырылған, таза, уақытылы желдетілген, интерактивті құрал – жабдықтармен қамтамасыз етілген, кең сынып бөлмелелері және т.с.с.
- Оқытушы мен оқушы арасындағы достық және жағымды қарым-қатынас, сенімді нығайтуға көмек береді және басқаруды жеңілдетеді.
- Оқу-тәрбие процесіне мұғалімдерден де бөлек жандарды белсенді тарту. Ата-аналардың, мұғалімдердің және мектеп әкімшілігінің бірлескен күш-жігері әрбір оқушы өз – өзін ашып, сапалы білім ала алатын қолайлы ортаны құруға көмектеседі.

- Психологиялық қолдау: оқушыларға эмоционалды қиындық кезінде қолдау көрсете білу, олардың қиындықты жеңіп шығуына үлкен түрткі болады.

4. Мотивация – бұл жеке тұлғаның немесе топтың ішкі немесе сыртқы әсерлер ықпалынан өз қажеттіліктерін қанағаттандыру және ұйымның мақсатына жету процесі. Бұл ұғымы бұл басқарушылық әрекет мәселесімен өте тығыз байланысты. (4) Білім алушылардың мотивациялық факторларын түсіну олардың оқуға деген мотивациясы мен оқу процесіне қызығушылығын арттыруға, сәйкесінше тиімді стратегияларды жасауға көмектеседі. Нәтижесінде, мотивациялық, жоғарыда айтып кеткендей қолайлы оқу ортасын құрып, оқушылардың белсенді оқуына ықпал етуге болады.

5. Жоспарлау және time - management дағдыларын дамыту оқушыларға уақытты тиімді пайдалануға және қойған мақсаттарына жетуге көмектеседі. Сол үшін педагогтың уақытты, тапсырмаларды және оқу процесін ұйымдастыруды тиімді басқара алуы оқушыларды басқарудың ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл дағдыларды жүйелі түрде тәжірибеде қолдану оқушылардың тәуелсіздігі мен жауапкершілігін арттырып тек осы шақта емес болашақта да өз көмегін тигізеді. Уақыт пен тапсырмаларды тиімді басқару сонымен қатар стрессті азайтуға және оқушылардың жалпы әл-ауқатын жақсартуға көмектеседі, олардың оқуы мен дамуы үшін қолайлы жағдай жасайды.

6. Оқушылардың жетістіктері мен прогресстерін үнемі қадағалау оқу үдерісіндегі олардың күшті және әлсіз жақтарды анықтауға мүмкіндік береді. Алынған деректер негізінде нәтиже жақсы болса, одан әрі дамуға, ал егер қанағаттандырмайтындай болса, түзету мақсатында оңтайлы нәтижелерге қол жеткізу үшін оқыту және басқару стратегияларын түзетуге болады. Мысалы, бағалау және бақылау проблемаларды ерте анықтауға және оқушыларға дер кезінде қолдау көрсетуге көмектеседі. Нәтижесінде, бұл білім сапасының үздіксіз жақсаруын және оқушылардың үлгерімін арттыруды қамтамасыз етеді.

7. Оқытуды даралау – әрбір оқушының жеке қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып, тереңірек және өнімді оқуға ықпал етеді. Әрбір оқушы тиісті деңгейде қолдау мен нұсқау ала алатындықтан, оқытудың тиімді нәтижелеріне қол жеткізуге көмектеседі. Бұл жерде заманауи технологияларды пайдалана аламыз. Яғни, білім беру платформалары мен бағдарламалары мұғалімдерге әрбір оқушының жеке қажеттіліктері мен дайындық деңгейін талдап және соны ескере отырып оқу материалдарын жасауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерге сүйене отырып, оқушыларды тиімді басқарудың білім беру жүйесінде үлкен рөлі бар екенін көреміз.

Мұғалім ең жауапты міндет орындайды – ол адамды қалыптастырады (М.И.Калинин). Яғни, болашақта оқушылардың жақсы азамат/ша болып шығуы, өз ісінің алды болуы, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы және т.б. біріншіден отбасында балаға құйылған тәрбиенің, екіншіден мұғалімнің дер кезде оларды қолға алып дұрыс бағдар беруінің, тынбай еңбек етуінің нәтижесі. Сол себепті, оқушыларды дұрыс басқара білу білім беру процесін сапалы өткізуге, оқушылардың әлеуетін жүзеге асыруға, жетістікке жетуге көмектесетін және әрбір оқушының жеке өсуін қамтамасыз ететін маңызды фактор екенін нақты айта аламыз. Сонымен қатар, оқушыларды тиімді басқару оқушылардың табысты оқу саяхатын қолдау және динамикалық және бейімделген білім беру жүйесін құру үшін маңызды. Оқушылардың қажеттіліктері мен әл-ауқатына басымдық бере отырып, олардың мектеп ішінде табысты болуына, жеке және кәсіби өсуіне ықпал ететін орта жасай алады. Ал жоғарыда айтылған аспектілердің барлығы әр оқушының дамуын арттыратын сапалы, жекелендірілген білім беру үшін бірге жұмыс істейді және қажетті әдес – тәсілдерді тауып, ұтымды пайдалануға көмектеседі.

Тәрбиелеуде мұғалімнің өзінің не біліп, не істейтіні маңызды – ақ, бірақ оның ықпалымен шәкірттерінің не біліп, не істейтіні онан да маңыздырақ. Мұғалімдер, міне, осынысымен бағаланады.

Цицерон

Аннотация: Бұл мақала қазіргі замандағы білім берудің маңыздылығын қарастырады және оқушылардың қажеттіліктерін талдаудан олардың жетістіктерін бағалауға дейінгі студенттердің білімін басқарудың негізгі аспектілеріне шолу жасайды. Онда қолдау көрсететін білім беру ортасын құрудағы мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің рөлі, сондай-ақ студенттердің мотивациясы мен белсенділігін арттыру әдістері талқыланады. Уақытты тиімді басқаруға, тапсырмалар мен оқу процесін ұйымдастыруға да көп көңіл бөлінеді. Қорытындылай келе, ол оқу үдерісін үздіксіз жетілдіру үшін оқушыларды және олардың үлгерімін жүйелі түрде бағалау мен бақылауға шақырады.

Кілт сөздер: менеджмент, оқушылар, білім беру, бағалау, жетістік.

В данной статье рассматривается значение образований в современном мире и представляет обзор ключевых аспектов управления студенческим образованием, начиная с анализа потребностей студентов и заканчивая оценкой их успехов. В ней обсуждаются роль учителей и администрации в создании поддерживающей образовательной среды, а также методы стимулирования мотивации и вовлеченности студентов. Большое внимание уделяется также эффективному управлению временем, задачами и организацией учебного процесса. В заключении, она призывает

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым-2024» XXVI студенттік ғылыми конференцияның материалдар жинағы, 2024 жылғы 24 сәуір

к систематической оценке и мониторингу успехов учеников для постоянного улучшения образовательного процесса.

Ключевые слово: менеджмент, ученики, образование, оценка, успех.

This article examines the importance of educations in today's world and provides an overview of key aspects of managing student education, from analysing student needs to assessing student success. It discusses the role of teachers and administrators in creating a supportive educational environment, as well as methods for fostering student motivation and engagement. A great deal of attention is also paid to effective time management, task management and organisation of the learning process. Finally, it calls for systematic assessment and monitoring of students' progress to continuously improve the educational process.

Key words: management, pupils, education, evaluation, success.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Л.С.Ружанская, Е.А.Якимова, Д.А.Зубакина / *СТРАТЕГИЧЕСКИЙ МЕНЕДЖМЕНТ*. (2019). URL: https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/78981/1/978-5-7996-2851-2_2019.pdf
2. Мкртчян, С.Г. Білім берудегі менеджмент / С.Г.Мкртчян. — Мәтін: дереу // Жас ғалым. - 2019 ж. - No 45 (283). - 338-340 беттер. — URL: <https://moluch.ru/archive/283/63691/>
3. Развитие внимания у младших (2020).- URL: <https://xn--d1actcgbе3а4d5c.xn--p1ai/parus/files/2020-04-09-razvitie-vnimania-ml-shkol.pdf>
4. Haywood, L., & Haywood, L. (2024, January 8). *12 Ways to Boost student classroom Engagement in 2024 - AHASlides*. AhaSlides. <https://ahaslides.com/ru/blog/12-ways-for-student-classroom-engagement/> (Хейвуд и Хейвуд, 2024)
5. *How important is classroom management in improving student achievement?* (n.d.). <https://www.winginstitute.org/how-important-is-classroom#:~:text=Research%20conducted%20over%20the%20past,need%20to%20master%20their%20vocation>
6. Malimetter.kz. (2013, August 7). *Мотивация ұғымы* / *Malimetter.kz*. Malimetter.kz | Қазақша Рефераттар, Курстық Жұмыстар, Дипломдық Жұмыстар. <https://malimetter.kz/motivaciya-ugymy/>

FTAMP 16.21.25

USE OF INTERNET TECHNOLOGIES IN TEACHING ENGLISH WRITING

Фердаусиқызы Ақерке
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
АЯ-20-3 оқу тобының студенті,
Абадилдаева Шырынкуль Келесбаевна
п.ғ.м., аға оқытушы

Writing is a multifaceted skill that includes vocabulary, grammar, structure, and more. Despite being something we use regularly when composing letters, emails, or even chatting through text, mastering it can be challenging. Unfortunately, this skill is often overlooked in education, leading to a low level of proficiency among students. One possible solution to this issue could be incorporating Internet technology into lessons.

Writing is not just a means of transmitting information but a complex skill, requiring from the author not only a clear presentation of thoughts but also the ability to intrigue the reader, attract his attention, and provoke reflection. Writing is a complicated process that involves many stages and subtleties, from formulating an idea to choosing the right words to convey what is intended. When a student starts creating a text, he or she needs to not only clearly structure his or her thoughts but also take into account the target audience, the purpose of the letter, and the peculiarities of the language. Each sentence and each paragraph should be thought out in detail in order to convey the meaning and emotions that the author wants to convey.

Let's take a closer look at what writing consists of. The writing process encompasses a series of sequential steps that writers must undertake in order to produce a work of superior quality. These steps, namely prewriting, drafting, revising, editing, and publishing, are crucial in ensuring the creation of a well-crafted piece. The term process writing has been bandied about for quite a while in ESL classrooms. It is no more than a writing process approach to teaching writing. The idea behind it is not really to dissociate writing entirely from the written product and to merely lead students through the various stages of the writing process but 'to construct process-oriented writing instruction that will affect performance' [1]

Prewriting. The initial step, prewriting, involves meticulous planning and organization before commencing the actual writing process. This phase aids the writer in structuring their thoughts and ideas, as well as formulating a clear thesis or main topic.

Drafting. Following prewriting is the drafting step, during which the writer creates an initial rough draft of the document. During this phase, the writer openly conveys all of their ideas and arguments, with no regard for the writing's quality. The primary goal of this stage is to create considerable material.

Revising

Revising, the subsequent stage, entails a thorough examination and enhancement of the draft's content. The writer scrutinizes the work for errors, inconsistencies, and unclear points, making necessary corrections to refine the overall quality.

Editing. The fourth stage, editing, involves meticulous refinement of the paper. The writer meticulously checks for grammatical and punctuation errors while also enhancing the style and flow of the writing. This stage focuses on perfecting the paper, making it more professional and captivating for the reader.

Publishing. Lastly, the final stage is publishing, which involves submitting the completed version of the paper to the publisher or instructor. During this phase, the writer ensures that the work adheres to all the requirements and guidelines set forth by the publisher or instructor.

It is important to note that the writing process may vary and often involves iteration, whereby the writer may revisit earlier stages for further improvement. Depending on the nature of the writing project, additional stages may be incorporated, and the process may not always follow a linear path.

Furthermore, technology incorporation can be easily incorporated into this process. The standard way to achieve this is through the use of laptops and computers equipped with word-processing software and internet connectivity. Laptop usage showed a lot of benefits in research, such as improvement in writing achievement. According to McNabb, the results of the study showed that students who utilized their laptops throughout the entire writing process achieved the highest test scores, while those who admitted to not using laptops obtained the lowest scores. Also, more than 70% of the students who participated in this research believed that using laptops improved their writing skills, including an upward trend in self-correction and time management. [2] Below is an example of how laptops can be installed in the writing process:

1. **Prewriting stage.** In this stage, before starting to write, students brainstorm ideas, conduct research online, and discuss their thoughts through instant messaging and group chats with classmates.
2. **Drafting stage.** Learners use spaces in their drafts to facilitate subsequent modifications and enhancements. In the case of creating multimedia presentations, they embed interactive links and incorporate visual elements such as images and video segments.
3. **Revising stage.** When students share their work, they have the opportunity to receive feedback online about how they can improve it. Here's a great example of how peer feedback can be helpful:

Additionally, teachers can provide feedback and keep track of the changes and adjustments students have made.

4. **Editing stage.** At this point, the job becomes super simple since word processing programs can fix mistakes, grammar errors, and capitalization automatically. For the remaining tasks, students can utilize specialized tools such as Grammarly to correct grammar mistakes and refer to online dictionaries to verify word usage and spelling.
5. **Publishing stage.** At the publishing stage, students initiate the design process, select an appropriate header font, include any preferred photos or other visuals related to their work, and generate a printed version of their work.

Many educators in applied linguistics today see a very strong connection between technology and writing. They see their students using technology to put their thoughts into words to have conversations with each other and with a lot of people throughout the world. Overall, technology provides access to many different ways for students to write. And students seem to really enjoy taking those opportunities to make new friends, establish relationships, and just have fun. Teachers can find many resources to help teach writing on the Internet as well. This connection between writing and technology seems to be very strong. Current advances in technology have revolutionized language learning with the introduction of new applications and websites. Major platforms such as YouTube, TedTalks, and online learning have become an integral part of the curriculum. As technology evolves, the need for author authority is increasing to keep pace with the changing digital landscape. The use of links, fonts, color, audio-visuals, and other elements made the electronic texts more interactive and engaging.

Here are some Internet tools that are used in teaching writing skills:

GoogleDocs

It is a well-known web-based word processor known for its real-time collaborative editing feature. Released in 2006, it remains one of the better online packages for creating and enhancing documents, with a vast range of formatting tools and templates. GoogleDocs is easily accessed from any device with an internet connection without requiring additional software. It is especially useful for report collaboration, as users can easily share and edit files in real-time. With automatic saving and version history, users can rest assured that their work will always be protected. GoogleDocs provides collaboration capabilities, such as file sharing, viewing alternate versions, leaving comments, and having discussions, making it ideal for teamwork and tasks. This can increase productivity and performance, ensuring that projects are completed more efficiently. Overall, GoogleDocs' accessibility and ease of use, along with its

collaboration capabilities, make it a top choice for document creation and editing.

Using GoogleDocs word processing software program in your college software can significantly facilitate the mastering procedure and enhance studying results. Here are a few ways you may use GoogleDocs at school:

- Creating and modifying files: Students can use GoogleDocs to create and edit one of a kind sorts of files along with essays, papers, reviews, presentations, and so forth. The editor gives a extensive range of equipment for formatting textual content and putting diverse factors along with snapshots, tables and hyperlinks;
- Collaborative challenge work also works right here;
- Preparing lesson substances: Teachers can use GoogleDocs to create teaching materials which include lesson plans, assignments, and tests. They can also give students access to the documents so they can work on them outside of class;
- Feedback and grading: Teachers can use the feedback characteristic in GoogleDocs to provide remarks on scholar work. They can also use the revision monitoring feature to see how college students have edited their paintings and evaluate their paintings technique;
- Preparing for standardized exams: GoogleDocs can be used to prepare college students for standardized assessments.

Grammarly

Users of the Grammarly service can create literate texts in English. The hint system will help you identify errors and choose the correct spelling of the word used in the text. The main advantages of Grammarly:

- High accuracy and reliability: detects the most subtle grammatical and stylistic errors in the text.
- Performs the following checks: spelling, stylistics, punctuation.
- The system offers to improve grammar, spelling, punctuation in real time.[3]

A survey was conducted among learners of lyceum №7. The survey was on the usefulness of grammar checking tools. Participants were asked to consider whether the tools were really useful and practical and how the accuracy of their written work was affected. The objective of this survey is to get feedback on how helpful and user friendly the grammar checker is. The experiment was conducted for one semester. As a result, Grammarly has become more effective in teaching writing in terms of reducing the number of grammatical, spelling and punctuation errors in dictation.

BoomWriter

This website helps people write stories together. It's all about improving speaking and writing skills. You can use tools to organize, correct texts, have debates, and vote on ideas. This site consists of three independent tools:

1. Story Writer. Here, students can practice their creative writing and learn about narrative writing elements. Also, students can collaboratively create a small book with your group, where participants work together to build a story. At the beginning, the teacher presents the participants with the beginning of the story that will serve as the first chapter. The teacher can either create the beginning or select one from a variety of predefined options on the platform. Participants then write chapter two and upload it to the platform for the teacher to review and make comments or suggestions. After all chapters have been uploaded and commented on, participants vote on their favorite chapter, which officially becomes chapter two. Each selected chapter enters a group dialogue process where errors can be corrected and participants can make suggestions and comments. This helps to alleviate competitive tension and makes the chapter more of a group effort. Once all chapters are finished, participants can choose to publish the book in physical form or print it as a souvenir.

2. Word Writer. This part of the citation can be used by learners for vocabulary improvement. They can add, share, and assess their vocabulary knowledge in a fun way. So, the process of using it is: the teacher creates instructions, configures the word limit, and adds the words that must be included. Participants will write their entry, upload their creation, and vote.

3. Project Writer. As its name says, students would practice their writing skills here relating to some project, whether it be an explanatory article, an opinion essay, a scientific research project, or a narrative project. Example of using this in the classroom: the teacher creates a project with multiple sections, providing instructions and, if necessary, a list of terms that should be used in contributions. Participants submit their contributions for each section, and the group votes on the best submission for each section. In the end, everyone creates a textbook on a nonfiction topic based on their collaboration.

Wikipedia

It may seem strange to use Wikipedia for collaboration, but in research that was conducted at Lyceum №7 on 12 students that studied at 8th grade students. The results showed a high rate of collaboration at the end. So, that is how it went: learners were divided into small groups that would contain four people. Then, a group of students chooses a topic that they are interested in and starts to search on Wikipedia for articles that need verification on that topic. Some of these articles needed corrections on spelling, and others needed reliable sources to verify the information in the article. So, students take screenshots of that unverified fact on Wiki and then search for it in the library or on Google

Scholar. After they finished their editing, students checked facts on other pages. At the end of the research, students show positive feedback on this task, and all of the groups earn at least one credit.

Moreover, there are some exercises related to Wiki: 1) Students need to do an analysis of an article, including things such as arrangement, a clear writing idea, and source information; 2) Students need to rewrite articles from Wikipedia into simple English, allowing them to train their communication with the audience;

In conclusion, the revolutions in technology have significantly impacted the teaching and learning of writing. The use of Internet technologies in the classroom has not only facilitated the writing process but also improved writing achievements, as evidenced by research. As education continues to evolve with technological advancements, the potential for further enhancing writing skills and literacy among students is immense. The key lies in effectively incorporating these tools into the curriculum, ensuring that students are equipped with the necessary skills to navigate the digital landscape while maintaining the integrity of the writing process.

Abstract: This article is focused on the consequences that the technological revolution bring about concerning writing teaching. The digital era has seen the development of all types of digital technologies and new word processing tools such as online editors, grammar checkers and tools for collaborative writing. It is therefore important to upgrade the traditional approach to teaching of writing. The article discusses the new opportunities that arise for instructional programs as a result of the use of technology, the features of writing assessment, and how it influences teacher as well as student writing. On top of that, the article offers strategies for effectively utilizing modern technology in the teaching of writing.

Keywords: writing skills, internet technologies, teaching, collaborative work.

Аннотация: В данной статье основное внимание уделяется последствиям технологической революции для обучения письму. Цифровая эпоха стала свидетелем развития всех типов цифровых технологий и новых инструментов обработки текста, таких как онлайн-редакторы, средства проверки грамматики и инструменты для совместного письма. Поэтому важно модернизировать традиционный подход к обучению письму. В статье обсуждаются новые возможности, которые открываются перед учебными программами в результате использования технологий, особенности оценивания письма и то, как оно влияет на письмо учителя и учащихся. Кроме того, в статье предлагаются стратегии эффективного использования современных технологий в обучении письму.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым-2024» XXVI студенттік ғылыми конференцияның материалдар жинағы, 2024 жылғы 24 сәуір

Ключевые слова: навики письмо, интернет-технологии, обучение, совместная работа.

Аңдатпа: Бұл мақалада технологиялық революцияның жазу дағдысын оқытуға тигізетін әсері туралы айтылады. Цифрлық ғасыр цифрлық технологиялардың барлық түрлерінің және онлайн редакторлар, грамматикалық тексерушілер және бірлескен жазуға арналған құралдар сияқты жаңа мәтінді өңдеу құралдарының дамуын көрді. Сондықтан жазу дағдысын үйретудегі дәстүрлі тәсілді жаңғыртудың маңызы зор. Мақалада технологияны пайдалану нәтижесінде оқу бағдарламасына қолжетімді жаңа мүмкіндіктер, жазбаша бағалаудың ерекшеліктері және оның мұғалім мен оқушының жазуына қалай әсер ететіні талқыланады. Сонымен қатар, мақалада жазуға үйретуде заманауи технологияларды тиімді пайдаланудың стратегиялары ұсынылған.

Кілт сөздер: жазу дағдылары, интернет технологиялары, оқыту, бірлескен жұмыс

References:

1. Freedman, Dyson, Flower, & Chafe, (1987). Research in writing: Past, present and future. Berkeley: University of California Press.
2. McNabb, M. (2006, June 15). Taking A Closer Look At Reading Online.
3. «ТОП-15 сервисов для проверки орфографии и пунктуации», Seranking, 12.04.2021 (date of receipt: 16.04.2024): <https://seranking.com/ru/blog/servisyy-dlya-proverki-orfografii-i-punktucii/>

FTAMP 87.24.33

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ МЫСТЫҢ ЕГІН ӨНІМІНДЕ ЖӘНЕ АЗЫҚ-ТҮЛІКТЕ ЖИНАЛУЫ

Нұржан Сағи Жеңісұлы,
Қорқыт Ата атындағы ҚУ,
Э-21-1 оқу тобының студенті.
Асқарова Гүлзат Шәкірбекқызы,
ғылыми жетекші, техника
ғылымдарының кандидаты,
«Электр энергетикасы,
техносфералық қауіпсіздік
және экология» кафедрасы

Кіріспе. Ауыр металдар табиғаттың тірі компоненттерін ластайтын көптеген химиялық элементтердің ішінде анағұрлым қауіпті түрге жатады. Ауыр металдар топырақ, өсімдік, азық-түлік, ағза арқылы жылжып өздерінің уытты әсері негізінде тірі ағзаға зиянын тигізеді, себебі ауыр металдар биологиялық белсенді және уытты болып табылады [1-3].

Ауыр металдардың қоректік тізбек арқылы әсері адам ағзасында бұрын болмаған, кейде емдеуге келмейтін аурулардың түрлеріне себепші болып, үлкен экологиялық мәселе туғызып отыр. Сол себепті азық-түлік қауіпсіздігін сақтау және қамтамасыз ету мақсатында оларды ауық-ауық ауыр металдарға сараптамадан өткізу маңызды [4].

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері. Күріш, қауын және ет, сүт өнімдерінің құрамы ауыр металдарға ҚР ДСМ "Ұлттық сараптама орталығы" ШЖҚ Республикалық Мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда облысы бойынша филиалы «Тағам өнімдері» зертханасында сараптамадан өткізілді. Үлгі алу және зерттеу әдістеріне СТ РК ГОСТ 51301-2005 нормативтік құжаты қолданылды. Күріш, қауын және ет, сүт өнімдерінің құрамы ауыр металдарға зерттеу СТА Вольтамперметрлік кешенінде орындалды.

Зерттеу нәтижелері және талдау. Зерттеу нысаны ретінде жергілікті тұрғындар жиі қолданатын күріш, қауын және сиыр еті мен сиыр сүті таңдап алынды. Зерттеу жұмысын орындау кезінде егін өнімінің мысалы ретінде күріш (ақ маржан) пен қауын (сары қауын) және азық-түлік мысалы ретінде сиыр еті пен сиыр сүті алынды және олардың құрамындағы ауыр металл – мыстың ғана емес, сонымен қатар кадмий, қорғасын және мырыштың мөлшері анықталды.

Зертханалық талдау нәтижелері бойынша күріш пен қауын және сиыр еті мен сиыр сүті өнімдерінде мыс (кадмий, қорғасын және мырыш) табылмады. Бұл өз кезегінде азық тізбегі арқылы мыстың және кадмий мен қорғасынның, мырыштың адам ағзасына түспейтіні, сол себепті талдаудан өткізілген егін өнімдері мен азық-түлік арқылы мыс және кадмий мен қорғасын, мырышты адам денсаулығына зиянды әсер етпейді деп қорытынды жасауға болады, 1-кесте.

1-кесте. Егін өнімі мен азық-түлік құрамындағы ауыр металдардың мөлшерін зертханалық талдау нәтижелері.

Ауыр металдар, мг/кг	Анықталған шоғырлану	Нормативтік көрсеткіштер	Зерттеу әдістеріне қолданылған НҚ
Жалтыратылған күріш			
Қорғасын	анықталмаған	0,1	СТ РК ГОСТ 51301-2005

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым-2024» XXVI студенттік ғылыми конференцияның материалдар жинағы, 2024 жылғы 24 сәуір

Мырыш	анықталмаған	-	СТ РК ГОСТ 51301-2005
Кадмий	анықталмаған	0,03	СТ РК ГОСТ 51301-2005
Мыс	анықталмаған	-	СТ РК ГОСТ 51301-2005
Қауын			
Қорғасын	анықталмаған	0,1	СТ РК ГОСТ 51301-2005
Мырыш	анықталмаған	-	СТ РК ГОСТ 51301-2005
Кадмий	анықталмаған	0,03	СТ РК ГОСТ 51301-2005
Мыс	анықталмаған	-	СТ РК ГОСТ 51301-2005
Сиыр еті			
Қорғасын	анықталмаған	0,05	СТ РК ГОСТ 51301-2005
Мырыш	анықталмаған	-	СТ РК ГОСТ 51301-2005
Кадмий	анықталмаған	0,05	СТ РК ГОСТ 51301-2005
Мыс	анықталмаған	-	СТ РК ГОСТ 51301-2005
Сиыр сүті			
Қорғасын	анықталмаған	0,1	СТ РК ГОСТ 51301-2005
Мырыш	анықталмаған	-	СТ РК ГОСТ 51301-2005
Кадмий	анықталмаған	0,03	СТ РК ГОСТ 51301-2005
Мыс	анықталмаған	-	СТ РК ГОСТ 51301-2005

Қорытынды. Егін өнімі ретінде таңдап алынған күріш пен қауын және азық-түліктің құрамындағы мыстың (қосымша кадмий, қорғасын және мырыштың) мөлшері зертханалық талданды және зерттеліп отырған азық-түлік және егін өнімі құрамында мыстың жинақталмайтынына көз жеткізілді.

Аңдатпа. Алынған азық түліктің (күріш, қауын, сиыр еті, сиыр сүті) қасиеттері оқып зерттелді.

Зертханалық талдау нәтижелері бойынша күріш пен қауын және ет пен сүт өнімдерінде мыс анықталмады. Сондықтан зерттеу нәтижесі бойынша азық тізбегі арқылы мыстың адам ағзасына түспейді, сол себепті мыс адам денсаулығына зиянды әсер етпейді деп қорытынды жасауға негіз бар.

Кілт сөздер: мыс, азық түлік, ағза, денсаулық.

Аннотация. Изучены свойства полученных продуктов питания (рис, дыня, говядина, коровье молоко).

По результатам лабораторного анализа медь не обнаружена в рисе, бахчевых и мясомолочных продуктах. Следовательно, по результатам исследований медь не попадает в организм человека по пищевой цепи, поэтому есть основания сделать вывод, что медь не оказывает вредного воздействия на здоровье человека.

Ключевые слова: медь, продукты питания, организм, здоровье.

Abstract. The properties of the resulting food products (rice, melon, beef, cow's milk) were studied. According to the results of laboratory analysis, copper was not found in rice, melons and meat and dairy products. Therefore, according to the research results, copper does not enter the human body through the food chain, so there is reason to conclude that copper does not have any harmful effects on human health.

Keywords: copper, food, laboratory, organism, health.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұрғызаринов А. Атыраулық экотоптардың химиялық экологиясы: - Қызылорда «Тұмар», 2003.-168 бет.
2. Кульсумакова А.И., Ауыр металдардың Арал өңірінің Қызылорда бөлігі аймағында таралуы // - Космос и человек, М-Н. н-п-к 50лет К.Эры. Киев-Қызылорда 2011, 144-146 б.б.
3. Алексеев Ю.В. Тяжелые металлы в почвах и растениях.-Л: Агропромиздит, Ленингр.отд., 1987-142 с.
4. Аскарова Г.Ш., Бекенова У.С. Вредное воздействие тяжелых металлов и их пути распространения в Кызылординской области // Материалы Всероссийской научно-практической конф., Казань: Изд. Казанского ГАУ, 2015 г. -С.3-9

FTAMP 87.21.91

АУЫР ТҰЗДАРМЕН ЛАСТАНҒАН ТОПЫРАҚТЫ ГАЛОФИТТІ ӨСІМДІКТЕРМЕН ФИТОРЕМЕДИАЦИЯЛАУ

Ермекова Кәусар Нұрғазықызы,
Қорқыт Ата атындағы ҚУ,
Э-22-1 оқу тобының студенті.
Аскарова Гүлзат Шәкірбекқызы,
ғылыми жетекші, техника
ғылымдарының кандидаты,
«Электр энергетикасы,
техносфералық қауіпсіздік
және экология» кафедрасы

Кіріспе. Топырақ қорының шаруашылық айналымнан шығып қалуы көп ізденіс пен зерттеуді қажет ететін өзекті тақырып. Қазіргі уақытта

ластанған топырақты қалпына келтірудің тиімді тәсілі – өсімдіктер арқылы фиторемедиациялау.

Фиторемедиация, ластанған экожүйені өсімдіктер арқылы сауықтыру, ешқандай қосымша материалдар қажет етпейді, демек, фиторемедиация экономикалық тиімді. Берілген жұмыста галофиттер: қант қызылшасы, арпа, қызылша және жоңышқа сияқты мәдени өсімдіктердің топырақтағы тұздар (хлоридтер, сульфаттар) мен ауыр металдарды сіңіру қабілетін анықтау мақсатында зерттеулер жүргізілді.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері: Қызылорда қаласы маңайындағы егін егілгенге дейінгі және егінді жинап алынғаннан кейінгі (қант қызылшасы, қызылша, арпа және жоңышқа) аумақтан алынған топырақ үлгілерінің құрамы "Ұлттық сараптама орталығы" ШЖҚ РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының зертханасында санитар-лық-химиялық сараптамадан өткізілді.

Зерттеу нәтижелері және талдау. Топырақтағы тұздың мөлшерін, ондағы магний, мырыш, қорғасын және мыс элементтерінің және топырақтың сутектік көрсеткіштері анықталды. Сутектік көрсеткіш топырақ үлгісінде максимум рН=8,13 болды және бұл сілтілі орта.

Талдау нәтижесінде, осы учаскеден алынған топырақ сынамаларының құрамындағы тұздар (сульфаттар мен хлоридтер) және ауыр металдар мен т.б. заттардың мөлшері анықталды.

Бастапқы топырақ құрамынан суперэкоотоксикантқа жататын кадмий табылған жоқ, қорғасын 0,5 мг/кг, ШРК=32,0 мг/кг; мырыш 4,0 мг/кг, ШРК=23,0 мг/кг; мыс 0,61 мг/кг, ШРК=360 мг/кг, демек топырақ ауыр металмен ластанбаған, демек, топырақтағы ауыр металдардан экологиялық қауіп жоқ.



1-сурет. Тәжірибеге алынған аумақ учаскесі және қант қызылшасы.

Қант қызылша өсірілген топырақ құрамында ауыр металдар мөлшері, қорғасын Pb – 25 есе, Zn – 33 есе, Cu – 3,2 есе, азаятыны анықталды.

Қант қызылшасының сульфаттар мен хлоридтерді де жақсы сіңіретінін 1-кестедегі нәтижелерден көрінеді: сульфаттар – 63 есе, 1,6 есе азайған.

1-кесте. Бастапқы топырақ, қант қызылшасы мен қызылша өсірілген топырақ үлгілерінің құрамын салыстыру нәтижелері.

Көрсеткіштер	Топырақ үлгілері		
	Бастапқы	Қант қызылшасы	Қызылша
Сульфаттар, %	0,1388	0,0022	0,1521
Хлоридтер, %	0,0319	0,02	0,0177
Мыс, мг/кг	0,61	0,19	1,3
Мырыш, мг/кг	4,0	0,12	0,42
Қорғасын, мг/кг	0,5	0,02	0,41

Алынған нәтижелерден қант қызылшасының топырақты тек тұздардан емес (хлоридтер мен сульфаттар), ауыр металдардан тазартатынын анықталды.

Қант қызылшасының жапырағы мен тамыр жемістерінің тұздар мен ауыр металдарды сіңіру қабілеті әр түрлі екені зерттеулерден белгілі. Қант қызылшасы тұздар мен ауыр металдарды тамыр жемісіне, ал тыңайтқыш пайдаланылмаған жағдайда сабағының түбіне жинайтыны анықталған. Демек, азықтық қызылшаны қосымша үстеме тыңайтқыштардың орнына табиғи тыңайтқыштарды пайдалану тиімді [1, 2].

Ауыр металдардың мөлшері бастапқы үлгінің өзінде ШРК-дан төмен болғандықтан, топырақтағы ауыр металдан экологиялық қауіп жоқ.

Қызылша өсірілген топырақты талдау нәтижелері бастапқы және қант қызылшасы егілген топырақты талдау нәтижелерімен салыстырғанда айырмашылық байқалады. Сульфаттардың мөлшері артқаны көрінеді, бұл кәдімгі қызылшаның тамыр жүйесі бойымен жылжитын ылғалдың қарқынды булануының нәтижесі сияқты, яғни, булану кезінде ылғалға еріген тұздар топырақтың беткі қабатына шығып қалған деп тұжырымдауға болады [3].

Бастапқы топырақ үлгісімен салыстырғанда сульфаттар 1,27 есе және мыстың мөлшері 2,3 есе артқан; хлоридтер 4,8 есе, мырыш 8,5 есе және 2 есе ($\approx 1,92$) кемігені көрінеді. Сульфатты тұздану хлоридті тұздануға қарағанда қауіпті емес, оның мөлшері шектен тыс артып кетпесе өсімдікке зияны болмайды, хлоридті тұздану кезінде топырақ беті қабыршақпен жабылып қалатыны белгілі. Арпа хлоридтерді жақсы сіңіреді деп қорытынды тұжырымдауға болады.

Арпаға қатысты талдау жасағанда топырақ құрамындағы мыстың артқаны және мырыштың кемігені байқалады. Арпаның құрамына мысқа төзімді сорттар болады, бұл қосымша зерттеуді қажет етеді. Ал, топырақта

мырыштың жетіспеушілігі оны өсімдіктің қажеттілігіне байланысты сіңіргені болуы мүмкін. Мырыштың жетіспеушілігі өсімдіктің толыққанды өсуін тежейді, сабақтануына, гүлдеуіне және жеміс салуына үнемі мырыштың керек екенін ғалымдар дәлелдеген.

Малға жақсы құнарлы азық болатын галофит, ол – жоңышқа. Екіншілер жоңышқаны ауыспалы егістік үшін қолданады, оның ластанған топырақты тазартуда ролі зор. Зерттеу жұмысында жоңышқаның күйзеліске қарсы қасиеттері анықталды және басқа өсімдіктермен салыстырылды.

Жоңышқа егілген топырақ үлгісінің құрамында сульфаттар мен хлоридтер және мыс, мырыш және қорғасын мөлшері азайған. Демек, жоңышқа ауыр металдарды жақсы сіңіреді, топырақты ауыр металдардан тазалай алады. Жоңышқа негізі топырақ таңдамайтын өсімдік, бірақ қара топырақта өте жақсы өнім береді.

9. Жұмыстың бір бөлігі болуға тырысып авторды да сол жұмысқа қатынастырыңыз. Автормен бірге изотерапиялық өнімді қарастыру барысында жоғары белгіленіп көрсетілген бөліктерге зейінін айқындауға болады. Оның қиындықтарды жеңуі үшін қимыл қозғалыс энергиясын ояту. Тыныштық жағдайда ессіздік қалыпта қайтадан кіре алмайды

СУРЕТ ЖӘНЕ СӨЗ

Сурет және сөз – екеуінің де терапиялық үрдісте маңызы зор және бірдей. Екеуінің біріне ғана назар салу – емдеу мүмкіндігін төмендетеді, сондықтан екеуіне де аса мән берген жөн.

Психотерапияда шығармашылық үрдіс пен оның нәтижесі маңызды.

Клиент сурет салғанда онда ненің салынғаны туралы сұрақтарды бірден қоймаймыз (Не салдың деп тікелей қоймаймыз), бастапқыда жай ғана сұраймыз:

- «Сурет салу барысында нені сезіндіңіз?» немесе «не сездіңіз?» – «бойыңызда қандай әсер болды?».

Егер клиентке сурет салу үрдісі қоздырушы немесе физикалық /эмоционалды әсер еткенін байқасақ, «Қазір өзіңізді қалай сезініп тұрсыз» деп сұраймыз. Суреттен клиент маңызды. Оның не сезінгені немесе не сезетіні маңызды. Кейде клиент барлық сезімдері, әсерлері туралы айтып жатқанда: «Осы сурет жайында айтып беріңізші», - деп сұраймыз.

Кейде клиент картинадан не маңызды екенін білмей, айта алмай жатады. Олар тіпті неден бастарын білмейді. Терапия басында клиент өзінің суреті жайында айтуға ұялады; ондай жағдайда: «Картинадан нені көріп тұрсыз?» деп сұраймыз. Бұл қарапайым сұрақ клиентті терапияға енгізуге көмектеседі, ассоциация, фантазия туындайды, ойлау әрекеті, эмоционалды / дене реакциялары туындайды; әртүрлі мәселелер туралы ой қозғалады.

Адам табиғаты, жаратылысы бойынша біртұтас болып келеді: дене жан және рух, олар бір-бірінен ажырамайды.

Адамның (дене-жан-рух (ақыл-ой) тұтастығының әрбір аспектісіне қатысты сұрақтарды келесідей қоямыз:

1. Физикалық аспект: «Қазір бойыңызда не сезінесіз?», «Денеңізде қазір не болып жатыр?», «Тынысыңыз қандай?» т.б.
2. Эмоциялық аспект: «Қандай сезімдесіз?», «Сурет жайында жүрегіңіз не дейді?», «Сурет салу кезінде не сездіңіз?».
3. Когнитивті аспект (рух, ақыл): «Қазір не жайында ойлап отырсыз?», «Сурет сізге нені еске түсіреді?», «Сізде қандай ассоциация тудырады?».
4. Сонымен қатар әлеуметтік аспектіде де сұрақтар қоюға болады: «Сурет салу кезінде менімен байланысты қалай сездіңіз?», «Қазір менімен байланысты қалай сезіп тұрсыз?», «Өмірде қандай байланыстарды есіңе түсіре аласыз» т.б.

Осындай сұрақтар қою арқылы көптеген терапиялық әңгімелесу жүргізуге болады.

Андатпа. Изотерапия дегеніміз балалар мен үлкендерді сурет салу арқылы іштегі жағымсыз проблемалар, күйзелістерді шығаруға арналған әдіс. Изотерапия сезімдерді суреттер арқылы жеткізу әдісі жасырынған қабілетіңізді шығарып, қоғаммен байланыс орнатуға мүмкіндік беретінін айтқым келеді.

Аннотация. Если кратко, то изотерапия – это метод снятия негативных внутренних проблем и стресса путем привлечения детей и взрослых. Хочу сказать, что изотерапия, метод передачи чувств через изображения, раскроет ваши скрытые способности и позволит вам соединиться с обществом.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым-2024» XXVI студенттік ғылыми конференцияның материалдар жинағы, 2024 жылғы 24 сәуір

Annotation. In short, isotherapy is a method for removing negative internal problems and stress by drawing children and adults. I would like to say that isotherapy, a method of conveying feelings through pictures, will bring out your hidden abilities and allow you to connect with society.

Кілт сөздер: Сурет,Изотерапия, шығармашылық, ойын.

Ключевые слова: Рисование, изотерапия, творчество, игра

Keywords: Drawing, isotherapy, creativity, game

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР 11 шілде 2002 № 343 заңы Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 16, 152-құжат
- 2 VNews.kz сайты
- 3 Никольская И. М. Арттерапия – терапия изобразительным искусством // Учебник Детская психиатрия (под ред. Э. Г. Эйдемиллера), СПб.: Питер, 2005. С. 993.
- 4 Тебенова Қ.С., Рымханова А.Р. Арнайы психология.- Алматы: «Дәуір», 2011.б.13.
- 5 Л.С.Выготский Баланың жас ерекшеліктері психологиясы және кемтар бала психологиясы туралы таңдамалы еңбектер. /Оқу құралы/. Алматы:

ҒТАМР (МРНТИ)

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды арт-терапияны қолданып педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу

Сәуен Диас Әділбекұлы
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
ПП-22-1 оқу тобының студенті
Иманғалиева Шолпан Дуйсенбаевна
Педагогика ғылымдарының магистрі,
аға оқытушы

Қазіргі уақытта психотерапияның маңызды салаларының бірі ол арт-терапия болып саналады. Арт-терапия даму үстіндегі психотерапияның әдістердің жаңа түрі болып есептеледі. Қазір Қазақстанда арт-терапия өзінің қалыптасу кезеңінде. Бұл сала Қазақстанда әлі де болса толығымен зерттелмеген деп айтуға толық негіз бар, себебі осы салада елімізде ғылыми жұмысты айтпағанның өзінде бітіру жұмысында жоқ екендігі дәлел. Сонымен

қатар арт-терапия түсінігі біздің елімізде әлі толығымен қалыптаспаған. Арт-терапиямен айналысу үлкен профессионалды дайындықты, психология аймағында іргелі білімді талап ететін қиын іс-әрекет болып есептеледі. Қазіргі кезде мұндай мамандар жоқтың қасы. Осыған қарамастан арт-терапияны қолдануға деген қызығушылық өте жоғары. Арт-терапия жөніндегі білімді елімізде дәл қазіргі күнде тек қана психологтарға ғана емес, сонымен қатар педагогтарға, әлеуметтік жұмыскерлерге, қарт адамдар, жасөспірімдер психикалық ауру адамдарға тағы басқа көптеген жерлерде қолдану маңызды және қажет екендігі дәлелденуде. Арт – терапия мәселесімен Қазақстанда зерттеген ғалым жоқ. Арт – терапия мәселесімен әйгілі Австриялық ғалым психоанализдің негізін салушы З.Фрейд, Швейцария ғалымы К.Г.Юнг, Америкалық ғалым гуманитарлық психологияның негізін салушылар К.Р.Роджерс және А.Маслоу. Қазіргі таңда арт – терапия ғылымын Американдық М.Наумбург, Э.Крамер, Л.Гантт, Б.Болл. Ресейлік ғалымдар А.И.Копытин, Е.А.Медведева, И.Ю.Левченко, Л.Н.Комиссарова, И.В.Сусина, Д.М.Лебедева, О.И.Качурина сынды ғалымдар көптеген арт – терапияға байланысты еңбектер жазып, қорқыныш, үрей, мазасыздық жағдайларына.

Арт-терапияның шығу тарихы, негіздері. Қазіргі уақытта психотерапияның маңызды салаларының бірі ол арт-терапия болып саналады. Арт-терапия даму үстіндегі психотерапияның әдістердің жаңа түрі болып есептеледі. Арт-терапия- бұл емдеу ғана емес, сонымен креативтің дамуы, тұлғаның дамуы мен үйлесімділігі, кез-келген жағдайды шешуге көмек. Арт-терапия бейнелік өнер арқылы жанның дамуы мен емдеудің табиғи және қолайлы әдісі. Арт-терапия терминін ғылымға 1938 жылы Адриан Хилл енгізді. Арт-терапия ағылшын тілінен аударғанда шығармашылық терапия деген ұғымды білдіреді. Қазір Қазақстанда арт-терапия өзінің қалыптасу кезеңінде. Бұл сала Қазақстанда әлі де болса толығымен зерттелмеген деп айтуға толық негіз бар, себебі осы салада елімізде ғылыми жұмысты айтпағанның өзінде бітіру жұмысыда жоқ екендігі дәлел. Сонымен қатар арт-терапия түсінігі біздің елімізде әлі толығымен қалыптаспаған. Арт-терапиямен айналысу үлкен профессионалды дайындықты, психотерапия аймағында іргелі білімді талап ететін қиын іс-әрекет болып есептеледі. Қазіргі кезде мұндай мамандар жоқтың қасы. Осыған қарамастан арт-терапияны қолдануға деген қызығушылық өте жоғары. Арт-терапия жөніндегі білімді елімізде дәл қазіргі күнде тек қана психологтарға ғана емес, сонымен қатар педагогтарға, әлеуметтік жұмыскерлерге, қарт адамдар, жасөспірімдер психикалық ауру адамдарға тағы басқа көптеген жерлерде қолдану маңызды және қажет екендігі дәлелденуде. Арттерапия – бұл бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. “Арттерапия”– термині (art – өнер, arttherapy – өнер арқылы терапия жүргізу)

көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Арттерапия – ауру 18 адамның психоэмоциональды халіне шығармашылық арқылы ем жүргізу және әсер етуді білдіреді. Алғаш бұл термин 1938 жылы Адриан Хиллдің санаторияда туберкулез ауруына шалдыққандардың көңіл-күйлерін сипаттау жұмысында қолданылады. Кейіннен бұл термин өнерге қатысты барлық терапияның салаларында (музыкалық терапия, драмалық терапия, бимен терапия жүргізу т.б.) қолданыла бастайды. Арт-терапияны жүргізу барысында мүшелер саны 15-20 адамнан аспау керек. Одан көп болған жағдайда, қатысушыларға да, сонымен қатар, сол жұмысты жүргізушіге яғни психотерапевтке де оңайға соқпайды. Топтың мүшелерінің көп болуы, жұмыс аяқталғасын жасалған жұмыстарға талдау, қорытынды шығару да қиынға соғады. Арт-терапияны жеке-дара шығармашылық жұмыс жасау үшін бөлме кең және ешқандай кедергілері жоқ, әрі жарық болуы қажет. Топ мүшелері өтіп жатқан арт-терапия жайлы білуіне құқы бар. Жұмыс жасау үшін әр түрлі құралдар қолданады: атап айтсақ, мысалы, соус, түрлі түсті қарандаштар, әр түрлі мөлшердегі щеткалар, губка, суы бар құты, политра, түрлі-түсті қағаздар, қоржын, желім, скотч, қайшы, жіп болмаса арқан және т.б. Кейбір сабақтарда маталар, батпақ, ермексаз, қамыр, ағаш, үлкен композиция жасау үшін табиғи және басқада химиялық заттарды да пайдалануға болады. Ал театрленген көрініс үшін грим, свеча, костюмдер, музыкалық аспаптар қажет болуы мүмкін. Ереже бойынша сабақтың тақырыбын психолог (арт-терапия жүргізуші) таңдайды. Дегенмен де оны топпен ақылдаса, кеңесе отырып, талдап, талқылап, таңдап алуға болады. Терапевтердің көбісі З.Фрейдпен К.Юнгтің принциптеріне сүйенбейді, көпшілігі гуманистік бағытты қолдайды. Оның негізіне қатысушылардың белсенділігін көрсетеді. Арт-терапия мидың оң жақ бөлігі жақсы дамуына ықпал етеді. Интуициямен, ориентацияға бағытталған Джейни Райн арт-терапиядағы гуманистік бағыттың негіздеушісі болады. Оның шарты бойынша гештальт теорияға сүйенеді, бұл теорияның концепциясы бойынша фигура мен фонға көңіл бөлуіміз керек.

Арт-терапия әдістемесін негізге ала отырып сендіру, адамның ішкі «мен»-і көру бейнелерінде, әр кезде сол сурет салғанда және мүсін соққанда өз еңбектерінде ойланбастан, яғни ол спонтанды пайда болады. Бірақ З.Фрейд кейіннен мойындағандай, бейсаналылық символдық бейнелерде көрінеді, ол өзі практикада көркемдік шығармада өзінің емдеушілерін оған қызығушылығын тудырмаған. Бірақ психологиядағы аналитикалық теорияның негізін қалаушы К.Юнг болса өзінің емдеушілеріне өзінің түстерін, армандарын және қиялдарын сурет арқылы бейнелеулерін талап еткен. К.Юнгтің идеялары персональды және әмбебаптық символдардың бар болуы және қиялдың күшін терапиялық мақсаттарға қолдану мүмкіндігі бар, қазіргі кезде арт-терапиямен айналысатындарға тереңінен әсер етті. Арт-

терапиямен айналысатын мамандар тек қана психологтармен және психиатрларға қойылған диагнозды нақтылауға немесе емдеу тәсілін таңдап алуға балалармен немесе стационарлардағы емделіп жатқан үлкендермен жасалған жұмыстардың талдауларына сүйене отырып, көмектескен.

Арт-терапияны қолдану арқылы қол жеткізуге болатын мүмкіндіктер Агрессияға болмаса басқада негативті сезімдерге әлеуметтік шығар жолды табуға мүмкіндік береді. Суреттермен, мүсіндермен жұмыс жасау күштеуді бәсеңдетудің қауіпсіз түрі болып табылады. Емдеу процесін жеңілдету. Түсініксіз ішкі шиеленістер және қобалжулар көбінесе көру бейнелерінің көмегімен вербалды психотерапия кезінде сөзбен айтқанға қарағанда көрсету оңай. Вербалды емес қарым-қатынас санадан тез шығады. Интерпритацияға және диагностикалық қорытындыларға материалдар алуға болады. Көркем шығарманың өнімі ұзақ уақыттылық, емделуші оның бар екенін жоққа шығаруы. Терапевтке емделушінің көркем жұмыстың стилі және мазмұны емделуші туралы ақпарат береді, сол арқылы терапевт өзінің еңбектеріне интерпритация жасауға болады және жақсы көмектеседі. Емделушінің басым болуына дағдыланып кеткен ойлары мен сезімдерімен жұмыс жасау. Кей кездері вербалды емес амал, бірден-бір күшті қобалжулармен сендірулерді анықтауға, көрсетуге мүмкіндік береді. Терапевт пен емделушінің арасындағы қарым-қатынасты жақсарту үшін көркем іс-әрекетке бірлесіп қатысу ол қабілетті қарымқатынас, эмпатия және өзара түсінушілік туындауына әкеледі. Ішкі қадағалау сезімін жоғарылату. Суреттермен картиналардан жұмыс болмаса мүсін соғу жұмыстарында түстерді және формаларды тәртіпке салу қарастырылмайды. Зейінді қабылдауға және сезімдерді шоғырландыру. Таңдамалы өнермен жұмыстар бай мүмкіндік тәжірибе жасауға кинестетикалық және көру түйсіктеріне, қабылдау қабілеттіліктерінің дамуына жағдай жасайды. Көркемдік қабілеттерді дамыту және өзін-өзі бағалауын жоғарылату. Арт-терапияның соңғы өнімі қанағаттану рахат алу сезімі, ол жасырын таланттың көрінуінің және олардың дамуының нәтижесі. Жоғарыда аталған әсерлерден басқа көркем өнерді психокоррекционды топпен жұмыста қолданудың қосымша нәтежесі, қиялға түрткі және дау-дамайға топ мүшелерінің қарым-қатынасын дұрыстауға көмектеседі. Өнер қуаныш әкеледі, бұл ешқандай жағдайға тәуелсіз (өзінен-өзі маңызды), бұл қуаныш біздің санамыздан тыс пайда болады ма, болмаса ол саналы әрекеттің нәтежесі ма ол әлі күнге дейін бізге белгісіз. Арттерапия мынадай бағыттарды қамтиды: психодрама, сурет терапиясы, драматерапия, библиотерапия, музыкатерапия, кинотерапия, куколотерапия, имаготерапия, ойын терапиясы, дыбыс терапиясы, битерапиясы.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды педагогикалық сүйемелдеу

1. Оқушылардың ерекше білім беру қажеттілігін бағалау мектеппен (мұғалім және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметімен), сондай-ақ психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеспен жүзеге асырылады. Жалпы немесе арнайы сыныпта ақыл-ойы кем балаларға арналған жеке немесе арнайы бағдарлама бойынша баланы оқыту туралы шешімді ПМПК-дің кешенді тексеру негізінде ғана қабылдайды.

2. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі және жалпы білім беру бағдарламаларын қысқарту (бейімдеу), психолог, логопед, педагог-ассистент қызметтерін көрсету туралы шешім қабылдай алады, бірақ тек белгілі бір кезеңге – бір-үш оқу тоқсанынан аспайтын. Егер балаға оқу бағдарламасын меңгеруде мұндай көмек көрсету жеткіліксіз болса, онда ерекше білім алу қажеттілігін растау үшін баланы ПМПК-ге бағыттау қажет.

3. Баланың мектептегі оқу үлгерімі мен мінез-құлық нәтижелері негізінде қандай да бір маманның қызметіне мұқтаж еместігі туралы шешімді қолдау көрсету қызметі және/немесе мектеп Кеңесі қабылдайды.

4. ПМПК-дің ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі ұсыныстары бастауыш мектепте (бірінші және төртінші сыныптарда) оқу уақытында кемінде екі рет жаңартылуы тиіс. Мектеп қолдау көрсету қызметінің және/немесе мектеп кеңесінің шешімі бойынша қажеттілік туындаған жағдайда баланың ЕБҚ-н бағалау мен ұсыныстар алу үшін ПМПК-ге жібере алады.

5. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тек ата-аналардың келісімімен ӘПКК-нің мамандарымен жүргізіледі. Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы.

Андатпа. Арт-терапия шектеусіз және психотерапияның барлық бағыттарында, педагогикада, әлеуметтік жұмыста т.б. қолданылады. Әр адам өзін, өз сезімін және өзінің жағдайын әуен, дыбыс, қимыл және сурет арқылы көрсете алады. Жалпы сіз арт терапиямен айналыса отырып, психоэмоционалдық хәліңізді жақсартып, әртүрлі сезімдерді символдық пысықтауға, көркем өнерді дамытуға деген мүмкіндік аласыз.

Аннотация. Арт-терапия безгранична и во всех областях психотерапии, педагогики, социальной работы и т. д. Каждый человек может выразить себя, свои чувства и свою ситуацию через музыку, звук, движение и изображение. В целом, занимаясь арт-терапией, можно улучшить свое психоэмоциональное состояние, развить символическое выражение различных чувств, развить искусство.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым-2024» XXVI студенттік ғылыми конференцияның материалдар жинағы, 2024 жылғы 24 сәуір

Annotation. Art therapy is limitless in all areas of psychotherapy, pedagogy, social work, etc. Every person can express himself, his feelings and his situation through music, sound, movement and image. In general, by doing art therapy, you can improve your psycho-emotional state, develop the symbolic expression of various feelings, and develop art.

Кілт сөздер: Арт-терапия, психотерпия, көңіл күй

Ключевые слова: Арт-терапия, психотерапия, настроение

Keywords: Art therapy, psychotherapy, mood

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Л.Венгер «Проективный метод»; 2000г.-320с.
2. Зульфия Байсакова «Арт-терапия» метод-пособие, 2004 год;
3. «Қызықты психология» №1, 2010 жыл;
4. Нұрмұхамбетова Т.Р. «Тәжірибелік психология II»

ҒТАМР 68.35.51: 87.01.45

«ЖАСЫЛ КАФЕДРА» АЯСЫНДА СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН «БАҚША – ТЕРАПИЯСЫН» ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Шылмырзаева Аружан Орынбасаровна

Қорқыт Ата атындағы ҚУ

Б-21-1 оқу тобының студенті

Назарова Гульмира Асылбековна

ғылыми жетекші, педагогика

ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Университетте студенттердің оқу үдерісінде күйзелісті, психоэмоциялық шаршауларының пайда болуына әсер етуші факторларының барлық спектрі анықталды, олар: оқу жүктемесінің шамадан тыс көп болуы, ата-анадан алыс өмір, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыра алмау, дұрыс тамақтанбау, оқуға құлықсыздық, мамандықтағы көңілсіздік, қатаң оқытушылар және т. б. жеке сипаттағы факторлар маңызды: группаластарымен және жақын адамдарымен қақтығыстар, материалдық қиындықтар, жеке өмірдегі проблемалар, болашақтан қорқу.

Соңғы жылдары оқу үдерісіндегі күйзеліс студенттердің жүйке, жүрек-қан тамырлары және иммундық жүйелеріне кері әсер ететіні туралы сенімді дәлелдер де алынған.

Сондықтан, ЖОО студенттерге бағдарланған оқыту технологиясының бірі-«денсаулық сақтау технологиясын» жүзеге асыру өзекті болып табылады. Яғни, студенттің жағдайын басқару және реттеу, қажетсіз жоғары психикалық күйзелісті (шаршау, стрессті) азайту қажет.

Оның шешімінің бірі-студенттер үшін арнайы **«бақша терапиясын» ұйымдастыру** деп ойлаймыз. Себебі, адам биопсихоәлеуметтік тіршілік иесі ретінде табиғатпен тығыз байланысты, бірақ қазіргі әлемдегі ғылыми-техникалық прогреске, цифрландыру мен урбанизация процестеріне байланысты ол өзін табиғи ортадан жиі алшақ ұстайды.

Бақша терапиясы адамның табиғатпен өзара әрекеттестігіне негізделген, адам мен табиғаттың өзара әрекеттесуін үнемі бірігіп, араласу және эмпатия процесі ретінде қарастырады. Осы орайда біздің **«Жасыл кафедра» аясында студенттерге арналаған «Бақша –терапиясын» ұйымдастырудың тиімділігін зерттеу** негізгі идеямыз болды.

Бақша терапиясы - бұл өсімдіктер мен табиғи заттарды даму, бейімделу, оңалту және стрессті жеңілдету бағдарламаларында саналы түрде қолдану. Өсімдіктермен жұмыс істеу белсенді терапияның ең көне түрі екені белгілі, адамның психологиялық және физикалық жағдайына оң әсер етеді. Оған мыналар кіреді:

▶ Жеңіл физикалық белсенділік, бақшада жұмыс істегенде таза ауада болу (қозғалыстарды үйлестіру жақсартады, зейін жақсы шоғырланады, есте сақтау қабілеті дамиды)

▶ Көрнекі бейнелер, иістер, дыбыстар, тактильді сезімдер және сезім мүшелерін ынталандырудың басқа түрлері (барлық сезім мүшелері өзара әрекеттеседі, дыбыс, хош иіс, түс терапиясы және т. б. басталады)

▶ Табиғатпен және айналаңыздағы адамдармен эмоционалды байланыс орнату, өсімдіктер үшін жауапкершілік, эмпатия (өзіне деген сенім мен өзін-өзі сүйу сезімі тәрбиеленеді, агрессия мен стресстік шиеленіс азаяды, әлеуметтену үшін жеке тұлғаның мүмкіндіктері артады).

Бау-бақша терапиясы экотерапияның бөлігі болып табылады, оған қосымша жануарлар терапиясы, құм терапиясы, шөп медицинасы, ароматерапия, климаттық терапия және т. б. түрлері жатады.

Бақша терапиясында қолданылатын әдістер мен тәсілдер – табиғатқа, өсімдікке бақылау жүргізу, гүлзарлар, көгалдар, бақша, көкөніс бақшасы бар мекеме аумағына шағын экскурсиялар. Иллюстрацияларды тамашалау, өлең тыңдау, қолданылады. Өсімдіктерді таңдағанда, топтың әр қатысушысында аллергиялық реакциялардың болуы туралы ақпаратты ескеру қажет.

Кесте 1 - Оқу ұйымдарындағы микроклимат параметрлерінің рұқсат етілген шамалары

Үй-жайдың (бөлме) атауы	Рұқсат етілген (ауа температурасы (°C))	Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, %	Ауа қозғалысының жылдамдығы, м/с (артық емес)
Оқу бөлмелерінің, кабинеттердің	18 - 24	40 - 60	0,1
Демалыс бөлмесі	20 - 24	40 - 60	0,15

Адам үшін ең қолайлы-ылғалдылық, ол 40-60% деңгейінде. Бұл жағдайда индикатордың экстремалды мәндері 30 және 70% ретінде өзгеруі мүмкін. Төменгі параметрлерде адам шырышты тыныс алу жолдары мен терінің құрғауын сезінеді. Адам қолайлы емес, ыстық және ыстық болады. Сонымен қатар, мұндай тұрғын үйде едендер, жиһаздар жарылып, тұсқағаздар жарылып кетеді.

Жылдың суық мезгілінде бөлмедегі ауа қозғалысының оңтайлы жылдамдығы 0,1-0,3 м / с құрайды

Өсімдіктер үшін қолайлы орта:

Қолайлы температураны күндіз 22°C-тан 26°C-қа дейін, түнде 18°C-тан 22°C-қа дейін деп атауға болады.

Бұл жағдайда көректік ерітіндінің температурасын бақылау маңызды, ол 18°C деңгейінде болуы керек. Ерітінді температурасының жоғарылауы оттегінің төмендеуіне әкеледі. Тамырдың өлу қаупі немесе патогендік инфекция бар.

Ылғалдылықтың күрт өзгеруі өсімдікке айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін. Мысалы, бірнеше минут ішінде ылғалдылықтың күрт секіруі немесе 30% төмендеуі жасуша ұлапасына зақым келтіруі мүмкін, өйткені өсімдік бейімделуге уақыт жоқ. Өсіру алаңындағы ылғалдылықтың идеалды деңгейін 60-70% деп санауға болады, бірақ тамырлануы немесе көшеттердің өнуі үшін ылғалдылық 80% деңгейінде сақталуы керек. Гүлдену кезеңінде көгеру мен басқа саңырауқұлақ ауруларының пайда болуын болдырмау үшін ылғалдылықты 30-50% дейін төмендеткен дұрыс.

Біз өз зерттеуімізді студенттердің сабақ кестесіне сәйкес сабақ өтетін оқу бөлмелеріне (200 және 208 оқу бөлмелері) және №204 (ботаникалық баққа) жүргіздік.

Оқу бөлмесіндегі температура 16 – 18 °C тан төмен болмауы шарт. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы мектепте оқу бөлмесінде – 40-60 пайызды құрауы керек.

Бөлмеде ауа ылғалдылығының жетімсіздігін бөлме өсімдіктерінен байқауға болады. Құрғақ ауада өсімдік леп тесіктері арқылы суды көптеп буландыра бастайды да, олардың су баланыстары бұзылады:

- жапырақ бүрісе бастайды;
- Жапырақ ұштары қоңырқайланып, сола бастайды. Оны фикуса Бенджамин, нефролепис, циперус гүлдерінен байқауға болады;
- Жас жапырақтар толық дамымайды;
- Бутондар ашылмайды немесе түсіп қалады;
- Кейбір зиянкестер әдетте ауа өте құрғақ болса өсімдікті жие зақымдайды. Оған ең бірінші өрмекші биттері, трипстар және аққанаттылар жатады.

Біз екі тәсілмен тәжірибе жүргіздік:

Тәжірибе № 1. Жағылған балауыз шаммен тәжірибе

Тәжірибе № 2. Градусникпен жүргізілді. Бұл әдіс ғылыми

негізделген.

Кестеден құрғақ термометр көрсеткіші мен ылғал термометр көрсеткішін тауып, екеуінің түйіскен жерінен ылғалдылық пайызын анықтаймыз

Құрғақ термометрдегі көрсеткіш	Құрғақ және ылғал термометр көрсеткішінің айырмашылығы										
	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
0	100	81	63	45	28	11	-	-	-	-	-
1	100	83	65	48	32	16	-	-	-	-	-
2	100	84	68	51	35	20	-	-	-	-	-
3	100	84	69	54	39	24	10	-	-	-	-
4	100	85	70	56	42	28	14	-	-	-	-
5	100	86	72	58	45	32	19	6	-	-	-
6	100	86	73	60	47	35	23	10	-	-	-
7	100	87	74	61	49	37	26	14	-	-	-
8	100	87	75	63	51	40	28	18	7	-	-
9	100	88	76	64	53	42	34	21	10	-	-
10	100	88	76	65	54	44	34	24	14	5	-
11	100	88	77	66	56	46	36	26	17	8	-
12	100	89	78	68	57	48	38	29	20	11	-
13	100	89	79	69	59	49	40	31	23	14	6
14	100	89	79	70	60	51	42	34	25	17	9
15	100	90	80	71	61	52	44	36	27	20	12
16	100	90	81	71	62	54	46	37	30	22	15
17	100	90	81	72	64	55	47	39	32	24	17

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым-2024» XXVI студенттік ғылыми конференцияның материалдар жинағы, 2024 жылғы 24 сәуір

Құрғақ термометрдегі көрсеткіш	Құрғақ және ылғал термометр көрсеткішінің айырмашылығы										
	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
18	100	91	82	73	65	56	49	41	34	27	20
19	100	91	82	74	65	58	50	43	35	29	22
20	100	91	83	74	66	59	51	44	37	30	24
21	100	91	83	75	67	60	52	46	39	32	26
22	100	92	83	75	68	61	54	47	40	34	28
23	100	92	84	76	69	61	55	48	42	36	30
24	100	92	84	77	69	62	56	49	43	37	31
25	100	92	84	77	70	63	57	50	44	38	33
26	100	92	85	78	71	64	58	51	46	40	34
27	100	92	85	78	71	65	59	52	47	41	36
28	100	93	85	78	72	65	59	53	48	42	37
29	100	93	85	79	72	66	60	54	49	43	38
30	100	93	86	79	73	67	61	55	50	44	39

Салыстырмалы ауа ылғалдылығы неғұрлым аздау болса, ылғал шүберек солғұрлым қарқынды кебе бастайды және оның температурасы солғұрлым төмен деген сөз. Термометрдегі температура айырмашылықтарын біле отырып, ауаның ылғалдылығын кесеге сәйкес пайызбен анықтады.

Біз жүргізген тәжірибе нәтижесі бойынша тұжырым:

Бөлменің сипаттамалары оның микроклиматтық параметрлерін бағалауға мүмкіндік береді (кесте – 2).

Кесте 2 – Зерттелетін аудиторияның микроклиматтық параметрлері

№ ауд *	S, кв. м.	Жылыту құралдар саны	Терезе саны	S терез, кв.м	Терезе бағыты	T, °C	W, %	Ауа қозғалысының жылдамдығы, м/с (артық емес)
204	90	1	түгел бір қабырғаны алады	14,85	Оң.	22,2±0,2	38±0,3	0,1...0,2 м/сек.
200	90	1	түгел бір қабырғаны	14,85	сол.	21,8±0,2	30±0,3	0,1...0,2 м/сек.

			алады					
208	90	1	түгел бір қабырғаны алады	14,85	Оң	26,2±0,2	27±0,3	0,1...0,2 м/сек.

Ескертпе: * - 204-ботаникалық бақ, 200, 208 - Оқу аудиториясы (бөлме өсімдіктері жоқ, 208 ауд компьютер классы)

Микроклиматтық параметрлердің мәліметтеріне сәйкес оқу бөлмелері ылғалдылықтың төмен көрсеткіштерімен сипатталады, ал ботаникалық бақ ылғалдылықтың қалыпты көрсеткіштеріне ие. Ылғалдылықтың жоғары болуы осы бөлменің терезесінің күн бетте болса да температурасының төмен болуына ықпал еткен.

Зерттеулер көрсеткендей, ботаникалық бақта өсірілетін өсімдіктердің ассортименти көп түрлі емес. Ең көп таралған топ: сәндік-жапырақты өсімдіктер – 60 %; сәндік-гүлді – 30 %; ампел – 10% және суккуленттер – 5% екендігі анықталды.

Өсімдіктердің ең көп таралған түрлеріне мыналар жатады: хлорофитум (*Chlorophytum comosum* (Thunb.) Jacques), Қытай гибискусы (*Hibiscus rosa-sinensis* L.), аймақтық пеларгония (*Pelargonium zonale* (L.) L' Her. ex Ait), хлорофитум (*Chlorophytum comosum* (Thunb.) Jacques) - 14,60 %; аймақтық пеларгония (*Pelargonium zonale* (L.) L' Her. ex Ait) – 8,76 %; *rhoeo spathacea* (Swartz) Stearn) - 8,76 %; драцена *Dracaena* (*Dracaena marginata* Lam.)- 8,03 %; Қытай гибискусы (*Hibiscus rosa – sinensis* L.) - 6,57%; сансевьера үш жолақты (*sansevieria trifasciata* Thunb.)- 4,38 %; фикус натальский (*Ficus natalensis* Hochst.) және зигокактус (*Schlumbergera* Lem.)- 3,65 % .

Ірі өсімдіктер өсіріледі (биіктігі 1 м-ден жоғары) –20 %; орташа өсімдіктер (биіктігі 1 м - ге дейін) – 30% және кішкентай өсімдіктер (40 см-ге дейін) - 50 %.

Бақ терапиясының бағдарламасы:

- 1 мг/м³ концентрациялы эфир майы тамшылары бар ауамен өсімдіктер арасында 15-20 минут, өзіне ұнайтын әуен тыңдап, тыныс алу.

Эфир майын ауа ылғалдандырғышқа қосып қолдандық.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым-2024» XXVI студенттік ғылыми конференцияның материалдар жинағы, 2024 жылғы 24 сәуір



Сурет 1 – эфир майы мен ауа ылғалдандырғыш

Диагностика нәтижелері бойынша біз студенттердің көпшілігі өздерінің жағдайын алаңдатарлық деп бағалайды, шаршап-шалдығып, депрессияға ұшырайды, бірақ өзіне деген сенімділікті сезінетін студенттердің саны да жоғары және бұл қуантады деген қорытынды жасауға болады.

Семестрдің соңында сауалнама нәтижелері бойынша қорытынды жасай аламыз:

- студенттердің 86% - ы бақ терапиясын көп болатын кабинеттерде өткізгенді ұнататыны анықталды,
- студенттердің 86% - ы бақ терапиясын өткізгенді ұнатады,
- бақ терапиясы студенттердің 64% - ның көңіл-күйді көтереді;
- бақ терапиясы студенттердің 74% - ның көңіл-күйін көтеріп, шаршағандарын басқан, модульді мазасызданбай, сәтті тапсыруларына ықпал еткен.

Аннотация: Бақша терапиясы - бұл адамның ақыл-ойына, денесіне және жанына әсер ету арқылы физикалық денсаулығын жақсарту үшін өсімдіктер мен бақшаны пайдалану үдерісі. Бақша терапиясының әсері әдетте төрт бағытта көрінеді - интеллектуалдық (когнитивті, әлеуметтік, эмоционалдық, психологиялық) және физикалық. Ботаникалық бақтың оқу үдерісіне тигізер пайдасы көп. Соның бірі – студенттерге бағдарланған, денсаулық сақтау технологиясын оқу үдерісіне қолдануға ықпал етуінде.

Аннотация: Садовая терапия-это процесс использования растений и сада для улучшения физического здоровья человека, воздействуя на его разум, тело и душу. Эффекты Садовой терапии обычно проявляются в

четырёх направлениях-интеллектуальном (когнитивном, социальном, эмоциональном, психологическом) и физическом. Ботанический сад имеет много преимуществ для учебного процесса. Одна из них-ориентированная на студентов, способствующая использованию здоровьесберегающих технологий в учебном процессе.

Annotation: Garden therapy is the process of using plants and a garden to improve a person's physical health by affecting their mind, body and soul. The effects of Garden therapy usually manifest themselves in four directions-intellectual (cognitive, social, emotional, psychological) and physical. The Botanical Garden has many advantages for the educational process. One of them is student-oriented, promoting the use of health-saving technologies in the educational process.

Кілт сөздер: ботаникалық бақ, терапия. студент, психоэмоция, оқу стрессі, экотерапия, микроклимат, бөлме өсімдіктері, күйзеліс, психика, белсенділік, бақша терапиясы, ылғалдылық, термометр, тәжірибе, көңіл күй.

Пайдаланған әдебиеттер

1. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0RAmncbEH1gtaRQrudRYo9fmTJgvTAgGM1pAwtgW3vNv4i76uPyQ2FbpMcSFbt1D4l&id=100056353050382&mibextid=Nif5oz
2. Учебные стресс-факторы студентов ВУЗа и пути их предупреждения и преодоления / Л. Р. Яруллина, Е. А. Корчагин, Д. С. Нигматулина // Известия Казанского государственного архитектурно-строительного университета. – 2013. - № 2(24). С. 355-359.
3. Хаируллина А.Р. Влияние экзаменационного стресса на адаптацию сердца к локальным нагрузкам у студентов ВУЗа / А. Р. Хаируллина // Вестник Южно-Уральского государственного университета. – 2006. - № 3-1. – С. 137 – 138.
4. Шагина И. Р. Укрепление здоровья молодежи. // Всероссийская научно-практическая конференция с международным участием «Актуальные проблемы демографической политики и состояния здоровья населения Российской Федерации» г. Астрахань, АГМА, 2009г. – С. 23—27.
5. Сизых С.В., Кузеванов В.Я., Белозерская С.И., Песков В.П. Садовая терапия: использование ресурсов ботанического сада для социальной адаптации и реабилитации. Справочно-методическое пособие.- Иркутск: Изд-во Ирк. гос. ун-та, 2006.- 48 с
6. Rothert G. 1994. The Enabling Garden. Creating barrier-free gardens. Taylor Publishing Company. Dallas. 148 p

7. Селлар В. Энциклопедия эфирных масел / Пер. с англ. К. Ткаченко. – М.: ФАИР-ПРЕСС, 2005. – 400 с.
8. Миллер Л., Миллер Б. Ароматерапия с позиций аюрведы / Пер. с англ. – М.: Саттва, Профиль, 2009. – 4-е изд., 448 с.
9. Саков И.В. Аромапсихология. – Ростов н/Д: Феникс, 2006. – 160 с. – (Медицина для Вас).
10. Саков И. В. Натуральная парфюмерия. Всё об ароматерапии: духи и ароматические композиции из природных компонентов. – М.: ЗАО Издательство Центрполиграф, 2012. – 159 с. – (Здоровье от Природы).
11. Браун Д.В. Ароматерапия / Пер. с англ. А. Дробышева. – М.: ФАИР-ПРЕСС, 2005. – 272 с. – (Грандиозный мир).
12. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына, "Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26831 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 [бұйрығына](#)
13. Сааков С. Г. Оранжерейные комнатные растения и уход за ними. Л. : Наука, 1983. 621 с.
14. Снежко В. В. Некоторые вопросы фитодизайна // Биолого-экологические особенности интродуцированных растений : сб. науч. тр. / АН УССР, Центр. респуб. ботан. сад ; отв. ред. Н. А. Кохно. Киев, 1985. С. 100–103
15. Воронцов В.В. Целительные комнатные растения. М.: Фитон+, 2004. 144 с.
16. Райс Ф. Психология подросткового и юношеского возраста : учебное пособие / Ф. Райс. – СПб. : Изд-во «Питер», 2000. – 624 с.

МАЗМҰНЫ:

1.	Алғы сөз.....	3
2.	Жай механизмдерге техникалық есептер шығару әдістемесі.....	7
3.	Механикалық энергияны электр энергиясына айналдырудың жолдары.....	12
4.	Тербелістер тарауын оқытудағы демонстрациялық эксперименттер арқылы білім сапасын арттыру жолдары.....	17
5.	Мектеп бағдарламасында астрономияны оқытудың мәселелері және оны шешу жолдары.....	22
6.	Физикада күш моментін оқыту үшін компьютерлік модельдерді қолдану.....	27
7.	Математикалық маятниктің сызықсыз тербелістерін қозғалысын математикалық модельдеу.....	32
8.	Орта мектеп физика курсында микробөлшектердің толқындық табиғатын оқыту ерекшеліктері.....	35
9.	Сандық зертханаларды мектеп физика курсында қолдану.....	41
10.	Күн энергиясын пайдалану тиімділігі.....	46
11.	Параметрге тәуелді тригонометриялық теңдеулерді шешу әдістері.....	52
12.	Сандық есептеудің тиімді тәсілдері.....	55
13.	Физикадан тәжірибелік есептер шығару арқылы оқушылардың өлшеу икемділіктерін қалыптастыру.....	60
14.	Функцияларды Фурье қатарына жіктеу.....	66
15.	Математиканы оқытуда инновациялық технологияларды қолдану.....	71
16.	Мектеп математикасында проблемалық оқыту технологиясын қолдану.....	75
17.	Импульс тақырыбын оқытудағы ойын технологиясы.....	82
18.	Үйірме жұмысы арқылы оқушылардың физикаға қызығушылығын арттыру.....	87
19.	«Алтын қима» құпиялары.....	92
20.	Шет тілінен енген неологизмдердің ерекшеліктері.....	107
21.	Жұмыс орнындағы микроклимат параметрлеріне әсер ететін факторлар.....	116
22.	Development of critical thinking using group teaching in the english language class.....	124
23.	Қалыпсыз жұмыспен қамтудың түрлері және оның әлеуметтік-еңбектік қатынастардағы орны.....	129

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым-2024» XXVI студенттік ғылыми конференцияның материалдар жинағы, 2024 жылғы 24 сәуір

24.	Экономикалық есептерді сызықтық программалау әдістерімен excel кестесінде шешу.....	140
24.	Қызылорда қаласындағы ағаш жапырағаның тербелмелі ассимметриясы арқылы қоршаған ортаның ластануын анықтау	145
26.	Рөлдік ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының эмпатиясын дамыту.....	154
27.	Conceptual metaphors and implications for teaching english.....	160
28.	Мектепке дейінгі мекемеде триз технологиясын қолданудың ерекшеліктері.....	170
29.	Инулиннің компьютерлік моделін зерттеу.....	176
30.	Бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру әдістері.....	181
31.	Тұлғаны зерттеудің көпфакторлы әдістемесінің мектеп оқушыларын коррекциялау жұмысындағы орны.....	188
32.	Бастауыш сынып оқушыларының сөздік пайдалану білігін қалыптастыруға әдістемелік нұсқаулық әзірлеу.....	193
33.	Жасөспірімдердің психологиялық денсаулық сапасының әлеуметтік қарым-қатынасына ықпалы.....	202
34.	Табиғат функциялары.....	209
35.	М.Монтессори технологиясын пайдалану негізінде мектепке дейінгі балаларға білім беру ерекшеліктері.....	215
36.	Көру қабілеті бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.....	221
37.	Әлеуметтік-психологиялық тренингтер арқылы білім алушылардың эмоциялық қалпын реттеу.....	230
38.	Бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғалық қасиеттерін деңгейлік тапсырмалар арқылы қалыптастыру (3а-сынып әдебиеттік оқу пәні бойынша).....	236
39.	Building a digital industry of scientific competence.....	242
40.	Unlocking minds: the internalization of education.....	248
41.	Methods of teaching pronunciation in English.....	258
42.	Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің қолданылуы.....	269
43.	Ағылшын тілін жасанды интеллект арқылы оқыту.....	275
44.	Integrating kazakh culture into english.....	278
45.	Flipped instruction in the virtual english language classroom.....	285
46.	Translation of realia in literary texts (on the material of the works of d. simmons).....	290
47.	Innovative changes in inclusive education.....	300
48.	Games in english classes and its classification.....	308
49.	Integrating real-world contexts into developing english speaking skills.....	314

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің «Студенттік ғылым-2024» XXVI студенттік ғылыми конференцияның материалдар жинағы, 2024 жылғы 24 сәуір

50.	Ағылшын тілді мәдениеттердегі гастрономиялық ас атауларының дискурстық сипаты.....	320
51.	Ағылшын тілі сабақтарында орта сынып оқушыларына мультимедиялық құралдарды қолдану.....	327
52.	Ағылшын тіліндегі идиомаларды жаттаудың тиімді тәсілдері...	333
53.	Ағылшын тілі сабақтарында орта сынып оқушыларына мультимедиялық құралдарды қолдану.....	340
54.	Ситуации как вид речевой деятельности на уроках английского языка.....	346
55.	Using authentic materials in teaching English.....	354
56.	Application of digital educational platforms at the english lessons in developing pupils' oral and written skills.....	358
57.	Development of lexical skills in English.....	365
58.	Білім берудегі жасанды интеллект рөлі. жасанды интеллект арқылы жасалынған платформалар.....	370
59.	Менеджменттегі үйлесімділік: білім берудегі менеджментте оқушыларды басқарудың негізгі аспектілері.....	377
60.	Use of internet technologies in teaching english writing.....	385
61.	Экологиялық жағдайға байланысты мыстың егін өнімінде және азық-түлікте жиналуы.....	391
62.	Ауыр тұздармен ластанған топырақты галофитті өсімдіктермен фиторемедиациялау.....	394
63.	The use of critical thinking in the development of communication skills.....	398
64.	Қытай тіліндегі көп мағыналы сөздердің қазақ тілінде бейнеленуі.....	406
65.	Ағылшын тілі сабағында сөйлеу дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....	411
66.	The use of cognitive methods in teaching foreign languages.....	416
67.	Use of «Call-to-action» learning based game in developing speaking skills of English.....	422
68.	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыста ертегі терапиясын қолдану.....	426
69.	Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды изотерапия әдісі арқылы психологиялық сүйемелдеу.....	432
70.	Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды арт-терапияны қолданып педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу.....	436
71.	«Жасыл кафедра» аясында студенттерге арналған «Бақша – терапиясын» ұйымдастырудың тиімділігі.....	441